



Жұмысшылардың жұмыстары мен кәсіптерінің бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтамалығын (4-шығарылым) бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2013 жылғы 29 сәуірдегі № 180-ө-м бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2013 жылғы 13 мамырда № 8463 тіркелді. Күші жойылды - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2019 жылғы 30 мамырдағы № 291 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 30.05.2019 № 291 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 125-бабына сәйкес жұмыстардың белгілі бір түрлерінің күрделілігін белгілеу, жұмысшыларға біліктілік разрядтарын беру және кәсіптерінің дұрыс атауларын айқындау мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Жұмысшылардың жұмыстары мен кәсіптерінің бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтамалығы (4-шығарылым) бекітілсін.

2. Еңбек және әлеуметтік әріптестік департаменті (К.Ө. Санабаев) осы бұйрықтың заңнамада белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін және ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау вице-министрі Е.Қ. Егембердіге жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Министр

С. Әбденов

Қазақстан Республикасы
Еңбек және халықты
әлеуметтік қорғау министрінің
2013 жылғы 29 сәуірдегі
№ 180-ө-м бұйрығымен бекітілді

Жұмысшылардың жұмыстары мен кәсіптерінің бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтамалығы (4-шығарылым)

1-бөлім. Жалпы ережелер

1. Жұмысшылардың жұмыстары мен кәсіптерінің бірыңғай тарифтік біліктілік анықтамалығы (бұдан әрі - БТБА) (4-шығарылым) "Тау-кен және тау-кен-күрделі жұмыстардың жалпы кәсіптері", "Байыту, агломерациялау, кесекшелеу жөніндегі жұмыстардың жалпы кәсіптері", "Көмір және сланец өндіру және байыту, көмір және сланец шахталары мен разрездері құрылысы", "Арнайы мақсаттағы метрополитендер, туннельдер және жерасты имараттарының құрылысы", "Кен және алтын араласқан пайдалы қазбаларды шығару және байыту", "Кендерді агломерациялау", "Тау-кен химиялық шикізатты шығару және байыту", "Құрылыс материалдарын шығару және байыту", "Шымтезек шығару және қайта өңдеу", "Қоңыр көмір мен озокерит кендерін қайта өңдеу" бөлімдерден тұрады.

2. Жұмыс разрядтары еңбек жағдайлары ескерілмей (еңбек күрделілігіне әсер ететін және орындаушының біліктілігіне қойылатын талапты күшейтетін экстремалды жағдайларды қоспағанда), олардың күрделілігіне қарай белгіленді.

3. Әрбір кәсіптің тарифтік-біліктілік сипаттамасының екі бөлімі бар. "Жұмыс сипаттамасы" бөлімі жұмысшы орындай алуға тиіс жұмыстар сипаттамасынан тұрады. "Білуге тиіс" бөлімінде жұмысшының арнайы біліміне, сондай-ақ жұмысшы қолдануға тиіс нұсқаулықтар, басқа да нұсқау материалдары, әдістер мен құралдар ережелерін білуге қатысты қойылатын негізгі талаптарды қамтиды.

4. Тарифтік-біліктілік сипаттамалар жұмысшы кәсібінің осы разряды үшін үлгі болатын жұмыстар тізбесі беріледі. Бұл тізбеде жұмысшы істей алатын және істеуге тиіс барлық жұмыстар көрсетілмейді. Қажет болған жағдайда жұмыс беруші оларды орындау күрделілігі бойынша тиісті разрядтағы жұмысшылар кәсіптерінің тарифтік-біліктілік сипаттамасындағы тізбеге сәйкес келетін ерекшелігін ескеріп, жұмыстардың қосымша тізбесін жасай алады.

5. Сонымен қатар, "Жұмыс сипаттамасы" деген бөлімде көзделген жұмыстардан басқа жұмысшы ауысымды қабылдау және тапсыру, жұмыс орнын, аспаптар мен құралдарды тазалау, сондай-ақ оларды тиісті жағдайда ұстау, белгіленген техникалық құжаттама жүргізу бойынша жұмыстарды атқаруға тиіс.

6. "Білуге тиіс" деген бөлімде жазылған теориялық және практикалық біліміне қойылатын талаптармен қатар, жұмысшы: еңбекті қорғау, өндірістік санитария және өртке қарсы қауіпсіздік ережелері мен нормаларын; жеке қорғану құралдарын пайдалану ережесін; орындалатын жұмыс (қызметтер) сапасына, жұмыс орнында еңбекті ұтымды ұйымдастыруға қойылатын талаптарды; ақаулық түрлері мен оның алдын алу және жою тәсілдерін; өндірістік сигнализацияны білуге тиіс.

7. Неғұрлым жоғары біліктілігі бар жұмысшы өзінің тарифтік-біліктілік сипаттамасында көрсетілген жұмыстардан басқа, анағұрлым төмен біліктілігі бар жұмысшылардың тарифтік-біліктілік сипаттамасында көрсетілген жұмыстарды

орындай білуге тиіс, сондай-ақ осы кәсіптің анағұрлым төмен разрядтағы жұмысшылары басқара білуге тиіс. Осыған орай, әдетте, анағұрлым төмен разрядтағы кәсіптердің тарифтік-біліктілік сипаттамасында көрсетілген жұмыстар неғұрлым жоғары разрядтар сипаттамасында көрсетілмейді.

8. Қызметкердің еңбек қызметін растайтын құжаттарды толтырған кезде, сондай-ақ тарифтік разрядты өзгерткен кезде оның кәсібінің атауы БТБА-ға сәйкес жазылады.

9. Тарифтік-біліктілік сипаттамалары, ерекше ескертілген жағдайлардан басқа, осы бөлімдерде көрсетілген өндірістер мен жұмыс түрлері бар ұйымдардың меншік нысанына және ұйымдық-құқықтық нысанына қарамастан, олардағы жұмысшылардың жұмыстарын тарификациялаған және біліктілік разрядтарын белгілеген кезде міндетті болып табылады.

10. Қолданылуға ыңғайлы болу мақсатында, БТБА-да алфавиттік көрсеткіш қосымшаға сәйкес, онда жұмысшылар кәсіптерінің атаулары, разрядтардың диапазондары және беттердің нөмірленуі қарастырылған.

11. "Тау-кен және тау-кен-күрделі жұмыстардың жалпы кәсіптері", "Байыту, агломерациялау, кесекшелеу жөніндегі жұмыстардың жалпы кәсіптері", "Көмір және сланец өндіру және байыту, көмір және сланец шахталары мен разрездері құрылысы", "Арнайы мақсаттағы метрополитендер, туннельдер және жерасты имараттарының құрылысы", "Кен және алтын араласқан пайдалы қазбаларды шығару және байыту", "Кендерді агломерациялау", "Тау-кен химиялық шикізатты шығару және байыту", "Құрылыс материалдарын шығару және байыту", "Шымтезек шығару және қайта өңдеу", "Қоңыр көмір мен озокерит кендерін қайта өңдеу" бөлімдерден қарастырылған жұмысшы кәсіптері атауларының, олардың БТБА шығарылымы бойынша қолданыстағы атаулары көрсетілген тізбесі 2004 жылғы редакциясында берілген.

2–бөлім. Тау-кен және тау-кен-күрделі жұмыстардың жалпы кәсіптері

1. Шпурларды бұрғылаушы

Параграф 1. Шпурларды бұрғылаушы

12. Жұмыс сипаттамасы:

шпурларды қол және колонкалы перфораторлармен, электр бұранды үскілермен, пойнттармен, қол бұрғымен бұрғылау;

шпурларды бұрғылап сіңіру және бұрғылау, оларды забойға жылжыту және орнату процесінде өздігінен жүретін бұрғы қондырғыларын басқару;

гидроқтарды басқару, автобергіні реттеу және ыңғайлау;

бұрғы механизмдері мен бұрғы қондырғаларын жұмысқа дайындау;

кен қазбалары тоғысын штаншілі бекітуге қатысу;
бұрғылау-жару жұмыстары паспортына сәйкес шпурлардың орналасуын белгілеу;
жерге қосуды тексеру;
бұрғы механизмдерін энергетикалық желіге қосу;
шпурларды үрлеу, жуу, бұрғылау барысында оларды және қаптамаларды ауыстыру;
бұрғыларды, долоттарды, қаптамаларды іріктеу;
тығындарды бұрғыланған шпурларға дайындау және сіңіру;
көпіршелерді тұрғызу, пневматикалық және басқа да қолдаушы құрылғыларды орнату;
жұмыс орнын қарау, оны қауіпсіз жағдайда ұстау, беткей мен шатырды жинауға қатысу;
уақытша бекітпе орнату;
бұрғы механизмдері мен бұрғы қондырғыларының жұмысындағы ақауларды анықтау және жою;
бұрғы механизмдері мен қондырғыларын техникалық күту, олардың қажалатын тораптарын майлау;
пневматикалық магистральдерді, сумен жабдықтау және желдету жүйелерін жеткеруге қатысу.

13. Білуге тиіс:

қызмет көрсететін бұрғы механизмдері мен бұрғы қондырғыларының құрылымын; жетектердің гидравликалық жүйесінің, ауыстырып беру қорабының, дизельді қозғағыштар мен қызмет көрсететін бұрғы қондырғыларының басқа да тораптарының жұмыс принципін, оларды бөлшектеу және құрастыру тәртібін; бұрғы қондырғыларын кен қазбалары бойынша тасымалдау ережесін; шпурларды оңтайлы орналастыру және сызбалары мен олардың тереңдігін; бұрғылау-жару жұмыстары паспортының мазмұнын және оны толтыру тәртібін;

бұрғыланатын тау кен жыныстарының ерекшелігіне қарай бұрғы құралына май құю сапасына қойылатын талаптарды; қаптаманы қайрау жөніндегі жұмыстың тәртібі мен оны қабылдауды; тау-кен жыныстарының қасиеттерін мен олардың жату сипаттамасын;

кен қазбаларының атауын және орналасуын; пайдалы қазбаның бос жыныстан айыратын сыртқы белгілерді; бұрғылау кезінде шаң пайда болуымен күресу шараларын; қозғағыштарға, шассилер мен гидроқұбырларға арнап қолданылатын майлардың сұрыптарын және майлау жүйесін; бұрғы құралын күтіп ұстау мен ауыстыру ережесін;

желдеткіш пен жұмыс орнын сығымдалған ауамен және сумен қамтамасыз ету сызбасын; энергетикалық желі құрылымын және сызбасын; электротехника,

геология, пайдалы қазба орындарын барлау жөніндегі негізгі деректерді; электр желілеріндегі кемуді жою әдістерін; уақытша бекітпені орнату мен бұрғы механизмдері мен бұрғы қондырғылары жұмысындағы ақауларды жою тәсілдерін; жару жұмыстарын жүргізудің ережесі мен тәсілдерін.

шпурды қолмен бұрғылау кезінде - 3-разряд;

шпурларды қол және колонкалы перфораторлармен, массасы 35 кг дейінгі (массасы пневмоқолдауышпен қоса көрсетіледі) электр бұранды үскілермен ашық жұмыста бұрғылау кезінде - 4-разряд;

шпурларды қол және колонкалы перфораторлармен, массасы 35 кг артық электр бұранды үскілермен ашық жұмыстарда және 35 кг дейін жабық қазбаларда, штольняларда, шурфтарда бұрғылау кезінде; шпурларды дизельді қозғағышпен жабдықталғандардан басқа бұрғы қондырғыларымен бұрғылау кезінде – 5-разряд;

шпурларды қол және колонкалы перфораторлармен, массасы 35 кг артық электр бұранды үскілермен жабық қазбаларда, штольняларда, шурфтарда бұрғылау кезінде; шпурларды дизельді қозғағышпен жабдықталған өздігінен жүретін бұрғы қондырғыларымен; шпурларды су асты бұрғылау кезінде - 6-разряд;

шпурларды арнаулы забойларда перфораторлармен, бұрғы қондырғыларымен, электр бұранды үскілермен бұрғылау және пайдалы қазба қабатының өнімділік қуатын өлшеу, кен жынысының бұрғылануын, уатылғыштығын сынау және бұрғылау-жару жұмыстарының оңтайлы параметрлерін анықтау үшін кен массасын уатқыш балғамен уату кезінде – 7-разряд.

7-разрядты шпур бұрғылаушы үшін орта кәсіптік білім талап етіледі.

Ескертпе. Шпур бұрғылаушының көмекшілері шпур бұрғылау құқығы болса шпур бұрғылаушыдан бір разрядқа төмен, ал құқығы болмаса – екі разрядқа төмен тарифтеледі.

2. Әуе-канат жолының вагонетшісі

Параграф 1. Әуе-канат жолының вагонетшісі, 2-разряд

14. Жұмыс сипаттамасы:

вагонеткаларды толтыру және әкету;

тиелген және бос вагонеткаларды, оларды әуе-канат жолына жеткізе отырып тіркеу және ағыту;

вагонеткаларды әуе-канат жолы канатынан монорельске қабылдау және вагонеткаларды босатып, бастарын канатқа бере отырып қабылдау және монорельс бойынша қажетті бағыттарда орнын ауыстыру;

вагонеткаларды бункерлерге жеткізу және бөліп тарату, оларды босату және әуе-канат жолы трассасына қосу жеріне дейін жеткізу;

әуе-канат жолы желісіне шығатын вагонеткалар арасындағы белгіленген қашықтықты сақтау;

дабылды, тиелген вагонеткалар санын есептегішті, канаттың жай-күйін қадағалау;

вагонеткаларды және әуе-канат жолы механизмдерін қарау, канаттың тартылуын тексеру және реттеу;

вагонеткаларды, тарту және жеткізу канаттарын майлау;

шашылған жынысты жинау және оны үйіндіге апару. әуе-канат жолын жөндеуге қатысу.

15. Білуге тиіс:

әуе-канат жолы механизмдері мен вагонеткалардың құрылымын; вагонеткаларды әуе-канат жолына қабылдау мен жөнелту ережесін; вагонеткаларды тиеу толықтығы нормасын; вагонеткалардың үлгілері мен олардың сыйымдылығын.

3. Жарушы

Параграф 1. Жарушы, 4-разряд

16. Жұмыс сипаттамасы:

ашық, жерасты жұмыстары мен геофизикалық жұмыстарды жүргізу кезінде жару жұмыстарын орындау; мартен пештерінің қождықтарындағы, суыған " козелдардағы" шпурларды және металлургия өндірісіндегі шоғырмақтарды жару;

кумаларда, кен еңістеріндегі қатпаларды, кен қазбасы шатырындағы және қабырғасындағы жармаларды жою кезінде, шойтастарды бөлшектеу, жатып қалған кеннің металл жанқаларын, тұздарды, қатып қалған ағаштарды қопсыту, ағаш дінгегін тазарту, ағаш құлату жөніндегі жару жұмыстарын орындау; күндізгі қабаттағы және бронешұңқырдағы металл құрылғыларда жару жұмыстарын орындау; патрон-боевик дайындау;

патрондарды маркілеу және электродетонаторларды іріктеуге қатысу; шпурларды, ұңғымаларды, камералар мен жару жұмыстары үшін жүргізілетін басқа да қазбаларды зарядтау;

ату-жару аппаратурасын зарядтау; оттықты және электрлі жару кезінде жалғыз және топтық шпурларды зарядтау;

базистік және таратып бөлу қоймаларынан жару материалдарын жазғызу, алу, тиеу;

түсіру және жұмыс орнына жеткізу; тығындама әзірлеу; шпурлар мен ұңғымалардың орналасуының, тереңдігі мен бағытының жару жұмыстары жобасы мен паспортына сәйкестігін тексеру; шпурлар мен ұңғымаларды түрлі үлгідегі пневмозарядтаушылармен зарядтау;

ұңғымаларды механикаландырылған тығындау;

шпурлар мен ұңғымаларды зарядтау алдында забойдағы метанды өлшеу және әрбір жарылыс алдында зарядтарды өлшеу; қауіпсіз аймақты анықтау және қауіпті аймақты күзет постыларын орналастыру;

бекітпенің жай-күйін, сланецтеу сапасын, қоршаулар мен ескерту белгілерінің орнатылуын тексеру;

жару жұмыстарын жүргізу туралы белгіленген дабылды беру;

жару желісін монтаждау, оның дұрыстығын тексеру, электр желісінің қарсылығын тексеру;

жару материалдарының пайдалануға жарамдылығын, анықтау, жарамсызын жою; жарылыс жұмыстарынан кейін орынды қарау, жарылмай қалған зарядтарды жою; жару материалдарына полигондық сынауды, олардың жұмсалу есебін жүргізу, оны растау және қалдықтарды қоймаға тапсыру; жару жұмыстары журналын жүргізу;

геофизикалық жұмыстарда – ұңғымаларды перфорациялауға және дүмпітуге арналған электр запалдарды әзірлеу;

ату аппаратурасының жарамдылығын тексеру, зарядтауға дайындау, зарядтау және сирету.

17. Білуге тиіс:

жару заттары мен жару құралдарының үлгілері мен қасиеттерін; жару жұмыстарын қауіпсіз жүргізу ережесін;

барлық үлгідегі пневмозарядшылардың, электр өлшеу аспаптарының, ату-жару аппаратурасының, топырақ жеткізгіштің, торпедалардың құрылымын; жару желілерін монтаждауға арналған айлабұйымдардың түрлерін; оттықты, электрлі және электроттықты жару тәсілдері кезінде дүмпіткіш шнурды қолдана отырып зарядтау мен жарудың тәртібін;

жару жұмыстарының, ұңғымаларды перфорациялау мен торпедалаудың негізгі әдістерін; электрмен жару кезінде қосу сызбасын; жару желілерін ток көзіне қосу ережесін; адаспа ток шамасын; кен ауасының құрамын; кен газының қасиеттерін мен олардың жол берілетін шекті процентін; газ байқалған кездегі сақтану шараларын;

кен ауасындағы газды өлшеу тәсілдерін; қазбалардың сланецтелуін тексерудің тәртібін; жару материалдарының шығыс нормасын, оларды сақтау, тасымалдау, сынау және жою ережесі мен тәсілдерін; жарылмай қалған зарядтарды жоюдың ережесі мен тәсілдерін; жару жұмыстарын жүргізу кезінде белгіленген дабылдатқышты; қоршау құрылымы ережесін; кен қазбаларының орналасуын; кен жыныстарының қасиеттерін; шпурларды бұрғылау тәсілдері мен геологиялық және техникалық жағдайларға қарай оларды орналастыруды.

Параграф 2. Жарушы, 5-разряд

18. Жұмыс сипаттамасы:

ашық, жерасты кен жұмыстарын жүргізу кезінде, тасымалдау және гидротехникалық тоннельдерде окпандарды, еңісті және тік қазбаларды проходкалау және тереңдету, гэс ғимараттарын, арнаулы нысандағы жерасты құрылымдарын салу кезінде, орман өртімен күрес кезінде күрделі жару жұмыстарын орындау;

жаппай жару кезінде жарылыс желісін монтаждау, шпурлар мен ұңғымаларды зарядтау;

түрлі құрылғыларға жақын жерлерде, биіктігі 3 м асатын тазалау кеңістігі бар қабаттарда (ленталарда), күре кен орындарын тазарту жұмыстарында, бекітпелер бойынша полкалардан зарядтау кезінде жару жұмыстарын жүргізу;

жартасты кендер мен жартас үстіндегі топырақтарда қазаншұңқыр жасау үшін бөлектелген зарядтарды жару;

шпурларды, ұңғымаларды, камераларды, салмалы зарядтарды, бекітпелер, жабдықтар, механизмдер, коммуникациялар болған жағдайда, электродетонаторлар мен дүмпітуші шнурды қолдана отырып, оттықты және электр оттықты тәсілдер серияларымен зарядтау және жару;

желдеткіш, бекітпе, тарсыл ағындарының, аражабындардың, полкалардың жай-күйін тексеру;

жару жұмыстарын "контурлық жару" әдісімен орындау;

электр жару және алмастырушы желілерді зарядтардың аралас қосындысымен монтаждау;

сейсмикалық әсері, жарықшақтардың ұшуына және соғы толқынына қарай қауіпті аймақты айқындау;

жару заттарын механикаландырылған кешенде қайта өңдеу;

шпурларды, ұңғымаларды, камераларды зарядтық және заряд жеткізу машиналарымен механикаландырылған зарядтау, оларды басқару және техникалық қызмет көрсету.

19. Білуге тиіс:

ашық, жерасты кен жұмыстарын жүргізу кезінде, тасымалдау және гидротехникалық тоннельдерде окпандарды, еңісті және тік қазбаларды проходкалау және тереңдету, гэс ғимараттарын, арнаулы нысандағы жерасты құрылымдарын салу кезінде, орман өртімен күрес кезінде, жаппай жару, басқа да күрделі жару жұмыстарын орындау кезіндегі жару жұмыстары өндірісінің ерекшеліктерін;

жарылыс желісін алмастыру тәртібін; күрделі жару желілерін монтаждау сызбасын және есептеу тәртібін; сейсмикалық әсері, жарықшақтардың ұшуына және соғы толқынына қарай қауіпті аймақты есептеудің тәртібін; зарядтық және заряд жеткізу машиналарының құрылымын және оларды пайдалану ережесін;

түйіршіктелген жару заттарымен пневмозарядтау кезінде статикалық электрмен күрес әдістерін; қысқа баяулатылған жарылыс ерекшеліктерін; кен-геологиялық жағдайларға орай зарядтардың тиімді құрылымдары мен қысқа баяулатылған жарылыс сызбаларын таңдау ережесін; екінші топтағы жарылыс материалдары қоймаларындағы қоймаішілік тиеу-түсіру және тасымалдау жұмыстарын механикаландыруды;

кен қазбаларын жару заттарымен механикаландырылған зарядтауға арналған технологияны, автоматтандыру құралдарын; жару заттарын контейнерлік жеткізу, сақтау және таралу технологиясын; динамореактивтік жүйелердің құрылымын.

Параграф 3. Жарушы, 6-разряд

20. Жұмыс сипаттамасы:

айрықша құрылғыларды салу, жұмыс істеп тұрған имараттарға қосу кезінде, кессон камераларында ерекше күрделі жару жұмыстарын орындау; шпурлардың санын, орналасуы мен тереңдігін анықтау, электр жару желісін монтаждау;

айрықша имараттар іргетастарына, тұрақты жерасты коммуникацияларына, жұмыс істеп тұрған метрополитен тоннелдеріне, магистралдік темір және автокөлік жолдарына, электр жеткізу желілеріне, газ-мұнай құбырына, көпір құрылысына жақын жерде күрделі жару жұмыстарын орындау; күрт еңісті ойпаңдарда, түпті тереңдету жұмыстарында, минералды түпке сеппе салу кезінде, аралықтарды алу кезінде, қадаларды қағу кезінде зарядтарды жару;

сең жүру кезінде мұздарды жару;

ғимараттар мен имараттарды бұзу, домна және мартен цехтарын қайта құрылымдау кезінде жару жұмыстарын орындау;

торпедаларды жабдықтау, оларды ұңғымаға түсіру және жару.

21. Білуге тиіс:

айрықша ғимараттар мен имараттарды салу, күрт еңісті ойпаңдарда, түпті тереңдету жұмыстарында, қадаларды жарумен қағу кезінде, минералды түпке сеппе салу кезінде, магистралдік темір және автокөлік жолдарына жақын жерде күрделі жару жұмыстарын жүргізу ережесін;

метал мен ыстық массиверді уату кезінде, мұз жару және су асты жұмыстарында, ғимараттар мен имараттарды бұзу үшін зарядтарды жару ережесін;

торпедаларды жабдықтау, ұңғыманы дүмпітуге арналған зарядтарды дайындаудың тәртібін.

Ескертпелер:

1. Адамдар жару жұмыстарына жару жұмысы өндірісіне құқық беретін құжаты болғанда ғана жіберіледі.

2. Жару материалдарын жеткізумен айналысатын жарушы көмекшілері 2-разряд бойынша, ал шпурларды, ұңғымаларды, мина камераларын жаруға

дайындық жөніндегі жұмыстарға жарушының көмегімен бір мезгілде қатысқан кезде 3-разряд бойынша тарифтеледі.

4. Үйінділердегі түсіруші

Параграф 1. Үйінділердегі түсіруші, 2-разряд

22. Жұмыс сипаттамасы:

жүк тиелген автосамосвалдарды үйіндіде күтіп алу, олардың қозғалысын реттеу;

жынысты, қожды, салма материалды және басқа да өндіріс қалдықтарын көлік құралдарынан түсіру;

үйіндінің үйілуін, оның айналасының соқамен, бульдозермен немесе скрепермен тегістелуін, кондициялық және кондициялық емес пайдалы қазбаның бөлек түсірілуін қадағалау;

үйіндіні өсіру;

қабылдау ыдыстарын жабысқан және қатып қалған кен массасы мен басқа да материалдардан тазарту;

шөміштерден қатып қалған қож бен "козелдерді" түсіру;

жол габариттерін шашылған кен массасынан тазарту, қож құйылған жерді жинау;

экскаватор асты төсемін салуға қатысу;

автосамосвалдардың үйінді үстінде жүрген кездегі маневр қауіпсіздігі мен ескерту белгілерін беру;

жуу аспаптарындағы жұмыс кезінде дренаж арналары мен қоршауларды құру ;

шойтастарды қайлалау;

қауіпті жерлерді белгімен қоршау;

жұмыс орны шегіндегі жолдардың жарықтандырылуын қадағалау;

түсіру көлік құралының есебін жүргізу;

автосамосвалдарды түсіруге арналған қажетті айлабұйымдардың құрылымын; жылжымалы компрессорды қосу және оның жұмысын қадағалау.

23. Білуге тиіс:

үйінді жұмыстарын жүргізу және көлік қозғалысы ережесін;

автосамосвалдардың тормозының, қотарып түсіру құрылғысының құрылымын;

компрессорлардың жұмыс принципін; жүк түсірілетін автосамосвалдардың жүк көтергіштігін;

үйіндінің бейіні мен бағытын; үйіндідегі көлік жолдарының орналасу сызбасын;

пайдалы қазбалардың жыныстан ерекшеленетін сыртқы белгілерін;

электрослесарлық іс негіздерін.

Параграф 2. Үйінділердегі түсіруші, 3-разряд

24. Жұмыс сипаттамасы:

жүк тиелген теміржол составтарын қабылдау, олардың түсіру орнына қарай қозғалысын реттеу;

жынысты, қожды, салма материалды және басқа да өндіріс қалдықтарын думпкарлардан, вагондардан, вагонеткалардан, қож шөміштерінен түсіру;

шөміштерді қою және оларды қисайтуға дайындау;

үйіндіні өсіру қадағалау;

теміржол составтарын босату басталғаны және аяқталғаны туралы белгі беру;

темір жол габариттерін шашылған кен массасынан тазарту;

үйінді тасылым жолдарын төсеуге, қозғауға, өсіруге және көтеруге қатысу;

тұйықжолдың жұмыс бөлігінің теміржолын ұстау, ағымдық жөндеу;

рельстен жылжып кеткен составты қоюға қатысу;

люктерді, борттар мен вагон есіктерін жабу және ашу;

қауіпті жерлерді белгімен қоршау;

босатылған вагондардың есебін жүргізу;

думпкарды қотару үшін әуе магистралін қосу.

25. Білуге тиіс:

үйінді жұмыстарын жүргізу және теміржол көлігі қозғалысы ережесін; вагондардың, думпкарлардың, тормоздардың, қотарып түсіру құралдары мен компрессорлардың құрылымын; босатылатын көлік ыдыстарының жүк көтергіштігін;

думпкар қораптарын босату және бекітудің тәсілдері мен шарттарын; теміржолдар мен бұрмалардың құрылымы туралы негізгі деректерді; үйіндідегі көлік жолдарының орналасу сызбасын;

теміржол тұйығының рельс жолдарын ұзарту және қозғау тәртібін.

5. Газ өлшеуші

Параграф 1. Газ өлшеуші, 1-разряд

26. Жұмыс сипаттамасы:

кен қазбаларындағы кен газдарын бензинді шаммен, газ талдауышпен немесе индикаторлармен өлшеу. кен қазбаларында кен газдарын болуын өлшеу. ауаның тозаңдану дәрежесін тексеру.

өлшеу нәтижелерін ауысым сайынғы рапортқа, журналға және ақпараттық тақтаға жазу.

шаң-газ режимінің бұзылуының алдын алу және жою шараларын қабылдау. газдалған қазбаларда болуға тыйым салатын белгілерді орнату.

жұмысшыларды газдалған қазбалардан алып шығу. желдеткіш құрылғыларының жай-күйін және жарамдылығын қадағалау. бензинді

шамдардың, газ талдауыш пен индикаторлардың жарамдылығын тексеру. ауаны сынау орнын таңдау;

ауа мен шаң сынамасын талдауға алу және оларды зертханаға тапсыру. ауаның жылжу жылдамдығын, температурасын, ылғалдылығын және депрессиясын өлшеу;

қызмет көрсететін учаскедегі, забойдағы электр аппаратурасын, электр жабдықтарды, кабельдер мен қорғану құралдарын сырттай қарау;

газбен уланған кезде алғашқы көмек көрсету.

27. Білуге тиіс:

кен қазбаларының атаулары мен орналасуын, оларды желдету сызбасын; желдеткіш құрылғыларының орналасуы мен нысанын;

кен ауасының құрамын және онда түрлі газдар мен шаңның болуының шекті процентін;

газ ұстаушы және бұрып әкетуші жүйелердің сызбасын;

метанның, көмірқышқылының, көміртегі қышқылының және басқа да газдардың қасиеттерін; бензинді шамдардың, газ талдауыш пен индикаторлардың, аспираторлардың құрылымын; шахта авариясының алдын алу және жою жоспарын; қазбаларда газ анықталған кездегі сақтану шараларын; зертханалық талдауға ауа мен шаң сынамасын алудың ережесі мен әдістерін.

санаттағы, санаттан тыс, тозаң, суфлярлық бөлінулер мен көмірдің, газдың кенеттен атқылау, газ жарылысы қаупі бар шахталарда (кеніштерде) - 2-разряд.

6. Гидромониторшы

Параграф 1. Гидромониторшы

28. Жұмыс сипаттамасы:

топырақты және кен жыныстарын әзірлеу (кесу, құлату), шаю, шайып түсіру, тасымалдау, қазбаны өңдеу, кессондар мен түсірме құдықтарды батыру, дамбылар мен басқа да жер имараттары мен үйінділерін шаю кезінде гидромониторды басқару;

өрт ошақтарын жерасты басқару құбырлары бойынша ұйықтандыру, өздігінен тұтанатын жұмысталған көмір қабаттарын, профилактикалық ұйықтандыру, жарықтар мен ойықтарды ұйықтандыру;

пульпа ағынын басқару және оның қажетті консистенциясын ұстап тұру; ағынның біркелкі шаюын, қажетті бағыты мен қысымын қамтамасыз ету; гидромониторды бөлшектеу, құрастыру, жылжыту және теңгермелеу;

су жолдары мен пульпажолдарын бөлшектеу, құрастыру, ұзарту және қысқарту;

аспаптар мен ұштамаларды ауыстыру;

қазбаланған кеңістікті бекіту;

кен жынысы мен топырақтың ірі кесектерін уату, оларды штректе өңдеу және науалар бойынша өткізу;

жоғары қысымды став қақпақтарын ашу және жабу;

науалардың, су жолдары мен пульпажолдары коммуникацияларының жай-күйін қадағалау, бөгде заттарды ұстап қалу;

гидромониторларға қызмет көрсету және профилактикалық жөндеу.

29. Білуге тиіс:

қызмет көрсететін гидромониторлардың, аспаптардың, қақпақтардың, жоғары қысымды ставкалардың, су жолдары мен пулпажолдарының құрылымын және оларды қолдану принципін; топырақ туралы негізгі деректерді;

арналар мен траншеяларды жөндеу ережесін; гидромониторлардың техникалық сипаттамаларын, оларды бөлшектеу, құрастыру және теңгермелеу ережесін, шаюмен өңдеу ережесін; құрғақ және су күйіндегі кен жыныстары мен топырақтың физикалық қасиеттерін;

кен жынысы мен пайдалы қазбалардың беріктігі бойынша сыныптамасын; кен жыныстары мен топырақтың шаю мен гидравликалық тасымалдаудың тәсілдері мен негізгі сызбаларын; ұштама нысандары мен оларды ауыстыру тәсілдерін;

шашылма плоттың шөгу сипаты мен шайылатын жыныстардың гранулометриялық құрамын; забойдағы және қазбаны бекіту жұмысының негізгі ерекшеліктерін; бекітпе түрлері мен үлгілерін; бекіту материалдарының қасиеттерін;

шоғырландырушы штректердегі науа құрылымын; учаскедегі су жолдары мен пулпажолдарының сызбасын; гидромонитор жұмысындағы ақау себептерін және оларды жою тәсілдерін;

электр слесарь ісін; гидравлика негіздерін; гидромониторды пайдалану ережесін; қоршаған ортаны қорғаудың негізгі ережесін; ұйықталған ұңғыма учаскесін қоршау ережесін;

пульпа консистенциясын; қабылдау құйғыштарының түрлерін;

ұйықтануды нысанға берудің тәртібін; пульпа сынамасын алу тәсілдерін.

топырақты және кен жыныстарын ең жоғары ұштама кезінде өнімділігі 1000 м³/сағат су болатын гидромонитормен әзірлеу (кесу, құлату), шаю, шайып түсіру, тасымалдау, қазбаны өңдеу кезінде - 3-разряд;

топырақты және кен жыныстарын ең жоғары ұштама кезінде өнімділігі 1000-нан 3000 м³/сағат судан артық гидромонитормен әзірлеу (кесу, құлату), шаю, шайып түсіру, тасымалдау, қазбаны өңдеу кезінде - 4-разряд;

топырақты және кен жыныстарын ең жоғары ұштама кезінде өнімділігі 3000 м³/сағат судан артық гидромонитормен әзірлеу (кесу, құлату), шаю, шайып түсіру, тасымалдау, қазбаны өңдеу кезінде; топырақты және кен жыныстарын ең

жоғары ұштама кезінде гидромонитордың өнімділігіне қарамастан әзірлеу (кесу, құлату), шаю, шайып түсіру, тасымалдау, қазбаны өңдеу кезінде; кен жыныстарын жуып шаю қондырғыларында әзірлеу, дезинтеграциялау және тасымалдау кезінде - 5-разряд.

7. Кен жұмысшысы

Параграф 1. Кен жұмысшысы, 1-разряд

30. Жұмыс сипаттамасы:

карьерлер мен разрездерде вагондарды, вагонеткаларды, автомобиль жолдары мен теміржолдарды, тасылым қазбаларын, су ағызу арналарын қоқыстан, жыныстардан, ұйықтардан тазарту;

пайдалы қазбаның көрінетін жыныспен қоқысталуын тексеру және есепке алу ;

вагонеткалардың, вагондар мен басқа да көлік құралдарының тиелу толықтығын тексеру;

өндірілген пайдалы қазбаның және жыныстардың есебін жүргізу;

сынама алу, жеткізу және есепке алу;

брак актісі мен пайдалы қазбаның өндірудің есебін жүргізу жөніндегі құжаттарды ресімдеу;

стрелкаларды ауыстыру. карьерлерде, сондай-ақ басқа нысандарда жару жұмыстары өндірісі орнында жару материалдарын, зарядталатын блоктарды, ұңғымаларды, жарылыс қауіпті аймақты уақытша күзету;

қоршаулар мен ескерту белгілерін орнату, дабыл белгісін беру және қабылдау ;

шлангілерді орау. вагонеткаларды, машиналар мен механизмдерді майлау;

жұмысталған майды жинау және оны регенерациялауға тапсыру. рельстен шығып кеткен вагонеткалар мен вагондарды көтеру. балшық, цемент, әк және басқа да ерітінділерді әзірлеуге қатысу. жүктерді тиеу. түсіру және жылқымен тасымалдау, аттарды, ат әбзелдерін күту;

орындайды зарасыздандыру, әжетхананы жинау. шурфтарды проходкалауға қатысу;

бұрғылау құралын жинақталуы бойынша іріктеу және оны жұмыс орнына жеткізу. мұқалып қалған бұрғы құралын жинау және оны шеберханаға жеткізу;

карьерлердегі автокөлік жолдарына көктайғақ кезінде құм себу, суды қайнату және жеткізу, шаңды тазарту, кәріз желілерін хлорлау мен оқытуды қажет етпейтін басқа да ұқсас жұмыстарды орындау.

31. Білуге тиіс:

колданылатын механизмдердің, айлабұйымдар мен құралдың жұмыс принципін, олармен жұмыс істеу ережесін; бұрғы жиынтықтарын жеткізу

бағытын, орнын ауыстыру ережесін, олардың мөлшерін, ұштама пішінін; жүктерді штабельге салу тәсілін;

ауыстыру стрелкалары мен белгілерді ұстау ережесін; кен қазбаларының атауын және орналасуын, олар бойынша қауіпсіз қозғалыс ережесін;

пайдалы қазбаның жыныстардан сыртқы ерекшелігін;

жағармай материалдарының сұрпы мен қасиеттерін, оларды қолдану тәсілдерін; берілген пайдалы қазба есебінің тәртібін; рельстен шығып кеткен вагонеткаларды қою ережесін; пайдалы қазбалар мен жыныстарды сыныптау белгілерін.

Параграф 2. Кен жұмысшысы, 2-разряд

32. Жұмыс сипаттамасы:

жүк тиелген және бос вагонеткаларды қолмен және механизмдермен әкелу және әкету;

жұмыс орнында орнатылған итергіштерді, шығырларды басқару;

вагонеткаларды тірке қосу және ағыту, оларды шығыр канатына және электровозға тіркеу және ағыту;

вагонеткаларды кілеттерге орнату және бекіту;

кілетті дұрыс тиеу және босатуды қамтамасыз етуге оқпаншыға көмек көрсету;

материалдарды тиеу және түсіру;

материалдар мен аспаптарды сланецтеуге және қазбаларды ағартуға жеткізу және ұсыну;

ерітінді әзірлеу;

рельс жолдарын жол ауыстырғышпен орнына қозғау кезінде көмекші жұмыстарды орындау, составтарды құрастыру және бөлу мен басқа да ұқсас жұмыстар;

шығарма шұңқырларды зарарсыздандыру;

конвейерлерде, жынысты іріктеу ленталарында, алаңшалар мен вагондарды жыныстарды пайдалы қазбадан қолмен іріктеп алу;

пайдалы қазбаны ірі кесектерін ұсата отырып бөлшектеу, сұрыптау;

пайдалы қазбаны кен массасынан іріктеп алу, қоймалау, қабылдаушыға тапсыру, көлік құралына тиеу;

пайдалы қазбаны өлшеу және қабылдаушыға тапсыру;

вагонеткаларды қотарғышпен түсіру;

жару заттарын жарушының қадағалауымен жару жұмыстары өндірісі орнына жеткізу;

забой материалдарын әзірлеу және жеткізу;

гидроэлеваторларға, шөмішті элеваторларға, топырақ насостарына қызмет көрсету;

пульпаның элеваторлар мен топырақ насосы зумпфына біркелкі түсуін қадағалау;
кептеме немесе ауа тығынын болдырмау;
пульпадан бөгде және ірі заттарды қолмен немесе айлабұйым көмегімен алып тастау;
сорма өңешін, сору құбырын, зумпф үстіндегі оттықты тазалау;
құдықтарды тазалау және жөндеу;
қызмет көрсететін жабдықтар мен механизмдердің жұмысындағы ұсақ ақауларды жою;
арзан инвентарды қабылдау, сақтау және беру.

33. Білуге тиіс:

итергішті, шығырды, бункер бекімесі мен басқа да қызмет көрсететін механизмдердің құрылымын және пайдалану ережесін; гидроэлеваторлардың, шөмішті элеваторлардың, топырақ насостарының жұмыс принципін; сору құрылғысы мен құбыр сызбасын;

вагонеткалар мен басқа да көлік құралдарының үлгілерін және нысанын, оларды тасу ережесі мен тәртібін; жол бағыттарының сызбасын; тіркеу түрлерін;

вагонеткалар мен тіркемелерді канатқа, электровозға тіркеу тәсілдерін; пайдалы қазба сұрыптарын; бос жыныстың пайдалы қазбадан сыртқы ерекшелік белгілерін;

пайдалы қазбаны шығару кезінде жол берілетін шығын нормаларын; жынысты пайдалы қазбаны бұлдірмей бөлшектеу және бөліп алу тәсілдерін;

инертті тозаң нысанын, оның шығыс нормасы мен сақтау ережесін; қолданылатын ерітінділердің нысанын және оларды әзірлеу әдістерін; транспортерде жұмыс істеу ережесін;

пайдалы қазбаларға қойылатын мемлекеттік стандарт талаптарын; жару материалдарымен жұмыс істеу, сақтау және тасымалдау ережесін; жару материалдарының қасиеттерін; қоршау құру ережесін.

Параграф 3. Кен жұмысшылары, 3-разряд

34. Жұмыс сипаттамасы:

кен массасын механикаландырылған эстакадаларда түсіру және тиеу, эстакада механизмдерін басқару, түсіру және тиеуді реттеу;

жарушының басшылығымен жару заттарын жару жұмыстары өндірісі орнына жеткізе отырып, ұңғымалар мен шпурларды зарядтауға қатысу;

шпурлар мен ұңғыма орнын қолмен бұрғылау;

шахталар мен шпурлар оқпандарын толық кеспелеумен бұрғылау кезінде қосалқы көмекші жұмыстарды орындау;

бекітпе мен қораманы іріктеу және әзірлеу;

шахталардың, ағаш құбырлардың, траптар мен люктердің, баспалдақтардың, полкалардың және басқа да кен қазбалары жол бөлімшелері жабдықтамаларының желдеткіш оқпандарын қаптауға арналған бекітпе элементтерін дайындау және жөндеу;

эстакадаларды, дозатор қондырғыларын жабдықтау және жөндеу, ашық кен жұмыстарындағы ағаш шебері жұмыстарын орындау.

35. Білуге тиіс:

механикаландырылған эстакада құрылымын; кен массасын эстакадаларда үйіндіге түсіруді реттеу ережесін;

қолданылатын бекітпе мен ілеспе материалдардың түрлері мен мөлшерін; шпурлар мен ұңғымаларды зарядтаумен байланысты негізгі ережелерді; ағаш имарат бөлшектерінің құрылымын;

түрлі ағаш тектерінің қасиеттері мен сұрыптарын; орман ауруы мен олардың бүліну себептерін.

8. Геологиялық жұмыстардағы кен жұмысшысы

Параграф 1. Геологиялық жұмыстардағы кен жұмысшысы, 1-разряд

36. Жұмыс сипаттамасы:

геологтың немесе гидрогеологтың басшылығымен жұмыс орындау;

түпкі жыныстарды тазарту және ашу;

кен қазбалары үлгілерін қағу, буып-түю, тасымалдау, қажет болғанда өлшеу, парафиндеу;

үлгілер мен сынамаларға этикетка толтыру және жапсыру, оларды тіркеу және зертханаға жіберу;

судың сынамасын алу және тасымалдау, оларды тиісті журналға тіркеу;

ұңғыма тереңдігін бақылап өлшеу;

кен үйінділерінен, бос жыныс үйінділерінен және басқа да кен массасынан сынама алу;

қарапайым сызбаларды орындау және көбейту.

37. Білуге тиіс:

кен жыныстарының шөгу жағдайлары, кен қазбаларының орналасуы мен нысаны туралы негізгі ұғымдарды;

ұңғымалар мен кен қазбаларынан кен жынысы үлгілерін іріктеудің тәртібі мен ережесін, оларды сақтаудың тәртібі мен ережесін;

су сынамасын іріктеудің, ресімдеудің және сақтаудың тәртібін; бос жыныстың пайдалы қазбадан сыртқы ерекшелік белгілерін;

кен жыныстарының қабылданған сыныптамасын; сынамалар мен кен жынысы үлгілерін тіркеу журналын және басқа да белгіленген құжаттамаларды толтыру мен сақтаудың тәртібін; геологиялық қарапайым жоспарларды.

Параграф 2. Геологиялық жұмыстардағы кен жұмысшысы, 2-разряд

38. Жұмыс сипаттамасы:

сынамалар мен кен жынысы үлгілерін, кенді және басқа да пайдалы қазбаларды кен қазбаларынан, табиғи ашық жерден, бұрғылау ұңғымаларынан алу;

кен қазбалары мен кеннің физикалық қасиеттерін анықтауға қатысу;

Римв-3 аспабының көмегімен бұрғы ұңғымаларын геологиялық зерттеу жұмыстарын орындау;

кен қазбаларын сыныптауыш бойынша сыныптау;

кен қабаттары мен тектоникалық бұзылу қабаттары элементтерін, жерасты суларының гидростатикалық ағын күшін және ұңғымалар, арналар мен тағы басқа бойынша су шығысын тау-кен компасының көмегімен өлшеу;

графикалық материалдарды көшіріп басу.

39. Білуге тиіс:

кен жұмыстарын жүргізу негіздерін; кен жыныстарының атауын және негізгі қасиеттерін; геофизикалық, геологиялық аспаптардың атауын, нысаны мен пайдалану ережесін;

кен орнының геологиялық құрылымы мен гидрогеологиялық жағдайларын; тау-кен компасы мен қолданылатын басқа да айлабұйымдар мен құралдарды қолдану ережесін;

кен қазбаларынан, табиғи ашық жерден, бұрғылау ұңғымаларынан сынамалар мен кен жынысы үлгілерін алудың тәртібі мен ережесін;

кен жыныстарының шөгу элементтері мен жарықшаларды тау-кен компасымен өлшеу әдістерін;

жарықпен көшіріп басу қондырғысын және аммиакты пайдалану ережесін.

Параграф 3. Геологиялық жұмыстардағы кен жұмысшысы, 3-разряд

40. Жұмыс сипаттамасы:

кен қазбалары мен ұңғымаларды сынамалайтын жерлерді белгілеу.

бақылау сынамаларын алу, сынамаларды кептіру, ұнтақтау, қысқарту, майдалау, химиялық талдауға дайындау.

кен қазбаларының, кен мен басқа да пайдалы қазбалар үлгілерінің геологиялық коллекциясын жинау және ресімдеу.

пайдалы қазбаның өнімді қабаты мен сыйымды кен жынысының қуатын өлшеу.

тектоникалық жарықтар мен жарықшаларды өлшеу.

кен қойнауынан пайдалы қазбаны алудың толықтығы мен сапасын, көшкін құбылыстарын қадағалау және олар туралы уақытында ескерту.

кен сұрыптарының дұрыс шихталануын бақылау.

бұрғы ұңғымаларындағы жерасты сулары мен олардың кен қазбаларына келу ағындарының деңгейін өлшеу. кен қазбалары мен бұрғы ұңғымаларының

алғашқы және таза геологиялық құжаттамасын (паспорттарды, ұңғыманың стратиграфиялық колонкаларын, сынамалау журналын, жұмыс жоспарын), графикалық материалдарды – жоспарларды, разрездерді салу және ресімдеу. камеральдік жұмыстар.

кен жыныстары мен пайдалы қазбаларды іріктелген сынамалар бойынша эталондық коллекцияға сәйкес сыныптау.

41. Білуге тиіс:

кен жыныстарының сыныптамасын; жыныстардың петрографиялық түрлерін; сыйымдылықты жыныстар мен кендердің постмагматикалық өзгерістерін, олардың байыту технологиясына әсерін;

пайдалы қазбаны жөнелтуге арналған сұрыптама паспорттарды жасау ережесін;

шығындардың туындау, құнарсыздану себептері мен оларды қысқарту тәсілдерін; бороздалық, задиркалық және уыстық сынамаларды алу ережесін;

ұңғыма шламы бойынша негізгі металдың болуын анықтау ережесін; шөгінді жыныстардың фациальдік талдау негіздерін; тектоника элементтерін; кен мен жыныстардың құрылымдық-текстуралық сипаттамасын; кен жыныстары мен пайдалы қазбаларды далада және зертханада зерттеу әдістерін; сеппе құрылымы элементтері мен олардың кеңістіктегі арақатынасын; гидрогеологиялық өлшем әдістерін;

инженерлік геология элементтерін; разрез, профиль, стратиграфиялық колонкаларды құру ережесін; құжаттаманы толтыру, есепке алу және сақтау тәртібін;

есептеу техникасын қолдану ережесін; пайдалы қазба қорын жедел есептеудің қабылданған әдістемесін.

Ескертпе. Жұмысты жерасты суларының қалдықты ағыны кезіндегі күрделі гидрогеологиялық және тектоникалық немесе кен соқпасы бойынша қауіпті жағдайларда орындаған кезде тарифтеу бір разрядқа жоғары жүргізіледі.

9. Маркшейдерлік жұмыстардағы кен жұмысшысы

Параграф 1. Маркшейдерлік жұмыстардағы кен жұмысшысы, 1-разряд

42. Жұмыс сипаттамасы:

кен қазбаларын жүргізу, шахта оқпандарын, тоннельдер салу, шахта үсті нысандарын салу, арнаулы нысандағы имараттарды салу кезінде бұрғылау контурын шығару, түсіру, нивелирлеу, өлшеу жұмыстарын маркшейдердің басшылығымен орындау;

арақашықтықты өлшеу;

рейкаларды, вехтарды, штативтер мен отвестерді орнату;

отвес желілері мен нивелир рейкасы бөліктерін жарықтандыру;

геодезиялық және маркшейдерлік құралдар мен аспаптарды тазалау, сүрту, орнын ауыстыру және орнату;

реперлер мен маркшейдерлік пункттерді бекіту;

құжаттаманы ресімдеуге қатысу.

43. Білуге тиіс:

геодезиялық және маркшейдерлік аспаптардың, өлшеу құралдарының атауын, нысаны және олармен жұмыс істеу, оларды баптау ережесін;

маркшейдерлік және геодезиялық белгілерді және оларды орнату ережесін;

жер рельефі туралы негізгі ұғымдарды; кен қазбаларының орналасуы мен нысанын; қарапайым маркшейдерлік жоспарларды;

құралдар мен аспаптарды сақтау, беру және қабылдау тәртібін; забойлар мен карьердегі жұмыс кертпешінде маркшейдерлік жұмыстарды қауіпсіз жүргізудің тәртібін.

Параграф 2. Маркшейдерлік жұмыстардағы кен жұмысшысы, 2-разряд

44. Жұмыс сипаттамасы:

маркшейдерлік және геодезиялық аспаптарды жұмыс орнында орнату;

маркшейдерлік және геодезиялық белгілер мен реперлерді орнату. маркшейдерлік негіздеменің уақытша және тұрақты пункттері мен реперлерді салу және оны сыртқы әрлеу;

кен қазбаларының детальді маркшейдерлік түсіріміне қатысу. өтпелі кен қазбаларын суреттеу және құжаттаманы ресімдеу, өлшеу материалдарын өңдеуге қатысу;

биік нүкте белгілері мен түсірім нүктелеріне дейінгі жазық арақашықтықты есептеп шығару;

деңгей өлшегіштің көмегімен белгіні жерге түсіру;

кен қазбаларының маркшейдерлік түсірімі нәтижелерін маркшейдерлік жоспарға түсіруге қатысу;

учаске аумағын планиметрмен есептеу немесе өлшеу. түсірім нүктелерін белгілеу және техеометриялық түсірім жұмыстарын орындау;

стереофотограмметриялық түсірімге арналған тану белгілерін жасау және орнату;

жарықшаларды қадағалау және оларды кен қазбаларында өлшеу. фотоға түсіру және фотозертхана жұмыстары кезіндегі дайындық жұмыстарын орындау;

тазарту кеңістігінің ойма қуаттарын өлшеуге, кен қазбаларының жылжуын аралық өлшеуге және оларды жөндеу көлемін, кен қазбаларындағы саңылауларды өлшеуге қатысу;

екінші дәрежелі кен қазбаларында пикеттерді бөліп қою. геодезиялық және маркшейдерлік аспаптар мен құралдарды күтіп баптау. визирлік нысаналарды орнату және кертпеш көмегімен орталандыру.

45. Білуге тиіс:

теодолиттің, нивелирдің, кен компасының, арнаулы геодезиялық және маркшейдерлік аспаптар мен құралдардың нысанын; геодезиялық және маркшейдерлік аспаптарды, белгілер мен реперлерді орнатудың тәртібі мен әдістерін;

маркшейдерлік түсірім мен нивелирлеуді орындаудың негізгі әдістері мен тәртібін;

кен жұмыстарын жүргізу негіздерін;

кен жынысының көшкіні туралы негізгі ұғымдарды; маркшейдерлік түсірім материалын өңдеу әдістерін;

қарапайым маркшейдерлік жоспарларды; белгіні жерге түсіру ережесін; визирлік нысаналарды кертпеш көмегімен орталандыру әдістерін;

фотозертхана жұмыстары өндірісі мен әдістері ережесін;

төмен вольтті жылжымалы электроэнергиясы көздерімен жұмыс істеу ережесін.

Параграф 3. Маркшейдерлік жұмыстардағы кен жұмысшысы, 3-разряд

46. Жұмыс сипаттамасы:

кен жыныстарының габаритін, тазартылатын кеңістіктің ойма қуаттарын, бұрғылау-жару ұңғымаларының тереңдігі мен бағытын, кен жыныстары көшкінінің желілік жылжу параметрін анықтау. Кен ақбаларының жабық параметрлері мен дренажды әзірлеу кезінде шөміштеу тереңдігінің жедел мөлшерін бақылау;

стереофотограмметриялық, дыбыс локациялық әдістермен, сондай-ақ гидроскопиялық, лазерлік аспаптарды, радио-жарық дальнометрлерін қолдана отырып, маркшейдердің басшылығымен жауапты түсіру кезінде қатысу;

разрез жиектерінің, карьерлердің, үйінділердің көшкінді деформацияларын маркшейдердің көрсетуі бойынша түсіру;

көлік ыдыстарын тиелуін фотобақылау жөніндегі жұмысты орындау, ыдыстардың тиелу көлемін фототүсіру бойынша анықтау;

геологиялық барлау қазбаларын инструментальдік бөліп салу;

жарықпен көшіру жұмыстарын орындау;

орындалған кен жұмыстары көлемін, көтеріліп жатқан тоннельдер мен басқа да кен қазбалары қималарының нақты көлемін анықтауға қатысу, маркшейдерлік құжаттарды, графикалық материалдарды – жоспарларды, разрездерді ресімдеу;

күрделі кен қазбаларында пикеттерді бөліп түсіру;

қадағалау стансаларында кен қазбаларының жылжуын және олардың жөндеу көлемін өлшеуді жүргізу;

кен қазбалары мен ұңғымаларға отвестер бойынша немесе құралдың (угломердің) көмегімен бағдар беру;

кен қазбаларын қарсы забоймен және қауіпті аймақтарда жүргізген кезде, жоғары дәлдікті түсірулерде маркшейдерлік тірек желілерін салуға, тік оқпандардың, жазық жағдайлар мен биіктіктерді теодолиттік түсіру кезінде профильді түсірілуін тексеруге қатысу;

тоннельдердегі жол реперлерін орнату және олардың орналасуын анықтау;

тоннель қаптауының бүйір және тік қалдықтары мен эллиптілігін өлшеу; жоғары дәлдікті маркшейдерлік аспаптар мен құралдарды орнатуға және жұмыс қалпына келтіруге қатысу;

рамкалар мен маркаларды орнату, трассадағы өтпелі кешеннің орналасуын анықтау;

жоспардағы және профильдегі тоннель қаптауын түсіру;

шахталық рельс жолдарын нивелирлендіру өндірісі;

жерасты қазбаларының жауапты түсірімдеріне, кран асты жолдарының түсіріміне, төсем жұмыстарын және қуыстарды өлшеуге қатысу;

кен жұмыстарын дамыту жоспарын жасау кезінде кестелік және графикалық материалды дайындауға қатысу;

маркшейдерлік оптикалық аспаптарды тексеру өндірісіне қатысу.

47. Білуге тиіс:

маркшейдерлік түсірімдер мен есептеулердің негізгі әдістерін; маркшейдерлік жұмыс өндірісінің технологиясын; қолданылатын аспаптарды пайдалану ережесін;

стереофотограмметриялық жұмыс өндірісінің ережесін; орындалған кен жұмыстарының көлемі мен салынып жатқан тоннельдер мен имараттар қималарының нақты мөлшерін анықтату тәсілдерін;

көлік ыдыстарындағы кен массасын фотосурет бойынша есептеу әдістемесін;

кен жынысының көшкіні туралы негізгі ұғымды; маркшейдерлік құжаттамасын толтырудың, есепке алудың және сақтаудың тәртібін; есептеу техникасын пайдалану ережесін;

тоннель қаптауының бүйір және тік қалдықтары мен эллиптілігін өлшеу ережесін; трассадағы өтпелі кешеннің орналасуын анықтау тәсілін;

тоннельдерде жол реперлерін орнату мен орналасуын анықтау тәртібін; тоннель қаптауын шығарылған осьтен түсіру ережесін; тоннель қаптауы элементтерінің жобалық жағдайдан жол берілетін ауытқуларын; жарықпен көшіріп басу қондырғысының құрылымы мен оны және аммиакты пайдалану ережесін; бағыттарды инструментальдік оқпандау ережесін.

Ескертпе.

Жұмысты жерасты суларының қалдықты ағыны кезіндегі күрделі гидрогеологиялық және тектоникалық немесе кен соқпасы бойынша қауіпті жағдайлардағы маркшейдерлік түсірім өндірісі кезінде, сондай-ақ ашық кен

жұмыстарын мәңгілік мұз аудандарында алтын, қалайы және алмаз кен орындары жағдайларда орындаған кезде, маркшейдерлік жұмыстағы кен жұмысшысын тарифтеу бір разрядқа жоғары жүргізіледі.

10. Тазарту забойының кен жұмысшысы

Параграф 1. Тазарту забойының кен жұмысшысы, 5-разряд

48. Жұмыс сипаттамасы:

пайдалы қазбаны тазартып алу жөніндегі, пештерді, просектерді, гезенкаларды, орттарды, лава разрездерін, монтаждау камераларын (қабаттарын) өткізумен байланысты жұмыс кешенін орындау;

шпурлар мен ұңғымаларды өздігінен жүретін бұрғы қондырғыларымен, дизельдіден басқа кареткалармен, пневмоұстауышпен қоса массасы 35 кг дейінгі перфораторлармен (көмір және сланецті шахталарда өздігінен жүретін бұрғы қондырғыларымен, барлық үлгідегі кареткалармен және перфораторлармен), электрбұрғылармен және пневмобұрғылармен бұрғылау;

забойды қарау және оны қауіпсіз жағдайға келтіру, забой топырағын жоспарлау;

кен массасын әртүрлі әдіспен жинау, тиеу және жеткізу;

шатырды бекіту және басқару паспортына сәйкес уақытша және тұрақты бекітпе тұрғызу, шатырды орналастыру, костерлерді қалау және орнын ауыстыру ;

тазарту забойының шатыр жынысын және оның полимерлік материалдармен қиысуларын нығайту;

тіреу және керме тіректерін орнату;

төсемді салу;

забойдағы кен массасын скреперлеу. Жұмысталған кеңістікті қалау;

кен тазартып алу машиналарын басқаруға көмек көрсету;

гидромониторларды, электр және пневматикалық жетекті, қуаты 147,2 квт дейінгі дизельді қозғағышы бар тиеу, тиеу-жеткізу машиналарын (200 ат күші), салу машиналарын, скреперлі шығырларды, өздігінен жүретін шатыр қаптау полкалары мен жұмыста қолданылатын басқа да машиналарды басқару;

суды қабатқа сіңіретін қондырғыларды, бекітпе мен конвейер секцияларын жылжыту кезінде гидро жүйені басқару;

забой аймағында және тазарту забойына (лаваларға, блоктарға) іргелес қазбаларда жабдықты монтаждауға, бөлшектеуге, тасымалдауға, орнын ауыстыруға және орнатуға қатысу;

металл сеткасынан жасалған майыспа жабындарды монтаждау, тірек арқалығын жылжыту және тарқамтушы комбайнмен жұмыс кезінде роликтердің орнын ауыстыру;

арнаулы забой жанындағы бекітпенің қадаларын жылжыту;

тазарту забойы жанындағы қазбалардағы конвейерлерді ұзарту және қысқарту;

бекітпе материал мен жабдықты штректен забойға жеткізу, оларды забойда бөліп, тазарту забойынан штрекке беру;

тазарту забойы жанындағы материал мен жабдықты тиеу және түсіру;

қызмет көрсететін жабдыққа жанар-жағармай құю және майлау;

нишаларды проходкалау;

люктерді ілу, кесінді ходоктарды ұзарту;

су және ауа өткізетін магистральді ұзартуға, забой жабдығын жөндеуге қатысу;

кен массасы мен газдарды кенет лақтырындысының алдын алу жұмыстарын орындау.

49. Білуге тиіс:

қызмет көрсететін жабдықтың, машиналардың, механизмдер мен пайдалы қазбаны тазартып алуда қолданылатын айлабұйымдардың құрылымын, техникалық сипаттамасын, оларды қабылдау, сынамалау және күтіп баптау ережесін;

қосу және реттеу аппаратурасының жұмыс принципін; қызмет көрсететін машиналарды бөлшектеу және монтаждау тәртібін; ауа құбырлары мен суқұбырларының сызбасын; кен жыныстарының қасиеттерін;

бүйір жыныстары мен қабат құрылымының қасиеттерін; кливаж, жарықшақтылық, сығымдау, жыныс қабаттарының, жалған шатырдың, қатты қосындылардың, кенет лақтырындылар мен кен соқпаларына бейімділігі, жұмысталатын қабаттың газ молшылығының болуы қасиеттерін; кен қазбаларын бағыттар бойынша жүргізу ережесін; шпурларды оңтайлы орналастыру сызбасын ;

пайдалы қазба мен жынысты шаюдың негізгі сызбасы мен әдістерін; бекітпе түрлерін және забойды бекіту тәсілдерін; кен ісі негіздерін; бекітпе мен шатырды , бұрғылау-жару жұмыстарын басқару паспортының мазмұнын және толтыру тәртібін;

шатырды басқарудың түрлі тәсілдерін қолдану шарттарын; жұмысталған кеңістікті қалау тәсілдері мен салма материалдар туралы негізгі деректерді; шатыр жынысын бекіту үшін қолданылатын полимер материалдарының түрлері мен қасиеттерін, олармен жұмыс істеу ережесін;

орман сортаментін және метал қадалардың типо өлшемдерін; түрлі жағдайларда жазықтық және еңісті қазба жүргізу тәсілдерін; жару жұмыстары кезіндегі негізгі қауіпсіздік ережесін; кесетін құралды қайрау және баптауға

қойылатын талаптарды; қызмет көрсететін жабдықтар мен механизмдердің жұмысындағы ұсақ ақау түрлерін, оларды анықтау және жою тәсілдерін; 3-разрядты электр слесарьдың білім деңгейінде электр слесарь ісін.

Ескертпе.

Тарифтік-біліктілік сипаттамасында көзделген тазарту жұмыстарының тұтас кешені игерілмеген жағдайларда, тазарту забойларының кен жұмысшысын тарифтеу бір разрядқа төмен жүргізіледі.

Параграф 2. Тазарту забойының кен жұмысшысы, 6-разряд

50. Жұмыс сипаттамасы:

шпурлар мен ұңғымаларды өздігінен жүретін бұрғы қондырғыларымен, дизельді қозғағышы бар өздігінен жүретін бұрғы қондырғыларымен (кареткалармен), массасы 35 кг артық (пневмоұстауышпен қоса) перфораторлармен бұрғылау;

жазық және еңісті қабаттардағы көмірді уатушы балғамен алу;

кен массасын қуаты 147,2 квт артық (200 ат күші);

тиеу–жеткізу машиналарымен тиеу және жеткізу;

марганецті алу жөніндегі тазартып алу жұмыстарының тұтас кешенін орындау.

51. Білуге тиіс:

әтүрлі үлгідегі өздігінен жүретін бұрғы қондырғыларының құрылымдық ерекшеліктерін; дизельді қозғағышы бар тиеу–жеткізу машиналарының құрылымын, техникалық сипаттамасын;

пайдалы қазбаны тазартып алу жөніндегі жұмысты жүргізудің оңтайлы тәсілдерін; қызмет көрсететін машиналардың басқару жүйесін;

кен жыныстарының шөгу сипатын, оларды жұмыстау шарттарымен мүмкіндіктерін; электротехника, геология, пайдалы қазба орнын барлау негіздерін;

марганецті алу кезінде – марганецті кенді алу технологиясын, шатырды басқару тәсілдерін; шығарынды газды нейтрализаторлардың құрылымын, оларды пайдалану ережесін;

жару жұмыстарын жүргізу ережесі мен тәсілдерін; гидротрансформаторлардың, трансмиссияның, қызмет көрсететін машиналардың қозғағыштары мен басқа да тораптарының майлау, қоректендіру, салқындату жүйелерін.

11. Жерасты кен жұмысшысы

Параграф 1. Жерасты кен жұмысшысы, 1-разряд

52. Жұмыс сипаттамасы:

жоспар бойынша ауысымына 100 т дейін кен массасын беретін тақталар мен бұрылмаларда жұмыс орындау;

тиелген және бос вагонеткаларды шығырлардың, итергіштердің көмегімен және қолмен итеріп әкелу және әкету;

вагонеткаларды тақталар мен бұрылмалар арқылы қабылдау және бағыттау; вагондар мен алаңшаларды тіркеу және ағыту, стрелкаларды ауыстыру; составтар мен жеке вагондарға ілесу;

дыбыс және көрінетін белгілерді беру және қабылдау;

жұмысшылар мен жүктерді түсіру мен көтеру есебін жүргізу;

түсу және шығу жетондарын түсу және шығу уақытын көрсете отырып қабылдау және белгілеуге тапсыру;

рельстен шығып кеткен вагонеткалар мен вагондарды көтеру;

вагонеткаларды, машиналарды, механизмдерді, әкетілетін қазбалар мен жолдарды, тақталарды, алаңшаларды, суағар арналарды вагондарға тией отырып көмірден, кеннен, жыныстан және басқа да бөгде заттардан тазарту;

вагонеткалардың подшипниктерін қарау және майлау;

аралықтарды, щиттерді, құбырларды балшықпен сылау;

тозаң жиналатын жерлерді сланецтеу;

кен қазбаларын ағарту;

балшықты, цементті, әк ерітінді дайындау;

эмульсия дайындау. конвейерлерді ұнтақтан тазарту. желдеткіш аралықтарын ашу және жабу;

шлангілерді орау. зумпфтардағы сүзгі торларына қызмет көрсету. жерасты имараттарының қаптауын қолмен тазарту. суды қол насостарымен ағызып әкету. пайдалы қазбаның көрінетін жыныстармен қоқысталуын тексеру және есепке алу

;

кенді іріктеп алу. вагонеткалардың толық тиелуін тексеру. өндірілген пайдалы қазба мен кенді есепке алу. тазарту және дайындау забойларынан тыс жерде пайдалы қазбаның пайдаланылу сынамасын вагонеткалар мен конвейерлерден сынамаалғыш пен арнаулы айлабұйымның көмегімен іріктеп алу

;

сынамаларды бөліп қою. жару материалдарын жару жұмыстары өндірісі орнында, жарылатын блоктарда және басқа да нысандарда уақытша күзету. қоршаулар мен ескерту белгілерін орнату. бұрғы құралын жеткізу, материалдарды әперу, суды қайнату және жеткізу, забойканы әзірлеу және әперу, оқытуды қажет етпейтін, басқа да қосалқы жұмыстарды орындау.

53. Білуге тиіс:

тиеу-түсіру құрылғыларының, шығырлардың, итергіштердің, конвейерлердің, қолданылатын механизмдердің, айлабұйымдардың жұмыс принципін, олармен жұмыс істеу ережесін;

вагонеткалар мен тіркеу құрылғыларының, сланецтеу және кенді ағартуға арналған аспаптардың үлгілерін;

канатты тасылымды пайдалану ережесін; адамдар мен жүктерді тасымалдау ережесін;

рельстен шығып кеткен вагонеткаларды көтеру әдістерін; жол дабылдарын орнату және стрелкаларды ауыстыру ережесін; пайдалы қазбаны қабылдау және бракке шығару ережесін; инертті тозаң нысанын, оны жұмсау нормасын және сақтау тәртібін; балшықты,

цементті, әк ерітіндінің нысанын және әзірлеу ережесін; кен жыныстарының нысаны мен орналасуын, олар бойынша қозғалыс ережесін; майлау материалдарының сұрпы мен қасиеттерін, оларды қолдану тәсілдерін; стрелка ауыспаларын пайдалану және ұстау ережесін;

пайдаланылу сынамасын іріктеу алу және бөліп қою ережесі мен тәсілдерін; сынама сапасына қойылатын талаптарды; сынамаалғыш құрылымын; өндірілген пайдалы қазба мен кенді есепке алу тәртібін; жару материалдарын жару жұмыстары өндірісі орнында және басқа да нысандарда күзету туралы ережені; сүзгі торының, зумпфтардың, сору құбырының құрылымын.

Параграф 2. Жерасты кен жұмысшысы, 2-разряд

54. Жұмыс сипаттамасы:

жұмыс орнында жоспар бойынша ауысымына 100 т артық кен массасын бере отырып, тақталар мен кірмелердегі жұмысты орындау;

тиелген және бос вагонеткаларды забойдан тыс жерде қолмен және механизмдермен итеріп әкелу және әкету;

адамдардың кілеттерге, вагонеткаларға дұрыс отырғызылуын және олардан шығарылуын қадағалау;

кен массасын қотарғыш арқылы кен түсіріміне, бункерге немесе конвейерге түсіру;

кілеттің дұрыс қауіпсіз және дұрыс тиелуі мен босатылуын қадағалауда оқпаншыға көмек көрсету;

топырақты, жапырақтарды, ағаш төсем еңісін тазарту және олар бойынша пайдалы қазбаларды өткізу;

шашылған кен массасын жинау;

жапырақтарды (рештактарды), ағаш төсемдерді қайта төсеу және ауыстыру;

тазарту және дайындау забойларында қабаттық және пайдалану сынамаларын іріктеп алу;

кен массасын скреперлеу, составтарды құрастыру және бөлшектеу кезінде қосалқы жұмыстарды орындау;

тормоздық бремсберг қондырғысын басқару, оның, канаттың, роликтердің, жолдың, тормоз шкивінің және дабыл құрылғысының жұмысын қадағалау, тормоз шкивінің подшипниктерін майлау;

пайдалы қазбаны алу технологиясының сақталуын бақылау. Жару заттарын жарушының қадағалауымен жару жұмысы өндірісінің орнына жеткізу;

эмульсия құюға қойылған вагондардың жарамдылығын тексеру, эмульсияны құбыр бойынша айдау кезінде насостарды қосу және ажырату, вагон саңылауларын тығынмен жабу;

бос вагондарды беру мен толтырудың аяқталғаны туралы кен диспетчеріне хабарлау;

гидроэлеваторды басқару және қызмет көрсету, оны қосу және тоқтату, оның жұмысындағы ұсақ ақауларды жою;

пульпаның гидроэлеватор мен топырақсорғыш зумпфтарына түсуін қадағалау, пулпадан бөгде заттарды алып тастау;

сору өңешін тазалау;

қызмет көрсететін машиналарды, механизмдерді, айлабұйымдарды жөндеуге қатысу;

әжетханаларды зарарсыздандыру ерітінділерімен өңдеу және шахтадан қоқысты шығару.

55. Білуге тиіс:

кен массасын еңістер бойынша өткізу әдістерін; ағаш төсемді құру тәсілдерін; әкету және жол бағыттарының сызбаларын; қызмет көрсететін учаскедегі жол профилін; поездардың жол қозғалысын, вагонеткаларды тиеу, түсіру және әкетуді реттеу ережесін;

желдеткіш сызбасын және шахта бойынша кету ағынының бағытын; жару материалдарын сақтау, тасымалдау және кен қазбалары бойынша орнын ауыстыру ережесін; жару материалдарының қасиеттерін; қоршаулардың құрылымын және постыларды орнату ережесін;

жару жұмыстары кезіндегі белгіленген дабылдатуды; сынамаларды алу және бөліп қоюға арналған мемлекеттік стандарттарды;

көмірді (сланецті) қабылдау және ақауға шығару туралы ережені, жұмыстарды;

сынамаалғыш пен сынамабөлгіш механизмдерінің, бремсберг қондырғысының, айлабұйымның, гидроэлеваторлармен басқа да қызмет көрсететін жабдықтардың құрылымы мен жұмыс принципін; пульпақұбыр сызбасын.

Параграф 3. Жерасты кен жұмысшысы, 3-разряд

56. Жұмыс сипаттамасы:

тік желілі және қисық желілі жол учаскелеріндегі рельс-шпал құрылысын монтаждау және бөлшектеу;

кен қазбаларында тұрақты және уақытша рельс жолдарды белгіленген профиль бойынша шаблондар мен ватерпастарды пайдалана отырып төсеу;

шпалдарды, брустарды төсеу, рельстерді қосу, рельс жолы секцияларын планкалар мен болт қосындыларының көмегімен біріктіру. стрелка ауыспаларын бөліп қою, монтаждау және бөлшектеу, оларды шпалға бекіту және тексеру;

оқпанда, шурфта немесе ұңғымада бекіту, жару, құрылыс, жанар-жағармай материалдарын, қосалқы бөлшектер мен жабдықтарды қабылдап алу, оларды қолмен немесе такелаж механизмдері мен айлабұйымдардың көмегімен тиеу вагонеткаларға, алаңшаларға, қауғаларға, кілеттерге тиеу және түсіру; кен қазбалары бойынша нысаналы жеріне, учаскеден учаскеге, оқпанға (шурфке) жеткізу, шахтадан жіберу;

суағар, дренаж арналары мен құдықтарды қолмен жүргізу, бекіту, қалпына келтіру және жыныс пен шламнан тазарту, шламды жинау, тиелген вагонеткаларды әкету. дренаж жұмыстары өндірісі кезінде жабдықтарға қызмет көрсету;

кен қазбаларының жай-күйін қарау, бүйірлер мен шатырын перфоратордың, уату балғасының көмегімен, немесе қолмен қақпалау. вагонеткаларды жабысқан және престелген массадан пневмоқұралды қолдана отырып тазарту. маневр жұмысы өндірісінде электровоз машинисіне көмектесу;

жерасты құрылғылары бойынша жұмыстарды орындау. кен бүйірлері имен шатырын тарту, тартпасын ауыстыру, бекітпенің аржағындағы бос жерді бітеу;

топырақты тегістеу және кен бүйірлерін тазарту. аралыққа арналған кесіндіні дайындау. аралықтардың барлық түрлерін тұрғызу және оларды жөндеу;

желдеткіш есіктерінің, терезелерінің, өлшеу стансаларының, ағаш шиттердің, құбырлар мен көпіршелерді құру және жөндеу. есік қораптарын, терезе топсаларын, стеллаждарды орнату. қиыс бұрышы 45^0 дейінгі кен қазбаларында траптарды, люктерді, баспалдақтарды, полкаларды, қоршауларды, тұтқаларды, бункерлерді дайындау, орнату, бөлшектеу және жөндеу;

шахталардың желдеткіш оқпандарын қаптау. штангі дайындау, бетон қоспасын әзірлеу, оны жұмыс орнына жеткізу. арматураны өру, болттарды, ілмектеді орнату және цементтеу;

бекітпе және қорама элементтерін іріктеу және дайындау. кенді вагонеткалармен жұмысталған кеңістікті құрғақ төсеу орнына жеткізу. кен еңісінен кен жынысы мен тік воронкаларды шығару және оларды бункерге немесе кентүсірмеге өткізу, шойтастарды бөлшектеу, кентүсірімді ұзарту. шпурлар мен бұрғы асты орнын қолмен бұрғылау. тығын дайындау және

бұрғыланған шпурларға тығындау; бұрғылар мен қаптамаларды іріктеу. жарушының басшылығымен, жару материалдарын жару жұмыс өндірісінің орнына жеткізе отырып, ұңғымаларды, шпурларды, мина камераларын зарядтауға қатысу. зумпфтарды, ұстауыш камераларды (кілет, скип астындағы), сужинауыштарды ұйықтан, шашылған кен массасынан, вагонеткаларға тиеп және одан түсіре отырып, тазарту. ірі кен кесектерін уату;

қырғылы және ленталы конвейерлердің конвейер ставтарын тазалау;

конвейерлердегі рештактар мен шынжырларды ауыстыруға, барабанды ауыстыруға қатысу;

ленталы конвейерлерді жөндеуге қатысу; су тоспаларына қызмет көрсету (ыдысты орнын ауыстыру, жеткізу, орнату, суға толтыру); металл сынығын жинау, тиеу және шахтаға түсіру;

көмір және сланец шахталарындағы өрттің алдын алу және сөндіру: құбыр ставтарын құру, бөлшектеу, орнын ауыстыру, төсеу; аралыққа арналған кесіндіні дайындау, шпурларды бұрғылау, қазбаларды, арналар мен құдықтарды түрлі бекітпелермен бекіту, жанып жатқан массив аймағындағы көмір мен жынысты алу жөніндегі жұмыстарды орындау;

пайдалы қазбаны проходкалау және алу кезіндегі қосалқы жұмыстарды орындау.

57. Білуге тиіс:

ауыр бөлшектер мен жабдықтарды тиеу кезінде қолданылатын көлік құралдарының, айлабұйымдардың құрылымын; орман материалдарының сұрпын, тегін және мөлшерін; дренаж, суағар арналары мен құдықтарды түрлі жағдайларда жүргізу және бекіту ережесі мен тәсілдерін;

такелаж жұмыстарының әдістері мен ережесін; түрлі үлгідегі аралықтардың нысаны мен құрылымын; жанып жатқан көмірді сөндірудің тәсілдері мен жолдарын; кен қазбаларында көмір жанып жатқан кезде жұмыс жүргізу ережесін ;

учаскенің және шахтаның суағар сызбасын; шпурларды, ұңғымаларды, мина камераларын зарядтау ережесін; сужинауыштардың, зумпфтардың құрылымы мен орналасуын; кен қазбедеріндегі кілеттер мен скиптердің жұмыс кестесін;

полкалардың, траптардың, баспалдақтардың, люктер мен басқа да жабдықтардың құрылымы мен нысанын, шахтадағы ағаш шебері жұмыстарын орындау тәсілдерін;

әртектес ағаш түрлерінің механикалық қасиеттері мен сұрыптарын; қолданылатын бекітпе түрлерін және үлгілерін; слесарь және монтаж жұмыстарын жұмысқа қажетті көлемде орындау ережесін; газ кесу аппаратурасының құрылымы туралы негізгі деректерді.

Параграф 4. Жерасты кен жұмысшысы, 4-разряд

58. Жұмыс сипаттамасы:

дренаж, суағар арналары мен құдықтарды жүргізу, қалпына келтіру кезінде, жеткеру қондырғыларын, дренаж машиналарын, қабаттардың гидроүзіктерін жүргізуге арналған қондырғыларды басқару;

дренаж жұмыстары өндірісі кезінде дренаж машиналарына қызмет көрсету;

қиыс бұрышы 45^0 дейінгі кен қазбаларында кроссингтерді, траптарды, тиеу люктерін, баспалдақтарды, полкаларды, лядтарды, қоршауларды, тұтқаларды, бункерлерді дайындау, орнату, бөлшектеу және жөндеу;

шахта оқпанын мұздан тазарту;

оқпанның қауға және баспалдақ бөлімшелерінің қабырғаларын қаптау және жөндеу;

пайдалы қазбаны өндіру және кен қазбаларын проходкалау кезінде өздігінен жүретін жабдықтарды, тиеу-жеткізу және басқа да машиналар мен қондырғыларды басқаруға көмек көрсету;

жұмысталған кеңістікті қататын салмамен қалау;

салма материалын реттеу және құбырлар бойынша бағыттау;

өлшеу құралдарының көрсеткіштерін қадағалау;

құбырларды ұзарту және қысқарту;

жұмыс басталғанға дейін және ауысым кезінде жұмыс орнын қауіпсіз жағдайда ұстау;

қабылданған салмалардың санын есепке алу;

салма жұмыстарында скрепер шығырын басқару;

ағаштан, металдан және басқа да материалдардан жасалған қорама мен аралықтардың құрылымын;

қорама мен аралықтарды бекітуге арналған метал штангілерді орнату;

тазарту кеңістігінен тыс жерде бекіту және бекіту және монтаждау-бөлшектеу жұмыстарын орындау;

тік оқпандарды проходкалау немесе тереңдету кезінде ілмелі полкада: қауғаларды, материалдарды, жабдықтарды ілмелі полканың қонышынан өткізу; полканы немес құбыр ставтарын түсіру көтеру кезінде құбыр ставтарын полканың ляды арқылы құбыр өткізу жұмыстарын орындау; орнықсыз көмір тектес массивтерін химиялық нығайтуға арналған жабдықты жеткізу, монтаждау, бөлшектеу, орнын ауыстыру және жұмысқа дайындау;

ысырғыш және эмульсионды қоныштарды салу, оларды бекітпе элементтеріне ілу;

жабдықты орнатуға арналған алаңды жоспарлау және тазалау;

химиялық реагенттерді бөліп салу және жұмыс жүргізілетін жерге жеткізу;

шпурлар мен ұңғымалардың айырықтарын герметизациялау;

бекітпе ерітінділерді әзірлеу;
химиялық реактивтерді паспортқа сәйкес массивке ығыстыру, параметрлерін реттеу;

ығыстыру жүйелерінің герметикалылығын бақылау;

қабаттарды гидроайыруды жүргізу;

59. Білуге тиіс:

қолданылатын машиналар мен жабдықтардың құрылымын, техникалық сипаттамаларын;

инъекциялық жабдық пен жерасты қазбаларындағы қабаттарды гидроайыруға арналған жабдықтады монтаждау, бөлшектеу және пайдалану ережесін, олардың техникалық сипаттамаларын;

қолданылатын бекітпе құрамын, олардың реагенттерін, сақтау, тасымалдау ережесін және олармен жұмыс кезіндегі қауіпсіздік шараларын; жыныстарды химиялық нығайту жөніндегі жұмыс параметрлерін;

бекітпе құрамды инъекциялау режимі мен көлемін; жыныстардың сапасыз нығайтылу себептерін және оларға жол бермеу шараларын; қабаттарды гидроайыруды және дренаж арналарын машинамен жүргізу тәртібін; бекітпе түрлерін;

бекітпені тұрғызу және жөндеу, жұмысталған кеңістікті қалау жұмыстарын орындау тәртібін; түрлі үлгідегі кен қазбаларының сипаттамасын; қиыс бұрышы 45^0 дейінгі кен қазбаларында қозғалыс бөлімшелері құрылғыларын құрылымы мен жөндеу ерекшеліктерін;

кен жыныстарының физикалық қасиеттерін; құбырлардың коммуникациялық сызбаларын; окпандарды арматуралау жөніндегі жұмысты ұйымдастыру кестесін ;

полка арқылы өтетін қауғалардың, қоныштардың, құбырлардың мөлшерін; электротехника мен слесарлық іс негіздерін; орнықсыз көмір тектес массивтерін химиялық нығайту, қабаттарды гидроайыру және жерасты жағдайларындағы жұмыстарды қауіпсіз жүргізу ережесін.

12. Экскаваторлар, үйінді көпірлері мен үйіндіжасаушылар жанындағы кен жұмысшысы

Параграф 1. Экскаваторлар, үйінді көпірлері мен үйіндіжасаушылар жанындағы кен жұмысшысы, 2-разряд

60. Жұмыс сипаттамасы:

жолдарды экскаваторлардың, үйінді көпірлері мен карьердегі үйінді жасаушының қозғалуына дайындау;

теміржол габариттері мен автожолдарды тазарту;

алаңшаларды тазарту және экскаватор астына төсем алу;

кабельді барабанға орау және оны тасымалдауға қатысу;
кертпешің жоғарғы қырының еңістерін тазарту;
забой линиясын экскавациядан немесе жару жұмыстарынан кейін шабақтау;
отын, су, жанар, жағар және сұрту материалдарын жеткізу;
забойдан діндер мен қойтастарды алу;

Экскаваторларды, үйінді көпірлер мен үйінді жасаушыларды майлауға қатысу.

61. Білуге тиіс:

жолдарды экскаваторлардың, үйінді көпірлері мен үйінді жасаушының қозғалуына дайындаудың тәртібі мен тәсілдерін;

теміржол габариттерін; экскаваторлардың, үйінді көпірлері мен үйінді жасаушы үлгілерін және олардың жанында жұмыс істеу ережесін; әзірленетін кен жынысының қасиеттерін;

пайдалы қазба мен жыныстың табиғи қиябеті бұрышын; қиябетті тазалау және забойды шабақтау кезіндегі жұмыс жолдарын;

электр кабелмен жұмыс ережесін; жағармайлардың сұрпы мен қасиеттерін; слесарь ісі негіздерін.

13. Жол жұмысшысы

Параграф 1. Жол жұмысшысы, 2-разряд

62. Жұмыс сипаттамасы:

шахтадағы (кеніштегі) және шахта (кеніш) үстіндегі рельс жолдары мен автожолдарды салу, жөндеу және ағымдық ұсату кезінде қарапайым жұмыстарды орындау;

рельс жолдары мен автожолдар негіздерін қолмен тазалау кезінде жыныстарды жинау;

щебеньді қолмен лақтыру және бөліп қою; рельстерді кесу; рельс жіктерін бөлшектеу; рельсті ағаш шпалдарға бекіту; болттарды бекіту, балдақтарды қағу; шпалдарды, рельстерді, брустарды, балдақтарды, бекітімдерді, құралдар мен материалдарды әкелу және бөліп қою;

жол белгілерін түзету, қазбаны және суағар арналарын жөндегеннен кейін тазалау;

бетон қоспаларына материалдарды дайындау, оларды дозалаушы құрылғылар мен бетон араластырғыштарға толтыру;

бетон қоспаларын суағар арналарға және жаяу жолдарға төсеу; жол немесе автожол негізін бейіндеу кезінде әктасты лақтыру және бөліп төсеу; шпалдарды қолмен және механикаландырылған қол құралымен қағу; бетон қоспасын вибратормен нығыздау;

шпалдар мен брустарды қолмен кері зарарсыздандыру; қызмет көрсететін жол учаскесін аралау және тексеру;

кен қазбасын жұмыс орнында қауіпсіз жағдайға келтіру; жолдарды бөгде заттардан тазарту;

63. Білуге тиіс:

кен жынысының негізгі қасиеттерін және кен қазбасын қауіпсіз жағдайға келтіру тәсілдерін;

кен қазбаларының орналасуын; жол белгілері мен дабылдарды; жұмыс өндірісі орнын белгіленген белгілермен қоршау ережесін; жолдар мен автожолдардың негізін, жоғарғы жол бөлігін құруға қолданылатын материалдарды; қол, электрлендірілген және пневматикалық құралды қолдана отырып жұмыс істеудің тәсілі мен жолдарын және олардың құрылымын; бетон қоспаларын әзірлеудің тәсілі мен құрамын;

бетон қоспасын әзірлеуге, тасымалдауға және нығыздауға арналған жабдықтың нысанын, құрылымын және қолдану ережесін; жолдар мен автожолдарды жабдықтауға арналған материалдарды жұмыс орнына кен қазбалары бойынша жеткізу тәсілдерін;

жолдар мен автожолдардың негізі мен жоғарғы құрылысын тұрғызу кезіндегі жұмыстарды орындаудың тәсілдері мен жолдарын; салынатын жол мен автожолдың профилін; қарапайым жұмыс сызбаларын оқу ережесін; жолдың негізі мен жоғарғы құрылысы негізгі элементтерінің атауларын; жол негіздері мен жабындарының түрлерін.

Параграф 2. Жол жұмысшысы, 3-разряд

64. Жұмыс сипаттамасы:

шахтадағы (кеніштегі) және шахта (кеніш) үстіндегі рельс жолдары мен автожолдарды салу, жөндеу және ағымдық ұсату кезіндегі жұмыстарды орындау;

рельс жолдары мен автожолдардың негіздерін жолдың үстіңгі құрылысына дайындау, негізге бетон қоспасын төсеу; суағар арналары мен жаяу жолдардың құрылымын;

түзу сызықты және қисық сызықты учаскелердегі жолдың рельс шпал құрылысын монтаждау және бөлшектеу; стрелка бұрмаларын, олардың шпалға бекітпелерін бөлу, монтаждау және бөлшектеу, оларды эпюр бойынша тексеру; рельс жіктерін саңылауларды реттей отырып монтаждау;

қисық сызықты бұрманың бұрылу арқылы өлшеу;

қисық сызықты бөліп қою; жоспардағы рельсшпал торшасын гидравликалық немесе винтті түзеуші аспаппен реттеу;

рельс жолдарының түзу сызықты және қисық сызықты учаскелеріндегі рельс тағанының енін шаблон бойынша өлшеу және реттеу;

рельс жолдарының орналасуын биіктігі мен деңгейі бойынша өлшеу және реттеу; автожолдар және жаяу жолдардың үстіңгі қабатын профил бойынша, маяктар бойынша, шаблондар мен деңгейлер бойынша өлшеу және тегістеу;

шпалдарды эпюр бойынша реттеу; рельс шпал торшасы элементтерін жеке ауыстыру;

жіктердегі ток жеткізуші қиысуларды орнату; вагон-бункерлерге, өздігінен жүретін, гидравликалық жол құралы бар жол жөндеу машиналарына қызмет көрсету, олардың жұмысындағы ақауларды анықтау және жою.

65. Білуге тиіс:

жол құрылысы және жөндеу жұмыстарын орындауға арналған механизмдердің, қол аспаптарының, айла бұйымдардың, қондырғылар мен басқа да жабдықтардың нысанын, құрылымы мен пайдалану ережесін;

рельс жолдары мен автожолдарды құру және жөндеу кезіндегі жұмыс технологиясы мен ұйымдастыруды;

рельс жолдары мен автожолдардың үстіңгі құрылысы элементтерін реттеудің тәсілдері мен ережесін; сызбалар мен чертеждерді жасау және оқу ережесін;

қолданылатын материалдар мен олардың қасиеттерін; жол құрылысы және жөндеу жұмыстарын орындауға қажетті материалдар санын есептеу тәсілдерін;

рельс жолдары мен автожолдарды құрылысы мен жөндеу сапасына қойылатын техникалық талаптарды; бетон жұмыстарының сапасына қойылатын негізгі талаптарды; қисық сызықты өлшеу және бөліп қою тәсілдерін; дөңгелектеудің жол берілетін радиустарын; гидравликалық аспаптардың құрылымын, оларды пайдаланып жұмыс істеудің тәсілдері мен жолдарын.

Параграф 3. Жол жұмысшысы, 4-разряд

66. Жұмыс сипаттамасы:

шахтадағы (кеніштегі) және шахта (кеніш) үстіндегі рельс жолдары мен автожолдарды салу, жөндеу және ағымдық ұсату кезінде күрделі жұмыстарды орындау;

стрелка бұрмаларын, олардың шпалға бекітпелерін бөлу, монтаждау және бөлшектеу, оларды шпалдарға және брустарға қолмен және балдаққақымен бекіту;

төселген стрелка бұрмасын эпюр бойынша оның маркасы мен үлгісіне қарай тексеру; жазық және еңісті жолдарды, стрелка бұрмасының шаблону, деңгейі мен бағыты бойынша өлшеу және реттеу; қисық рельс жолдарын есептелген қозғамалар бойынша жобалық жағдайға қою кезінде визалау және бөліп қою; ауыстыру механизмін орнату және реттеу;

рельс шпал торшасын жобалық жағдайға орнату кезінде оптикалық аспаптарды (нивелирлерді) қолдана отырып визалау;

контррельстерді орнату және бекіту; теңдеу аспаптарын монтаждау және бөлшектеу;

67. Білуге тиіс:

рельс жолдары мен стрелка бұрмаларының құрылымын, конструкциясы мен ұстау нормаларын; стрелка бұрмаларының бөліп қою және реттеу тәсілдерін; рельс жолдары мен стрелка бұрмаларын орнату және жөндеу жөніндегі жұмыс өндірісі ережесін; рельс жолдары мен стрелка бұрмаларын орнату сапасына қойылатын талаптарды;

қолданылатын жабдықтың, қол және механикаландырылған құралдың нысанын, құрылымын және пайдалану ережесін;

жолдарды профиль бойынша визалау үшін оптикалық құралдарды пайдалану ережесін.

14. Бекіту материалдарын шахтаға жеткізуші

Параграф 1. Бекіту материалдарын шахтаға жеткізуші, 3-разряд

68. Жұмыс сипаттамасы:

бекіту, құрылыс, жағармай материалдарын, қосалқы бөлшектерді, құбырларды, рельстерді, түрлі жабдықтар мен басқа да ілеспе материалдарды вагондарға, вагонеткаларға және басқа да көлік құралдарына тиеу;

оларды шахта оқпандарына, штольняға, және шахта үстіндегі басқа да нысандарға жеткізу, материалдарды қолмен блоктардың, шығырдың, домкраттың, түрлі такелаж механизмдерінің және айла бұйымдардың көмегімен кілеттерге, қауғаларға, скиптерге тиеу және түсіру;

материалдарды шахтаға түсіру; көтеру механизмдері мен айлабұйымдарын басқару;

тростарды жалғау; қажетіне қарай жүктерді түсіретін жерге дейін ілесу; орманды белгілеу және бөлу, бөренелерді брустарға, пластиналар мен тақтайға кесу; орман материалдарын ақауға шығару;

материалдарды, жабдықтарды түсіру және нысаналы жерге қоймалау; рельстен шығып кеткен вагонеткаларды қою; белгіленген белгілерді қабылдау және беру.

69. Білуге тиіс:

қолданылатын бекітпелердің және ілеспе материалдардың түрлері мен мөлшерін; жұмыста қолданылатын такелаж айлабұйымдарының, көтеру-тасымалдау жабдығының нысаны мен құрылымын, оларды орнату және пайдалану ережесін;

жабдықтарды және басқа да жүктерді көлік құралдарына бекіту тәсілдерін; ілмектеу құралдарының беріктігін тексеру тәсілдерін;

көтеру-тасымалдау жабдығы мен айлабұйымдары жүктемесінің шекті нормасын; бекіту және басқа да материалдарды тиеу, түсіру және тасымалдау ережесін; оларды шахтаға түсіру ережесін;

көлік құралдарының, кілеттердің габаритін; орман материалдарының сұрыптарын, тегін және мөлшерін; ағаш түсіру құрылғысын.

15. Бекітуші

Параграф 1. Бекітуші, 3-разряд

70. Жұмыс сипаттамасы:

бекітпенің барлық түрлерінің жекелеген рамаларын, элементтерін ауыстыру; аралық рамаларды, тіреулерді, табандықтарды, төсемдерді орнату; атпалар мен тиранттарды қою және алу;

арналарды, траншеяларды, қазаншұңқырлар мен копуштарды бекіту; қазбаның бүйірі мен шатырын тартпалау, тартпаларын ауыстыру, бекіменің ар жағындағы кеңістікті қалау;

топырақты қағу және қазба бүйірлерін тазарту;

бекітпе мен қораманың барлық элементтерін іріктеу және дайындау, жұмыс орнына жеткізу; аралыққа кесінді дайындау;

аралықтардың барлық түрлерін тұрғызу және оларды жөндеу; желдеткіш есіктерінің, терезелерінің, өлшеу стансаларының, ағаш шиттердің, құбырлардың, жаппалардың, көпіршелердің құрылымын және оларды жөндеу;

есік қораптарын орнату; есіктерді ілу, ағаш еденді орнату, икемді төсем салу, стеллаждарды орнату;

газенкаларға торша, баспалдақ сатыларын және баспалдақтарды орнату;

шахталардың желдеткіш оқпандарын қаптау;

ағаштың, төсемдердің, траптардың, қоршаулардың, күрделі емес қорамалардың, штольнядағы бекіту рамаларының қарапайым құрылымдарын бөлшектеу;

қораманы бетон мен ерітіндіден тазарту; штангілерді дайындау, бетон қоспасын, әзірлеу және жұмыс орнына жеткізу;

арматураны байлау, болттарды, ілмектерді орнату және цементтеу;

ағаштар мен қоршауларды құру; ілме ағаштарды бөлектеу; тік сызықты қораманың шиттерін, қорамалардың барлық түрлерінің тік сызықты элементтерін жасау және жөндеу;

қораманы ұзартпай ұстап тұратын қарапайым мінбесаты элементтерін дайындау; жерасты имараттарының ара жабындарының, аркалықтары мен ұстындарының қорамаларын бөлшектеу;

рельс жолдарын төсеу және қайта төсеу; жыныстарды вагонеткалармен жұмысталған кеңістікті құрғақ қалау орнына жеткізу; кен жынысы тиелген вагонетканы әкету және бостарын әкеліп беру; кен жынысын жинау.

71. Білуге тиіс:

кен қазбаларында бекіту және жөндеу жұмыстарын жүргізу жағдайларын; ағаш, метал, забой жанындағы темірбетон және арнаулы бекітпенің негізгі түрлерін, бекітпенің, мінбесаты мен қораманың жекелеген рамаларын, элементтерін ауыстырудың тиімді жолдары мен ережесін;

қолданатын құралдың жұмыс принципін; кабель және контакті желісімен жұмыс ережесін; бекітпе мен жол төсеміне қойылатын техникалық талаптарды; қолданылатын ағаштың, кірпіштің, тастың, бетонның және басқа да материалдардың сұрпын, қасиеттерін, нысанын, пайдаланылу мерзімін;

кен қазбаларының сипаттамасын, нысанын және орналасуын; желдеткіш пен басқа да аралықтардың, баспалдақ және қозғалыс бөлімшелерінің, полкалардың, траптардың, люктердің, жаппалардың, құрылымы мен нысанын; кен қазбаларының бағытын тексеруге арналған маркшейдерлік белгілердің нысаны мен пайдалану тәртібін;

қажетті көлемдегі ұсталық жұмысты орындау тәртібін; мінбесаты мен қораманы орнату тәсілдерін.

Параграф 2. Бекітуші, 4-разряд

72. Жұмыс сипаттамасы:

жазық кен қазбаларын, тазарту забойлары мен қиыс бұрышы 45^0 дейінгі кен қазбаларын, 5-разрядты бекітушінің тарифтік-біліктілік сипаттамасында көрсетілген бекітпеден басқа, бекітпенің барлық түрлерімен, ескі бекітпені ішінара немесе толық алып, бетонды бөлшектей және кенді шығара отырып бекіту және жөндеу;

қазба қимасын уату балғасының көмегімен, жару тәсілімен немесе қолмен кеңіту; бекітпе элементтерін дайындау және аралық рамаларды орнату, барлық бекітпе түрлерінің жекелеген рамалары мен элементтерін ауыстыру; шпурларды бұрғылау; бекітпені алу, сөндірілген қазбаны қалау, кен қазбаларын сөндіру;

ағаш армирдің жекелеген дестелерін: атпаларды, вандруттарды, оқпандар мен шурфтардағы өткізгіштерді ауыстыру және жөндеу; құлаған жерлерді бөлшектеу және бекіту; рама үстіне костер қалау;

оқпандар мен шурфтарды мұздан тазарту; аспалы мінбесатыны құру; лекалдарды, кружалдарды, арка қорамаларын, күмбездер мен ұтарын бөлшектеу;

ұстын, арқалық, аралық, қабырға, іргетас қорамаларын орнату; қызмет көрсететін машиналар мен механизмдер жұмысындағы ақауды анықтау және жою.

73. Білуге тиіс:

бекітпенің түрлері және оларды салу тәсілдері; ағаш бекітпе элементтерінің әртүрлі құлыпты қосындыларының түрлерін және нысанын; кен қазбаларын бекіту паспортын;

бұрғылау-жару жұмыстарын жүргізу ережесін; кен қазбаларында жөндеу жұмыстарын жүргізудің техникалық шарттарын; құламаларды бөлшектеудің ережесі мен тәсілдерін; кен қысымы және оның көріну сипаты туралы негізгі ұғымдарды; түрлі үлгідегі кен қазбаларының сипаттамасын; арматураны орнату

ережесі мен тәртібін; оқпандарды арматураларға қойылатын техникалық талаптарды;

кен қазбаларын бекіту және жөндеу кезінде қолданылатын машиналардың, механизмдердің, құрал мен айлабұйымдардың түрлері мен құрылымын, оларды пайдалану және күтіп баптау ережесін; кен қазбасының көлденең қимасы ауданын анықтау тәсілдерін.

Параграф 3. Бекітуші, 5-разряд

74. Жұмыс сипаттамасы:

шахта оқпандарын, тік кен қазбаларын, қиыс бұрышы 45^0 жоғары кен қазбаларын, оқпан маңы кен қазбалары бар оқпан байламдарын, кен албарын бекітпенің барлық түрлерімен бекіту және жөндеу;

арматуралау, арматураларға қызмет көрсету және жөндеу; оқпандарды қарау; веер пішіндес және көп бұрышты бекітпені құру, жөндеу және ауыстыру;

поездардың қозғалысын үзбей тоннельдерді жөндеу; кен қазбаларын машиналардың көмегімен темірбетон, металл және басқа да штангілермен қорамасыз бетондаумен бекіту;

тоннельдің, қиыспаның және күмбездің темірбетон қаптамасының кружалдары мен қорамасын орнату; орнықсыз кен жыныстарында, көшкіндерде, құлама құмдарда, карстарда жүргізілетін кен қазбаларының бекітпесін бекіту және жөндеу;

оқпандардағы және басқа да тік кен қазбаларында бекітпені жөндеу кезінде сақтандыру полкаларын монтаждау және бөлшектеу; оқпандардағы өткізгіштерді жөндеу, қызмет көрсету және түзеу.

75. Білуге тиіс:

оқпандарды проходкалау тәсілдерін; бекітпелер мен оқпан арматурасының түрлерін; оқпан маңы кен қазбалары бар оқпан байламы ережесін;

оқпандары бекіту кезінде қолданылатын машиналар мен механизмдердің құрылымын, пайдалану ережесін; поездардың қозғалысын үзбей тоннельдерді жөндеу ережесін;

темірбетон және металл анкерлік бекітпелерді орнату тәсілдерін;

күрделі ағаш бекітпе құрылғылары мен күрделі қиыспалар мен кесінділерді белгілеу және әзірлеу тәсілдерін;

қорамалардың барлық түрлерінің құрылымын және оларды орнату тәсілдерін; шахта оқпандарын ағаш құрылғылармен арматуралау тәсілдері мен ережесін.

16. Бұрғыға май құюшы-ұста

Параграф 1. Бұрғыға май құюшы-ұста, 4-разряд

76. Жұмыс сипаттамасы:

шаблон бойынша бұрғыларды әзірлеу, арматуралау және бұрғыға май құю станоктарында және құралмен май құю, бұрғыларды берілген технология бойынша термоөндеу (шыңдау);

бұрғыларды немесе олардың алмалы ұштарын қатты балқымалармен арматуралау;

бұрғы ұшындағы паздарды қатты балқыма пластинкасымен дәнекерлеуге дайындау және тексеру; пластикаларды дәнекерлеу және әзірлеу; бұрғы қаптамалары мен кесуші тістерін жасау;

бұрғыларды жинақталуы бойынша іріктеу; қызмет көрсететін станок жұмысындағы ақауды анықтау және жою.

77. Білуге тиіс:

бұрғыға май құю станоктары мен горнның құрылымын және пайдалану ережесін; бұрғыларды арматуралау және шыңдау технологиясын; бұрғы болаты мен қатты балқымалардың қасиеттері мен сапасын; бұрғыларға май құю, арматуралау және шыңдау тәсілдерін; дәнекерлеу температурасын және бұрғыларды салқындату ережесін;

жинақтағы бұрғылардың мөлшерін; қолданылатын айлабұйымдар мен құралдары пайдалану ережесін.

17. Лампышы

Параграф 1. Лампышы, 2-разряд

78. Жұмыс сипаттамасы:

түрлі жүйелердегі шахта шамдарын зарядтау және май құю; аккумулятор батареяларын зарядтау үстеліне орнату және оларды зарядтау, бензинді шамдарды үрлеу;

қажетті тығыздықтағы электролитті жасау, аккумулятордағы деңгейді қадағалау және белгіленген деңгейге дейін толтыру;

заряд агрегаттарына қызмет көрсету, өлшеу құралдарының көрсеткіштерін қадағалау; құралдардың көрсеткіштері бойынша зарядтау процессін реттеу;

аккумулятордың контакті бөліктерін таттан, ластан, тұз бен сілгіден тазарту; шахта шамдарын талдау, жарамдылығын тексеру және пломбы салу, оларды жөндеуге беру және жөндеуден алу;

шамдарды, өздігінен құтқарғыштарды, газоанализаторларды қабылдау, қарау және оларды жұмысшыларға беру; респираторларды қабылдау, жуу және шамдар мен жұмыс нөмірлерін қызметкерлердің түсу және көтерілу есебін жүргізе отырып беру; шамдар мен өздігінен құтқарғыштардың есебін жүргізу, оларды ұсақ жөндеу; карбидті ұнтақтау; шамхана орынжайын жинау.

79. Білуге тиіс:

түрлі жүйелердегі шахта шамдарының, заряд агрегаттарының, өздігінен құтқарғыштардың, газоанализаторлардың, респираторлар мен зарядтау кезінде

қолданатын бақылау-өлшеу құралдарының құрылымын; шахта шамдары мен аккумулятор батареяларын зарядтау ережесін;

өрт сөндіргіштермен, қышқылдармен, сілтілермен және басқа да шамдарды зарядтау материалдарымен жұмыс істеу ережесін; электролит жасау ережесін;

аккумуляторларды зарядтау режимін; шамдарды бөлшектеу, құрастыру, қабылдау және беру ережесін; карбидті, қышқылдар мен сілтілерді, және басқа да материалдарды сақтау ережесін; электротехника негіздерін.

18. Люкші

Параграф 1. Люкші, 2-разряд

80. Жұмыс сипаттамасы:

кен массасын тиеу пункттерінде люктерден вагонеткаларға, транспортер лентасына және автомашиналарға, бір жұмысшыға шаққанда ауысымына 100 т дейінгі жоспарлы жүктемемен тиеу;

тиелген және бос вагонеткаларды қызмет көрсету аймағында шығырдың, итергіштің көмегімен және қолмен итеріп әкелу және итеріп әкету; шығырды, итергішті және тиеу және түсіру пункттерінің басқа да механизмдерін басқару;

таразы нормасына сәйкес тиеудің толықтығын бақылау; қызмет көрсететін машиналардың тежегіш жүйесінің жарамдылығын тексеру; алынған мінбесатыны қабылдау, қоймалау және вагонеткаларға тиеу; конвейерді, гидротозаңсыздандыратын қондырғыларды қосу және ажырату; люктердегі кен массасын көсеу, вагонеткаларда тегістеу скреперлік тиеуді және тиеу бункерлерінің толуын қадағалау;

вагонеткаларды тіркеу және ажырату, стрелкаларды ауыстыру; қажетті жағдайларда, тиеу-түсіру орнына дейін составқа ілесу; белгі беру; тиеу пункттеріндегі маневр кезінде электровоз машинисіне көмектесу; составты құрастыру және бөлу; конвейерлерді масштабтау;

вагонеткаларға бирка ілу; пайдалы қазбадан көрінетін жыныстарды іріктеу; вагонеткаларды, бункерлерді, тақталарды, тиеу және түсіру орындарындағы қабылдау алаңдары мен жолдарды, люк пен скрепер полкалары астын тазалау;

кен массасын суландыру; рельстен шығып кеткен вагонеткаларды тежеу және көтеру;

қызмет көрсететін механизмдердің, люктердің, люк жаппаларының ұсақ ақауларын жою; люк астындағы шашылған кен массасын жинау.

81. Білуге тиіс:

тиеу-түсіру механизмдерінің, шығырдың, итергіштің, конвейердің құрылымын; вагонеткалар мен тіркеу үлгілерін, оларды күтіп баптау нұсқаулығын;

қызмет көрсететін учаскедегі жүк тасымалдау сызбасын; жолдардың, жұмыс орнындағы тақталар мен стрелкалардың профилі мен жай-күйін; пайдалы қазба

кесектерінің негізгі қасиеттерін, сұрпы мен шекті мөлшерін, оның бас жыныстан ерекшелік белгілерін; канаттың, тіркеу құрылғылары мен вагонеткалар ақауының алдын алу шараларын

Кен массасын тиеу пункттерінде бір жұмысшыға шаққанда ауысымына 100 т артық және 300 т дейінгі жоспарлы жүктемемен тиеу кезінде- 3-разряд;

Кен массасын тиеу пункттерінде бір жұмысшыға шаққанда ауысымына 300 т.-дан 1500 т дейінгі жоспарлы жүктемемен тиеу кезінде - 4-разряд;

кен массасын тиеу пункттерінде бір жұмысшыға шаққанда ауысымына 1500 т .-дан 3000 т дейінгі жоспарлы жүктемемен тиеу кезінде - 5-разряд;

Кен массасын тиеу пункттерінде бір жұмысшыға шаққанда ауысымына 3000 т артық жоспарлы жүктемемен тиеу кезінде - 6-разряд.

19. Бульдозер машинисі

Параграф 1. Бульдозер машинисі, 3-й разряд

82. Жұмыс сипаттамасы:

қозғағыш қуаты 44,2 квт (60 а; к;) дейінгі бульдозерді басқару;

кен массасын, топырақты, отынды, шикізатты және басқа да материалдарды қайта үю; карьерде, үйінділерде, қоймаларда жоспарлау жұмыстарын орындау; ернеуді, қабатты тазарту; кен жынысын, топырақты тегістеу;

әкету жолдарын профилдеу және тазалау; ашу жұмыстары өндірісі; темір жолдарды қозғау;

забойда кен массасын экскаваторларға жақындату; забой табанын, күрт еңістерді, кертпештерді тегістеу;

жүктерді тиеу; түсіру және орнын ауыстыру; үйінділерді жырту, қарды, аумақты тазалау; топырақты қопсыту;

штабельдеу жұмыстарын орындау; бульдозерлерді қарау және жағар, жанармай құю;

қажалатын бөлшектерді майлау; профилактикалық жөндеу жүргізу және басқа да жөндеу түрлеріне қатысу; бульдозер жөндеуіне ведомость толтыру.

83. Білуге тиіс:

қызмет көрсететін жабдықтың, қозғағыштардың, айлабұйымдардың, басқару жүйесінің құрылымын; бульдозерді пайдалану ережесін, бульдозермен орындалатын кен жұмысының түрлерін;

жағар, жанармай материалдарының маркалары мен жұмсау нормасын; ашық кен және жол жұмыстары өндірісі туралы негізгі деректерді; кен қазбаларының қасиеттерін;

кен қазбаларымен жұмыс шарттарын және мүмкіндіктерін, бульдозердің түсу және көтерілудегі шекті бұрыштарын; қызмет көрсететін жабдық жөндеуіне ведомость толтыру ережесін; іштен жану қозғағышының майлау, қоректендіру және салқындату жүйесін.

Қозғағыш қуаты 73,6 квт.-тан 147,2 квт-қа дейінгі (60-ден 100 ат күші дейін) бульдозерді басқару кезінде - 4-разряд;

Қозғағыш қуаты 44,2 квт.-тан 73,6 квт-қа дейінгі (100-ден 200 ат күші дейін) бульдозерді басқару кезінде; шашпа кен орындарындағы ашу жұмысы өндірісі кезінде қозғағыш қуаты 147,2 квт (200 ат күші) дейінгі бульдозерді басқару кезінде - 5-разряд;

Қозғағыш қуаты 147,2 квт-тан 279,7 квт (200-ден 380 ат күші) дейінгі бульдозерді басқару кезінде - 6-разряд;

қозғағыш қуаты 279,7 квт-тан 366,0 квт-қа дейінгі (380-нен 500 ат күші) дейінгі бульдозерді басқару кезінде - 7-разряд;

Қозғағыш қуаты 366,0 квт-тан жоғары (500 ат күші жоғары) бульдозерді басқару кезінде - 8-разряд.

Ескертпе.

Автомобиль және теміржолдарды, суландыру және кеме жүзу арналарын, бөгеттерді, қоршама топырақ дамбаларын, ғимараттар мен имараттар астының қазаншұңқырларын, электр беру желілері және контакті желісі тіреулерін, жерасты коммуникациялары траншеяларын, су ағызу кюветтерін, тау үстіндегі және банкеттің сыртындағы арналарды, кен қазбаларын жерасты тәсілімен проходкалау күрделі бойынша ұқсас ғимараттар құрылысы кезінде резерв оймалары мен үйінділерін, кавальерлер мен банкеттерді эзірлеу және жоспарлау жөніндегі жұмыстар БТБА, 3 шығарылым, "Құрылыс, монтаж және жөндеу-құрылыс жұмыстары" бөлімі бойынша тарифтеледі.

20. Бұрғы қондырғысының машинисі

Параграф 1. Бұрғы қондырғысының машинисі

84. Жұмыс сипаттамасы:

ұңғымаларды бұрғылау және ұлғайту кезіндегі, бұрғылау станоктары мен трактор базасындағы өздігінен жүретіндерін қоса алғанда, түрлі үлгідегі қондырғыларды басқару;

бұрғылау жабдығын монтаждау, орнын ауыстыру, жұмысқа дайындау, орнату және реттеу, оны орнатуға арналған алаңды жоспарлау және тазарту; бұрғылау жұмыстары паспортына сәйкес ұңғымаларды белгілеу; геологиялық жағдайларға, қиындықтар туындауына, бұрғы жабдығы мен құралының жай-күйіне қарай бұрғылау процесін басқару;

ұңғымаларды цементтеу, тампонаждау, қаптама құбырмен бекіту және технологиялық регламентпен және режимдік-технологиялық құжаттамаға сәйкес көзделген басқа да жұмыстарды орындау; көтеру-түсіру жұмыстары, штангілерді ұзарту, құбырларды шығарып алу; құралдың ось күшін, айналу жылдамдығын, бұрғылаудың оңтайлы режимін қамтамасыз ететін жуу ерітіндісінің, ауаның көлемін таңдау;

бақылау-өлшеу жабдықтарының көрсеткіштерін қадағалау; оңтайлы проходкалау жылдамдығына жету үшін бұрғылау процесінің параметрлерін реттеу; ұнғымалардағы қисықтықтың, авариялар мен қиындықтардың алдын алу жұмыстарын орындау; жуу ерітінділері мен тампонаж қоспаларын әзірлеу; жуу сұйықтарының параметрлерін бақылау; ұнғымаларда кен жынысының су қайтарымын қалпына келтіру, сүзгілер мен су көтеру құралдарын орнату;

бұрғыларды, долоттарды және бұрғы қаптамаларын іріктеу, оларды бұрғылау процесінде ауыстыру; ұнғымаларды тазарту, жуу, науалау; бұрғы жабдығына орнатылған компрессорларға, бұрғы жабдығымен кешенді жұмыс істейтін жылжымалы компрессорларға (станоктарға), отпен бұрғылау кезінде қолданылатын газды қондырғыларға, насостарға, сұйық оттегіне арналған ыдыстар мен басқа да қосалқы жабдықтарға қызмет көрсету; ұстап қалу (ловильные) жұмыстары, ұнғыма сағасын жабу;

қызмет көрсететін жабдық пен трактор жұмысындағы ақауларды анықтау және жою, оларды жөндеуге қатысу; қозғағыштарды, автоматтар мен қосқыштарды ауыстыру;

арнаулы геофизикалық, гидрогеологиялық және басқа да зерттеулерді жүргізу үшін аспаптар мен сағалық құрылғыларды дайындауға қатысу; жою жұмыстарын жүргізу;

қажетті жағдайларда кернді, бұрғы шламын, кен қазбалары үлгілерін іріктеу және бұрғылануы бойынша жыныстың беріктігі санатын анықтау;

бұрғылау жұмыстары аяқталғаннан кейін жерді қайта өңдеу; бұрғыдағы ілмектеу және тиеу-түсіру жұмыстары; алғашқы техникалық құжаттаманы жүргізу.

85. Білуге тиіс:

бұрғылау және күшті жабдықтардың нысанын, құрылымын, сипаттамасын, оларды монтаждау және бөлшектеу, пайдалану ережесін; бұрғылау мұнаралы мен мачталарының құрылымын, оларды құрастыру және бөлшектеу ережесін;

бұрғылаудың технологиялық режимдерін, қалыпты және күрделі жағдайларда ұнғыманы кернді алу және кернді алмай бұрғылау мен кеңейту ережесі мен тәсілдерін; ұнғымаға арналған геологиялық-техникалық нарядты; бұрғылау-жару жұмыстары паспортының мазмұнын және толтыру тәртібін; ұнғымаларды цементтеудің, битумдаудың, силикаттаудың, тампонаждың және қатырудың мақсаты мен мәнін; жуу сұйықтарының, кен жынысының беріктігін төмендеткіштер мен күрделі инъекциялық ерітінділердің құрамын, нысанын, әзірлеу және өңдеу тәсілдерін; қолданылатын жабдықтың, айлабұйымдар мен материалдардың нысанын;

сипаттамасын мен түрлерін; бұрғыланатын кен жынысының беріктігіне қарай, бұрғылау құралына май құю сапасына қойылатын талаптарды; геологиялық

жағдайларға, қиындықтар туындауына, бұрғы жабдығы мен құралының жай-күйіне қарай бұрғылау процесін басқару тәсілдерін; пайдалы қазбалардың шөгу жағдайлары мен нысандарын; техникалық ақаулар мен авариялардың туындау себептерін, олардың алдын алу және жою шараларын; кернді іріктеу және сақтау жөніндегі нұсқаулықты;

ұстап қалу (ловильные) жұмыстарын орындау тәсілдерін; геология, гидрогеология, кен жұмыстары, электротехника, гидравлика, пневматика негіздерін; кен қазбаларының атаулары мен орналасуын; кен жыныстарының сыныптамасы мен қасиеттерін;

жерді қайта өңдеу әдістерін; алғашқы техникалық құжаттаманы жүргізу ережесін, оның нысандарын; энергетика желісінің құрылымы мен сызбасын, және ток шығынын жою әдістерін; ілмектеу жұмысы өндірісінің тәсілдері мен ережесін; трактордың және өздігінен жүретін қондырғының құрылымын, оларды пайдалану және жөндеу ережесін; аварияны жою және қауіпсіз жүргізу ережесін.

Қатты пайдалы қазбаларға арналған геологиялық барлау ұңғымаларын бірінші сыныпты (жүк көтергіштігі 0,5 т. дейін) бұрғылау қондырғыларымен, мотобұрғылармен, қол және жылжымалы жинақтармен, штангілермен бұрғылау кезінде -3-разряд;

Ұңғымаларды өздігінен жүрмейтін станоктармен, соққылап-айналып бұрғылайтын, қозғағышының қуаты 50 квт дейінгі өздігінен жүретін станоктармен, жерасты кен қазбаларынан зондтап бұрғылау станоктарымен; қатты пайдалы қазбаларға арналған геологиялық барлау ұңғымаларын екінші сыныпты (жүк көтергіштігі 0,5 т.-дан 1.5 т. дейін) бұрғылау қондырғыларымен; гидрогеологиялық және геофизикалық ұңғымаларды тазарту агентін қолданбай айналу тәсілімен, соғу-канаттық және басқа да бұрғылау тәсілдерімен; шойтастарды өздігінен жүретін бұрғылау қондырғыларымен, перфораторлармен, электр бұрғылармен бұрғылау кезінде - 4-разряд;

Ұңғымаларды соғу-канаттық станоктарымен, қозғағышының қуаты 50 квт артық өздігінен жүретін айналып бұрғылау станоктарымен, қозғағышының қуаты 150 квт дейінгі өздігінен жүретін айналып бұрғылау станоктарымен, қозғағышының қуаты 50 квт-тан 100 квт-дейінгі дейінгі өздігінен жүретін шарошечті бұрғылау станоктарымен, түйісімді-бұрғылау машиналарымен және зондылап бұрғылау станоктарын қоспағанда, жерасты кен қазбалары станоктарымен; қатты пайдалы қазбаларға арналған геологиялық барлау ұңғымаларын үшінші, төртінші және бесінші сыныпты (жүк көтергіштігі 1,5 т.-дан 15 т. дейін) бұрғылау қондырғыларымен; гидрогеологиялық ұңғымаларды тазарту агентін қолдана отырып айналу тәсілімен бұрғылау кезінде; пайдалы қазбаны жұқа қабаттардан шнек-бұрғы машиналарымен және жерасты жұмысындағы станоктармен шығару кезінде - 5-разряд;

Ұңғымаларды қозғағышының қуаты 150 квт және одан артық өздігінен жүретін айналып бұрғылау станоктарымен (немесе гидрожүйелермен жабдықталған), қозғағышының қуаты 300 квт. Және одан артық өздігінен жүретін шарошечті бұрғылау станоктарымен, қатты пайдалы қазбаларға арналған геологиялық барлау ұңғымаларын алтыншы, жетінші және сегізінші сыныпты (жүк көтергіштігі 15 т. жоғары) бұрғылау қондырғыларымен; гидрогеологиялық ұңғымаларды тазарту агентін қолдана отырып айналу тәсілімен бұрғылау кезінде; пайдалы қазбаны жұқа қабаттардан шнек-бұрғы машиналарымен және ашық кен жұмысындағы станоктармен шығару кезінде 6-разряд.

Ескертпе:

1. Осы тарифтік-біліктілік сипаттамасы бойынша жұмысшылары мен жұмыстары БТБА, 6-шығарылымы, "Ұңғымаларды бұрғылау" бөлімі бойынша тарифтелетін мұнай мен газға арналған ұңғымалардан басқа, ұңғымалардың барлық түрлерін бұрғылаумен айналысатын жұмыстар мен жұмысшылар тарифтеледі.

2. Геологиялық барлау ұңғымаларын геологиялық сынаманың сапасын арттыруды және бұрғылау жылдамдығын, ұңғы оқпанының берілген бағытын белгілеуді және ұстап тұруды қамтамасыз ететін арнаулы техникалық құралдарды (арнаулы кернкабылдағышы бар кешендерді, гидроұрғыштарды, пневмоұрғыштарды, керн гидротасымалымен бұрғылау; бағытталған және көп оқпанды бұрғылау) қолдана отырып бұрғылау кезінде; геологиялық барлау ұңғымаларын күрделі тау-кен-геологиялық жағдайларда бұрғылау кезінде; геологиялық барлау ұңғымаларын жұмысталған шахта даласында (ұңғымаларды жұмысталған қабаттар арқылы бұрғылау кезінде) барлау кезінде тарифтеу бір разрядқа жоғары жүргізіледі.

3. Қатты пайдалы қазбаларға арналған геологиялық барлау ұңғымаларын бұрғылауға арналған бұрғылау қондырғылары сыныптары мемлекеттік стандарттармен бекітілген және олар: бұрғылау тереңдігін, ұңғыманың бастапқы және соңғы диаметрін, ілмектегі жүк көтергіштікті, жетекті электр қозғағыш қуатын, бұрғы снарядының айналу жиілігін, қиыс бұрышын, көтеру жылдамдығын, бұрғы білтесінің ұзындығын қамтиды.

4. Бұрғылау жабдығы қозғағыштарының қуаты осы жабдықта орнатылған электр қозғағыштарының сомаланған қуаты алынды.

5. Бұрғы қондырғысы машинисінің бұрғы қондырғысы машинисінің тарифтік-біліктілік сипаттамасында көзделген жұмыстардың тұтас кешенін игерген көмекшісі өзі бірге жұмыс істейтін бұрғы қондырғысы машинисінен бір разрядқа төмен, егер жұмыстардың тұтас кешенін игермеген болса екі разрядқа төмен тарифтеледі.

6. Бұрғы қондырғысы машинисінің көмекшісі болмаған кезде, жылжымалы компрессорларға жылжымалы (әртүрлі қозғағышы бар) компрессор машинисі қызмет көрсетеді, олар БТБА, 3-шығарылым, "Құрылыс, монтаж және жөндеу-құрылыс жұмыстары" бөлімі бойынша тарифтеледі.

21. Вибротиеу қондырғысының машинисі

Параграф 1. Вибротиеу қондырғысының машинисі, 4-разряд

86. Жұмыс сипаттамасы:

кен массасын блоктан, құлату аймағынан шығару және алу, оны кентүсірімге тиеу, кентүсірімнен вагонға және басқа да көлік құралына тиеу кезінде вибротиеу қондырғысын басқару;

кен массасын суландыру; кептемелерді жою; кен массасын тиеу кезінде белгі беру;

вибротиеу қондырғысын монтаждауға және бөлшектеуге, жөндеуге қатысу; вибротиеу қондырғысы механизмдерінің жұмысын, механикалық және электрлі бөліктеріндегі ақауларды жоя отырып сынамалау және реттеу;

тасымалдау ыдыстарын қашықтықтан басқару құралының көмегімен орнын ауыстыру жөніндегі маневрлік жұмыстар өндірісі.

87. Білуге тиіс:

вибротиеу қондырғысының құрылымын, кинематикалық сызбалары мен жұмыс режимін; сақтандыру құрылғылары мен қосу аппаратурасының жұмыс принципін; қызмет көрсету учаскесіндегі кен қазбаларының орналасуын; қондырғы тораптарын майлаудың кезеңділігі мен майлау нүктелерін.

Жару заттарының көмегімен кептемелерді, доғалықтардағы кен қақтарын жою және шойтастарды ұнтақтау кезінде, жару жұмыстарына құқық беретін құжаты болса - 5-разряд.

22. Әуе-канат жолының машинисі

Параграф 1. Әуе-канат жолының машинисі, 3-разряд

88. Жұмыс сипаттамасы:

тиелген және бос вагонеткаларды тасымалдау кезінде әуе-арқан жолының шығырын басқару;

шығырдың, электр қозғағыштың, арқанның, шкивтердің, таспалардың, тіркеу және тежегіш құрылғыларының жұмысын, жолдың жай-күйін қадағалау; қызмет көрсететін механизмдер жұмысының режимін реттеу; берілген тиеулі вагонеткалардың санын есепке алу;

тежегішті және барабан футеровкасын тексеру; қызмет көрсететін жабдықты жөндеуге қатысу.

89. Білуге тиіс:

қызмет көрсететін шығырдың, электр қозғағыштың, қосу аппаратурасының мен басқа да механизмдердің құрылымын; арқанды күту ережесін;

арқан жолын қосудың және тоқтату ережесін; майлау режимі мен жүйесін; қолданылатын майлау материалдарының түрлерін; найзағай разрядтарынан негізгі қорғану түрлерін; электр слесарь ісін.

Ескертпе.

Жолаушылар тартқан жолына қызмет көрсету кезінде әуе-арқан жолының машинисін тарифтеу бір разрядқа жоғары жүргізіледі.

23. Тау қазбалары машиналарының машинисі

Параграф 1. Тау қазбалары машиналарының машинисі, 5-разряд

90. Жұмыс сипаттамасы:

кен алу машиналарын: өндіру және проходкалау комбайндарын, алу агрегаттарын, оның ішінде автоматтандырылған және бағдарламалық басқарылатын, жоңғы қондырғылы, кескі машиналарын басқару;

гидроландырылған бекітпе секцияларының, бүрлеуіштің және агрегат торшасының щитті забойға орналастыру кезіндегі жай-күйін қадағалау; тірек арқалықтары мен бүрлеуіш қондырғыларының жетекті ұштарын босату, жылжыту және гидродомкрат көмегімен жаңа орында бекіту;

кен-техникалық талаптар мен кен-геологиялық жағдайларға орай түрлі үңгілерді үңгі машиналарымен өндіру;

жоғарғы "қалдықты" түрлі тәсілмен кесу;

кен алу машинасының тораптары мен бөлшектерін майлау, турбомуфта мен майстансаның деңгейін тексеру және май құю, машиналарды сынамалау; тістерді, клевактерді, кескілерді, пышақтарды тексеру және ауыстыру; шатырдың, кабелдердің, құбырлардың, шлангілердің, тиеу машиналарының жай-күйін тексеру;

пайдалы қазбаны алудың және қазба жүргізудің дұрыстығын қамтамасыз ету; атқарушы органды жұмыс процесінде реттеу; жұмыс процесінде тарту және сақтандыру арқандарының немесе тарту шынжырының жағдайын қарау және қадағалау;

суландыру жүйесін, сақтандыру шығырлары мен майстансаларын басқару; кен алу машиналарының, механизмдері мен басқа да жабдықтардың ақауларын жұмыс барысында анықтау және жою; кен алу машиналарын жұмыс процесінде бұру, монтаждау, бөлшектеу, түсіру (көтеру) және айдап бару;

машиналар мен оның үстіндегі шатырды жұмыс соңында сақтандыру тіреулерімен бекіту;

керме және еңіс тіреулерді орнату, машина қозғалысына кедергі болатын тіреулерді алу және орнату, машина жолын тазарту;

орнықты тіреуді орнатуға және қайта орнатуға қатысу; қызмет көрсететін машиналарды, агрегаттарды, басқа да жабдықтарды, жабдықтарды және

жекелеген тораптарының орнын ауыстыра, тиеп түсіре отырып, монтаждау және бөлшектеу жөніндегі жоспарлы-алдын алу жөндеулеріне қатысу.

комбайнды забойдан забойға өз жүрісімен айдап беру.

91. Білуге тиіс:

кен алу машиналарының; өндіру және проходкалау комбайндарының, алу агрегаттарының, бүрлеуіш қондырғыларының, үңгі машиналарының құрылымын және техникалық сипаттамаларын;

қызмет көрсететін жабдықтарды монтаждау және бөлшектеу жөніндегі жұмыстарды жүргізуге қойылатын талаптарды; қолданылатын электр жабдықтың құрылымы мен сипаттамасын; жерге қосу құрылымын; шаңсору және суландыру жүйелерін; жекелеген бөлшектер мен тораптардың тозу мерзімін; сайлау материалдарының, бекітпе гидрожүйесі мен қызмет көрсететін машиналар эмульсияларының түрлерін, оларға құюға қажетті майдың көлемін;

қызмет көрсететін машиналар мен механизмдердің майлау жүйелерін; тістерді, клевактерді, кескілерді, пышақтарды қайрау сапасына қойылатын талаптарды; бекітпе мен шатырды басқару паспортының мазмұны мен толтыру тәртібін; кен жыныстарының қасиеттерін және пайдалы қазбаны алу кезіндегі олардың жай-жапсарын; кен ісі, электротехника мен гидравлика негіздерін; электр слесарь ісін.

Алу агрегаттарын, өндіру және проходкалау комбайндарын, оларды жөндеу жұмыстарын өздігінен орындай отырып басқару кезінде - 6-разряд.

Автоматтандырылған және бағдарламалық басқарылатын кен алу машиналарын басқару кезінде орта кәсіптік білім талап етіледі.

24. Конвейер машинисі

Параграф 1. Конвейер машинисі

92. Жұмыс сипаттамасы:

конвейерлерді, элеваторларды, шнектерді, қоректендіргіштерді, қайта тиеу арбаларын, жетекті конвейер стансасын басқару;

конвейерлердің қозғалысын кері бұру және ауыстыру, олардың тиелу деңгейін реттеу; тарту құрылғыларының және таспа жүрісін реттеу;

қайта тиеу арбаларының, тарту барабандарының, қоректендіргіш редукторларының, конвейерде орнатылған автоматты құрылғылардың жарамдылық жағдайын, материалдардың қабылдау агрегаттарына дұрыс түсірілуін қадағалау;

конвейерлерді ұзартуға және орнын ауыстыруға, таспалар мен шынжырларды қосуға қатысу; өздігінен жүретін конвейердің жұмысын экскаватор жұмысымен үйлестіру;

таспалар мен жетекті майлау, лентаны, роликтерді, ролик тіректерін тазалау; қатардан шыққан роликтерді ауыстыру; конвейер лентасынан бөгде заттарды алу, шашылған кен массасын жинау;

науашалардағы кептемелерді жою; қызмет көрсететін жабдықтың жұмысындағы ақауларды анықтау және жою, оны тазарту; май стансаларындағы ағын арналарын жуу.

93. Білуге тиіс:

қызмет көрсететін жабдықтың, қосу және бақылау-өлшеу аппаратурасының нысаны мен құрылымын, оларды баптау ережесін; қызмет көрсететін жабдықтың әрбір түріне арналған жылдамдық пен жүктемені, оның жұмысындағы ақауларды анықтау және жою тәртібі мен тәсілдерін; тасымалданатын материалдың сипаттамасын және оны сұрпы бойынша орналастыру тәртібін;

конвейерлердің, коректендіргіштердің, тарту құрылғылары мен жылдамдық вариаторларының орналасу сызбасын; конвейерлерді кері бұру және лентаның қозғалу жылдамдығын реттеу тәсілдерін.

Қапшықтықтан басқарылатын конвейерлерге; өнімділігі 200 т/с дейінгі конвейерлерге жерасты кендерінде және үстіңгі жұмыстарда 500 т/с дейінгі конвейерлерге қызмет көрсету кезінде - 2-разряд;

Өнімділігі 200 т/с асатын конвейерлерге жерасты кендерінде және үстіңгі жұмыстарда 500 т/с асатын конвейерлерге; сыйымдылығы 600 л және одан артық шөмішті драгалардағы бас конвейерлерге; өнімділігі 1000 т/с дейінгі үйінді жасаушы конвейерлерге, көп шөмішті экскаваторларға, көлік-үйінді көпірлеріне; агломерация фабрикалары мен кесектеу фабрикаларының ыстық қайтарым конвейеріне қызмет көрсету кезінде - 3-разряд;

Өнімділігі 1000 т/с-тан 5000 т/с-қа дейінгі үйінді жасаушы конвейерлерге, көп шөмішті экскаваторларға, көлік-үйінді көпірлеріне; өнімділігі 5000 м³/с-қа дейінгі магистральдік конвейерлердің жетекті стансаларына; бейтарап ортаның герметикалық конвейерлеріне қызмет көрсету кезінде - 4-разряд;

Өнімділігі 5000 т/с-тан артық үйінді жасаушы конвейерлерге, көп шөмішті экскаваторларға, көлік-үйінді көпірлеріне; өнімділігі 5000 м³/с. және одан жоғары магистральдік конвейерлердің жетекті стансаларына; екі немесе одан да көп жетекті стансалары бар конвейерлерге қызмет көрсету кезінде - 5-разряд.

25. Үйінді жасаушы машинисі

Параграф 1. Үйінді жасаушы машинисі, 4-разряд

94. Жұмыс сипаттамасы:

кен массасының орнын ауыстыру және жұмыс алаңы, еңіс топырағы немесе теміржол бойынша қозғау кезінде, экскаватормен немесе ағынды технология бойынша эстакадамен бір кешенде жұмыс істейтін, өнімділігі 1500 м³/с дейінгі

үйінді жасаушыны, өздігінен жүретін қайта тиеуішті немесе штабель салушыны басқару;

кен массасының үйіндіге салынуын, оның конвейер линиясына қайта тиелуін, эстакада бойынша қозғалуын, трассаның, үйінділердің, жұмыс алаңдары мен еңістердің жай күйін, конвейерлердің біркелкі толтырылуын, үйінді жасаушының, қайта тиеушінің орнықтылығын, оның механизмдерінің жарамдылығын қадағалау;

қызмет көрсететін машинаның жұмысын өлшеу құралдарының көрсеткіштері бойынша реттеу;

кабельді тіркеуге қатысу, оның жай-күйі мен қозғалуын бақылау; қызмет көрсететін машина мен оның стрелкасын берілген сызба бойынша қайта бұру; іс-әрекеттің экскаватор машинисімен үйлесімділігін қамтамасыз ету;

әжептәуір жел жүктемесі кезінде қызмет көрсететін машинаның орнықтылығын қамтамасыз ету, оны қабылдау және қарау, техникалық қызмет көрсету;

қызмет көрсететін машина мен жылжымалы эстакада жұмысындағы ақауды анықтау және жою; қызмет көрсететін машинаны жөндеу ведомосын жасау және оны жөндеуге қатысу.

95. Білуге тиіс:

үйінді жасаушы, өздігінен жүретін қайта тиеуіш, орталап тиеу кешені мен қызмет көрсететін имараттардың штабель салушысы агрегаттарының құрылымын, техникалық сипаттамасын;

қосу және бақылау-өлшеу аппаратурасын пайдалану ережесін; кен жыныстары негізгі қасиеттері мен үйінді жасаушы сызбасын; забойларды өңдеу жөніндегі кен жұмыстарын ұтымды жүргізу ережесін; қызмет көрсететін машина жұмысындағы ақауды анықтау және жою тәсілдерін;

дабылдатқыш пен байланыс құрылғыларының жүйесін; теміржолдардың құрылымы туралы негізгі деректерді; майлау жүйесін, қолданылатын майларды және олардың қасиеттерін; теміржолдарды ұзарту және орнынан қозғау тәртібін; электр слесарь ісін.

Экскаватормен немесе ағынды технология бойынша эстакадамен бір кешенде жұмыс істейтін, өнімділігі 1500 м³/с-тан 4000 м³/с-қа дейінгі үйінді жасаушыны, өздігінен жүретін қайта тиеуішті немесе штабель салушыны басқару кезінде - 5-разряд;

Экскаватормен немесе ағынды технология бойынша эстакадамен бір кешенде жұмыс істейтін, өнімділігі 4000 м³/с-тан жоғары үйінді жасаушыны, өздігінен жүретін қайта тиеуішті немесе штабель салушыны басқару кезінде - 6-разряд.

Ескертпе.

Үйінді жасаушы машинистерінің көмекшілері өздері бірге жұмыс істейтін үйінді жасаушы машинистерінен бір разрядқа төмен тарифтеледі.

26. Үйінді көпір машинисі

Параграф 1. Үйінді көпір машинисі, 5-разряд

96. Жұмыс сипаттамасы:

ашушы экскаваторлармен бірге жұмыс істеу кезінде, кен массасын тасымалдау, үйінді жасау және көпірді забойдың бойымен жылжыту жөніндегі үйінді көпірін және оның механизмдерін басқару;

орындаушылық іс-қимылдың экскаваторлармен және көпірді (бас, үйінді тіреуінің, жүру механизмдерінің) басқару пульттерімен үйлесімділігін қамтамасыз ету;

топырақтың үйіндіге салынуын, трасса мен үйінділердің, жұмыс алаңдары мен көпір механизмдерінің жарамдылығын қадағалау;

үйінді көпір жұмысын өлшеу құралдарының көрсеткіштері бойынша сынамалау және реттеу;

үйінді көпірді берілген сызба бойынша жылжыту;

кабельді реттеуге, арқанды, лентаны, шөміш тістерін ауыстыруға қатысу; машинаның жерге қосылуын және икемді кабельдің жай-күйін тексеру; қызмет көрсететін жабдықтың жұмысындағы ақауды анықтау және жою; ағымдық жөндеуді орындау және басқа да жөндеу түрлеріне қатысу;

үйінді көпірді жөндеуден кейін қабылдау, ауысымды қабылдау және тапсыру кезінде қарау;

жабдықты жөндеу ведомосын жасауға және оны жөндеуге қатысу; экскаватормен бірге жұмыс істейтін үйінді көпірінің қауіпсіз жұмысын қамтамасыз ету; әжептәуір жел жүктемесі кезінде үйінді көпірді бекіту.

97. Білуге тиіс:

ашық кен жұмыстарын жүргізудің технологиялық процестерін; өңделетін кен жыныстарының физикалық-механикалық қасиеттерін, олардың массивтегі және үйіндідегі жағдайын;

үйінді жасау сызбасын; көшкін құбылысы белгілерін; үйінді көпір машиналары мен механизмдерінің, оның механикалық, гидравликалық, пневматикалық және электр жабдықтарының, өлшеу құралдарының, электрмен пісіру машиналары мен аппараттарының, жанартауландыру құралының және құрылымы мен техникалық пайдалану ережесін;

дабылдатқыш пен байланыс құрылғыларының жүйесін; теміржолдардың құрылымы туралы негізгі деректерді; майлау жүйесін, қолданылатын майларды және олардың қасиеттерін; теміржолдарды ұзарту және орнынан қозғау тәртібін; электр слесарь ісін 3-разрядты электр слесарь білімі көлемінде.

Бас басқару пультіне қызмет көрсету кезінде - 6-разряд.

27. Үйінді соқасының машинисі

Параграф 1. Үйінді соқасының машинисі, 3-разряд

98. Жұмыс сипаттамасы:

тіркемелі, үйінді соқасының (стругтың, скрепердің) лемехтері біржақты және екі жақты орналасқан механизмдерін басқару;

үйіндіні жоспарлау, жырту, еңістерді жұмыстау, жыныстарды үйінді бермаларынан еңіске түсіру, кюветтерді кесу және теміржол габариттерін тазарту ; үйінді соқасының бөлшектері мен механизмдерін жарамды жағдайда ұстау;

қызмет көрсететін жабдықтың жұмысындағы анықталған ақауларды жою жөндеу ведомосын жасау, ұсақ ақауларды жою;

қызмет көрсететін жабдықты ағымдық жөндеуді орындау және басқа да жөндеу түрлеріне қатысу, үйінді соқасының механизмдерін тазалау және майлау.

99. Білуге тиіс:

қызмет көрсететін жабдықтың құрылымы мен техникалық сипаттамасын; үйінді соқасының механизмдерін басқару тәсілдерін;

теміржолдардың құрылымы туралы негізгі деректерді; теміржол бойынша қозғалыс ережесін; кен жұмыстарын ашық тәсілмен жүргізу туралы негізгі деректерді.

Өздігінен жүретін үйінді соқасына қызмет көрсету кезінде - 4-разряд.

28. Тиеу машинасының машинисі

Параграф 1. Тиеу машинасының машинисі

100. Жұмыс сипаттамасы:

тиеу машинасы мен әмбебап шөмішті тиегішті басқару;

кен массасын суландыру, қайлалау, транспортерге немесе вагонеткаға тиеу; жолдарды, тиеу тораптарындағы, тұйықтардағы қақ тұндырғыштарды тазарту; машиналарға жанар-жағармай материалдарын құю;

машинаны жабысқан ластан тазарту; машинаны жаңа орынға қою;

тиеу машинасы жұмысындағы ұсақ ақауды анықтау және жою.

101. Білуге тиіс:

қызмет көрсететін тиеу машинасы мен әмбебап шөмішті тиегіштің құрылымын; кен массасын транспортерге немесе вагонеткаға тиеудің тәртібін; айырғыш құрылғыны пайдалану ережесін;

қызмет көрсететін механизмдердің жұмысындағы ақауларды жою тәсілдерін; кен қазбаларының нысаны мен орналасуын және олар бойынша жүру ережесін;

кен жыныстарының физикалық қасиеттерін; қолданылатын бақылау-өлшеу құралдарының нысанын және құрылымын; желдету сызбасын, берілетін қысымдалған ауаға қойылатын белгіленген талаптарды;

ауа құбыры мен энергия құбыры желілерінің сызбаларын; электротехника жөніндегі негізгі деректерді; слесарь және монтаждау жұмыстарын қажетті көлемде орындау тәртібін.

Забойдан тыс жерде өнімділігі $60 \text{ м}^3/\text{с}$. Дейінгі тиеу машинасын басқару кезінде - 4-разряд;

Өнімділігі $60 \text{ м}^3/\text{с}$. Жоғары тиеу машинасын басқару кезінде - 5-разряд;

Суағар арналары мен рельс жолдарын проходкалау, тазалау және жөндеу кезінде, құбырларды монтаждау, люктерді, полкаларды құру, жүктерді көтеру, салу және орнын ауыстыру, арнаулы өндіріс жағдайларында топырақтан кен жынысын жинау кезінде кен массасын вагонеткаға тиеуге арналған әмбебап шөмішті тиегішті басқару кезінде – 6-разряд.

29. Тиеу-жеткізу машинасының машинисі

Параграф 1. Тиеу-жеткізу машинасының машинисі, 4-разряд

102. Жұмыс сипаттамасы:

жүк көтергіштігі 5 т дейінгі электр немесе пневматикалық жетекті жүк тиеу-жеткізу машиналары мен түрлі үлгідегі өздігінен жүретін вагондарды басқару; забойлардағы іліктастарды жиектеу;

кен массасын суландыру және тиеу; кен массасын тасымалдау және кен түсірімге, вагондарға және басқа да көлік құралдары түрлеріне тиеу; забойдағы және забой мен кен түсірімге кірмелердегі топырақты тазарту; кен қабаттарын тазарту немесе қабаттарды салма жұмыстары өндірісіне дайындау; кен массасын тарсыл електері арқылы өткізу;

конвейер шынжырларының, өткізу шынжыры мен фрикционды тіркеу муфттарының тартылуын реттеу;

машинаны қарау және майлау; тежегіш жүйесінің жарамдылығын, шиналардағы, баллондардағы және гидравликалық жүйедегі қысымды тексеру;

дабылдатқышты, жарықты, қоректендіру кабелі мен жерге қосуды тексеру;

қызмет көрсететін кен орындарындағы шатыр мен бекітпенің жағдайын қадағалау; қажетіне қарай - газ және газ динамикалық құбылыстар бойынша қауіпті қабаттардағы газды өлшеу; қызмет көрсететін машина жұмысындағы ақауларды анықтау және жою, оны жөндеуге қатысу; жұмыс орнын тазарту.

103. Білуге тиіс:

электр немесе пневматикалық жетекті жүк тиеу-жеткізу машиналары мен түрлі үлгідегі өздігінен жүретін вагондардың құрылымын; кен массасын тиеу, тасымалдау және түсіру ережесін; қызмет көрсететін машина жұмысындағы ақауларды жою тәсілдерін;

кен жыныстарының негізгі қасиеттерін; қолданылатын бақылау-өлшеу құралдарының нысанын және құрылымын гидравликалық, пневматикалық және электр желілерінің сызбаларын;

фрикциондық өткізу жұмыстарының принципін; тежегіш жүйесі мен гидравлика жүйесін; гидрожүйедегі және май жүйесіндегі қысымды реттеу ережесін;

электр қорғану аппаратурасының құрылымын және жұмыс принципі; жерге қосу құрылғысы ережесін; жанар және жағармай материалдарының сұрыптары мен қасиеттерін; электротехника мен гидродинамика негіздерін; слесарь ісін; жол қозғалысы ережесін.

Параграф 2. Тиеу-жеткізу машинасының машинисі, 5-разряд

104. Жұмыс сипаттамасы:

кен қазбаларын проходкалау, тазарту жұмыстары кезінде жүк көтергіштігі 5 т жоғары немесе дизельді қозғағышының қуаты 147,2 квт.дейінгі (200 ат күші);

электр немесе пневматикалық жетекті жүк тиеу-жеткізу машиналарын басқару;

кен орындарындағы (жұмыс орнындағы) шатыр мен бекітпенің жағдайын қадағалау;

кен массасын суландыру, тиеу, тасымалдау және кен түсірімге, вагондарға тиеу;

тиеу-жеткізу машиналарына техникалық қызмет көрсету, оның барлық жүйелері мен тораптарының ақауларын тексеру;

сақтандыру үйінділерін карьерлерге түсіру.

105. Білуге тиіс:

дизельді қозғағышты электр немесе пневматикалық жетекті жүк тиеу-жеткізу машиналарының құрылымын, техникалық сипаттамасын, басқару жүйесін;

пайдалы қазба кен орындарын жұмыстауға қолданылатын жүйелердің негізгі элементтерін; шатырды басқару тәсілдерін;

желдеткіш пен өрт сөндіру сызбаларын; жұмысты жүргізудің оңтайлы тәсілдерін; электр слесарь ісін; тиеу-жеткізу машиналарын бет өңдеу ережесін.

Дизельді қозғағышының қуаты 147,2 квт. жоғары (200 ат күші). Жүк тиеу-жеткізу машиналарын басқару кезінде - 6-разряд.

30. Өздігінен жүретін жерасты машиналарының машинисі

Параграф 1. Өздігінен жүретін жерасты машиналарының машинисі, 4-разряд

106. Жұмыс сипаттамасы:

қосалқы нысандағы жұмыстарды орындау кезінде іштен жану қозғағышы бар түрлі үлгідегі және нысандағы, өздігінен жүретін жерасты машиналарын:

отын-май құю, шатыр ернеулеу, тасымалдау машиналарын, кабельтөсегіштерді, құбыр салушыларды және басқа да машиналарды басқару;

кен қазбаларының жай-күйін: борттарын, кертпелерін, траншеяларды, шатырды қарау;

кен қазбасы шатырын ілініп қалған тастар мен жыныс кесектерінен шатыр ернеулеу машинасының көтергі құрылғысынан кернеулеу; штангілерлі орнату; қызмет көрсетілетін кен қазбаларындағы шатыр мен бекітпенің жай-күйін қадағалау;

жерасты коммуникацияларын салу кезінде кабельді механикаландырылған төсеу және құбыр салушы манипуляторларының көмегімен технологиялық құбырларды салу; жанар-жағармай материалдарын жеткізу және оларды линиядағы өздігінен жүретін машиналарға құю, отын аппаратурасын реттеу;

адамдар мен түрлі жүктерді жұмыс орнына және кері қарай тасымалдау; тасымалданатын жүктерді тиеу және түсіру;

өздігінен жүретін жерасты машиналарына техникалық қызмет көрсету, оның барлық жүйелері мен тораптарының, дабылының, жарығының, бақылау-өлшеу аспаптарының жарамдылығын тексеру;

өздігінен жүретін жерасты машиналарының жұмысындағы ақауларды анықтау және жою; қызмет көрсететін машинаны тасымал кендері мен еңістер бойынша орнын ауыстыру; қызмет көрсететін машинаны жоспарлы алдын ала жөндеуге қатысу;

өздігінен жүретін жерасты машиналары жұмысы есебінің алғашқы құжаттамасын жүргізу.

107. Білуге тиіс:

іштен жану қозғағышы бар түрлі үлгідегі және нысандағы, өздігінен жүретін жерасты машиналарының, жекелеген тораптары мен агрегаттардың құрылымын; қызмет көрсететін машиналардың,

пневматикалық және гидравликалық жүйелердің техникалық сипаттамаларын ; өлшеу құралдарының нысаны мен құрылымын; кен жыныстарының негізгі қасиеттерін;кен қазбасының шатыры мен борттарын ернеулеу жұмыстарын қауіпсіз жүргізудің ережесі мен жолдарын; желдеткіш пен өрт сөндіру сызбаларын; шаң мен газ шоғырлануының жол берілетін нормаларын;

шаң мен газ басу тәсілдерін; қызмет көрсететін машиналардың тасымалдау қазбалары бойынша қозғалу сызбасы мен ережесін, машиналардың көтерілуі мен түсуінің шекті бұрыштарын; кен массасы мен түрлі жүктерді тиеудің, тасымалдау мен түсірудің ережесі мен тәртібін; қызмет көрсететін машиналардың май құятын сыйымдылықтарының құрылымын; жанар-жағармай материалдарын жеткізу, оларды қауіпсіз сақтау және қызмет көрсететін машиналарға құю ережесін;

гидро және май жүйелеріндегі қысымды реттеу ережесін; қолданылатын майлар мен отынның сұрыптары мен қасиеттерін, олардың технологиялық сипаттамаларын; қызмет көрсететін машиналарының, жекелеген тораптар мен агрегаттардың майлау картасын, техникалық қызмет көрсету кезеңділігін, олардың жұмысындағы ақаулардың алдын алу және жою тәсілдерін; қолданылатын өлшеу құралдарын тексеру мерзімін;

электротехника, гидродинамика негіздерін; слесарь ісін; электротехника мен металл технологиясы негіздерін орындалатын жұмыс көлемінде; қызмет көрсететін машиналар жұмысы есебінің алғашқы құжаттамасын жүргізу ережесін ; жерасты жағдайларында қызмет көрсететін машиналардың қауіпсіз жұмысы ережесін.

31. Сынама алу машинасының машинисі

Параграф 1. Сынама алу машинасының машинисі, 5-разряд

108. Жұмыс сипаттамасы:

теміржол вагондарынан көмірдің тауарлық және бақылау сынамаларын іріктеу және өңдеу процесінде, сондай-ақ оны теміржол бойынша орнына қозғау кезінде сынама алу машинасын басқару;

ұнтақтауыш жұмысын қадағалау; зертхана сынамаларын химиялық зертханаға жеткізу; жаппа жабдық пен сынама алу машинасының тораптарын майлау;

сынама алу машинасының жұмысындағы ақауларды анықтау және жою; қызмет көрсететін жабдықты профилактикалық жөндеу және басқа да жөндеу түрлеріне қатысу;

жерге қосуды тексеру және күштік кабельді желіге қосу.

109. Білуге тиіс:

сынама алу машинасының, жаппа жабдығының құрылымы мен техникалық сипаттамасын;

сынама алу машинасын бөлшектеу, монтаждау ережесін, жұмыс принципі мен басқару жүйесін; қозғағыштың майлау, қоректендіру және салқындату жүйесін;

электротехника мен металлдар технологиясын орындайтын жұмыс көлемінде; теміржол вагондарынан көмірдің тауарлық және бақылау сынамаларын белгіленген стандарттарға сәйкес іріктеу сызбасын.

32. Проходкалау кешенінің машинисі

Параграф 1. Проходкалау кешенінің машинисі, 4-разряд

110. Жұмыс сипаттамасы:

диаметрі 3 м дейінгі кен қазбаларын проходкалау кезінде тоннельдік төсегішті және механикаландырылмаған проходкалау кешенін (щитін) басқару;

механикаландырылмаған проходкалау кешені мен төсегіштің орналасуын, жылжуын тексеру;

механикаландырылмаған проходкалау кешенінің жағдайын жоспарда, профильде және тоннель осі бойынша түзеу;

механикаландырылмаған проходкалау кешенінің өз осінің айналасында айналуын жою;

қызмет көрсететін жабдықты профилактикалық жөндеу; механикаландырылмаған кешен мен төсегіштің жұмысындағы ақауларды анықтау және жою;

гидравликаның ағынын жою;

май стансасының жұмыс қысымын реттеу; белгіленген техникалық құжаттаманы жүргізу.

111. Білуге тиіс:

қызмет көрсететін жабдықтың және электр қосу аппаратурасының құрылымын; механикаландырылмаған проходкалау кешені мен төсегіштің үлгілерін; электр механикалық және гидравликалық жабдықтың нысаны мен жұмыс принципін;

механикаландырылмаған проходкалау кешенінің қозғалысын жоспарда, профильде және тоннель осі бойынша бағытын анықтау тәсілдерін; кен жыныстарының сыныптамасын және негізгі қасиеттерін; қызмет көрсететін жабдықтың жұмысындағы ақауларды анықтау және жою тәсілдерін.

Параграф 2. Проходкалау кешенінің машинисі, 5-разряд

112. Жұмыс сипаттамасы:

диаметрі 3 м артық кен қазбаларын проходкалау кезінде механикаландырылмаған проходкалау кешенін (щитін) басқару;

механикаландырылмаған проходкалау кешені мен төсегіштің орналасуын тексеру және түзеу;

механикаландырылмаған проходкалау кешенінің өз осінің айналасында айналуын жою;

қызмет көрсететін жабдықты профилактикалық жөндеу; механикаландырылмаған кешен мен төсегіштің жұмысындағы ақауларды анықтау және жою, оны жөндеуге қатысу.

113. Білуге тиіс:

барлық үлгідегі механикаландырылмаған проходкалау кешенін, олардың механикалық және гидравликалық жабдықтарының құрылымын, электрмен қоректендіру сызбасын;

механикаландырылмаған проходкалау кешенінің қозғалысын жоспарда, профильде және тоннель осі бойынша бағытын анықтау тәсілдерін; тоннель қаптауларының түрлерін, оларды орнатудың тәсілдері мен кезектілігін;

механикаландырылмаған проходкалау кешенін қозғау ережесін.

Параграф 3. Проходкалау кешенінің машинисі, 5-разряд

114. Жұмыс сипаттамасы:

механикаландырылған проходкалау кешенін (щитін) басқару;

механикаландырылған проходкалау кешенінің орналасуын тексеру және түзеу;

механикаландырылмаған проходкалау кешенінің жағдайын жоспарда, профильде және тоннель осі бойынша түзеу;

механикаландырылған проходкалау кешенінің өз осінің айналасында айналуын жою;

кесетін механизм агрегатын қосу және тоқтату; тозған кескіштер мен фрездерді ауыстыру;

қызмет көрсететін жабдықты профилактикалық жөндеу; механикаландырылған проходкалау кешенінің жұмысындағы ақауларды анықтау және жою, гидравликалық жабдығының ағынын тоқтату.

115. Білуге тиіс:

барлық үлгідегі механикаландырылған проходкалау кешенін, олардың механикалық және гидравликалық жабдықтарының құрылымын, механикаландырылмаған проходкалау кешенінің қозғалысын жоспарда, профильде және тоннель осі бойынша тексеру және түзеу тәсілдерін; кескіштер мен фрездердің тозу деңгейін анықтау ережесін, оларды ауыстыру тәртібін;

механикаландырылған проходкалау кешенін жүргізу және орнынан қозғау ережесін, оның жұмысындағы ақауды анықтау және жою тәсілдерін.

33. Жол қозғағыш машинисі

Параграф 1. Жол қозғағыш машинисі, 4-разряд

116. Жұмыс сипаттамасы:

темір жолды орнын ауыстыру және жылжыту кезінде жол қозғағыш механизмдерін басқару;

рельстерді, рельс ұстауышпен дұрыс қамтылуын, жол қозғағыш механизмдерінің жұмысын, контакті желісі мен жоғары вольтті кабельдердің жай-күйін қадағалау;

жолды тегістеу; жұмыс уақытында жол қозғағышты ескерту белгілерімен қоршау; жол қозғағыш механизмдерін жарамды жағдайда ұстау; жанар-жағармай материалдарын құю;

қызмет көрсететін жабдықтың жұмысындағы ақауларды анықтау және жою; ағымдық жөндеу және басқа да жөндеу түрлеріне қатысу;

жабдықты жөндеу жұмысына арналған ведомості жасау.

117. Білуге тиіс:

жол қозғағыш механизмдерінің құрылымын, нысанын және техникалық сипаттамасын, басқару сызбасын;

теміржол көлігіндегі қозғалыс пен дабылдату ережесін; майлау жүйесін және майлау материалдарының сұрыптарын; ашық тәсілмен кен жұмыстарын жүргізу туралы негізгі деректерді; теміржолдың жоғарғы құрылымын.

Параграф 2. Жол қозғағыш машинисі, 5-разряд

118. Жұмыс сипаттамасы:

6-жолақты экскаватор жолдарының орнын ауыстыру және жылжыту кезінде үздіксіз әрекет ететін жол қозғағыш механизмдерін басқару;

экскаватор жолдарын жылжыту кезінде өздігінен жүретін жол қозғағыш машинасының, дизельдің, компрессордың, көтеру және бұру құрылғысының жұмысын, өлшеу құралдарының көрсеткіштерін қадағалау;

өздігінен жүретін жол қозғағыш зарядтау кезінде рельстердің рельс ұстауышпен дұрыс қамтылуын, және жол қозғағыш разрядтау кезінде рельс ұстауыштың тістемеден шығуын қадағалау;

контакті желісі мен экскаваторлардың жоғары вольтті кабельдерін қоректендірушілердің жай-күйін қадағалау;

жол қозғағыш механизмдерін жарамды жағдайда ұстау; жанар-жағармай материалдарын құю;

жолды тегістеу; қызмет көрсететін жабдықтың жұмысындағы ақауларды анықтау және жою;

дизель қозғағышын күрделі жөндеуге қатысу.

119. Білуге тиіс:

қызмет көрсететін жабдықтың және оның тораптарының: электр қозғағыштың, дизельдің, генератордың, компрессордың, жүру механизмі айлабұйымының, ролик ұшының, көтеру және бұру механизмдерінің, шығырдың құрылымын, нысанын және техникалық сипаттамасын, басқару сызбасын; пневматикалық жүйе құбырларының жалпы сызбасын;

сақтандыру клапандарын реттеу ережесі мен тәсілдерін; электротехника негіздерін; жол қозғағыштың электр сызбасын; қолданылатын өлшеу құралдарының, қосуды реттеу аппаратурасының, автоматика элементтерінің, қорғаныш пен электр жабдығы блокіровкасының жұмыс принципін; кен жұмыстарын жүргізу паспортының мазмұны мен оны толтыру тәртібін;

6-жолақты экскаватор жолдарының және контакті желісінің құрылымын.

Ескертпе.

Жол қозғағыш машинистерінің көмекшілері өздері бірге жұмыс істейтін жол қозғағыш машинистерінен бір разрядқа төмен тарифтеледі.

34. Еріту қондырғысының машинисі

Параграф 1. Еріту қондырғысының машинисі, 2-разряд

120. Жұмыс сипаттамасы:

кенді, көмірді және басқа да сусыма материалдарды газбен және бумен еріту қондырғыларда еріту процесін анағұрлым жоғары білікті еріту қондырғысы машинисінің басшылығымен жүргізу;

жүктерді қыздыруға қойған кезде пештердің немесе бу қондырғыларының оттықтарын қосу;

подшипниктердің, желдеткіштердің және еріту секцияларындағы температураның салқындауын реттеу;

суландыру жүйесін орнату; жүктерді қыздыруға қабылдау және қою, оларды ерігеннен кейін беру;

секция қақпаларының толық жабылуын қадағалау.

121. Білуге тиіс:

газбен және бумен еріту қондырғыларының және олардың жабдықтарының жұмыс принципін;

еріту қондырғыларында пайдаланылатын газдардың түрлері мен қасиеттерін.

Параграф 2. Еріту қондырғысының машинисі, 3-разряд

122. Жұмыс сипаттамасы:

кенді, көмірді және басқа да сусыма материалдарды газбен және бумен еріту қондырғыларда еріту процесін жүргізу;

пештің қызуын, температураны, электр қозғағыштардың дұрыс қосылуын және желдеткіш жұмысын, пештердегі газдың қысымын, газ жаппалары мен дроссельдерін, бу құбырының жай-күйін, вентильдерді, резина шлангілерді, пикті және будың қысымын бақылау.

газдың, будың, судың берілуін реттеу;

газ пештері мен дар қондырғыларының жарамды жағдайы мен үздіксіз жұмысын тексеру және қамтамасыз ету;

қызмет көрсететін жабдықтың жұмысындағы ақауларды анықтау және жою;

123. Білуге тиіс:

ерітуші қондырғылар мен пештердің, сумен салқындату желдеткіштерінің құрылымын; газды пайдалану және қалыпты жағдайлар мен газды ортада еріту жұмыстарын жүргізу ережесін; газ құбырына және жағы бөлімшесін газ беруді қосу мен тоқтату ережесін; газ, бу және су коммуникациясын.

35. Реактивті қондырғы машинисі

Параграф 1. Реактивті қондырғы машинисі, 5-разряд

124. Жұмыс сипаттамасы:

теміржол платформасында, тракторда құрастырылған реактивті қондырғыны басқару;

жолдарды, думпкаларды, ленталы транспортерлер мен басқа да механизмдерді қатып қалған мұздан, қардан, кеннен, көмірден тазарту;

реактивті қондырғының жұмысын қадағалау, қозғағыштың, автоматика мен отын аппаратурасы аспаптарының жұмысын режимін реттеу; реактивті қондырғыға ұсақ жөндеу жүргізу;

реактивті қозғағышты, турбина компрессорын және басқа да аспалы агрегаттарды ауыстыру және оларды баптау.

125. Білуге тиіс:

реактивті қондырғыны құрылымын; реактивті қозғағыштың жұмыс принципін; жанар және жағармайлардың қасиеттерін, олардың жұмсалу нормаларын, реактивті қозғағыштың жұмыс режимін;

қыс жағдайында автомобильдердің қозғағыштарын қыздыруға арналған стационарлық реактивті қондырғыға қызмет көрсету кезінде- 4-разряд.

36. Өздігінен жүретін кабель жылжытқыш машинисі

Параграф 1. Өздігінен жүретін кабель жылжытқыш машинисі, 3-разряд

126. Жұмыс сипаттамасы:

экскаваторларға, үйінді жасаушыға энергия қорегін беретін икемді жоғары вольтті кабельді механикалық төсеу кезінде қозғағышының қуаты 44,2 кВт (60 ат күші) дейінгі өздігінен жүретін кабель жылжытқышты басқару; кабельдің дұрыс оралуын бақылау;

басты және қосалқы барабандағы кабельдің тұтастығын тексеру;

өлшеу құралдарының көрсеткіштерін, қозғағыштар мен тежегіш құрылғыларының бекітпесін қадағалау;

өздігінен жүретін кабель жылжытқыштың жүрісін сынап көру; жерге қосу мен күштік кабельдің желіге қосылуын тексеру;

механизмдердің, генератордың, кабельді арбашаның электр жабдығының жұмысын қадағалау; жылжу трассасын анықтау;

дизель-электр қондырғысына жанар және жағармай құю және қарау; дизельді іске қосу және оның жұмысын басқару;

іс-қимылдың экскаватор, үйінді жасаушы машинистерімен үйлесімділігін қамтамасыз ету;

өздігінен жүретін кабель жылжытқышты жарамды жағдайда ұстау, оның жұмысындағы ақауларды анықтау және жою;

ағымдық жөндеу, басқа да жөндеу түрлеріне қатысу және қызмет көрсететін жабдықты жөндеу ведомосын жасау; белгіленген құжаттаманы жүргізу;

127. Білуге тиіс:

қызмет көрсететін жабдықты, оның қозғағыштарының, трансформаторларының құрылымын, басқару жүйесін, техникалық сипаттамаларын; жанар және жағармай материалдарының маркасы мен жұмсау нормаларын; ашық кен және жол жұмыстары өндірісі туралы негізгі деректерді;

қызмет көрсететін жабдықты жөндеу ведомосын жасау ережесін; іштен жану қозғағыштарының майлау, қоректендіру және салқындату жүйелерін; электр жабдығының жұмыс принципін; күштік кабельді электр желісіне қосу ережесін; өлшеу құралдарының нысанын және жұмыс принципін; техникалық құжаттаманы жүргізу ережесін;

өздігінен жүретін кабель жылжытқыштың жұмысындағы ақаулардың пайда болу себептерін және оларды жою тәсілдерін; қызмет көрсететін жабдықты жөндеу түрлерін; электротехника негіздерін; электр слесарь ісін.

Қозғағышының қуаты 44,2 квт-тан 73,6 квт-қа (60-тан 100 ат күші) дейін өздігінен жүретін кабель жылжытқышты басқару кезінде - 4-разряд;

Қозғағышының қуаты 73,6 квт-тан дейін (100-ден 200 дейін ат күші) өздігінен жүретін кабель жылжытқышты басқару кезінде - 5-разряд;

Қозғағышының қуаты 147,2 квт-тан артық (200 ат күші) өздігінен жүретін кабель жылжытқышты басқару кезінде - 6-разряд.

37. Скрепер машинисі

Параграф 1. Скрепер машинисі, 3-разряд

128. Жұмыс сипаттамасы:

ашық кен жұмыстарында, карьердегі автомобиль жолдары құрылысында және кен массасын қоймалау орындарында кен массасын, топырақты әзірлеу, жылжыту және қоймалау кезінде қозғағышының қуаты 44,2 квт дейінгі (60 ат күші) тіркемелі және өздігінен жүретін скреперді басқару;

забойдың техникалық дұрыс әзірленуін және скрепердің тиімді пайдаланылуын қамтамасыз ету;

топырақты жұмысталған кеңістікке және үйіндіге үю; тягачтарды қарау және жанар, жағармай материалдарын құю;

қолданылатын өлшеу құралдарын, арқандардың, блоктардың, буксирлердің беріктігін, тораптар мен тежегіш құралдарының бекітілуін қадағалау; қажалатын бөліктер мен бөлшектерді майлау; тягачты, тіркемелі немесе аспалы жабдықты жөндеудің барлық түлеріне қатысу; қызмет көрсететін жабдықты қарау және жөндеу журналын жүргізу; жөндеуге ақау ведомосын жасау.

129. Білуге тиіс:

тягачтардың, тіркемелі немесе аспалы жабдықтың, қозғағыштардың, қолданылатын айлабұйымдардың құрылымын және техникалық сипаттамаларын;

скреперлерді басқару жүйесін; жол түрлі сыныптағы топырақты әртүрлі тереңдікте өңдеу кезіндегі қозғалысын, әзірлеу және орнын ауыстыру ережесін;

ашық кен жұмыстары өндірісі туралы негізгі деректерді; кен жыныстарының қасиеттерін; қызмет көрсететін жабдықтың түсіру және көтерудің жол берілетін бұрыштарын;

іштен жану қозғағыштарының майлау, қоректендіру және салқындату жүйелерін; қызмет көрсететін жабдықты жөндеу ведомосын толтыру ережесін.

Қозғағышының қуаты 44,2 квт-тан 73,6 квт-қа (60-тан 100 ат күші) дейін өздігінен жүретін скреперлерді басқару кезінде - 4-разряд;

Қозғағышының қуаты 73,6 квт-тан 147,2 квт дейін (100-ден 200 дейін ат күші) өздігінен жүретін скреперлерді басқару және шашыраңқы кен орындарында ашу және өндіру жұмыстарын қозғағышының қуаты 147,2 квт дейін (100-ден 200 дейін ат күші) өздігінен жүретін скреперлермен жүргізу кезінде - 5-разряд;

Қозғағышының қуаты 147,2 квт-тан 279,7 квт-ға дейінгі (200-ден 350 ат күші дейін) өздігінен жүретін скреперлерді басқару кезінде - 6-разряд;

Қозғағышының қуаты 279,7 квт-тан артық (350 ат күші Дейін) өздігінен жүретін скреперлерді басқару кезінде - 7-разряд.

Ескертпе.

Автомобиль және теміржолдарды, суландыру және кеме жүзу арналарын, бөгеттерді, қоршама топырақ дамбаларын, ғимараттар мен имараттар астының қазаншұңқырларын, электр беру желілері және контакті желісі тіреулерін, жерасты коммуникациялары траншеяларын, су ағызу кюветтерін, тау үстіндегі және банкеттің сыртындағы арналарды, кен қазбаларын жерасты тәсілімен проходкалау күрделі бойынша ұқсас ғимараттар құрылысы кезінде резерв оймалары мен үйінділерін, кавальерлер мен банкеттерді әзірлеу және жоспарлау жөніндегі жұмыстар БТБА, 3 шығарылым, "Құрылыс, монтаж және жөндеу-құрылыс жұмыстары" бөлімі бойынша тарифтеледі.

38. Скреперлік шығыр машинисі

Параграф 1. Скреперлік шығыр машинисі, 3-разряд

130. Жұмыс сипаттамасы:

забойдан тыс аймақта кен массасын скреперлеу кезінде, челнокты-қайта жабу құрылғыларымен жабдықталған қуаты 55 квт дейінгі скрепер шығырларын және қуаты 38 квт дейінгі скрепер шығырларын басқару;

байыту қалдықтары мен жуу аспабынан малтатастардың сынықтарын скреперлеу;

жабынды жынысты алғаннан кейін пайдалы қазба қабатының шатырын тазалау және тегістеу;

қайлалау және ірі кесектерді ұсату; кен массасын скрепер жолына лақтыру; шығырды бекіту;

блоктарды бекіту және қайта ілу, жерге қосуды тексеру, арқанды жалғау және ауыстыру; қызмет көрсететін жабдықты монтаждауға, бөлшектеуге, орнын ауыстыруға және жөндеуге қатысу.

131. Білуге тиіс:

скрепер шығырларының құрылымын, үлгілерін және техникалық сипаттамаларын; тежегіш, сақтандыру құрылғылары мен қосу аппаратурасының жұмыс принципін, олардың нысанын және пайдалану ережесін;

тіркемелі құрылғылар мен арқандардың құрылымын, арқанды бекітутәсілдерін және олардың ұзындығын реттеу ережесін; арқандарға қойылатын талаптарды; түрлі жағдайларда скреперлеу тәсілдерін;

скрепер шығырларын жерге қосу ережесін; қызмет көрсететін учаскедегі тау кен жынысының орналасуын; пайдалы қызбаны жыныстан ерекшелейтін белгілерді;

қызмет көрсететін жабдықты монтаждау, бөлшектеу, орнын ауыстыру және жөндеу тәртібін; қозғағыштың жұмыс принципін; жер үстін сызбалар мен эскиздер бойынша жоспарлау ережесін;

электротехника негіздерін; майлау материалдарының сұрыптары мен қасиеттерін.

Челнокты-қайта жабу құрылғыларымен жабдықталған, қуаты 55 квт-тан 100 квт-дейінгі скрепер шығырларын және қуаты 38 квт және одан жоғары скрепер шығырларын басқару кезінде, забойдан тыс аймақта кен массасын скреперлеу кезінде - 4-разряд;

Кен массасын забойда скреперлеу кезінде, қуаты 100 квт-тан жоғары скрепер шығырларын басқару кезінде; доғалықтардағы кептемелер мен кен қатпаларын жою және шойтастарды жару заттарының көмегімен ұсақтау кезінде және жару жұмыстарына құқық беретін құжаты болған кезде- 5-разряд.

39. Гидросалманы араластыру қондырғысының машинисі

Параграф 1. Гидросалманы араластыру қондырғысының машинисі, 3-разряд

132. Жұмыс сипаттамасы:

гидросалманы араластыру қондырғысының жұмысын технологиялық режимге сәйкес қадағалау;

пульпаның берілуін реттеу;

араластырғыштарды қосу және тоқтату;

гидросалманы араластыру қондырғысының жұмысындағы, тораптар мен бөлшектерді бөлшектеуді талап етпейтін ақауларын анықтау және жою.

133. Білуге тиіс:

гидросалманы араластыру қондырғысы мен пульпажинауыштардың құрылымын, техникалық сипаттамасын және жұмыс режимін;

гидросалманы араластыру қондырғысы жұмысын басқару ережесін және реттеу тәсілдерін;

қызмет көрсететін жабдықтың жұмысындағы ақауларды анықтау және жою тәсілдерін; электротехника негіздерін; электр слесарь ісін.

40. Көлік құралдарын өңдеу қондырғысының машинисі

Параграф 1. Көлік құралдарын өңдеу қондырғысының машинисі, 3-разряд

134. Жұмыс сипаттамасы:

көлік құралдарының ішкі қабаты мен тауар өнімін оларды тасымалдау кезінде бірге қатудан және жабысудан сақтайтын заттармен: тұз ерітіндісімен, ниогринмен, кос-пен, шлакпен, әкпен, креозотпен, флотореагенттермен, ағаш ұнтағымен, майлау және басқа да заттармен өңдеу кезінде әктеуішті, тұз қайнатқышты, шлак беруші, майландырушы, бүркуші қондырғыларды басқару;

насосстарды, конвейерлерді, скрепер шығырлары мен басқа да механизмдерді басқару;

тұз ерітіндісінің әзірлеу және берілген тығыздығын сақтау; алдын алу заттарының көлік құралдарына берілуін реттеу; жұмыс орны шегіндегі теміржол және автокөлік жолдары габариттерін тазарту; қызмет көрсететін жабдықтың жұмысындағы ақауларды анықтау және жою; қондырғының бөлшектері мен тораптарын тазалау және майлау.

135. Білуге тиіс:

қызмет көрсететін жабдықтың құрылымын және техникалық пайдалану ережесін; жол құралдарын, кен массасы мен тауар өнімдерін өңдеу жөніндегі нұсқаулықты;

бірге қатудан және жабысудан сақтайтын заттардың физикалық қасиеттерін, оларды жұмсау нормаларын; ерітінділердің тығыздығын анықтау тәсілдерін;

отыны жағу және алдын алу заттарымен жұмыс ережесін; электр слесарь ісі негіздерін.

Көлік құралдары мен тауар өнімдерін бірге қатудан және жабысудан сақтайтын заттармен өңдеу жөніндегі жұмыстарды көлік құралдарын өңдеу жөніндегі анағұрлым жоғары білікті машинистің басшылығымен орындау кезінде - 2-разряд.

41. Кен массасының шойтастарын бұзу қондырғысының машинисі

Параграф 1. Кен массасының шойтастарын бұзу қондырғысының машинисі, 4-разряд

136. Жұмыс сипаттамасы:

кен массасының шойтастарын бұзу қондырғысын кен массасының шойтастарын бұзу қондырғысының анағұрлым жоғары білікті машинисінің басшылығымен басқару;

кеннің шойтас кесектерін өнеркәсіптік жиіліктегі токпен немесе құлайтын жүкпен бұзу процесін жүргізу;

қолданылатын құрал мен айлабұйымдарды жұмыс орнына жеткізу, штангілерді жұмысқа дайындау, жерге қосуды тексеру, электр кабелін қайта жалғау, электр желісіне қосу;

шойтастарды бұзу орнын күзетуді қамтамасыз ету, белгі беру;

қызмет көрсететін жабдықты қарау, тазалау және майлау;

кен массасының шойтастарын бұзу қондырғысын жөндеуге және орнын ауыстыруға қатысу; техникалық құжаттаманы жүргізу.

137. Білуге тиіс:

қызмет көрсететін жабдықтың құрылымын, пайдалану және қондырғының жоғары вольтті жабдықтарын және күштік трансформаторларды баптау ережесін ; забойлардың орналасуын;

кен массасы мен шойтастарды бұзу жұмыстары өндірісінің орнын қоршау тәртібін.

Параграф 2. Кен массасының шойтастарын бұзу қондырғысының машинисі, 5-разряд

138. Жұмыс сипаттамасы:

кен массасының шойтастарын бұзу қондырғысын басқару; кеннің шойтас кесектерін өнеркәсіптік жиіліктегі токпен немесе құлайтын жүкпен бұзу процесін жүргізу;

теміржол вагондарында және тағы басқа жыныстарды, шойтастарды, темірбетонды, қатып қалған көмір мен сусыма материалдарды бұзу кезінде кесектассоққыны және жару генераторы қондырғысын басқару;

жару генераторы қондырғысын жұмысқа дайындау, сыйымдылықтарға компоненттерді толтыру, қызмет көрсететін қондырғыны забойда орнын ауыстыру;

кен жыныстарының беріктігі мен кен массасы шойтастарының сипатына қарай қызмет көрсететін қондырғының жұмыс режимін таңдау;

штангі электродтарына кернеу беру және қажет болған кезде оны түсіру;

жоғары вольтті жабдықтың контактілері мен изоляторларын, блоктар құрылғыларының жерге қосылу дұрыстығын, күштік трансформатордағы майдың деңгейін қадағалау;

қызмет көрсететін жабдықты жөндеуге және оған техникалық қызмет көрсетуге: қарау, тазалау және майлауға, жанар-жағармай материалдарын құюға қатысу.

139. Білуге тиіс:

кен массасының шойтастарын бұзу қондырғылары түрлі үлгілерінің құрылымын;

жару генераторы қондырғысының жұмыс принципі мен режимін, оның жұмысында қолданылатын компоненттердің физикалық-химиялық қасиеттерін;

электродтарды кен массасы шойтастарына оңтайлы орналастыру сызбасын; қолданылатын бақылау-өлшеу құралының құрылымын; кен жыныстарының қасиеттері мен беріктігін; электр техникасы негіздерін.

42. Экскаватор машинисі

Параграф 1. Экскаватор машинисі, 4-разряд

140. Жұмыс сипаттамасы:

ашу, өндіру, қайта экскаваторлау, тазарту, үю және тиеу-түсіру жұмыстары өндірісі кезінде шөмішінің сыйымдылығы 0,40 м³ дейінгі бір шөмішті экскаваторды басқару;

кен массасы мен топырақты өңдеу; қоймалардағы отын мен түрлі материалдарды көлік құралдарына, үйінділерге тасып төгу;

кен массасы мен топырақты карьер ернеуіне немесе үйіндіге ауыстыру; забойды, еңістің үстіңгі және төменгі алаңдарын жоспарлау; жұмыс процесінде экскаватордың орнын ауыстыру;

жүру механизмдерін реттеу;

кен массасын автомобильмен тасымалдау кезінде аралық теміржол қоймаларындағы қойма бұрышын қажетті шамаға дейін еңістеу, соңғы контур бойынша еңістеу жұмысы өндірісі, дренажды арнаны әзірлеу;

шұңқыр жанындағы шойтасты тазалау;

забойдың техникалық дұрыс әзірленуін және экскаватордың тиімді пайдаланылуын қамтамасыз ету;

топырақты қабаттап әзірлеу; кен массасын сұрып бойынша алуды қамтамасыз ету;

пайдалы қазба мен жыныстарды теміржол составтарына, думпкарларға, платформаға, автомашина мен бункерге тиеу;

кен жынысын жұмысталған кеңістікте және үйіндіде үю; забойды селективті әзірлеу өндірісі;

экскаватор трассасын профильдеу; көлік құралдары мен теміржолдарды кеннен тазарту; жерге қосуды тексеру және күштік кабельді желіне қосу; бу экскаваторының экипировкалау;

экскаваторға жанар және жағармай материалдарын, су құю; өлшеу құралдарының көрсеткіштерін және арқандардың беріктігін, қозғағыш бекітпелерін, тежегіш құрылғыларын қадағалау; жүру механизмдерін сынап көру; шөмішті жабысқан топырақтан тазарту;

экскаватор астына төсем щиттерін салу; белгіленген құжаттаманы жүргізу; профилактикалық қарау және экскаваторды жөндеуге қатысу; арнақазғышты

басқару; экскаватордың ауысымдық аспалы жабдығына қызмет көрсету (тиеу құрылғысына, кабель жылжитқышқа және тағы басқа); экскаваторларды жөндеу кезінде ілмектеу және такелаж жұмыстарын орындау.

141. Білуге тиіс:

қызмет көрсететін экскаваторлардың құрылымын, техникалық сипаттамасын; экскаватордың механикалық, гидравликалық және электр жабдықтарының жұмыс принципін; экскаватор жұмысының оңтайлы режимін және көсіп алу жолдарын;

ауыр және жеңіл топырақты әзірлеу кезінде экскаватор механизмдерін басқару жолдарын; кен массасы мен топырақты үстіңгі қабатта, забойдағы жерасты жағдайларында әзірлеу ережесін;

пайдалы қазбалардың сұрыптары бойынша ерекшеліктерін; дала жағдайларында және көлденеңдік жерлерде жүру ережесін; терең забойларда топырақты қуатты экскаватормен әзірлеу ерекшеліктерін;

ашық кен жұмыстарын жүргізу туралы негізгі деректерді және учаскенің (разрездің) тау-геологиялық сипаттамасын; көшкін құбылыстарының белгілерін; әзірленетін жыныстың физикалық-механикалық қасиеттерін және пайдалы қазбаның жыныстан ерекшелігін; төбешіктерді, забой линиясын әзірлеу мен жүргізу ережесін; әзірлеу жүйесі мен жағдайларына қарай түрлі экскавациялау тәсілдерін қолдану әдістерін; экскаваторды электр желісіне қосу ережесін;

қолданылатын өлшеу құралдары мен автоматты құрылғылардың жұмыс принципі мен нысанын; ауысымдық аспалы жабдықпен жұмыс ерекшеліктерін; кен массасы мен топырақты теміржол составтарына, думпкаларға, автомашиналар мен конвейер линияларындағы бункер люктеріне тиеу ережесін; тасымал, құбыр төсеу жұмыстары өндірісі ережесін; белгіленген құжаттаманы жүргізу ережесін; экскаватор жұмысында ақаулардың пайда болу себептерін және оларды жою тәсілдерін;

экскаваторды жөндеу, монтаждау және бөлшектеу түрлерін; экскаваторды тез тозатын бөлшектері мен тораптарының құрылымын, оларды ауыстыру тәртібін; электротехника, автоматика, электр- телебасқару негіздерін; негізгі жұмысты орындайтын экскаватор машинисінен бір разряд төмен тарифтелетін электр слесарь (слесарь) білімі көлеміндегі электр слесарь ісін; пісіру, такелаж және ілмектеу жұмыстары технологиясын.

Шөмішінің сыйымдылығы 0,4-тен 2,5 м³- дейінгі бір шөмішті экскаваторды немесе шөмішінің сыйымдылығы 2,0 м³ кем ұзартылған жабдығы бар (тік күректі) экскаваторды, немесе теоретикалық өнімділігі 1000 м³/с дейінгі көп шөмішті шынжырлы және роторлы экскаваторды басқару кезінде - 5-разряд;

Шөмішінің сыйымдылығы 2,5-тен 4,6 м³- дейінгі бір шөмішті экскаваторды немесе шөмішінің сыйымдылығы 2,0-тен 4,0 м³ дейінгі ұзартылған жабдығы бар (тік күректі) экскаваторды, немесе теоретикалық өнімділігі 1000-нан 2500 м³/с дейінгі көп шөмішті шынжырлы және роторлы экскаваторды, немесе кен массасын селективті алуға арналған арнаулы конструкциялы көп шөмішті экскаваторды, немесе барабанды-орталап тиеу машинасын немесе роторлы үлгідегі штабельдеуші-заборлы машинаны басқару кезінде - 6-разряд;

Шөмішінің сыйымдылығы 4,6-тен 10,0 м³- дейінгі бір шөмішті экскаваторды немесе шөмішінің сыйымдылығы 4,0 м³ жоғары ұзартылған жабдығы бар (тік күректі) экскаваторды, немесе теоретикалық өнімділігі 2500-нан 4500 м³/с дейінгі көп шөмішті шынжырлы және роторлы экскаваторды басқару кезінде - 7-разряд;

Шөмішінің сыйымдылығы 4,6-тен 10,0 м³- дейінгі бір шөмішті экскаваторды немесе теоретикалық өнімділігі 4500 м³/с жоғары және одан да жоғары көп шөмішті шынжырлы және роторлы экскаваторды басқару кезінде - 8-разряд.

Ескертпе.

1. Экскаватор шөмішінің сыйымдылығы стандартты шөміш сыйымдылығы бойынша алынды.

2. Автомобиль және теміржолдарды, суландыру және кеме жүзу арналарын, бөгеттерді, қоршама топырақ дамбаларын, ғимараттар мен имараттар астының қазаншұңқырларын, электр беру желілері және контакті желісі тіреулерін, жерасты коммуникациялары траншеяларын, су ағызу кюветтерін, тау үстіндегі және банкеттің сыртындағы арналарды, кен қазбаларын жерасты тәсілімен проходкалау күрделі бойынша ұқсас ғимараттар құрылысы кезінде резерв оймалары мен үйінділерін, кавальерлер мен банкеттерді әзірлеу және жоспарлау жөніндегі жұмыстар БТБА, 3 шығарылым, "Құрылыс, монтаж және жөндеу-құрылыс жұмыстары" бөлімі бойынша тарифтеледі.

3. Экскаватор машинисінің тарифтік-біліктілік сипаттамасында көзделген жұмыстардың барлық кешенін игерген экскаватор машинисінің көмекшілері өздері бірге жұмыс істейтін экскаватор машинисінен бір разрядқа төмен, және егер олар жұмыстың барлық кешенін игермеген болса, екі разрядқа төмен тарифтеледі.

4. Адымдауыш немесе роторлы экскаваторды басқару кезінде экскаватор машинисіне орта кәсіптік білім талап етіледі.

43. Шахта электровозының машинисі

Параграф 1. Шахта электровозының машинисі, 3-разряд

142. Жұмыс сипаттамасы:

тиелген және бос составтарды әкету кезінде электровоздарды, тіркеме салмағы 10 т дейінгі гидровоздарды, тіркеме салмағына қарамастан дизелевоздарды басқару;

жол профилі мен составтың салмағына қарай шахта электровозының жүру жылдамдығын реттеу;

составтарды қалыптастыру және тиеу-ауыстыру пункттері мен эстакадаларда маневр жұмыстарын орындау;

вагондарды тиеу және түсіру орындарына қою; жүктерді әкету, бос вагондарды әкелу;

адамдарды жұмыс орнына және кері қарай жеткізу; вагондарды тіркеу және ағыту;

рельстен шығып кеткен электровоздар мен вагондарды көтеру және қою;

кен массасын люк-дозатордан тиеу және қотарғышта босату кезінде электровозды қашықтықтан басқару;

жолдағы стрелкаларды бұру;

тиеу және түсіру пункттерінің желдету есіктерін, итергіштерін, шығырлары мен басқа да механизмдерін басқару;

қазаншұңқыр мен қотарғыш төсемін тазарту;

электровоздарды экипировкалау және құмдауыштарға май құю; аккумулятор жәшігін бекіту және аккумулятор батареяларын ауыстыруға қатысу; гидровозды энергия жүйесінен зарядтау;

өлшеу құралдарының көрсеткіштерін қадағалау;

басқару механизмін және жүру бөлшектерін қарау әрі сынап көру;

қызмет көрсететін жабдық жұмысындағы ақауларды жою.

143. Білуге тиіс:

электровоздардың, гидровоздардың, дизелевоздардың құрылымын, техникалық сипаттамасын; поездардың жүру кестесін және жүк және адамдары бар составтардың қозғалыс ережесін;

жол профилін және оның жай-күйін, қызмет көрсететін учаскедегі жол белгілерін түрлі жұмыс жағдайы кезіндегі электровоздардың, гидровоздардың, дизелевоздардың тарту сипаттамаларын; темір жолдардың, коммутация мен энергиямен қоректендіру сызбасын; тежегіш құрылғыларының жүйесін;

стрелка бұрмасының, вагондарды автотежеуге арналған компрессорлардың құрылымын; вагондарды тіркеу және ағыту ережесін; рельстен шығып кеткен электровоздар мен вагондарды көтеру үшін қолданылатын тәсілдер мен айлабұйымдарды; аккумулятор батареяларының құрылымын, оларды зарядтау және баптау ережесін; зарядтау камералары жабдығын; жерге қосу ережесін

және контакті желісін ілу тәсілдерін; белгілердің, белгі беру құралдарының, орталау және блокировкалау нысанын; тоқты өзгерту тәсілдерін; контакті желісін қоректендіруді;

диспетчерлік қызмет сызбасын; эрасты кен қазбаларының орналасуы мен нысанын; қызмет көрсететін машинаны қабылдау және әрі сынап тәртібін; майлау жүйелерін және қолданылатын жанар-жағармай материалдарын; электротехника негіздері мен слесарь ісін; қызмет көрсететін жабдықтың жұмысындағы ақауларды жою тәртібін.

Тіркеме салмағы 10-нан 25 т дейінгі гидровоздарды басқару кезінде - 4-разряд;

Тіркеме салмағы 25 т және одан жоғары электровоздарды басқару кезінде – 5-разряд.

44. Желдеткіш қондырғысының моторшысы

Параграф 1. Желдеткіш қондырғысының моторшысы, 1-разряд

144. Жұмыс сипаттамасы:

кен қазбаларын желдету кезінде өнімділігі 5000 м³/мин дейінгі желдеткіш қондырғыларын басқару (оның ішінде бас желдету желдеткіштері жұмысын қашықтықтан қамтамасыз ету).

бақылау-өлшеу құралдарының көрсеткіштерін, реверстеуші құрылғылардың, электр қозғағыштардың, қосу аппаратурасының жай-күйін қадағалау;

желдету ағынын реверстеу;

желдеткіштерді қосу және тоқтату;

желдеткішті, реверстеуші құрылғыларды, қосу аппаратурасын, жұмыс істейтін және резервтегі қондырғылардың ременді және редукторлы өткізбелерін қарау;

подшипниктер мен редукторларды майлау;

қосу муфттарының ремендері мен саусақтарын қадағалау;

желдету жұмыстары есебінің журналын жүргізу;

калорифер қондырғысына қызмет көрсету.

құбырлардың, кен қазбасы оқпаны сағасы аражабынының тығыздығын тексеру.

145. Білуге тиіс:

желдеткіш қондырғысының электр қозғағышының, қосу аппаратурасының, бақылау-өлшеу құралдарының нысанын, жұмыс принципі мен құрылымын;

аварияларды болдырмау және жою жоспарына сәйкес желдеткіш қондырғысы жұмыс режимін; желдеткіш қондырғысын майлау сызбасын және қолданылатын майлау материалдарының қасиеттерін; желдеткіш қондырғысын реверстеу сызбасын және тәсілдерін.

Өнімділігі 5000-нан 20000 м³/мин дейінгі желдеткіш қондырғыларына қызмет көрсету кезінде - 2-разряд;

Өнімділігі 20000 /мин жоғары желдеткіш қондырғыларына қызмет көрсету кезінде - 3-разряд.

45. Кен қазбаларын шабақтаушы

Параграф 1. Кен қазбаларын шабақтаушы, 3-й разряд

146. Жұмыс сипаттамасы:

жару жұмысы өндірісінен кейін кен қазбаларының, борттарының, керпештерінің траншеяларының жай-күйін, жүру бөлімшелерімен жабдықталған тік кен қазбаларын қарау;

еңіс бұрышы 55⁰ кен қазбаларының бүйірлері мен шатырын ілініп қалған тастар мен кен кесектерінен перфоратордың, уату балғасы мен арнаулы құралдың көмегімен шабақтау;

қазба габариттерінен кен массасын жинау;

қада қағу, оларға сақтандыру арқандарын бекіту;

камералардың жоғарғы кертпешінен ірі кен кесектерін бөлшектеу және түсіру

;

уақытша бекітпе орнату;

кен қазбалары бекітпелерінің жай-күйін қадағалау;

қызмет көрсететін жабдық жұмысындағы ұсақ ақауларды анықтау және жою.

147. Білуге тиіс:

жұмыста қолданылатын перфоратордың, уату балғасы мен арнаулы айлабұйымдар мен құралдың құрылымын, олармен жұмыс істеу ережесін; массивтегі және бұзылған жағдайдағы кен қазбасының негізгі қасиеттерін; кертпештер мен траншеялардың жол берілетін еңіс бұрыштарын; қызмет көрсететін учаскеде кен қазбаларын шабақтау жөніндегі жұмысты қауіпсіз жүргізу ережесін, тәсілдері мен жолдарын; арқан бекітпесін тексеру тәсілдерін.

Еңіс бұрышы 55⁰ артық кен қазбаларының бүйірлері мен шатырын ілініп қалған тастар мен кен кесектерінен арнаулы құралды, сақтандыру белбеуін және басқа да арнаулы айлабұйымдарды қолдана отырып шабақтау кезінде - 4-разряд;

Қолданыстағы магистральді теміржолдар мен тоннельдерге жақын жерде кен қазбасын құлатумен байланысты жару жұмыстары өндірісінен кейін кен қазбаларын шабақтау кезінде - 5-разряд.

46. Пайдалы қазбаны геофизикалық сынамалау операторы

Параграф 1. Пайдалы қазбаны геофизикалық сынамалау

операторы, 4-разряд

148. Жұмыс сипаттамасы:

кенді жерасты кен қазбалары мен карьерлері қабырғасында және забойларында, ұңғымалар мен шпурларда, көлік сыйымдылықтарында, үймелерде, транспортер ленталарында және тағы басқа;

сынамалау және оларда металдың болуын анықтау процесін ядролық-геофизикалық аппаратураны қолдана отырып, рентгенорадиометриялық, нейтронды және гамма- әдістерімен пайдалы қазбаны геофизикалық сынамалау жөніндегі анағұрлым білікті оператордың басшылығымен жүргізу;

ұнтақ және ірі жарма сынамаларда өлшеу;

қызмет көрсететін аппаратураны жұмысқа дайындау: аспаптарды сызбаларға қосу, анализатордың немесе спектрометр көмегімен қайталама спектрді өлшеу, спектрлерді графикалық құру, таңдаулы жұмыс режимдерін белгілеу, жұмыс тұрақтылығын тексеру;

жасанды қоспалар мен кен үлгілерін дайындау;

қызмет көрсететін аппаратураны құру үшін эталонды полигон дайындау; өлшеу нүктесіне датчикті орнату; штангілер мен шығырлардың көмегімен забой оқпанына ұңғыма снарядтарын беру және оларды алу; техникалық құжаттаманы жүргізу;

күрделі емес есептерді орындау; қызмет көрсететін жабдықтың механикалық бөлігін профилактикалық қарау және оның жұмысындағы ақауларды жою.

149. Білуге тиіс:

кенді ядролық-геофизикалық аппаратураны қолдана отырып түрлі әдістермен сынамалау тәртібін және ережесін;

радиоактивті сәулелер спектрлері мен спектрометриялық әдістер туралы негізгі деректерді; спектрлер құрылымы ережесін;

ядролық-геофизикалық әдістердің физикалық негіздерін; қолданылатын ядролық-геофизикалық аппаратураның жұмыс принципі мен пайдалану ережесін ;

қолданылатын сәуле көздері үлгілерін және олармен жұмыс ережесін; кен жұмыстарын жүргізу негіздерін; кен қазбаларының нысаны мен орналасуын; кен жыныстары сыныптамасын;

жасанды қоспалар мен кен үлгілерін дайындау ережесін; электротехника негіздерін.

Параграф 2. Пайдалы қазбаны геофизикалық сынамалау жөніндегі оператор, 5-разряд

150. Жұмыс сипаттамасы:

кенді жерасты кен қазбалары мен карьерлері қабырғасында және забойларында, ұңғымалар мен шпурларда, көлік сыйымдылықтарында, үймелерде, транспортер ленталарында және тағы басқа;

сынамалау және оларда металдың болуын анықтау процесін ядролық-геофизикалық аппаратураны қолдана отырып, рентгенорадиометриялық, нейтронды және гамма- әдістерімен жүргізу;

радиоизотоп көзі мен есептеуішті датчиктің зондовое құрылғысына орнату; селективтік және дифференциалдық сүзгілерді дайындау;

эталонды полигондарда, жасанды қоспалар мен кен үлгілерінде аппаратураны құру элементтерді спектрлер бойынша сәйкестендіру; қызмет көрсететін жабдықтың жұмыс режимін таңдау;

сынамалар мен табиғи шөгінділердегі элементтер қоспасын анықтау кезіндегі түзетулерді есептеу; берілген алгоритмдер бойынша өлшеу режимін белгілеу;

пайдалы қазбаларды қайта өндіру үшін бағалауға арналған бақылау өлшемдері;

өлшеу нәтижелерін есептеу техникасы көмегімен өңдеу; қызмет көрсететін жабдықты ағымдық жөндеу;

151. Білуге тиіс:

кенді түрлі әдістермен сынамалау тәртібін және ережесін; ядролық физика, радиоэлектроника, жоғары математика негіздерін;

түрлі детектор үлгілерімен спектрометрия сәулелерінің физикалық негіздерін; қолданылатын есептеу техникасының жұмыс принципін; ядролық сәуле спектрлерін интерпретациялау тәсілдерін; селективтік және дифференциалдық сүзгілерді дайындаудың, аппаратураны құрудың ережесі мен тәртібін;

ядролық-геофизикалық аппаратура құрылымын.

47. Төңкеруші

Параграф 1. Төңкеруші, 2-разряд

152. Жұмыс сипаттамасы:

өнімділігі тәулігіне 2000 т дейінгі төңкергішті басқару;

төңкергіштік қажетті шекке дейін бұрылуын қадағалау; тиеулі вагонеткалар мен шәшкелерді төңкергішке беру, оларды бекіту, төңкеру және босағандарын шығару;

тиеулі вагонеткаларды шығырдың көмегімен және қолмен итеріп әкелу және бостарын әкету; вагонеткаларды қолмен төңкеру;

автоматты режимдегі төңкергіш жұмысын қадағалау; тарту шығырын қашықтықтан басқару; тиеулі вагонеткаларды ағыту және оларды бункерлерге беру; вагонеткаларды тіркеу; ірі кен кесектерін бункер торшасында жармалау; бос жыныстар мен бөгде заттарды алу;

жолдар мен бос вагонеткаларды тазалау; төңкергіш жұмысындағы ақауларды анықтау және жою.

153. Білуге тиіс:

төңкергіш құрылымын жұмыс принципін және оны басқару тәсілдерін; қызмет көрсететін учаскенің технологиялық сызбасын; вагонеткаларды төңкергішке бекіту тәсілдерін;

тарту шығыры мен қосу аппаратурасын пайдалану және басқару ережесін; вагонеткалар мен электровоздардың тіркеу құрылғыларының түрлерін; оларды тіркеу және ағыту ережесін;

пайдалы қазба түрлерін;

кен массасын вагонеткадан бункерге түсіру тәсілдерін; жолдар мен кен қазбаларының, стрелкалар мен бұрма айналымдарының бағыты мен орналасуын;

оларды пайдаланудың белгіленген белгілері мен ережесін; майлау режимі мен қолданылатын майлау материалдарының қасиеттерін; қызмет көрсететін жабдық жұмысындағы ақаулардың пайда болу себептерін және оларды жою тәсілдерін; слесарь ісі, электр техникасы негіздерін, жабдықты электр желісіне қосу сызбасын; кен массасын түсіру кезінде тозаңдатпау әдістерін.

Өнімділігі тәулігіне 2000 т және одан жоғары төңкергішті басқару кезінде - 3-разряд.

48. Проходкалаушы

Параграф 1. Проходкалаушы, 5-разряд

154. Жұмыс сипаттамасы:

6-разрядты проходкалаушының тарифтік-біліктілік сипаттамасында көзделген жұмыстардан басқа, жазық, еңісті және тік кен қазбаларында проходкалау жөніндегі жұмыстар кешенін орындау;

шпурлар мен оқпандарды дизельдіден басқа, өздігінен жүретін бұрғылау қондырғыларымен, массасы 35 кг дейінгі (пневмоұстауышпен қоса) перфораторлармен, электр бұрғылармен және пневмобұрғылармен бұрғылау;

өнімділігі сағатына 60 м³ дейінгі аспалы бұрғылау аспапты тиеу машиналарын қолдана отырып кен массасын тиеу және шпурларды бұрғылау жөніндегі жұмыстарды орындау;

көмір және сланец шахталарында – перфораторлар мен өздігінен жүретін бұрғы қондырғыларының барлық үлгілерімен шпурларды бұрғылау;

кен қазбаларын: уату балғаларын, пневмомолдарды қолдана отырып; жару және гидравликалық тәсілмен; қолмен проходкалау; жару жынысын әзірлеу;

кен массасын рудотүсірімге немесе вагонеткаларға скреперлеу;

кен массасын 6-разрядты проходкалаушының тарифтік-біліктілік сипаттамасында көзделген тиеу машиналарынан басқа, тиеу, тиеу-жеткізу машиналарымен және қолмен забой аймағында көлік құралдарына тиеу немесе жынысты жұмысталған кеңістікке лақтыру;

электр және пневматикалық жетекті және дизельді қозғағышты тиеу, тиеу-жеткізу машиналарын, қайта тиегіштерді, гидромониторлардың, скрепер шығырларын, су және арнаулы ерітінділер қабатына сіңіру қондырғыларын, механикаландырылмаған шитті проходкалау кешендері мен жұмыста қолданылатын басқа да машиналар мен механизмдерді басқару және оларға қызмет көрсету;

проходкалау комбайндарын басқаруға қатысу; жазық және еңісті кен қазбаларында;

6-разрядты проходкалаушының тарифтік-біліктілік сипаттамасында көзделген бекітпелерден басқа, барлық бекітпе түрлерін орнату; қиысу алаңының аумағы 20 м²; дейінгі қисық сызықты кен қазбаларында түбингті, блокты және бетонды құрастырмалы бекітпені тұрғызу; қораманы орнату және бөлшектеу, арматураны орнату;

жару жұмыстарынан кейін кен массасын суландыру; уақытша бекітпені бөлектеу және жөндеу;

тұрақты және уақытша рельс жолдарын салу және алу; конвейерлерді, рештактарды, разминовкаларды, құбыр ставтарын құрастыру, бөлшектеу, орнын ауыстыру, ұзарту және қысқарту; тік кен қазбалары мен оқпандарын проходкалау кезінде расстрелдердегі оқпандар мен полкалардағы жүру бөлімшелерін құру;

полкалардың, люлкалардың, тартпа рамаларының орнын ауыстыру және бекіту; тоннельдерге түрлі диаметрдегі құбырларды төсеу, оларды оқпандарға бетондап, жіктерін жаба отырып асу; кессондарда темірбетон шлюз камераларын орнату; проходкалау кешендерін монтаждау және құрастыру; забой жабдығына қызмет көрсету, монтаждау және құрастыруға, жоспарлы алдын ала жөндеуге қатысу;

материалдар мен жабдықты тиеу, түсіру және жеткізу, забой аймағындағы тиеулі және бос вагонеткаларды электровоздың, шығырдың көмегімен немесе қолмен әкету және әкелу; жүргізілетін қазба бекітпесін жөндеу, қазбаны шашылған кен жынысынан тазарту; кен қазбасын құлама бойынша проходкалау;

шурфтарды проходкалау және бекіту; забой жанындағы кен қазбаларын сланецтеу; забой аймағындағы кен жыныстарын полимер материалдарымен бекіту.

155. Білуге тиіс:

кен жыныстарының қасиеттерін және олардың беріктігі бойынша сыныптамасын; кен қазбасын механикаландырылған құралмен және қолмен әзірлеу ережесін және тәсілдерін; жазық, еңісті және тік кен қазбаларында проходкалау жүргізу тәсілдерін;

кен қазбаларының қиысу нысандарын; уақытша және тұрақты бекітпе түрлерін, оларды орнату тәсілдерін; полимер материалдарының түрлері мен қасиеттерін, олармен жұмыс ережесін, қолдану тәсілдерін; арнаулы ерітінділердің қасиеттерін, оларды жасау тәсілдерін;

кен қазбаларында проходкалау кезінде қолданылатын жабдықтардың, машиналар мен механизмдердің құрылымын, оларды пайдалану ережесін; арматураны құрастыру және орнату ережесі мен жолдарын;

әкету жолдарының құрылымын, стрелка бұрмаларын бөлу мен төсеу, жол профилін тексеру тәсілдерін; аспалы жабдық мөлшерін; құбырды төсеу және бекіту тәсілдерін;

бұрғыларды, қаптамаларды қайрау және оларға май құю сапасына қойылатын талаптарды, олардың нысандары мен мөлшерлерін; жару жұмыстарын жүргізу ережесін; материалдар мен жабдықтарды забой аймағында тиеу, түсіру және жеткізу ережесі мен тәсілдерін; қызмет көрсететін жабдық жұмысындағы ақаулардың түрлерін және оларды жою тәсілдерін; электротехника мен металлдар технологиясы негіздерін 3-разрядтағы электр слесары білімінің көлемінде.

Ескертпе.

Проходкалаушының тарифтік-біліктілік сипаттамасында көзделген проходкалау жұмыстарының барлық кешенін игерілмеген болса, проходкашыларды тарифтеу бір разрядқа төмен жүргізіледі.

Параграф 2. Проходкалаушы, 6-разряд

156. Жұмыс сипаттамасы:

тік оқпандарды проходкалау, тереңдету, реконструкциялау, қайта жарактандыру жөніндегі негізгі жұмыстарды орындау: механикаландырылған кешендерді, оқпан проходкалау машиналарын, агрегаттары мен комбайндарын, тиеу машиналары мен агрегаттарын басқару; шпурлар мен оқпандарды бұрғылау, тұрақты бекітпені тұрғызу; негізгі айналманы оның жағдайын маркшейдерлік деңгей бойынша тексере отырып арматуралау, төсеу және тарату; сақтандыру полкалары мен тартпа рамаларын монтаждау және бөлшектеу, шпурлар мен ұңғымаларды зарядтау және жару процесін басқару;

өтпелі кен қазбаларында веер үлгілі және көп бұрышты бекітпені, камераларда және оқпан айналасы албарында, қиысу алаңының аумағы 20 м^2 ;

дейінгі қисық сызықты кен қазбаларында тубингті, блокты және бетонды құрастырмалы бекітпені тұрғызу; шпурлар мен оқпандарды дизельдіден басқа, өздігінен жүретін бұрғылау қондырғыларымен, массасы 35 кг дейінгі (пневмоұстауышпен қоса) перфораторлармен, электр бұрғылармен және пневмобұрғылармен бұрғылау;

өнімділігі сағатына 60 м³ дейінгі аспалы бұрғылау аспапты тиеу машиналарын қолдана отырып кен массасын тиеу және шпурларды бұрғылау жөніндегі жұмыстарды орындау, кен массасын дизельді қозғағышының қуаты 147,2 квт-тан жоғары (200 ат күші артық) тиеу-жеткізу машиналарымен тиеу және тасымалдау, өтпелі кен қазбаларында механикаландырылған проходкалау кешендерін басқару;

көшкінді, карстарда, шашыраңқы құмда проходкалау жұмысын арнаулы бекітпені қолдана отырып орындау; тоннель қаптамасының бірінші тесу сақинасын орнату;

метрополитенде: тұрақты жол құрылысы кезінде кен қазбаларын қозғалысты үзбей реконструкциялау; стрелка бұрмаларын және қиыспа тоғысуларды оларды пайдалануға беру үшін қажетті реттеулермен төсеу; жолдың қисық учаскелерінде қысқартылған рельстерді есептеу және іріктеу.

157. Білуге тиіс:

тік оқпандарды жүргізу кезінде қолданылатын проходкалау агрегаттарының, кешендерінің, оқпан проходкалау машиналарының, комбайндарының, агрегаттардың барлық үлгілерінің конструктивтік ерекшеліктерін;

тік оқпандарды бұрғылау, бекіту және арматуралау кезінде қолданылатын айлабұйымдардың құрылымын, оларды пайдалану ережесін;

оқпан жанамасын тік қазбалармен айыру тәсілдерін; өңдеулердің барлық түрлерін монтаждау тәсілдерін; тік оқпандарды проходкалау кезінде полимерлі экранды тұрғызу тәсілдерін.

49. Тау баурайларын проходкалаушы, 3-разряд

Параграф 1. Тау баурайларын проходкалаушы, 3-разряд

158. Жұмыс сипаттамасы:

тегіс тау баурайлары мен орташа тіктіктегі (I және II санатты) тау баурайларын проходкалау және шабақтау жөніндегі жұмыстарды орындау, тік баурайлардағы (III санатты) қосалқы жұмыстарды орындау;

тау баурайларының жай-күйін қарау, баурайларды ілініп қалған кен жыныстары кесегінен қол және механикаландырылған құралдың көмегімен шабақтау;

кен массасын жинау, жұмыс өндірісі орнын тазарту; (I және II санатты) тау баурайларында ауамен, сумен, электрмен жабдықтау желілерін салу; құрылғыларды анағұрлым біліктілігі жоғары тау баурайларын проходкалаушының басшылығымен монтаждау; құрылғылар мен жүктерді ілмектеу және такелаж айлабұйымдарының көмегімен және қолмен олардың орнын ауыстыру;

болт қосындыларын бекіту; бетон қоспалары мен ерітінділерді әзірлеу; құрылғыларды монолиттеу; шығырларға қызмет көрсету, такелаж айлабұйымдарын бөлшектеу және түсіру; қоршауға және топтық сақтандыруға қатысу.

159. Білуге тиіс:

кен қазбаларының негізгі қасиеттерін; тегіс және орташа тіктіктегі тау баурайларын проходкалау, шабақтау және бекіту тәсілдерін;

қолданылатын электр және пневматикалық құралдың, айлабұйымдар мен альпинистік жабдықтардың түрлерін нысаны мен құрылымын;

қолданылатын материалдардың сұрпы мен сипаттамаларын; құрылғыларды, бұйымдарды, құрал мен монтаж айлабұйымдарын тасымалдау, қоймалау, ілмектеу ережесін;

құрылғыларды бекіту тәсілдерін; тік баурайларды (III санатты); жұмыс өндірісі ережесін; жеке және топтық сақтандыру тәсілдерін; альпинизм техникасын альпинисті даярлаудың і деңгейінде.

Параграф 2. Тау баурайларын проходкалаушы, 4-разряд

160. Жұмыс сипаттамасы:

тік баурайлардағы (III санатты) проходкалау және шабақтау жөніндегі, жұмыстарды орындау, (I және II санатты) құрылғыларды монтаждау жөніндегі жұмыстарды орындау;

орныксыз жартас баурайларын қауіпсіз жағдайға келтіру үшін, оларды әзірлеу және құлату;

тегіс және тіктігі орташа тау баурайларында массасы 5 т дейінгі болат, бетон және темірбетон құрылғыларын монтаждау және электрмен пісіру, тік баурайлардағы (iii санатты) құрылғыларды монтаждауға қатысу;

iii санатты баурайларда ауамен, сумен, электрмен жабдықтау желілерін салу; тас ұстаушыларды монтаждау кезінде арматура, сетка және тросс тарту; жару жұмыстарымен байланысты емес оқпандарды бұрғылау;

такелаж және көтеру құрылғылары мен механизмдерін орнату және бекіту;

коммуникациялардың орналасу сызбасын мен баурай рельефінің эскиздік түсірімін жасау.

161. Білуге тиіс:

құрылғыларын монтаждау және электрмен пісіру, тік баурайлардағы оқпандарды бұрғылау жұмыстары өндірісі технологиясын; такелаж және көтеру айлабұйымдарын I - III санатты баурайларда қабылдау, орнату және бекіту тәсілдерін;

пневматикалық бұрғылау қондырғысының құрылымын және онымен жұмыс ережесін; қауіпсіз жұмыс өндірісі, барлық санаттағы баурайларда сақтану және өзін өзі сақтандыру ережесін;

тау баурайында жұмысты ұйымдастыру жолдарын; электр, газбен пісіру жұмыстарын жүргізу ережесін, орындалатын жұмыс шегінде; альпинизм техникасын альпинисті даярлаудың і деңгейінде.

Параграф 3. Тау баурайларын проходкалаушы, 5-разряд

162. Жұмыс сипаттамасы:

ерекше тік баурайлардағы (іу санатты) проходкалау шабақтау және бекіту жөніндегі жұмыстарды және тік және ерекше тік баурайлардағы (III – IV санатты) бұрғылау жұмыстарын орындау;

шпурлар мен оқпандарды белгілеу және бұрғылау; жартас негіздемелерінің сынбаларын анкерлермен және тростармен бекіту;

ерекше тік және тік баурайлардағы қауіпті учаскелерін қауіпсіз жағдайға келтіру тәсілдерін таңдау;

ірі габаритті құрылғылар мен III – IV санатты баурайлардағы массасы 5 т артық құрылғыларды монтаждау және электрмен пісіру;

такелаж жабдығы мен айлабұйымдарды ерекше тік тау баурайларында құрастыру, орнату және алу; күрделі жағдайларда құтқару жұмыстарын жүргізу.

163. Білуге тиіс:

тау баурайларын проходкалау жөніндегі жұмыстарды орындау процесінде күрделі монтаж жұмыстарын атқарудың тәсілі мен ережесін;

ерекше тік баурайларда ауамен, сумен, электрмен жабдықтау желілерін салу тәсілдерін; барлық санаттағы тау баурайларында шпурлар мен оқпандарды белгілеу және бұрғылау ережесін; жартас негіздемелерінің сынбаларын бекіту тәсілдерін;

электрмен, газбен пісіру, жару және слесарь жұмыстарын жүргізу тәсілдері мен ережесін, орындалатын жұмыс шегінде; тауда құтқару жұмыстарын жүргізудің негізгі тәсілдерін;

биіктіктегі жұмыс қауіпсіздігін қамтамасыз ету шараларын; альпинизм техникасын альпинисті даярлаудың і деңгейінде.

Параграф 4. Тау баурайларын проходкалаушы, 6-разряд

164. Жұмыс сипаттамасы:

кері еңісті тау баурайларда проходкалау, шабақтау жөніндегі жұмыстарды орындау;

тау баурайының ерекше күрделі және ерекше қауіпті жерлерін әзірлеу және сынамалау, қауіптілік дәрежесін анықтау, және III - IV санаттағы алдағы жұмыс учаскелерін қауіпсіз жағдайға келтіру.

165. Білуге тиіс:

кен жыныстарының геологиялық сипаттамасын, олардың физикалық-механикалық қасиеттерін;

элементарлық топография мен геология негіздерін; барлық санаттағы тау баурайларында жару жұмыстарын жүргізу ережесін;

кері еңісті баурайларда монтаж және такелаж жұмыстарын жүргізу ережесін; альпинизм техникасын альпинисті даярлаудың і деңгейінде.

Ескертпе:

1. Тау баурайларының і санаты - өсімдік және сынықтарының мөлшері 30 см дейінгі тас ұсақтарымен жабылған және жазықтыққа қарай еңіс бұрышы 30^0 дейінгі, жүруге және жүктерді қосымша бекітпелер мен тіреусіз тасымалдауға мүмкіндік беретін тегі тау баурайлары.

2. Тау баурайларының ii санаты – кертпеш, сүйір ұштары, жарықтары көп, өсімдікпен, сондай-ақ сынықтарының мөлшері 1 м дейінгі тастармен жабылған, жазықтыққа қарай еңіс бұрышы 45^0 дейінгі, тіктігі 30^0 дейін жететін, қол тіреуімен жүріп тұруға болатын, ал жүк тасымалдау үшін жұмысшы жанына арнаулы бекітпе керек болатын жалаң жартастар.

3. Тау баурайларының iii санаты – сүйір ұштары мен жарықтары онша көп емес, тақталары мен қабырғалары, түрлі іріліктегі сынықтары бар тас шашырандысы бар, тіктігі 45^0 -тен 60^0 дейінгі, жүріп тұру басқа жұмысшының сақтандыруымен немесе өз сақтануымен ғана мүмкін болатын жалаң жартастар.

4. Тау баурайларының iv санаты – жазықтыққа қарай еңіс бұрышы 60^0 артық және кері тіктіктегі ерекше тік тау баурайлары.

50. Көшкінге қарсы қорғану жұмысшысы

Параграф 1. Көшкінге қарсы қорғану жұмысшысы, 2-разряд

166. Жұмыс сипаттамасы:

тау баурайларына қар өлшейтін қадаларды шығару және оларды қар көшкіні ошақтарында орнату;

оқ-дәрілерді немесе жару заттарын тиеу және машиналардан түсіру; тау баурайларына жару заттарын шығару және оларды жару орындарына жеткізу; қар көшкіні стансаларына тамақ, жабдықтарды, құралдар мен аспаптарды, басқа да жүктерді көтеру;

тау баурайларындағы қардың орнықтылығы жай-күйін анықтау мақсатымен қардың механикалық және құрылымдық сипаттамасын зерттеу үшін шурфтарды қазу;

шығуға қиын аудандардың көшкін қауіптілігін зерттеу кезінде аспаптарды, құралды, шаруашылық заттары мен тамақты басқа жерге апару;

қар ұстайтын қалқандарды тиеу, түсіру, орнату және орнын ауыстыру, жөндеу.

167. Білуге тиіс:

қар көшкіні стансасында немесе қар көшкініне қарсы қорғану цехтарында (қызметтерінде) жүргізілетін жұмыстардың жекелеген түрлері бойынша арнаулы нұсқаулықты;

қар көшкініне қарсы қорғану принципін; қар көшкініне қарсы және қар ұстайтын құрылғылардың құрылымын.

Параграф 2. Көшкінге қарсы қорғану жұмысшысы, 3-разряд

168. Жұмыс сипаттамасы:

геологиялық-кен барлау жұмыстары жүргізілетін аудандарда қар қабатының немесе көшкін қауіпті тау баурайларының жай-күйін қадағалау; қар жиналған жерлерде вышка орнату;

қауіпті аймақта жаяу жүргіншілер мен көлік құралдарының қозғалысын есепке алу және тіркеу, олардың белгіленген қозғалыс ережесін сақтауын бақылау;

бақыланатын аймақтағы қар көшкіні немесе қар құламасы туралы көршілес постыларға хабарлау; авариялық байланыс құралдарының үздіксіз жұмыс істеуін қамтамасыз ету;

адамдар мен көлік құралдары қар құламасына тап болған кезде белгі беру, құтқару жұмыстарын ұйымдастыруға және өткізуге қатысу.

169. Білуге тиіс:

көшкін қауіпті жерлердің жайылу шекарасын; көшкінге қарсы қорғану жұмыстарын жүргізу, адамдарды құтқару және алып шығу жұмыстарын жүргізу ережесін;

көшкін кезінде зардап шеккен адамдарға алғашқы көмек көрсету шараларын;

байланыс құралдарының, авариялық дабылдатқыш пен қолданылатын құралдардың жұмыс принципін, оларды пайдалану ережесін.

51. Жару материалдарын таратушы

Параграф 1. Жару материалдарын таратушы, 3-разряд

170. Жұмыс сипаттамасы:

жару материалдары мен жару заттарын алу, оларды автокөлікке немесе арбаға тиеу, жеткізетін жерге дейін: базистік, карьерлік, жерасты және басқа да таратушы қоймаларға дейін ілесу;

жару материалдары мен жару заттарын түсіру және тапсыру; құжаттарды ресімдеу; жару материалдары бөліп салу, сақтау, кептіру, еріту; жару материалдары мен жару заттарын жарамдылығын анықтау;

патрон таңбалау; от білтелі шнурды жасау және кесу; жару материалдары мен жару заттарын беру, қалдықтарын қабылдау; жарамсыз жару материалдарын сынауға және жоюға қатысу; жару материалдарының келіп түсуі мен шығысын есепке алу;

көпіршесінің қарсылығы мен тұтастығына қарай электр детонаторларды іріктеу; патрондарды буып-түю, жәшіктер мен пакеттерге салу; гильзалар мен пакеттерге гидро оқшаулау заттарын сіңіру;

жару материалдары мен жару заттарының олардың қоймаларға келіп түсуіне және жасалған уақытына қарай, кезектілігін бақылау; шашыраңқы жару заттарын қайталап ұнтақтау үшін бөліп салу; жару материалдарынан босаған тараны базистік қоймаға қайтару;

тұтату трубкаларын жасау және таңбалау.

171. Білуге тиіс:

жару материалдары мен жару заттарының үлгілерін мен қасиеттерін; жару материалдары мен жару заттарын сақтау, беру, сынау және жою, оларды жоғарыға, шахта оқпаны бойынша және қоймаға дейін тасымалдау ережесін;

нитроглицеринді жару материалдарын еріту, аммиакты-селитралық жару материалдарын кептіру, оларды патрондау және нөмірлеу ережесін; жару материалдары мен жару заттарын есепке алу жүйесі мен тәртібін;

қоймалардың құрылымын; қоймаларды жарықтандыру және оларды күзету ережесін; өртсөндіргіш құрылымын және оларды пайдалану ережесін; жару жұмыстарын жүргізу ережесін.

Жерасты қоймаларында тәулігіне 1 т артық және үстіңгі қоймаларда 10 т артық беру кезінде - 4-разряд.

52. Жабдықты жөндеу және қызмет көрсету жөніндегі слесарь

Параграф 1. Жабдықты жөндеу және қызмет көрсету

жөніндегі слесарь, 3-разряд

172. Жұмыс сипаттамасы:

қарапайым машиналардың, тораптар мен механизмдердің, таратып бөлу құрылғыларының механикалық бөлігін монтаждау, бөлшектеу, жөндеу, сынамалау және техникалық қызмет көрсету;

қызмет көрсететін машиналар мен механизмдерге қоршаулар мен қаптаулар жасау және оларды жөндеу кезіндегі электр- газбен пісіру жұмыстары;

қызмет көрсететін жабдықты бояу, жазба түсіру, майлау; май сынамасын іріктеу және оны ауыстыру;

пневматикалық құралды бөлшектеу, құрастыру, жуу, сынамалау, майлау, қабылдау, тапсыру және профилактикалық жөндеу; такелаж және ілмектеу жұмыстарын орындау;

қарапайым бөлшектерді 12-13-квалитеттер бойынша слесарлық өңдеу және дайындау.

173. Білуге тиіс:

қызмет көрсететін машиналар мен механизмдердің нысанын, техникалық сипаттамасын, оларға техникалық қызмет көрсету нормалары мен көлемін; слесарлық және монтаж ісі негіздерін;

машиналардың күрделі емес кинематикалық сызбаларын; қызмет көрсететін машиналар мен механизмдерді пайдалануға қойылатын техникалық талаптарды;

металлдар мен бөлшектерді өңдеудің тәсілдері мен жолдарын; күрделі емес металл конструкциялары мен механизмдерді монтаждау тәртібін; қолданылатын бақылау-өлшеу жабдықтары мен аспаптарының нысанын, пайдалану ережесін;

такелаж және ілмектеу жұмыстарын орындау ережесін; кен қазбаларының атауларын және орналасуын, олар бойынша қозғалыс ережесін; цехтағы жарық, белгі және иіспен белгі беру жүйелері мен ережесін; дыбыстық және көрінетін белгілерді қабылдау мен беру ережесін; биркалы жүйе ережесін.

174. Жұмыс үлгілері:

1) булы су арматурасы – сальниктерді салу; втулкаларды, тығыздауыш сакиналарды ауыстыру; фланецтер мен жіктердегі қосу болттарын тарту;

2) шахталық және адамдарды кен қазбалары бойынша жеткізуге арналған вагонеткалар - скаттарды, подшипниктерді, тістемелерді, буферлерді ауыстыру; кузовтарды түзеу;

3) барлық диаметрдегі вентильдер – клапандарын жұқалап тегістеу;

4) вентиляторлар – жөндеу және орнату;

5) вкладыштар – орнына келтіру және параллелдер бойынша кесу;

6) електер – сүзгілерді ауыстыру;

7) ұнтақтауыштар, вагон төңкерушілер (жерасты жағдайында) - ағымдық жөндеу және техникалық қызмет көрсету;

8) конвейерлер - роликтерді, роликтерді, редукторларды, жетекті және тартпа стансасы барабандарын, ауытқушы барабанды ауыстыру; ленталар мен шынжырлардың тартылуын реттеу;

9) қырғышты конвейерлер - монтаждау, бөлшектеу, жөндеу;

10) тиеу машиналары - шкивтерін, пальцілерін ауыстыру; арқанды бекіту;

11) тиеу-жеткізу машиналары – жетекші мостыларын бөлшектеу; бас өткізгіш пен редуктор блогының саңылауларын реттеу; гидравлика, бейтараптандыру және отын багін жуу;

12) диірмендер – ағымдық жөндеу және техникалық қызмет көрсету;

13) насостар - втулкаларды, муфтаның қосу пальцілерін ауыстыру; сальниктерді тығыздау; муфта қоршауын орнату және бекіту; құбырларды қосу; және техникалық қызмет көрсету;

14) төңкергіштер, қоректендіргіштер, итергіштер, станциондық су әкету қондырғылары, уаты балғалары, перфораторлар, гидромониторлар - монтаждау, бөлшектеу, жөндеу және техникалық қызмет көрсету;

15) сынама алушылар – шынжыр мен шөмішті ауыстыру;

16) қысыммен жұмыс істейтін ыдыстар (пневмокамералық насостар) - монтаждау, бөлшектеу, жөндеу және техникалық қызмет көрсету;

17) әуе-канат жолдары стансалары - техникалық қызмет көрсету, күштік арқанды бағыттау үшін роликтер мен шкивтерді орнату;

18) диаметрі 6 дюймге дейінгі құбырлар – төсеу, тіреулерді әзірлеу және орнату, жекелеген секциялар мен запорной арматурасын ауыстыру;

19) төсеу жұмыстары өндірісіне арналған құбырлар - монтаждау, бөлшектеу, жөндеу;

20) шламды тасымалдауға арналған құбырлар - монтаждау, бөлшектеу, жөндеу;

21) қатты пайдалы қазба геологиялық-барлау ұңғымаларын бұрғылауға арналған бірінші сыныпты бұрғы қондырғылары - жөндеу және техникалық қызмет көрсету.

Жұмыстарды жабдыққа қызмет көрсету және жөндеу жөніндегі біліктілігі анағұрлым жоғары слесарьдің басшылығымен орындау кезінде - 2-разряд.

Параграф 2. Жабдықты жөндеу және қызмет көрсету

жөніндегі слесарь, 4-разряд

175. Жұмыс сипаттамасы:

машиналардың, тораптар мен механизмдердің, механикалық бөлігін монтаждау, бөлшектеу, жөндеу, сынамалау және техникалық қызмет көрсету;

күштік арқанды, аспалы жолдар арқандарының қосу муфтыларын ауыстыру; автоматтандырылған шамханалардың жабдығын қарау және жөндеу;

құбырлардың, транспортерлер жұмысының, металл конструкцияларының, тростар мен блоктардың жай-күйін қадағалау, олардың тозу дәрежесін анықтау және жекелеген элементтерді ауыстыра отырып жөндеу;

қарапайым бөлшектерді 8-11-квалитеттер бойынша слесарлық өңдеу және дайындау;

топырақты қатыру кезінде тұздықты желіге және қатырушы колонкаларға қызмет көрсету.

176. Білуге тиіс:

қызмет көрсететін механикалық жабдықты монтаждау, бөлшектеу, жөндеу, сынамалау және баптау ережесі мен тәсілдерін; желдеткіш сызбасы мен шығатын ауа ағынының бағытын; металл конструкциялары, тростардың, аспалардың жекелеген тораптары мен элементтерінің нысанын; тораптарды майлау жүйесін; бөлшек бетін өндеудің негізгі параметрлерін;

такелаж жұмыстары мен кен машиналары мен механизмдерін шахтаға түсіру тәсілдерін; жерасты қазбаларында, шахта үстіндегі ғимараттарда металды өңдеу

мен электр, газбен пісіру жұмыстары өндірісі технологиясын; шахта үстіндегі ғимараттарда электр, газбен пісіру жұмыстары өндірісі жөніндегі нұсқаулықты.

177. Жұмыс үлгілері:

1) кептіру барабандары, кептіргіш құбырлар – кептіру трактінің герметикалығын тексеру және ақауларды жою; араластырғыштар мен қоректендіргіштерді жөндеу;

2) инерциялық және өздігінен теңгермеленетін електер - вибраторларды, пружиналарды, қорап корпусын ауыстыру, реттеу;

3) төмен литражды және бу драгалары – жөндеу;

4) конусты, валкалы, жақты жармалаушылар – құрамдағы сегменттері мен валкілерін, жармалаушы конусты, эксцентрікті, жетекті валды ққраммен ауыстыру; жармалаушы жақтарды ауыстыру және жармалау ірілігін реттеу;

5) лентасының ені 1400 мм дейінгі ленталы конвейерлер – ленталарды ұштарын өңдеп, вулканизациялай отырып ауыстыру және жөндеу;

6) компрессорлар – поршеньді сақиналарды, металл сальниктерді, шатун болттарын, клапандарды ауыстыру;

7) оттегі, пневматикалық компрессорлар – ағымдық және орташа жөндеу;

8) еденнен басқарылатын көпірлі крандар, кран - балкалар, электр тельферлер, тальдер, автомобильді крандар, тіркеме салмағы 25 т дейінгі шахта электровоздары – бөлшектеу, жөндеу, құрастыру, сынамалау және күрделілігі орташа тораптарын реттеу, техникалық қызмет көрсету; қозғағышты, өздігінен жүретін кареткаларды жөндеу;

9) өздігінен жүретін кен машиналары, бұрғылау станоктары мен қондырғылары, өздігінен жүретін вагондар, көтеру машиналары (шығырлар) - бөлшектеу, жөндеу, құрастыру, сынамалау және күрделілігі орташа тораптарын реттеу;

10) шарлы, өзі ұнтақтайтын, балғалы диірмендер – негізгі валды ауыстыру, жөндеу, техникалық қызмет көрсету, редукторды және тісті өткізгіштерді түгендеу;

11) пневмонасостар, түтін сорғышлар, эксгаустерлер – бөлшектеу, жөндеу, құрастыру;

12) тиеу-жеткізу машиналары, жерасты дизельді автосамосвалдар - бөлшектеу, құрастыру және гидравлика жүйесін, цилиндрлерді, басқару рүлін орнату; бас раманы, стреланы, шөмішті, жүргізуші кабинасын, металл қаптауларды, жетекші валдарды жөндеу;

13) брикетті пресстер – қалып құралының жиынтықтарын ауыстыру;

14) айналма пештердің, шар диірмендерінің, конвейерлердің, пластикалы транспортерлердің, қоректендіргіштердің редукторлары - бөлшектеу, жөндеу, құрастыру;

15) диаметрі 6 дюймнен жоғары құбырлар – төсеу; тіреулерді жасау және орнату; құбырлар мен жаппа арматурасының жекелеген секцияларын ауыстыру;

16) қатты пайдалы қазбаларға арналған геологиялық барлау ұңғымаларын бұрғылайтын екінші – бесінші сыныпты бұрғылау қондырғылары, гидрогеологиялық және геофизикалық ұңғымаларды бұрғылау қондырғылары - жөндеу және техникалық қызмет көрсету;

17) желдеткіш қондырғылары - жөндеу және қызмет көрсету; бағыттаушы күректері ауыстыру;

18) дегазациялық және аспирациондық қондырғылар - бөлшектеу, жөндеу, құрастыру;

19) экскаваторлар, үйінді жасағыштар, тасымалдау-үйінді көпірлері - бөлшектеу, жөндеу, құрастыру; техникалық қызмет көрсету; гидравликалық жүйені жөндеу: гидравликалық домкраттарды, гидроцилиндрлерді, май құбырларын, жаппалы арматура мен аспаптарды ауыстыру және жөндеу;

20) сусыздандыратын центрифугалар - конусты щитті, қырғыларды, шнекті, насосаты ауыстыру;

21) сусыздандыратын элеваторлар – шөміш шынжырын ауыстыру.

Параграф 3. Жабдықты жөндеу және қызмет көрсету жөніндегі слесарь, 5-разряд

178. Жұмыс сипаттамасы:

күрделі машиналардың, тораптар мен механизмдердің, аппаратуралардың механикалық бөлігін монтаждау, бөлшектеу, жөндеу, баптау, сынамалау және техникалық қызмет көрсету;

қысым астында жұмыс істейтін ыдыстарды жөндеу, сынамалау және техникалық қызмет көрсету; көтеру ыдыстарының бас және соңғы арқандарын ауыстыру;

көтеру ыдыстары мен тіркеме құрылғыларын тексеру; арқан құрылғыларының, скип көтермелері тиеу және түсіру құрылғыларының ұзындығын тексеру және реттеу.

179. Білуге тиіс:

қызмет көрсететін күрделі механикалық жабдықты монтаждау, бөлшектеу, жөндеу, сынамалау және баптау ережесі мен тәсілдерін; өздігінен жүретін кен жабдығының конструктивтік ерекшеліктерін; қызмет көрсететін жабдықтың кинематикалық сызбасын;

күрделі бөлшектер мен тораптарды қалпына келтіру тәсілдерін; жұмыс істейтін бөлшектерге, тораптарға, механизмдерге түсетін шекті жүктемелерді; ақаулар мен авариялардың алдын алу шараларын; күрделі жабдықты, агрегаттар мен тораптарды жөндеудің, сынаудың және тапсырудың техникалық шарттарын;

қысым астында жұмыс істейтін ыдыстар мен тіркеме құрылғыларын пайдалану және куәландыру ережесін; шахта жабдығын жиынтықтау және прокат базасына тапсыру ережесін, жөнделген жабдыққа құжаттама жасауды; чертеждерді, эскиздерді, кинематикалық сызбаларды жасау ережесін;

орындалатын жұмысқа қажетті көлемде слесарь ісін.

180. Жұмыс үлгілері:

- 1) аппараттар жоғары қысымды газ құбырлары – түгендеу, жөндеу сынау;
- 2) оттегілі және аргонды аппаратура - түгендеу, жөндеу сынау;
- 3) жоғары салмақты технологиялық (карьерлік) автосамосвалдар - жөндеу және техникалық қызмет көрсету;
- 4) машиналар мен механизмдердің гидротаратып бөлгіштер, клапанды блоктары, орталықтандырылған майлау жүйелері - жөндеу және баптау;
- 5) конусты жармалағыштар – втулкаларды қайта престей отырып базалық тораптарды жөндеу, эксцентриктердің, аспа тораптарының, коникалық өткізгіштердің іргелес жүзбелі сақиналарын реттеу;
- 6) лентасының ені 1400 мм жоғары ленталы конвейерлер – ленталарды ұштарын өңдеп, вулканизациялай отырып ауыстыру және жөндеу, хrapты тоқтатқыш пен тежегіштерді реттей отырып; оларды жөндеу;
- 7) өздігінен жүретін кен машиналары, бұрғылау станоктары мен қондырғылары, өздігінен жүретін вагондар, көтеру машиналары (шығырлар) - бөлшектеу, жөндеу, құрастыру, сынамалау және күрделі агрегаттары мен тораптарын реттеу, пневмогидрожүйені жөндеу және баптау;
- 8) жүк көтеру машиналары - кран асты жолдарын жөндеу, реттеу және нивелирлеу;
- 9) тиеу-жеткізу машиналары, жерасты дизельді автосамосвалдар - гидравлика жүйесін реттеу, цилиндрлерді, гидромеханикалық ауыстыру қорабын бөлшектеу, құрастыру; рычаг механизмін, руль жетегін, стреланы автоматты басқаруды жөндеу;
- 10) конвейерлердің көтергі және жетекті стансаларының басқару жабдығы мен аппаратурасы - монтаждау және баптау;
- 11) лентасының ені 2000 мм және одан да жоғары ауыр конвейерлердің, кесектегіштердің, агломерациялық және күйдіру машиналарының, дозаторлардың, шихта материалдарының, ауыр қоректендіргіштердің редукторлары – тісті цилиндрлі, коникалық және бұрамды ауыспа саңылауларын жөндеу және реттеу;
- 12) сепараторлар, отырғызба машиналары, қойылтқыштар, вакуум - сүзгілер, вакуумді насостары, флотомашиналар, адамдар мен жүктерді көтеруге арналған

лифтілер, қазандықтар мен бу машиналары, бу қыздырғышы бар резонансты және валкалы електер, түтін сорғыштар, шлам насостары – монтаждау, жөндеу, баптау;

13) қатты пайдалы қазбаларға арналған геологиялық барлау ұңғымаларын бұрғылайтын алтыншы–сегізінші сыныпты бұрғылау қондырғылары - жөндеу және техникалық қызмет көрсету;

14) цилиндрлер, подшипниктер – монтаждау және барлық қосындыларды түпкілікті бекіту;

15) экскаваторлар, үйінді жасағыштар, тасымалдау-үйінді көпірлері – қозғағыштар мен редукторларды орталандыру, теңгермелеу; гидравликаны жөндеу; барлық жүйені реттеу; компрессорларды жөндеу және баптау;

16) тіркеме салмағы 25 т және одан да жоғары шахта электровоздары – бөлшектеу, жөндеу, техникалық қызмет көрсету.

Параграф 4. Жабдықты жөндеу және қызмет көрсету жөніндегі слесарь, 6-разряд

181. Жұмыс сипаттамасы:

күрделі машиналардың, тораптар мен механизмдердің, аппаратуралардың, бақылау-өлшеу аспаптарының механикалық бөлігін монтаждау, бөлшектеу, жөндеу, баптау, сынамалау және техникалық қызмет көрсету;

аппаратураны пневмоника және логикалық элементтерді қолдана отырып жөндеу, монтаждау және баптау.

182. Білуге тиіс:

өздігінен жүретін кен машиналарының агрегаттары мен тораптарының ерекше күрделі жүйелерінің конструктивтік ерекшеліктерін; өздігінен жүретін кен машиналарының ерекше күрделі жүйелерінің жұмыс режимін белгілеу принципін; чертеждерді, эскиздерді, кинематикалық сызбаларды жасау ережесін; теориялық механика, пневмоника негіздерін.

183. Кәсіптік орта білім талап етіледі.

184. Жұмыс үлгілері:

1) тепловоз тоңазытқыштарын басқару автоматикасы - тексеру, реттеу;

2) гидравликалық жетектермен және автоматты өлшеу құрылғымен жабдықталған вагон төңкергіштер - баптау;

3) агломерациялық және күйдіру машиналары – машинаның және жылу саңылауының қозғалысын реттеу, жетекті және бас радиусты тексеру;

4) өздігінен жүретін кен машиналары, бұрғылау станоктары мен қондырғылары, көтеру машиналары (шығырлар) - агрегаттар мен тораптардың ерекше күрделі жүйелерін, гидропневмоавтоматики жүйелерін жөндеу, баптау, реттеу және кешенді сынау; аспаптардың жұмысын тексеру; отын аппаратурасын жөндеу;

5) доңғалақты сепараторлар, отырғызба машиналары - автоматты жүйелерді баптау;

6) тиеу-жеткізу машиналары, жерасты дизельді автосамосвалдар – трансмиссия және гидротрансформатор жүйесін құрастыру және реттеу; агрегаттар мен тораптарды сынау;

7) скипті және кілетті шахта көтергісінің көтеру машиналары, жолаушылар және жүк лифтілері – жөндеу, сынау және жұмысқа тапсыру;

8) флотация машиналары - импеллерлерді теңгермелеу;

9) тепловоздардың тік өткізгіштері - жөндеу, реттей отырып орнату;

10) центрифугалар, ауа үрлеуіштер - роторларды динамикалық теңгермелеу;

11) тоңазытқыштар, жоғары қысым агрегаттары, сепараторлар, компрессорлар – жөндеу, баптау, реттеу.

Параграф 5. Жабдықты жөндеу және қызмет көрсету жөніндегі слесарь, 7-разряд

185. Жұмыс сипаттамасы:

машиналардың, тораптар мен механизмдердің, аппаратуралардың, бақылау-өлшеу аспаптарының ерекше күрделі кинематикалық басқару жүйелерін монтаждау, бөлшектеу, жөндеу, баптау, сынамалау және техникалық қызмет көрсету;

ерекше күрделі машиналардың диагностикасы және профилактикасы; жұмысының параметрлері мен сенімділігін жақсарту мақсатымен жабдықтың қарапайым кинематикалық сызбаларына өзгерістер енгізу;

хопер үлгісіндегі вагондардың жүкті түсіру және бекіту механизмінің пневматикалық және механикалық жүйесін түгендеу, жөндеу, сынау және реттеу;

ерекше күрделі, шөмішінің сыйымдылығы әртүрлі экскаваторлардың гидробөлгіштері мен пневмобөлгіштерін монтаждау, бөлшектеу, баптау, сынамалау.

186. Білуге тиіс:

ерекше күрделі машиналардың, агрегаттардың конструктивтік ерекшеліктерін; машиналар мен механизмдер жүйелерінің ақауларын диагностикалау және жөндеу жұмыстарын орындау жолдарын;

қарапайым кинематикалық сызбаларды жасау тәртібін;

теориялық механика, металлдар технологиясы, материалдардың қарсылығы негіздерін.

187. Орта кәсіптік білім талап етіледі.

53. Оқпаншы

Параграф 1. Оқпаншы, 2-разряд

188. Жұмыс сипаттамасы:

адамдар мен жүктерді көтеру және түсіруге арналған көтеру машинасының машинисіне пайдалы қазба мен жыныстарды берудің тәуліктік жоспарлы оқпандарда: 1250 т дейін жүк көтеру кезінде; 750 т дейін – адам-жүк көтеру кезінде; 6000 т дейін скиптік көтеру кезінде жүктемеге қарамастан адамдарды түсіру-көтеру көтерімдеріне қызмет көрсету кезінде, салынып жатқан шахталардың, кеніштер мен метрополитендердің оқпандарына жүк көтеру кезінде шахтадан белгі қабылдау және белгі беру;

вагонеткалар мен платформаларды кілетке орнату және бекіту, оларды түсіру; шахта оқпаны механизмдері мен құрылғыларының жұмысын қадағалау; кулак құрылғыларын, итергіштерді, тербелетін алаңшаларды, стопорлар мен кілеттерді, скиптер мен қауғаларды толтыру жөніндегі басқада механизмдерді басқару;

еңісті шахталардың қабылдау алаңдарында тиеулі вагонеткаларды қабылдау және бостарын жөнелту;

оқпандарды, сақтандыру торшаларын, дозалаушы құрылғыларды проходкалау кезінде лядтарды жабу және ашу, олардың жарамдылығын қадағалау, шахтаға берілген және түсірілген материалдардың есебін алу;

ұзын өлшемді материалдар мен ауыр жабдықты түсіруге, көтеруге және тиеуге қатысу;

көтеру мен түсірудің белгіленген тәртібі мен ережесін қамтамасыз ету;

шығу жетондарын қабылдау; көтеру, тежегіш және сақтандыру құрылғыларының, дабыл құралдарының жарамды жай-күйін қадағалау; скиптің қисық және дұрыс отырғызылуын қадағалау; дабыл құрылғыларын, кілеттерді, люктер мен затворларды ұсақ жөндеу;

сақтандыру айлабұйымдарын басқару;

шашылған кен массасын жинау, скиптерді тазалау; суды сорып шығару, насостарға қызмет көрсету.

189. Білуге тиіс:

кілеттердің, скиптердің, қауғалардың, затворлардың, алаңшалардың, дозаторлардың, сақтандыру торшаларының, люктердің құрылымын; итергіштер мен биіктік компенсаторларының, стопорлардың, кулак механизмдерінің, парашюттің жұмыс принципін;

адамдар мен жүктерді оқпан бойынша түсіру мен көтеру ережесін; вагонеткалардың үлгілерін;

ұзын материалдарды, көлемді жабдықтарды, жару материалдары мен жару заттарын тиеу, түсіру, көтеру және түсіру тәсілдері мен жолдарын;

шығырларды, итергіштер мен төңкергіштерді пайдалану ережесін; көтерілген жүктің санын есепке алу ережесін;

оқпан жұмысының кестесін; пайдалы қазбаны бас жыныстан ерекшелейтін сыртқы белгілерді; дозатор қондырғысының жұмысындағы ақауларды, кептемелерді жою тәсілдерін; адамдар мен жүктерді түсіру мен көтеру кезіндегі жол берілетін шекті жүктемені.

Тек материалдарды, жабдықтар мен қосалқы бөлшектерді түсіру жөніндегі қосалқы оқпандарға қызмет көрсету кезінде - 1-разряд;

Пайдалы қазба мен жыныстарды берудің тәуліктік жоспары бар оқпандарға қызмет көрсету кезінде: 1250 т және одан да артық жүк көтеру кезінде; тіркеме салмағы 10 т дейінгі электровоздарда әкету жұмыстарын орындау кезінде; 750 т және одан да артық адам-жүк көтеру кезінде; 6000 т артық скиптік көтеру кезінде; салынып жатқан шахталардың, кеніштер мен метрополитендердің оқпандарына адам-жүк көтеруге қызмет көрсету кезінде; шахтадан пайдалы қазбаны бас оқпанда беру жөніндегі автоматтандырылған кешенге қызмет көрсету кезінде - 3-разряд.

Ескертпе.

Судың ағыны $5 \text{ м}^3/\text{с}$ жоғары шахта оқпандарында оқпаншының разряды, оқпан жүктемесіне қарай көзделген разрядтан бір разрядқа жоғары белгіленуі мүмкін.

54. Жабдықты жөндеу және қызмет көрсету электр слесарі

Параграф 1. Жабдықты жөндеу және қызмет көрсету электр слесарі, 3-разряд

190. Жұмыс сипаттамасы:

қарапайым машиналардың, тораптар мен механизмдердің, дабылдату және жарықтандыру құралдарының, таратып бөлу, абоненттік кабельді және телефон желілерінің электр бөліктерін монтаждау, бөлшектеу, жерге қосу, жөндеу, сынамалау және техникалық қызмет көрсету;

электр өткізетін әуе желілерін жөндеу және монтаждау, найзағайдан қорғанысты орнату;

электр өткізетін желілердің тіреулерін орнына ауыстыру; бақылау-өлшеу аспаптарын: амперметрлерді, вольтметрлерді, манометрлерді ауыстыру және желіге қосу;

ток күшін, ауыспалы және тұрақты кернеуі төмен тізбектердегі кернеу күшін өлшеу;

жерге қосу контурларын орнату; икемді кабельдерді вулканизациялау, жазба түсіру; аккумулятор батареяларын зарядтау, электролитті толтыру және ауыстыру;

дабыл құрылғыларын ілу, электр шамдарын, электр патрондарды ауыстыру;

автоматтандырылмаған шамханалардағы электротехникалық жабдықты қарау және жөндеу; төмен кернеулі ауыспалы ток электр қозғағыштарын қарау және ағымдық жөндеу;

ілімектеу жұмыстарын орындау.

191. Білуге тиіс:

қызмет көрсететін машиналардың, электроаппаратурасының нысанын, техникалық сипаттамасын, оларға техникалық қызмет көрсету нормалары мен көлемін; электротехника, монтаж ісі негіздерін; төмен вольтті электр қондырғыларының құрылымы мен техникалық пайдалану ережесін;

таратып бөлу құрылғылары мен шағын стансаларының, күштік таратып бөлу желісінің алғашқы коммутация сызбаларын; қызмет көрсететін машиналардың, электроаппаратурасын пайдалануға қойылатын техникалық талаптарды; күштік электроаппараттарды, күрделі емес металлоконструкциялары мен механизмдерді монтаждау тәртібін; броньдалған кабельдерді құрғақ дайындамаларын монтаждау нұсқаулығын;

бақылау-өлшеу аспаптары мен құралының нысанын және пайдалану ережесін; электротехникалық қондырғылардағы жұмысқа жіберу ережесін; электр тогынан зардап шеккендерге алғашқы көрсету ережесін; қызмет көрсететін өндірістік бөлімшедегі жабдықтың атауын және орналасуын; шахтадағы жарық, дыбыстық және басқа да дабылдатқыштың жүйелерін және жұмыс істеу принципін; дыбыстық және басқа да көрінетін белгілерді қабылдау және беру ережесін; бирка жүйесі ережесін.

192. Жұмыс үлгілері:

1) булы-су арматурасы – бақылау-өлшеу аспаптарын: амперметрлерді, вольтметрлерді, манометрлерді ауыстыру және желіге қосу;

2) төмен кернеулі электр жарық беру және белгі желісі арматурасы - аспаптарды, светильниктерді, дыбысты белгі құрылғыларын, рубильниктерді, ажыратқыштарды және тағы басқа монтаждау және орнату;

3) телефон аппараты – жөндеу;

4) електер – электр жабдығын, есептеу аспаптарын орнату; түгендеу және техникалық қызмет көрсету;

5) жармалаушылар – электр жабдығын орнату және техникалық қызмет көрсету;

6) икемді, броньдалған кабельдер - төсеу, ілу, бекіту, құрғақ дайындау, төмен кернеулі кабельдердің ұштарын пресстеу;

7) компрессорлар – электр жабдығын аппараттарын монтаждау, техникалық қызмет көрсету;

8) ленталы конвейерлер – электр қозғағыштарды орнату, ауыстыру және желіге қосу;

9) қырғыш конвейерлер - электр қозғағыштарды орнату, ауыстыру және желіге қосу;

10) контакторлар, қосқыштар – контактілерді ауыстыра отырып бөлшектеу және құрастыру;

11) насостар - электр қозғағыштарды желіге қосу, жерге қосудың дұрыстығын тексеру, техникалық қызмет көрсету;

12) бірінші жармалаудағы қоректендіргіштер – электр жабдығын орнату және техникалық қызмет көрсету;

13) сақтандырғыштар – қайта зарядтау;

14) пм үлгісіндегі қосқыштар – контактілермен катушкаларды ауыстыра отырып жөндеу;

15) светильниктер – жөндеу;

16) бұрғы қондырғылары – электр жабдығына техникалық қызмет көрсету;

17) желдеткіш қондырғылары – электр жабдығына техникалық қызмет көрсету;

18) электр аппараттары мен электр машиналарының шунттары, пышақтары, ұштары мен перемычкалары – дайындау және орнату;

19) жарықтандыру щиттері, рубильниктер мен магнитті қосқыштардың контактілері – жөндеу;

20) төмен вольтті электр жабдықтары – подшипниктерін ауыстыра отырып бөлшектеу, құрастыру, орнату және желіге қосу.

Біліктілігі анағұрлым жоғары жабдыққа қызмет көрсету және жөндеу жөніндегі электр слесарінің басшылығымен жұмыс орындау кезінде – 2-разряд.

Параграф 2. Жабдықты жөндеу және қызмет көрсету

электр слесарі, 4-разряд

193. Жұмыс сипаттамасы:

күрделілігі орташа машиналардың, тораптар мен механизмдердің, жоғары вольтті подстанса жабдығының электр бөліктерін монтаждау, бөлшектеу, жөндеу, сынамалау және техникалық қызмет көрсету;

электр күштік қондырғыларды жерге қосу және нөлдеу;

электр жабдығының изоляциясын тексеру және жоғары вольтті қозғағыштары мен трансформаторларды кептіру;

икемді кабельдер мен конвейер ленталарын жөндеу, дайындау, вулканизациялау; топтық прожекторлы жарықты жөндеу, қосу муфталарын ауыстыру;

автоматтандырылмаған шамханалардағы электротехникалық жабдықты қарау және жөндеу; таратып бөлу құрылғыларын, электр қозғағыштардың, трансформаторлардың, генераторлардың, тежегіш электромагниттерінің жұмысын қадағалау және бақылау;

қайта құру қондырғыларына, подстансаларға, дабыл, орталықтандыру, рельс транспорт құралдарын блокировкалау және автоматты светоформен блокировкалау құралдарына техникалық қызмет көрсету; 1000 в дейінгі электр құралдарын сынау; жөнделген электр машиналарын, аппараттар мен аспаптарды сынау.

194. Білуге тиіс:

техминимум көлеміндегі электротехниканы; қызмет көрсететін электр жабдығын монтаждау, бөлшектеу, жөндеу, сынау және баптау тәсілдері мен ережесін; электр машиналарының құрылымы мен нысанын; қосуды реттеу аппаратурасының құрылымы мен монтаж сызбаларын;

жоғары кернеулі токты қосу және алу ережесін; цехтық таратып бөлу құрылғылары мен подстансаларды коммутация сызбаларын; электр қозғағыштардың статорлық және роторлық обмоткаларын қосу сызбасын; жөнделген электр машиналарын, аппараттар мен аспаптарды сынауға арналған техникалық шарттарды; электротехникалық қондырғылардағы жұмыс ережесін;

электр жабдығын баптау және сынамалық қосу нұсқаулығын; жерасты кен қазбаларында, шахта үстіндегі ғимараттарда, металды өңдеу технологиясын және электрогазбен пісіру жұмыстары өндірісі; жерасты кен қазбаларында, шахта үстіндегі ғимараттардағы электрогазбен пісіру жұмыстары өндірісі жөніндегі;

жерге қосу құрылғысы жөніндегі; газды шахталар мен кеніштердегі тұйық орындарда электр энергиясын пайдалану жөніндегі; шахталық икемді кабельдерді қарау, жөндеу және сынамалау жөніндегі; жарылыс қаупі жоқ кеніш электр жабдығын қарау және түгендеу жөніндегі нұсқаулықтарды.

195. Жұмыс үлгілері:

1) қосуды реттеуші аппаратура – бөлшектерін жеткере немесе қалпына келтіре отырып бөлшектеу, құрастыру;

2) жоғары вольтті майлы ажыратқыштар – профилактикалық қарау, жөндеу;

3) електер – электр жабдығын жөндеу;

4) электрлі драгалар – қызмет көрсету, жөндеу және сынау;

5) жармалаушылар – электр жабдығын монтаждау және баптау;

6) икемді, броньдалған, төмен және жоғары вольтті кабельдер - сақина және қосу муфталарын орната отырып жөндеу;

7) ленталы конвейерлер – басқару және дабыл жүйесін жөндеу;

8) қырғыш конвейерлер - басқару және қорғау жүйесін монтаждау және жөндеу;

9) кен машиналары, бұрғы станоктары мен қондырғылары, шығырлар – электр жабдығын монтаждау және түгендеу, электр қозғағыштарды жөндеу және техникалық қызмет көрсету;

10) пластинкалы қоректендіргіштер – теристорлық қайта құрушыларды монтаждау және жөндеу;

11) барлық үлгідегі разрядниктер – жөндеу, сынау;

12) электрлі реакторлар, электрлі машиналардың зәкірі, контролерлері, барлық үлгідегі релелер – бөлшектеу, жекелеген элементтерін ауыстыра отырып жөндеу, монтаждау;

13) ағынды-тасымал жүйелері – технологиялық және резервтік қорғауларды, датчиктерді, храпты тоқтату электромагниттерін, соңғы ажыратқыштардың жұмысын, электроблокировка жай-күйін тексеру;

14) автоматты телефон стансалары - жөндеу, баптау және қызмет көрсету;

15) ток қабылдағыштар – жаңаларын құрастыру және түзете отырып жөндеу;

16) электровоздардың ток қабылдағыштары, фаза ұлғайтқыштары – алу;

17) трансформаторлар мен таратып бөлу құрылғылары - түгендеу;

18) аспирациялық қондырғылары – электронды платалар мен электр жабдығын жөндеу;

19) желдеткіш қондырғылары – электр жабдығын жөндеу және қызмет көрсету;

20) жарықтандыру щиттері, рубильниктер мен магнитті қосу контактілері – жөндеу;

21) экскаваторлар - электр жабдығын монтаждау, бөлшектеу және жөндеу;

22) жоғары вольтті электр қозғағыштар - подшипниктерді, щеткаұстауыштарды, щеткаларды бөлшектеу, құрастыру, ауыстыру, коллекторларды жөндеу.

Параграф 3. Жабдықты жөндеу және қызмет көрсету

электр слесарі, 5-разряд

196. Жұмыс сипаттамасы:

күрделі машиналардың, тораптар мен механизмдердің, аппаратураның, бақылау-өлшеу аспаптарының, автоматты қондырғылардың, телемеханика құралдарының электр бөліктерін монтаждау, бөлшектеу, жөндеу, баптау, сынамалау және техникалық қызмет көрсету;

басқару құралдарын монтаждау және жөндеу;

жоғары жиіліктегі телефондау блоктарын монтаждау және баптау; 1000 в жоғары кернеу кезінде электр қорғанысы құралдарын сынау;

жылжымалы және стационарлық қондырғылардың автоматты басқару және реттеу сызбаларындағы ақауларды анықтау және жою;

токтың жерге кетуінен қорғаныс аппараттарының белгі беру мерзімін және фидерлік автоматтар мен қосқыштардың ең жоғары ток қорғанысы шамасын тексеру.

197. Білуге тиіс:

радиотехника, телемеханика, автоматика, радиоэлектроника негіздерін; автоматика және телемеханика құралдарының құрылымын; электротехникалық ережелер мен нормаларды;

электромонтаж сызбаларын жасау ережесін; қызмет көрсететін жабдықтың сызбасын және оны энергиямен қоректендіру жүйесін; машиналардың, аппараттардың, аспаптардың электр бөлігінің жұмысындағы ақаулардың себептері мен белгілерін;

кабельдер мен электротехникалық материалдар сыныптамасын; кабельдердің изоляциясын, сыйымдылығы мен омикалық қарсылығын өлшеу және сынау ережесін, жөнделген жабдыққа арналған құжаттаманы жасауды; электр беру желілеріндегі жұмыс өндірісі әдістерін; электр қорғанысы құралдарын сынау ережесін;

электр қондырғыларында жұмысты қауіпсіз ұйымдастыру және жұмыс істеп тұрған электр қондырғысын қадағалау тәртібі күрделі электр машиналарын, аппараттар мен аспаптарды реттеуге және сынауға арналған;

техникалық шарттарды.

198. Жұмыс үлгілері:

1) механизмдердің жұмыс режимін басқару және бақылау диспетчерлік пультінің аппаратурасы – электроника элементтерін профилактикалық қарау, монтаждау, бөлшектеу, жөндеу, баптау, техникалық қызмет көрсету; қосу кабельдерін жөндеу; басқару сызбасын монтаждау және баптау;

2) жылу жеткізгіштің (ыстық су мен будың) жұмсалуын бақылау аппаратурасы - жөндеу, баптау, техникалық қызмет көрсету;

3) қосуды реттеу аппаратурасы – монтаждау, баптау, ыңғайлау;

4) асупт жүйесі аппаратурасы - жөндеу және техникалық қызмет көрсету;

5) квазиэлектронды атс – тораптары мен блоктарын монтаждау, ыңғайлау;

6) жоғары жиіліктегі блоктар, передатчиктер мен қабылдағыштар, радиостансалар мен байланыс радиорелелі аппаратурасы - монтаждау, баптау;

7) жоғары вольтті майлы ажыратқыштар – профилактикалық қарау, жетектерді жөндеу; трансформатор майын ішінара немесе толық ауыстыра отырып күрделі жөндеу;

8) жоғары вольтті кабельдер - қосу муфталарын орната отырып жөндеу;

9) ленталы конвейерлер – басқару және дабыл жүйесін жөндеу;

10) қырғыш конвейерлер - басқару және қорғау жүйесін монтаждау және жөндеу;

11) кен машиналары, бұрғы станоктары мен қондырғылары, көтеру машиналары – электр жабдығын жөндеу;

12) магнитті қосқыштар – баптау, контактілерді, катушкаларды ауыстыра отырып жөндеу;

13) электронды кернеу реттеуіштері, электронды реле, қорғаныс панельдері – электр параметрлерін қарау, тексеру, жөндеу;

14) трансформаторлар мен таратып бөлу құрылғылары – түгендеу, баптау және жөндеу;

15) турбогенераторлар – бөлшектеу, жөндеу, құрастыру;

16) экскаваторлар, үйінді жасаушылар, тасымал – үйінді көпірлері – электр қозғағыштар мен редукторларды орталандыру, оларды теңгермелеу, монтаждау, жетектердің электр сызбаларын баптау;

17) электр қозғағыштар, генераторлар, қосалқы электр машиналары, электр өлшеу аспаптары, топтық қайта қосқыштар мен олардың жетектері, контроллерлер мен барлық үлгідегі релелер – бөлшектеу, жөндеу, құрастыру, электр тізбектері қосындыларының дұрыстығын тексеру;

18) электр подстансалар мен цех ішілік таратып бөлу желілері, турбокомпрессорлар, басжелдету желдеткіштері, автоматика мен бақылау-өлшеу құралдарымен бір кешенді көтеру, мұздату қондырғылары - бөлшектеу, жөндеу, құрастыру, баптау және техникалық қызмет көрсету.

Параграф 4. Жабдықты жөндеу және қызмет көрсету

электр слесарі, 6-разряд

199. Жұмыс сипаттамасы:

күрделі электр машиналар мен аппараттардың, бақылау өлшеу аспаптарының, автоматты жұмыс істейтін қондырғылардың, телемеханика құралдарының күрделі электр бөліктерін монтаждау, бөлшектеу, жөндеу, баптау, сынамалау және техникалық қызмет көрсету;

электронды, телемеханикалық, радиорелелі аппаратураның, изотопты реленің, датчиктердің, реттемелі электр жетек жүйелерінің автоматты жүйелерін баптау және сынау;

бақылау, автоматтандыру және қорғаныстың барлық элементтерінің жұмысы мен өзара әрекеттерін сынамалау;

электр сызбаларындағы ауыспалы процесстерді осциллографирлеу және талдау, осциллограммалар бойынша жүктемені және жылдамдықты анықтау; жартылай өткізгіш және микроэлектронды элементтердегі сызбаларды құрастыру және тексеру;

функционалдың блоктар мен сызбалардың нақты сенімділігін анықтау; контактісіз элементтерде жиналған және 1000 В жоғары кернеуге арналған сызбаларды монтаждау, баптау және тексеру;

технологиялық жабдықтар мен механизмдерді энергиямен жабдықтау, автоматтандыру және қашықтықтан басқару жүйелеріндегі автоматика мен бақылау-өлшеу аспаптары элементтерін баптау және сынау;

басқару аппараттары мен стансаларының қоғаныс жүйесіндегі электроника элементтерін баптау және сынау;

электр драгаларды жөндеу және сынау, қызмет көрсету;

барлық үлгідегі электр машиналарының зәкірлерін теңгермелеу жүктемесін орната отырып динамикалық теңгермелеу.

200. Білуге тиіс:

жартылай өткізгіш және микроэлектронды техникадағы, электронды және телемеханикалық аппаратура аппараттарының құрылымын;

күрделі жабдықтар мен қондырғылар жұмыс принципінің конструктивтік ерекшеліктерін;

күрделі электр машиналарын, аппараттарын, аспаптар жұмысын реттеу тәсілдері мен ережесін; электротехниканы, телемеханиканы, радиоэлектрониканы жұмыс істеуге қажетті көлемде;

жоғары дәлдіктегі бақылау-өлшеу аспаптарының құрылымын; барлық үлгідегі электр машиналарының зәкірлерін динамикалық теңгермелеу жолдары мен тәсілдерін;

электр қондырғыларын пайдалану ережесін.

201. Орта кәсіптік білім талап етіледі.

202. Жұмыс үлгілері:

1) жоғары вольтті камералардың аппаратурасы – изоляцияның қарсылығын өлшеу және аппараттардың өзара әрекетін тексеру;

2) бу қазандықтарының жұмысын бақылау жөніндегі аппаратура - баптау, сынау;

3) радиоизотопты аппаратура - технологиялық жабдыққа орнату және алу; ағымдық жөндеу, дозиметриялық, радиометриялық бақылау;

4) ТМ 320 үлгісіндегі телемеханика аппаратурасы-тораптар мен блоктарды монтаждау және ыңғайлау;

5) генераторлар – орнату кезінде орталаңдыру;

6) өздігінен жүретін кен машиналары, бұрғы станоктары мен қондырғылары – электр жабдығының, автоматиканың, тиристорлық басқару сызбасының ерекше күрделі жүйелерін жөндеу, баптау, реттеу және кешенді сынау;

7) автоматика және қашықтықтан басқару аспаптары - реттеу;

8) АСУТП жүйесі - телемеханикалық, радиорелелік және квазиэлектронды аппаратура сызбаларын баптау және сынау;

9) жылдамдық өлшегіштер, есепшілер, кернеу регуляторлары, барлық үлгідегі электронды релелер, қорғаныс панельдері - реттеу және сынау;

10) өнеркәсіптік теледидар қондырғылары - реттеу және кешенді сынау;

11) электр шынжырлар – омикалық қарсылығын тексеру;

12) күштік электр қозғағыштар: қосалқы электр машиналары, электр аппараттар мен электр аспаптар – сынау, теңгермелеу, стендіде сынау, сипаттамасын алу;

13) теристорлық және жиілік реттейтін сызбалары бар басқару электр жетектері - монтаждау, баптау, тораптары мен блоктарын жөндеу, сынамалау.

Параграф 5. Жабдықты жөндеу және қызмет көрсету

электр слесарі, 7-разряд

203. Жұмыс сипаттамасы:

электр машиналар мен аппараттардың, автоматты қондырғылардың, телемеханика құралдарының күрделі басқару жүйелерін монтаждау, бөлшектеу, баптау, сынамалау және техникалық қызмет көрсету;

теристорлы қозғыш автоматты электронды блоктарын, электронды, телемеханикалық аппаратура жүйелерін, датчиктерді, асинхронды-синхронды реттемелі электр жетегін баптау және сынау; тізбектер мен аппараттар сызбаларын микропроцессорлық техниканы қолдана отырып жөндеу және қызмет көрсету;

бақылау, автоматтандыру және қорғаудың барлық элементтерінің жұмысы мен өзара әрекет етуін сынамалау, оларды жөндеу және баптау; жетектердің электр сызбаларындағы ауыспалы процестерді осциллографирлеу және талдау;

жартылай өткізгіш элементтер мен микросызбалардағы сызбаларды құрастыру және тексеру;

аппаратураны микросхемалар мен логикалық элементтерді қолдана отырып монтаждау және баптау;

автоматтандырылған жетектер жүйесіндегі бақылау-өлшеу аспаптарын баптау және сынау;

жабдық сипаттамасын алу, техникалық құжаттаманы жүргізу, формулярларды толтыру.

204. Білуге тиіс:

қызмет көрсететін аппараттың жартылай өткізгіш техникасындағы, электронды және телемеханикалық аппаратурасындағы аппараттардың құрылымын;

өздігінен жүретін кен машиналарының агрегаттары мен тораптарының күрделі жүйелерінің конструктивтік ерекшеліктерін; микросхемалар мен электронды құрастыру құрылғыларының жұмыс принципін, үлгілерін; электротехниканы, телемеханиканы, осциллограммаларды түсіру ережесін, жұмысқа қажетті көлемде;

қызмет көрсететін жоғары дәлдікті электронды-өлшеу аспаптарының құрылымын.

205. Орта кәсіптік білім талап етіледі.

206. Жұмыс үлгілері:

1) жылжымалы құрамның жоғары вольтті және төмен вольтті электронды аппаратурасы – тексеру, ақауларды жою және реттеу;

2) бульдозерлер, жетекпен басқару блоктары – жөндеу, баптау, сынау;

3) автоматтандырылған электр жетегі жүйесіндегі бақылау-өлшеу аспаптары – жөндеу, баптау;

4) насос стансалары – электр жетегі теристорлық қозғыш электронды блоктарын баптау, сынау, жөндеу;

5) шөмішінің сыйымдылығы әртүрлі экскаваторлардың бас электр жетектерін басқару панелдері мен блоктары – бөлшектеу, монтаждау, сынамалау, баптау және сынау;

6) экскаваторлардың синхронды электр қозғағышын қосу және жұмысын басқару панельдері - бөлшектеу, монтаждау, баптау, осциллограмм аларды түсіру және жетектердің электр сызбаларындағы ауыспалы процестерді талдау;

7) изоляцияны, ең жоғары ток қорғанысы және нөлдік қорғанысты бақылау аспаптары - баптау, жөндеу;

8) асупт жүйелері – монтаждау және микросхемалар мен логикалық элементтерді қолдана отырып баптау;

9) турбокомпрессорлар – теристорлық қозғыш автоматты электронды блоктарын баптау және сынау;

10) электр қозғағыштар – электр жетекті асинхронды-синхронды реттеуді баптау және сынау.

3–бөлім. Байыту, агломерациялау, кесекшелеу жөніндегі жұмыстардың жалпы кәсіптері

55. Кесекшелерді булаудағы автоклавшы

Параграф 1. Кесекшелерді булаудағы автоклавшы, 3-разряд

207. Жұмыс сипаттамасы:

автоклавтарда кесекшелерді булау процесін жүргізу;

булаудың температуралық режимін қадағалау;

кесекшелердің дайындығын анықтау;

буланған кесекшелерді түсіріп алу; автоклавтарды ұсақтардан тазарту;

қызмет көрсететін автоклавтар мен құбырлардың жұмысындағы ақауларды анықтау және жою.

208. Білуге тиіс:

құбырлардың сызбасын; буланған кесекшелердің сапасына қойылатын талаптарды;

өлшеу құралдарының нысанын және оларды және көрсетілімдерін пайдалану ережесін; кесектелетін шикізат пен материалдардың негізгі қасиеттерін; слесарь ісі негіздерін.

56. Кесекше қоспасын дайындау аппаратшысы

Параграф 1. Кесекше қоспасын дайындау аппаратшысы, 4–разряд

209. Жұмыс сипаттамасы:

кеннен, пушонадан, әктастан, кварцтан және басқа қосындылардан шихтаның берілген құрамы бойынша кесекше қоспасын дайындау;

араластырғыш, сөндіргіш аппараттарды және басқа да қосалқы жабдықты басқару;

кесектас қоспасын дайындауға арналған компоненттерді дозалау; компоненттердің қызмет көрсететін аппараттарға берілуін реттеу;

жүргізілетін технологиялық процесс параметрлерін өлшеу және реттеу; дайын кесекше қоспасын шығару;

су мен будың берілуін ашу және жабу; сынама алу; белгіленген құжаттаманы жүргізу;

қызмет көрсететін жабдықты жөндеуге қатысу.

210. Білуге тиіс:

коммуникациялар сызбасын, кесекше қоспасының құрамын және оның ылғалдылығының жол берілетін шектеуді, кесекше қоспасының құрамына және оның компоненттеріне қойылатын талаптарды;

өлшеу құралдарын қолдану ережесін;

қызмет көрсететін жабдықтың құрылымын; кесекше қоспасын дайындау технологиясын;

слесарь ісі негіздерін.

Параграф 2. Кесекше қоспасын дайындау аппаратшысы, 5-разряд

211. Жұмыс сипаттамасы:

кесекше қоспасын дайындау процесін автоматтандырылған араластыру қондырғысында жүргізу;

лагерь-танктің, қайта айдау насостарының жұмысын қадағалау, термальдік пештің үздіксіз жұмыс істеуін қамтамасыз ету;

дозалаушы құрылғы жұмысын бақылау;

кесекше қоспасының берілген құрамын дайындау жөніндегі бағдарламаны белгілеу;

таразылы дозаторы бар автоматтандырылған араластыру қондырғысының жай-күйін, битум құбырын, май құбырын, бу- және ауа құбырын қадағалау;

көмір шихтасы мен битум толтыру;

дайын кесекше қоспасын түсіріп алу; кесекше қоспасын дайындаудың температуралық режимін сақтау;

термальдік пешке оның резервуарларына дизель отынын беру және пешті берілген температуралық режимге сәйкес баптау;

өлшеу құралдарының көрсеткіштерін бақылау;

компрессор қондырғысына, автоматтандырылған араластыру қондырғысының ауа магистраліне, битумды жұмсау сыйымдылығына қызмет көрсету;

механизмдерді майлау, қызмет көрсететін жабдықтың жекелеген бөлшектері мен аспаптарын ауыстыру.

212. Білуге тиіс:

автоматтандырылған араластыру қондырғысының, автоматты оттықтың, қайта айдау битум насостарының, компрессор қондырғыларының, термальдік пештің және басқа да қызмет көрсететін жабдықтың құрылымын;

қолданылатын өлшеу құралдарының жұмыс принципін; кесекше қоспасын дайындаудың және кесекшелеудің технологиялық процестерін; битумның қасиеттерін;

қызмет көрсететін жабдық тізбегінің сызбасын; кесекше шихтасын дайындау рецептурасын;

кесекшеге арналған мемлекеттік стандарттарды және нормаларды; электротехника негіздерін;

слесарь ісін.

57. Қойылтқыш аппаратшысы

Параграф 1. Қойылтқыш аппаратшысы, 3-разряд

213. Жұмыс сипаттамасы:

радиальдік және пирамидальдік қойылтқыштарда, гидроциклондарда пульпаны, шламды ашық түстендіру, қойырту және жуу процесстерін жүргізу; қызмет көрсететін жабдықтың жұмысын қадағалау;

технологиялық процессті, температураны, ерітінді концентрациясын, шламды , пульпаны, құю тазалығын қадағалау;

айналма судың мөлдірлену және шламның қойылу процесін реттеу; коммуникацияларды қайта қосу; ағызу тығыздығын өлшеу;

ерітіндіні қойылтқыштар бойынша таратып бөлу;

су жинағыштардағы судың белгілі бір деңгейін ұстап тұру;

қызмет көрсететін жабдықтың ақауларын анықтау және жою, оны жөндеу дайындығына және жөндеуге қатысу.

214. Білуге тиіс:

шлам шаруашылығы сызбасын; қызмет көрсететін жабдықтың құрылымы мен жұмыс принципін;

пульпаның, шламның, ерітінділердің сапасына қойылатын талаптарды олардың негізгі қасиеттерін;

қойылтқыш аппараттарының басқа да технологиялық агрегаттармен өзара әрекетін; қойылтқышты түсіру тәртібін; қызмет көрсететін жабдық жұмысындағы ақауларды жою әдістерін.

Біліктілігі анағұрлым жоғары қойылтқыш аппаратшысының басшылығымен жұмыс орындаған кезде - 2-разряд.

58. Тозаң түсіруші

Параграф 1. Тозаң түсіруші, 2-разряд

215. Жұмыс сипаттамасы:

циклондарды, желобтарды, құбырларды, тозаң камераларын, айналма пештерді, скрубберлерді, тоңазыту барабандарын, қоныш сүзгілері мен алаңшаларды тозаңнан тазарту;

тозаңды жинау және тиеу;

тозаңды шұңқыр арқылы қолмен және механикалық тәсілмен шығару;

тозаңды тасымалдау; жолдарды тазалау;

тозаң камераларындағы саңылау мен сормаларды жою;

қоныштарды сүзгіден алу, оларды тазалау және жөндеу;

қоныштарды жаңадан әзірлеу, сұрыптау және ауыстыру;

қызмет көрсететін жабдықтың ақауларын анықтау және жою, оны жөндеу дайындығына және жөндеуге қатысу.

216. Білуге тиіс:

тозаңның негізгі қасиеттерін; камералардың, шұңқырлардың, қоныш сүзгілерінің, скрубберлердің, циклондар мен басқа да шаң ұстағыш қондырғыларының құрылымын;

тозаңның, газдардың, желдеткіш пен газ құбырлары қиыспаларының, су жеткізгіштер мен айналма пешті және бункерлерлі қондырғылардың қозғалыс сызбасын; слесарь ісі негіздерін.

59. Електеуші

Параграф 1. Електеуші, 2-разряд

217. Жұмыс сипаттамасы:

өнімділігі 100 м³/с дейінгі електерде (елеуіштерде) материалды сулы және құрғақ електеу процесін жүргізу;

қызмет көрсету аймағындағы електердің, елеуіштердің және басқа да жабдықтың жұмысын, материалдың електерге, елеуіштерге, қоректендіргіштерге, транспортерлерге біркелкі түсуін және бөлінуін, торшаның асты мен үстіндегі материалдың келесі аппаратураға өтуін қадағалау; бөгде заттарды алып тастау;

електеу сапасын бақылау;

електердің, елеуіштердің, қоректендіргіштердің және сулы електеу кезінде судың берілуін реттеу;

талдауға сынама алу; ірі кесектерді, жатып қалған және жабысқан массаны бөлшектеу;

қызмет көрсететін жабдықтың үйкелетін бөліктерін тазалау және майлау;

оттықты орнату, тазалау және ауыстыру; қызмет көрсететін жабдықтың ақауларын анықтау және жою, оны жөндеу дайындығына және жөндеуге қатысу.

218. Білуге тиіс:

електердің, елеуіштердің, қоректендіргіштердің, транспортерлердің, аспирациондық жүйелердің құрылымын, жұмыс принципін;

електеу технологиясын; електеу процесінде алынатын материалдарға арналған техникалық шарттарды, стандарттар мен жол берілетін ауытқуларды; електеу мен елеудің оңтайлы режимдерін;

алынатын материалдың физикалық-механикалық қасиеттерін; автоматизация мен дабылдату сызбаларын;

өлшеу құралдарының нысанын және олардың көрсеткіштерін; елеуішті бекіту және ауыстыру тәсілдерін; слесарь ісін.

Өнімділігі $100 \text{ м}^3/\text{с}$ жоғары және $500 \text{ м}^3/\text{с}$. Дейінгі вибрациялы електерде материалдарды, өнімділігі $250 \text{ м}^3/\text{ч}$ дейінгі вибрациялы електерде алмаз құрамды материалдарды електеу процесін жүргізу кезінде - 3-разряд;

Өнімділігі $500 \text{ м}^3/\text{с}$ жоғары вибрациялы електерде материалдарды, ал өнімділігі $250 \text{ м}^3/\text{ч}$ жоғары вибрациялы електерде алмаз құрамды материалдарды електеу процесін жүргізу кезінде - 4-разряд.

60. Дозалаушы

Параграф 1. Дозалаушы, 2-разряд

219. Жұмыс сипаттамасы:

өнімділігі 60 т/с дейінгі дозалаушы құрылғыларды (қондырғыларды) басқару; қоректендіргіштерге, реагент құбырларына, төрт секцияға дейінгі дозалаушы қондырғыларына қызмет көрсету және олардың үздіксіз жұмысын қамтамасыз ету; шихта компоненттерін, массаларын дозалау;

шикізаттың дозалаушы және араластырушы құрылғыларға біркелкі берілуін реттеу;

келіп түсетін реагент ерітінділерін жұмсау ыдыстары пен қоректендіру нүктелеріне тасымалдау және таратып бөлу; шихтаның құрамдас бөліктерінің немесе массаның тасымалдаушы құрылғыларға немесе қоректендіргіштерге, қалыптарға, тараға немесе технологиялық жабдыққа дұрыс берілуін кезеңдеп өлшеу;

берілген құрамды алу үшін концентраттар мен шихтаны араластыру; шихталатын материалдардың сапасын бақылау;

реагент ерітіндісі концентрациясын бақылау өлшеулерін жүргізу;

түрлі дозалаушы құрылғылардың (қондырғылардың) және қосалқы жабдықтардың жұмысын қадағалау, оларды қосу және тоқтату; реагент ерітіндісінің уақыт бірлігіне және өңделетін кен тоннасына шаққандағы жұмсалуды есептеу;

қызмет көрсететін жабдық жұмысындағы ұсақ ақауларды анықтау және жою; реагент бақтарын ерімейтін шөгіндіден кезеңдеп тазартып тұру;

қаптарды немесе контейнерлерге концентрат толтыру және оларды өлшеу; қалыптарға масса толтыру;

қаптарды штабельдерге салу.

220. Білуге тиіс:

шихта құрамын; шихта құрамын есептеудің тәсілі мен әдістерін; шикізаттың сапалық көрсеткіштерін (фракциялық құрамын, ылғалдылығын және тағы басқа) анықтау әдістемесін;

реагент концентрациясын өлшеу тәсілдерін; флотация кезіндегі реагенттердің нысанын және олардың номенклатурасын; дозалаушы, араластырушы құрылғылар мен қосалқы жабдықтың құрылымы мен жұмыс принципін;

аппараттар тізбегінің технологиялық сызбасын;

реагент құбырлары мен реагенттерді беру нүктелерінің сызбасын; қызмет көрсететін жабдықты қосу, тоқтату және реттеу ережесін; уытты реагенттерді дозалау нүктесі көп болған кезде қолдану тәсілдерін; қызмет көрсететін жабдықтың дабылдату және автоблокировка сызбасын;

автоматты жүйелермен дозалаудың берілген режимін орнату есеп жүргізу әдістерін;

концентраттарды буып-түю, таңбалау және таразыда өлшеу ережесін; реагенттердің есебі мен сақтау ережесін; қызмет көрсететін жабдықты ақауларын жою әдістерін.

Өнімділігі 60 т/с. артық және 400 т/с дейінгі дозалаушы құрылғыларды басқару кезінде; реагент құбырларға, бір секцияға шаққанда реагенттердің сомаланған шығысы $20 \text{ м}^3/\text{с}$ дейінгі төрт және одан да көп секциялы дозалаушы құрылғыларға қызмет көрсету кезінде - 3-разряд;

Өнімділігі 400 т/с артық дозалаушы құрылғыларды басқару кезінде; реагент құбырларға, бір секцияға шаққанда реагенттердің сомаланған шығысы $20 \text{ м}^3/\text{с}$ артық төрт және одан да көп секциялы дозалаушы құрылғыларға қызмет көрсету кезінде - 4-разряд.

61. Жармалаушы

Параграф 1. Жармалаушы

221. Жұмыс сипаттамасы:

шикізатты, материалдарды, жартылай шикізаттарды жармалағыштарда, жармалау агрегаттарында, түрлі жүйедегі жармалау-сұрыптауқондырғыларында, дезинтеграторларда, копрларда, ол немесе механикалық елеуіштерде, електерде сұрыптап (елеумен), електеумен, кептіре отырып, кесумен (немесе онсыз) құрғақ және сулы тәсілмен ірі, орташа және ұсақ жармалау процесін жүргізу;

қызмет көрсететін жабдықтың және май шаруашылығының техникалық жай-күйін қадағалау; жабдықты қарау және тазалау;

дабылды қабылдау және беру;

жармалағыштарды, қоректендіргіштерді, жармалағышты қоректендіретін конвейерлерді қосу және тоқтату;

шикізат пен материалдың жармалағышқа, електерге, елеуіштерге, қоректендіргіштерге, конвейерлер мен басқа да қызмет көрсететін жабдықтарға біркелкі түсуін қадағалау;

суландыруға судың берілуін, шикізаттың, материалдың түріне және оның ірілігіне қарай жармалағыштың жұмыс механизмдері арасында біркелкі толтырылуы мен жылдамдығын, өнімділігін реттеу;

шикізат пен материалды жармалау сапасын (сыртқы белгісіне немесе елеуіш талдауына қарай) және шихта ылғалының біркелкілігін бақылау; жармалағыш жұмысын қашықтықтан басқару;

жармалағыштан шойтастарды, бөге заттарды, сапасыз шикізат пен материалды ілмектеу және алу кезінде көтеру-тасымалдау жабдығын басқару;

жармалау процесінің аяқталғанын анықтау және жармаланған материалды сұрыптылығына қарай бункерлерге таратып салу; гидротозаңсыздандыру жүйесін қосу және ажырату, тозаң жинағыш жұмысын тексеру;

жармаланған шикізатты қайталап жармалауға немесе келесі қайта өңдеуге, сақтауға беру;

дабылдарды қадағалау, іштен жану қозғағышымен жұмыс кезінде машиналарға жанармай құю;

сынамаларды жармалау, жеткізу және бөлшектеу;

сынамаларға биркаларды, шнуроктарды, қапшықтарды дайындау; сынамаларды өлшеу, араластыру, қысқарту;

жұмысталған сынамаларды үйіндіге жіберу;

бөліп салу, биркаларды бекіту және сынамаларды буып-түю;

қызмет көрсету аймағындағы шашындыларды жинау;

қызмет көрсететін жабдықтың ақауларын анықтау және жою, оны жөндеу дайындығына және жөндеуге қатысу;

ілмектеу жұмыстарын орындау.

222. Білуге тиіс:

жармалағыштардың, жармалау агрегаттарының, түрлі жүйедегі жармалау-сұрыптау қондырғыларының, дезинтеграторлардың, копрлардың, електердің, көлік және аспирационды құрылғылардың, қосалқы жабдықтардың (кептіргіштердің, элеваторлардың және тағы басқа) құрылымын, жұмыс принципін және пайдалану ережесін;

шикізатты жармалау қондырғысына беру сызбасын; қызмет көрсететін учаскенің технологиялық сызбасын; қызмет көрсететін жабдықты реттеу мен баптау ережесі мен тәсілдерін; жармалау, елеу режимін; өлшеу құралдарының нысаны мен жұмыс принципін; компоненттер рецептурасы (номенклатурасын) мен шихта жасау ережесін;

материалдардың, жартылай фабрикаттардың жармалау сапасы мен дәрежесіне қойылатын талаптарды; дайын өнімнің, қалдықтың шығу нормасын және жол берілетін шығындарды; жармаланатын материалдардың, жартылай фабрикаттардың қасиеттері, нысаны мен түрлері, ерекше белгілері мен жармаланатын шикізаттың сапасына әсер етуі бойынша сыныптамасын;

елеуіштердің нөмірлерін; қызмет көрсететін жабдықтың жүктеме нормасын, қосу мен тоқтату кезектілігін, реттеу және баптау ережесін, тиімді пайдалану шарттарын; жағармай түрлерін, қызмет көрсететін жабдықты майлау жүйесі мен режимін; қызмет көрсететін жабдықты блокировкалау, дабылдату және электр желісіне қосу сызбасын; қосу аппаратурасын, автоматизация және дабыл құралдарын пайдалану ережесін; шикізатты жармалау және тасымалдау кезінде тозаңсыздандыру тәсілдерін; қызмет көрсететін жабдықты герметизациялау құралдарын; елеуіш талдауын жүргізу ережесін;

таразының құрылымын және таразыны, басқа да қолданылатын жабдық пен құралды пайдалану ережесін; сынама өңдеудің мақсаты, ережесі және нақты сызбасы; сынаманы өңдеудің түрлі стадияларында қолданылатын аспаптардың, айлабұйымдар мен аппаратураның құрылымын; шығарылатын өнімді сақтау, қоймалау, трафарет түсіру (таңбалау) ережесін; шығарылатын өнімге арналған техникалық шарттарды; қызмет көрсететін жабдық ақауларының туындау себептері мен оларды жою тәсілдерін; слесарь ісі негіздерін.

Шикізатты, материалдарды, жартылай шикізаттарды (көмір мен сланецтен басқа) өнімділігі 50 т/с дейінгі жармалағыштарда, жармалау агрегаттарында, түрлі жүйедегі жармалау-сұрыпта қондырғыларында жармалау кезінде; көмір мен сланецті өнімділігі 400 т/с жармалағыштарда, жармалау агрегаттарында, түрлі жүйедегі жармалау-сұрыпта қондырғыларында жармалау кезінде; сынамаларды қолмен жармалау кезінде 2-разряд;

Шикізатты, материалдарды, жартылай шикізаттарды (көмір мен сланецтен басқа) өнімділігі 50 т/с-тан 200 т/с. дейінгі жармалағыштарда, жармалау агрегаттарында, түрлі жүйедегі жармалау-сұрыптау қондырғыларында жармалау

кезінде; көмір мен сланецті өнімділігі 400 т/с астам жармалағыштарда, жармалау агрегаттарында, түрлі жүйедегі жармалау-сұрыптау қондырғыларында жармалау кезінде; сынамаларды қолмен жармалау кезінде – 3-разряд;

Шикізатты, материалдарды, жартылай шикізаттарды (көмір мен сланецтен басқа) өнімділігі 200 т/с. артық 700 т/с дейінгі жармалағыштарда, жармалау агрегаттарында, түрлі жүйедегі жармалау-сұрыптау қондырғыларында жармалау кезінде - 4-разряд;

Шикізатты, материалдарды, жартылай шикізаттарды (көмір мен сланецтен басқа) өнімділігі 700 т/с. артық 1500 т/с дейінгі жармалағыштарда, жармалау агрегаттарында, түрлі жүйедегі жармалау-сұрыптау қондырғыларында жармалау кезінде - 5-разряд;

Шикізатты, материалдарды, жартылай шикізаттарды (көмір мен сланецтен басқа) өнімділігі 1500 т/с. артық жармалағыштарда, жармалау агрегаттарында, түрлі жүйедегі жармалау-сұрыптау қондырғыларында жармалау кезінде – 6-разряд.

Ескертпе. Бірнеше жармалағышқа қызмет көрсету кезінде тарифтеу жұмыстағы жармалағыштардың сомаланған өнімділігі бойынша жүргізіледі.

62. Тиеуші

Параграф 1. Тиеуші, 1-разряд

223. Жұмыс сипаттамасы:

материалдарды қызмет көрсететін аспаптың немесе агрегаттың шұңқырына қолмен тиеу;

кенді ішінара қайлалау және лақтырып үю.

224. Білуге тиіс:

материалдарды жуу процесі технологиясын; қызмет көрсететін жабдықтың құрылымы мен жұмыс принципін.

63. Байыту өнімін бақылаушы

Параграф 1. Байыту өнімін бақылаушы, 2-разряд

225. Жұмыс сипаттамасы:

шикізатты, жартылай фабрикаттар мен дайын байыту өнімдерін сызбасында: екі жармалау стадиясына дейін, ірілігі бойынша екі сыныптама сыныбына дейін және құрғақ және сулы байыту бір стадиясына дейін болатын жармалау-сұрыптау және байыту фабрикаларында өндіру, қайта өңдеу, қоймалау, сақтау және тиеу кезінде белгіленген технологияның орындалуын бақылау;

бастапқы шикізатты бақылау кезінде сапасына қарай электрофизикалық аспаптарды қолдана отырып қабылдау;

сынаманы іріктеу, бөлу, буып-түю, таңбалау, жеткізу және сақтау; елеу және басқа да талдау мен механикалық сынауды жүргізу;

өнім сапасының қолданыстағы техникалық шарттар мен стандарттарға сәйкестігін тексеру;

өлшеу аппаратурасының жай-күйі мен жұмысын қадағалау;

тиелетін өнімді аттестаттау;

партиондық сертификаттарды жазып беру; шикізат пен өнімдерді сыныбы мен сортаменті бойынша сынамалау және сынау журналын жүргізу;

белгіленген техникалық талаптарға жауап бермейтін шикізатқа акті жасау; өндірілетін және тиелетін пайдалы қазбаның есебін жүргізу.

226. Білуге тиіс:

кешенді сынамалау қондырғыларының, сынама бөлу жабдығының, өлшеу құралдарының және сапаны сынау және бақылау үшін қолданылатын басқа да аппаратураның құрылымы мен жұмыс принципін;

шикізатты қайта өңдеу технологиясын; келіп түсетін шикізат пен дайын өнімге арналған қолданыстағы техникалық шарттар мен стандарттарды; байыту өнімінің сапасын бақылау тәсілдерін;

өндіру, қайта өңдеу, қоймалау кезіндегі ақау түрлерін; сынаманы іріктеу, бөлу, сынау әдістері мен өнімді аттестаттау, таңбалау, тиеу ережесін.

Шикізаттың, жартылай фабрикаттары мен дайын байыту өнімдерінің сапасы мен технологиясын бақылауды сызбасында: екі жармалау стадиясына дейін, ірілігі бойынша екі сыныптама сыныбына дейін және құрғақ және сулы байыту бір стадиясына дейін болатын жармалау-сұрыптау және байыту фабрикаларында жүргізу кезінде - 3-разряд.

64. Концентраттаушы

Параграф 1. Концентраттаушы

227. Жұмыс сипаттамасы:

байыту материалдарын концентрациялау процесін тұндыру машиналарында, концентрациялау үстелдерінде және басқа да байыту жабдығында жүргізу;

тұндыру машиналарының, концентрациялау үстелдерінің сумен және бастапқы материалдармен біркелкі қоректендірілуін реттеу;

торлардың және тұндыру машиналары жасанды төсемінің жай-күйін тексеру; тұндыру мен басқа да байыту өнімдерінің барлық түрлерін талдау негізінде байыту материалының бөліну сапасын бақылау; тұндыру машиналары мен басқа да қосалқы жабдықты қосу және тоқтату; тұндыру машиналары мен концентрациялау үстелдері механизмдерінің жұмысын қадағалау;

қызмет көрсететін жабдық жұмысындағы ақауларды анықтау және жою.

228. Білуге тиіс:

тұндыру машиналары мен концентрациялау үстелдерінің құрылымын, жұмыс принципін; тұндырудың технологиялық процесін; өңделетін шикізаттың, концентраттар мен өнімдердің негізгі физикалық және химиялық қасиеттерін; әр

камерадағы тұндыру машиналары жасанды төсемінің жай-күйін; қызмет көрсететін механизмдер мен қондырғыларды реттеу әдістерін; байытудың негізгі принциптерін; шығу нормасын және соңғы өнім сапасына қойылатын талаптарды; слесарь ісі негіздерін.

Жұмыс біліктігі анағұрлым жоғары концентраттаушының басшылығымен орындау кезінде - 2-разряд;

Концентрациялау үстелдеріне қызмет көрсету кезінде - 3-разряд;

Өнімділігі 100 т/с дейінгі тұндыру машиналарына қызмет көрсету кезінде - 4-разряд;

Өнімділігі 100 т/с артық тұндыру машиналарына қызмет көрсету кезінде - 5-разряд.

65. Лентовой жинаушы

Параграф 1. Лентовой жинаушы, 1-разряд

229. Жұмыс сипаттамасы:

галерея алаңдарындағы және транспортер ленталары астындағы көмірді, кен шикізатын және басқа да шашылма материалдарды жинау, салқындату науалары мен жертөлелердегі, сондай-ақ баспалдақ кілеттеріндегі кесекше ұнтақтарын жинау.

230. Білуге тиіс:

транспортерлердің нысаны мен құрылымын.

66. Кесекше пресінің машинисі

Параграф 1. Кесекше пресінің машинисі, 1-разряд

231. Жұмыс сипаттамасы:

кесекше прес үстелінен немесе транспортер лентасынан кесекшелерді түсіру; кесекшелерді кассеталарға, стеллаждарға, штабельге, вагонеткалар мен транспортер лентасына салу;

кесекшелердің кептірілуін қадағалау;

тиеулі стеллаждарды, вагонеткаларды кептірмеге әкету, босаған вагонеткаларды кесекшелерді тиейтін жерге әкету; кесекшелерді көлденеңінен және тігінен буып байламдау;

кесекше пресі жұмысындағы ұсақ ақауларды жоюға қатысу.

232. Білуге тиіс:

кесекше пресі мен транспортерлерінің жұмыс принципін; кесекшелерді кептіру режимін; кесекшелерді салу тәртібін;

қолданылатын айлабұйымдар мен құралды пайдалану ережесін;

кесекше пресін майлау кезеңділігін және майлардың қасиеттерін.

Параграф 2. Кесекше пресінің машинисі, 4-разряд

233. Жұмыс сипаттамасы:

көмірді, кенді, шихтаны және кесекшелеуге арналған басқа да материалдары мен шикізатты валыцті пресстерде және электр жетекті штемпельді пресстерде престеу процесін жүргізу;

торфты өнімділігі 3 т/с дейінгі кесекше немесе жартылай кесекше түрлі типтегі кесекше пресстерде престеу;

престеу режимін реттеу;

қызмет көрсететін прес жұмысы мен кесекше немесе жартылай кесекшенің шығымын, желдету жүйесін, температура режимін қадағалау;

шихтаны және салқындату (науаларын) дайын кесекше немесе жартылай кесекшелерді қабылдауға дайындау;

қызмет көрсететін престі құрғақ тәсілмен престеуге ауыстыру;

прес цехының жабдығына қызмет көрсету, өлшеу құралдырының көрсеткіштерін, тозаңсыздандыру, салқындату жүйелерін, прес ұшының қызуын, транспортерлер жүйесін қадағалау;

шығарылатын өнімнің сапасын бақылау;

қызмет көрсететін пресстерді жұмысқа дайындау, оларды қосу және тоқтату; калып бөлшектері (матрицалар) орнатылғаннан кейін пресстерді қабылдау; қызмет көрсететін жабдық жұмысындағы ақауларды анықтау және жою.

234. Білуге тиіс:

кесекшелеу технологиясы негіздерін; кесекшелеуге арналған бастапқы материалдар мен шикізаттың қасиеттерін; қызмет көрсететін пресстердің, бу машиналарының (қозғағыштардың) және прес цехының қосалқы жабдығының құрылымын, жұмыс режимі мен пайдалану ережесін;

құрғақ және сулы тәсілмен престеу кезінде қолданылатын технологиялық шикізаттың құрамын; шихтаның төмен түсу есебін; кесекше пресстері мен бу машинасының жұмыс уақытында қыздыру, қосу және қызмет көрсету ережесін; алдын алу құрылғылары мен өлшеу құралдарының жұмыс принципі мен оның механизмдерін басқару ережесін;

матрицаларды құрастыру және орнату тәртібін; энергиямен қамтамасыз ету, бу және престі қыздыру және суыту үшін су беру сызбасын; тозаңсыздандыру жүйесін; электроника, жылу техникасы, электр техникасы негіздерін; слесарь ісін

Көмірді, кенді, шихтаны және кесекшелеуге арналған басқа да материалдары мен шикізатты бу қозғағышы бар штемпельді пресстерде немесе торфты өнімділігі 3 т/с дейінгі кесекше немесе жартылай кесекше түрлі типтегі кесекше пресстерде престеу кезінде – 5-разряд.

Ескертпе.

Біліктілігі анағұрлым жоғары кесекше пресі машинисінің басшылығымен жұмыс атқарған кезде тарифтеу бір разрядқа төмен жүргізіледі.

67. Диірмен машинисі

Параграф 1. Диірмен машинисі, 3-разряд

235. Жұмыс сипаттамасы:

материалдарды ұнтақтау, сыныптау, сепарациялау және елеу процесін біліктілігі анағұрлым жоғары диірмен машинисінің тарифтік-біліктілік сипаттамасында көрсетілген жабдықтан басқа, диірмен жабдығында жүргізу;

материалдардың немесе сұйық компоненттердің, реагенттер мен ауаның диірменге берілуін реттеу;

насос қондырғыларына қызмет көрсету;

диірмендердің, жума машиналарының, классификаторлардың, сепараторлардың, гидроциклондардың, конвейерлердің, шародозаторлардың, жаңқа ұсағыштардың, автоматты бақылау және қадағалау аспаптарына қызмет көрсету және олардың жұмысын қадағалау;

диірменнің май жүйесінде майдың болуын және температурасын қадағалау; диірменге материалдарды, шарларды, стерженьдерді салу; материалдардың ұнтақталу дәрежесін реттеу;

ұнтақтау және сыныптау процесін автоматты бақылау қызметін көрсету; бөгде заттарды алып тастау; сынама іріктеу;

өнім шығымын қадағалау; өнім сапасын бақылау; қызмет көрсететін диірмендерді материалдардың берілген құрамына ыңғайлау, олардың елегі мен футеровкасын ауыстыру;

өнімді диірменнен түсіру және пульпаны ағызу; қажет кезінде материалдарды , дайын өнімді тұндыру, қойылту, сүзу, жуу, кептіру, бөліп салу, өлшеу;

аспаптар мен талдау бойынша ұнтақталған материалдың сапасын анықтау;

ұнтақталған материалдың електерге, қоректендіргіштерге, конвейерлерге, элеваторларға, бункерлерге берілуін реттеу;

қызмет көрсететін жабдықты тазалау және майлау, оның жұмысындағы ақауларды анықтау және жою; ілмектеу жұмыстары.

236. Білуге тиіс:

қызмет көрсететін диірмендердің, классификаторлардың, сепараторлар мен басқа да жабдықтың құрылымын, жұмыс принципін; автоматты бақылау және қадағалау аспаптарының жұмыс принципін және оларды пайдалану ережесін; материалдарды ұнтақтау технологиясын;

блоктаушы және қосу құрылғыларын; ұнтақтау, сыныптау және сусыздандыру нысанын; ұнтақтауға берілетін материалдардың қасиеттерін; ұнтақтаудың берілген ұсақтығы мен пульпа тығыздығын; шикізатқа, шламға, ұнтақталған материалға қойылатын талаптарды; ұнтақтау цикліне берілетін реагенттер нысанын; шламның тығыздығын анықтау тәсілдерін; слесарь ісін.

Материалдарды құрғақ ұнтақтау процесін жүргізу кезінде; материалдарды, шикізатты ұнтақтау процесін диірменнің бірнеше секциясында немесе төрт және одан артық диірменнен тұратын бір секцияда жүргізу кезінде; жарылыс қауіпті шикізатты ұнтақтау процесін жүргізу кезінде - 4-разряд;

Графитті, талькті ұнтақтау процесін жүргізу кезінде; минеральді шикізатты сепарациялап және өнімдерді ұстап қала отырып, ағынды ұнтақ қондырғыларында құрғақ ұнтақтау процесін жүргізу кезінде; материалдарды ұнтақтау процесін аэрокептіру диірмендерінде, тұйық ұнтақтау циклді шарсыз диірмендерде ұнтақтау және кенді "каскад" типті өздігінен ұнтақтау диірмендерінде сыныптау процесін жүргізу кезінде; байыту сызбасы күрделі материалдарды ұнтақтау және сыныптау процесін жүргізу кезінде; төрт және одан артық диірменнен тұратын бір секцияларды және басқа да байыту жабдығының: сепараторлардың, гидроциклондардың, конвейерлердің, классификаторлардың, қоректендіргіштердің және тағы басқа автоматты басқару жүйесіне бір мезгілде қызмет көрсету кезінде - 5-разряд;

Құрамында алмаз бар материалдарды шарсыз диірменде ұнтақтау процесін жүргізу кезінде - 6-разряд.

Ескертпе.

Біліктілігі анағұрлым жоғары диірмен машинисінің басшылығымен жұмыс атқарған кезде тарифтеу бір разрядқа төмен жүргізіледі.

68. Қоректендіргіш машинисі

Параграф 1. Қоректендіргіш машинисі, 2-разряд

237. Жұмыс сипаттамасы:

пластиналы, ленталы, вибрациялық, тарелкалы және басқа да қоректендіргіш жұмысын қадағалау;

қызмет көрсететін жабдықты қосу, тоқтату; материалдардың жармалағыштарға, електерге, қоректендіргіштерге, конвейерлерге, диірменге, классификаторларға, кептіру барабандарына және басқа да механизмдерге реттеу ;

берілетін материалдардан бөгде заттарды алып тастау; материалдардың кептелуін болдырмау;

конвейерлер мен қоректендіргіштерді қосу және тоқтату;

қызмет көрсететін жабдықты тазалау және майлау, оның жұмысындағы ақауларды анықтау және жою.

238. Білуге тиіс:

қызмет көрсететін жабдықтың құрылымын, жұмыс принципін; жабдықты және дабылды автоматты блокировкалау сызбасын; конвейерлер мен қоректендіргіштерді қосу және тоқтату тәртібін; кептіргішке түсетін концентраттар қасиеттерін; майлау жүйесін; слесарь ісі негіздерін.

Пиритті және флюоритті концентраттарды ірі ұнтақтау және кептіруде көмір шұңқырларының, бастапқы бункерлердің қоректендіргішіне қызмет көрсету кезінде - 3-разряд.

69. Жуу машиналарының машинисі

Параграф 1. Жуу машиналарының машинисі, 2-разряд

239. Жұмыс сипаттамасы:

пайдалы қазбаларды астау жумаларында, скрубберлерде, бутарларда, вашгердер мен шлюздерде байыту (жуу); құмды, гравийді, қиыршықтасты құм жуғышта, гравий жуғышта және жуу елеуіштерінде жуу;

қызмет көрсететін жабдықтың біркелкі толтырылуын және сұйық пен жуылатын материал көлемінің қалыпты арақатынасын қадағалау;

материал мен судың жуу машиналарына берілуін реттеу; байытылған материалды түсіру және одан бөгде заттарды алып тастау;

сусыздандыру жәшіктеріне қызмет көрсету;

қызмет көрсететін жабдықтың жұмысындағы ақауларды анықтау және жою.

240. Білуге тиіс:

астау жумаларының, скрубберлердің, бутарлардың, вашгердер мен шлюздердің және басқа да жуу жабдығының жұмыс принципін, оларды толтыру мен жұмысын реттеу тәсілдерін;

байытылған материалдардың қасиеттерін; қосу электр аппаратурасының жұмыс принципін;

құмды байыту және шлюздерде шламды ұстап қалу технологиясын; слесарь ісі негіздерін.

Параграф 2. Жуу машиналарының машинисі, 3-разряд

241. Жұмыс сипаттамасы:

темір, марганец, хромды және басқа да кендерді өнімділігі 50 т/с; дейінгі жуу машиналарында байыту;

жуу машиналарының біркелкі толтырылуын, жуу процесінің дұрыс жүруін, элеваторлардың, насосстардың, су тарату желісінің, жаңқа мен басқа да бөгде заттарды алып тастауға арналған механизмдердің жұмысын қадағалау;

бастапқы кеннің минералогиялық құрамына, материал мен судың түсуіне қарай, жуу машинасының жұмыс режимін реттеу;

байыту сапасын, судың шығысы мен қысымын, ағынның ірілігін, жуу машинасының өнімділігін бақылау, оның жұмысындағы ақауларды анықтау және жою.

қызмет көрсететін машинаны ағымдық жөндеуге қатысу.

242. Білуге тиіс:

жуу машиналары мен басқа да қосалқы жабдықтың құрылымы мен жұмыс принципін;

байытылатын кеннің физикалық-химиялық қасиеттерін; кенді жуу (байыту) процесінің технологиясын;

жуу машиналарының техникалық сипаттамасын, олардың жұмысын реттеу тәсілдерін; сумен жабдықтау сызбасын;

байытылатын өнімнің сапасына қойылатын талаптарды; слесарь ісін.

Параграф 3. Жуу машиналарының машинисі, 4-разряд

243. Жұмыс сипаттамасы:

темір, марганец, хромды және басқа да кендерді өнімділігі 50 т/с-тан 100 т/с дейінгі жуу машиналарында байыту;

құрамында фосфор бар кендерді байыту;

шикізат пен судың берілуін реттеу;

қолданылатын жабдыққа, автоматты құрылғылар мен қосу аппаратурасына қызмет көрсету; гидромонитор жұмысын басқару; зумпфтан шикізат беру кезінде элеватор шөмішін біркелкі толтыру;

байытылған шикізатты түсіру; қызмет көрсететін жабдықты тазалау.

244. Білуге тиіс:

құрамында фосфор бар кендерді байыту технологиясын; кенді жуу машиналарында байытудың технологиялық процесін жүргізу ережесін; байытудың технологиялық процесін реттеу жолдарын;

қызмет көрсететін жабдықты қосу, тоқтату және жұмыс режимі ережесін.

Темір, марганец, хромды және басқа да кендерді өнімділігі 100 т/с-тар жоғары жуу машиналарында байыту кезінде - 5-разряд.

70. Кен орталау машинасының машинисі

Параграф 1. Кен орталау машинасының машинисі, 4-разряд

245. Жұмыс сипаттамасы:

кен орталау машинасын біліктілігі анағұрлым жоғары кен орталау машинасы машинисінің басшылығымен басқару, оның орнын ауыстыру және орнату;

кен орталау машинасының жекелеген тораптарының жұмысын қадағалау; коректендіруші кабельдің барабанға дұрыс оралуын бақылау;

кен орталау машинасының жабдығын таза және жарамды ұстау, жағар және майлау материалдарын жеткізу;

механизмдерді майлау;

жұмыс өндірісі кезінде машиниске белгі беру; жөндеу жұмыстарына қатысу.

246. Білуге тиіс:

кен орталау машинасының құрылымын, жұмыс принципін; қоймадағы орталау материалдарының орналасуын;

кеннің және басқа да орталанатын материалдарының қасиеттері мен химиялық құрамын;

кенді және басқа да шашыраңқы материалдарды орталау әдістерін; майлау материалдарының қасиеттері мен құрамын.

Параграф 2. Кен орталау машинасының машинисі, 6-разряд

247. Жұмыс сипаттамасы:

кен массасын қопсыту және орталау;

шашылған материалды конвейерге немесе саңылаулы жаппа траншеясына тиеу;

кен орталау машинасының жерге қосылуын, кабельдер мен троллдердің жай-күйін тексеру;

кен орталау машинасы механизмдерінің жұмысын сынамалау және реттеу;

өлшеу құралдарының көрсеткіштері мен қопсытқыштың жай-күйін қадағалау;

кен орталау машинасы жабдығын техникалық қарау және жөндеу.

248. Білуге тиіс:

кен орталау машинасының конструктивтік ерекшеліктерін;

кенді және шашыраңқы материалдарды орталау технологиясын орталау әдісінің агломерат пен шойын сапасына әсерін;

электротехника негіздерін.

71. Күйдіруші

Параграф 1. Күйдіруші, 3-разряд

249. Жұмыс сипаттамасы:

кенді, шихтаны, материалдарды шағылма пештер мен реторттарда күйдіру процесін жүргізу;

сымдарды, кабельдерді, жаңқаны, сүйекті, шлакты күйдіру;

шихтаны тегістеу және шағылма пештерге аудару, пешті пайдалануға дайындау;

аппаратураның жарамдылық жағдайын тексеру;

жұмыс нұсқаулығына сәйкес шикізаттың, материалдардың, отынның берілуін, температура режимін реттеу;

шағылма пеш жұмысының журналын жүргізу;

қызмет көрсететін жабдықтың жұмысындағы ақауларды анықтау және жою;

күйдірілген материалды түсіру және оны бөлінген жерге жинап қою;

газ қалдықтары мен шаң камераларын тазалау.

250. Білуге тиіс:

қызмет көрсететін пештер мен реторттардың құрылымын, қосу, тоқтату тәртібін, тиеу сызбаларын; күйдіру процесінің мәнін;

күйдіру режимін және техникалық нұсқаулықтарды;

күйдірілетін материалдар мен бұйымдардың, жағылатын отынның құрамы мен қасиеттерін;

газ қалдықтары мен қызмет көрсететін пеш коммуникацияларын.

Параграф 2. Күйдіруші, 4-разряд

251. Жұмыс сипаттамасы:

кенді, шикізатты, концентраттарды, шламды, қайтарма материалдарды, электрод өнімі дайындамалары мен басқа да материалдарды мен шикізатты табанды, от-жалынды пештерде, шаңтектес күйдіру пештерінде, шахталық автоматтандырылмаған пештерде, қайнайтын қабат режимінде жұмыс істейтін пештерде, ұзындығы 75 м дейінгі айналма пештерде және пештің технологиялық режимі мен жұмыс кестесіне сәйкес басқа да пештерде күйдіру процесін жүргізу; қызмет көрсететін пештердегі температураны, шығатын газ құрамын, пеш зонасындағы ауаның қысымын қадағалау;

қайнайтын қабат режимінде жұмыс істейтін пештерден шығатын газдарды салқындату;

оттықтардың жай-күйін, газ аппаратурасының жарамдылығын, тарту күшін тексеру; сынама іріктеу;

газ бен ауа қажеттілігін есептеу; шихтаны тұндыру;

қызмет көрсететін пештің тартуын және жүрісін реттеу;

пеш футеровкасының, желдеткіштердің, қоректендіргіштердің, конвейерлердің, тоңазытқыштардың, форсункалардың, насостардың, деаэраторлардың және жұмыс орнындағы басқа да жабдықтың жай-күйін тексеру және қызмет көрсету;

утилизатор-қазандықтың жұмыс режимін қадағалау;

техникалық құжаттама жүргізу; қызмет көрсететін жабдықтың жұмысындағы ақауларды анықтау және жою, оны жөндеуге қатысу.

252. Білуге тиіс:

қызмет көрсететін пештің, жабдық пен өлшеу құралдарының құрылымын; газ жолының отын, ауа коммуникацияларының сызбасын; күйдіру технологиясы мен режимін; технологиялық нұсқаулықтарды;

материалдар мен отын шығысы нормаларын; отынды ұтымды жағу тәсілдерін ;

футеровканың беріктігін арттыру шарттарын; күйдірілген өнімнің, қождың, газдың сапасына қойылатын талаптарды;

күйінділердегі жол берілетін металл шамасын; дабыл және газдан тазарту жүйелерін; қызмет көрсететін пештің жұмысына әсер ететін факторларды; слесарь ісін.

Параграф 3. Күйдіруші, 5-разряд

253. Жұмыс сипаттамасы:

кенді, шикізатты, концентраттарды, басқа да материалдарды автоматтандырылған пештерде, ұзындығы 75 м-ден 150 м дейінгі айналма пештерде күйдіру процесін жүргізу;

цинкті концентраттарды қайнайтын қабат режимінде жұмыс істейтін пештерде күйдіру процесін жүргізу;

қызмет көрсететін пештерді отынмен және материалдармен қоректендіруді, ауаның түсуін, температураны, жану процесінің интенсивтілігін, айналу жылдамдығын реттеу;

сыртқы түріне, аспаптар, сапа талдауына және дайын болуына қарай күйдірілген материалдарды анықтау;

қайнайтын қабат режимінде жұмыс істейтін пештердегі буландыру қондырғыларына қызмет көрсету;

қызмет көрсететін пештерді жөндеуден кейін қабылдауға қатысу.

254. Білуге тиіс:

түрлі жүйедегі күйдіру пештерінің және басқа да қызмет көрсететін жабдықтың конструктивтік ерекшеліктерін, оларды пайдалану ережесін;

шикізаттың, материалдардың, отынның құрамы мен қасиеттерін, олардың шығыс нормаларын;

күйдірілген өнімнің шығу көлемін ұлғайту және сапасын арттыру тәсілдерін; блокировка, автоматтандыру және дабыл сызбасын;

күйдіру пештерінің жұмысын автоматты реттеу сызбасын.

Қышқылды кенді, никель концентратын күйдіру процесін жүргізу кезінде; ұзындығы 150 м.-ден және одан жоғары айналма пештерде күйдіру процесін жүргізу кезінде - 6-разряд.

Ескертпе.

Жұмысты біліктілігі анағұрлым жоғары күйдірушінің басшылығымен атқарған кезде тарифтеу бір разрядқа төмен жүргізіледі.

72. Басқару пультінің операторы

Параграф 1. Басқару пультінің операторы, 2-разряд

255. Жұмыс сипаттамасы:

технологиялық процестерді және жармалау, байыту, кесекшелеу, агломерациялық фабрикалардың (цехтардың, учаскелердің, қондырғылардың) өнімділігі (сомаланған) 50 т/с дейінгі жабдығын өлшеу құралдарының көрсеткіштері бойынша және байланыс құралы бойынша алынатын деректер бойынша басқару пультінен басқару;

шикізат пен материалдардың тоқтаусыз берілуін қамтамасыз ету; жабдықтың берілген жұмыс режимін ұстау, оны қашықтықтан қосу және тоқтату, жұмыстың сандық және сапалық көрсеткіштерін есебін жүргізу;

басқару пульті мен коммуникациялардың жай-күйін қадағалау.

256. Білуге тиіс:

технологиялық процесс сызбасын; автоматика мен блокировканың жұмыс принципін;

қызмет көрсететін жабдық пен аспирациондық жүйелердің орналасуын, олардың жұмыс режимін;

өлшеу құралдары мен басқару пультінің дабылын; дабыл және байланыс жүйесін.

Параграф 2. Басқару пультінің операторы, 3-разряд

257. Жұмыс сипаттамасы:

технологиялық процестерді және жармалау, байыту, кесекшелеу, агломерациялық фабрикалардың (цехтардың, учаскелердің, қондырғылардың) өнімділігі (сомаланған) 50 т/с-тан 300 т/с дейінгі жабдығын басқару пультінен басқару;

басқару пультінен шахта сұрыптамасын, кен, көмір және сланец шахталары мен разрездерінің үстіңгі жабдық кешенін, олардың өнімділігіне қарамастан басқару;

автоматтандырылған өндірістің технологиялық процесінің жекелеген параметрлерін аспаптардың көрсеткіштері бойынша басқару пультінен бақылау, процесс параметрлерін түзеу, реттеу;

автоматты реттегіштерді және аспаптарды қадағалау.

258. Білуге тиіс:

қызмет көрсететін учаскенің технологиялық процесі негіздерін; басқару пультінен басқарылатын жабдықтың жұмыс принципін;

технологиялық процесті бақылау әдістерін;

процестің жарық сызбасын; электротехника, механика негіздерін.

Параграф 3. Басқару пультінің операторы, 4-разряд

259. Жұмыс сипаттамасы:

технологиялық процестерді және жармалау, байыту, кесекшелеу, агломерациялық фабрикалардың, топырақ өндірісі цехтарының (учаскелердің, қондырғылардың) өнімділігі (сомаланған) 300 т/с-тан 800 т/с дейінгі жабдығын басқару пультінен басқару;

бір учаскенің, бір өндірістің технологиялық процесінің толық циклін жүзеге асыру кезінде технологиялық процес пен жабдықты автоматтандырылған өндірістің басқару пультінен басқару;

автоматты реттеу жүйесін бақылау және қызмет көрсету;

тиелетін және жұмсалатын материал мен шикізаттың саны мен сапасын, дайын өнім шығымын өлшеу және автоматика құралдарының көрсеткіштері бойынша бақылау; учаскенің технологиялық жұмысшыларымен жедел байланысты жүзеге асыру;

технологиялық процесті жүргізудегі оны бұзушылықтарды жою;

аспаптардың көрсеткіштерін өндірістік журналға тіркеу; автоматика жүйесінің жұмысындағы ұсақ ақауларды жою.

260. Білуге тиіс:

қызмет көрсететін учаскенің, өндірістің технологиялық сызбасын; қызмет көрсететін жабдықтың, өлшеу және автоматика құралдарының құрылымын; қызмет көрсететін учаске коммуникациясының технологиялық сызбасын;

автоматты жүйелердің, аспаптардың жұмысындағы ақауларды жою тәсілдерін;

бастапқы және дайын өнімдерге қойылатын талаптарды, техникалық шарттар мен мемлекеттік стандарттарды; орындалатын жұмыс шегінде өндіріс технологиясы негіздерін.

Параграф 4. Басқару пультінің операторы, 5-разряд

261. Жұмыс сипаттамасы:

технологиялық процестерді және жармалау, байыту, кесекшелеу, агломерациялық өнімділігі (сомаланған) 800 т/с-тан жоғары фабрикалардың (цехтардың, учаскелердің, қондырғылардың) жабдығын басқару пультінен басқару;

технологиялық процестерді және өнімділігі (сомаланған) 500 т/с-ке дейін өңделген өнім беретін жабдықты бас басқару пультінен өлшеу құралдарының көрсеткіштері мен электронды-есептеу машинасының мәліметтері бойынша басқару;

технологиялық процесс параметрлерін реттеу;

технологиялық жабдықтың жұмыс режимін дабыл құрылғыларының көрсеткіштері бойынша ұстап тұру;

түрлі учаскелердің технологиялық операцияларының бірлескен өзара әрекетін жүзеге асыру;

шикізаттың, қосалқы материалдардың, электр энергиясы мен технологиялық процестің басқа да көрсеткіштерін бақылау және реттеу; шикізаттың, қосалқы материалдардың, жартылай фабрикаттардың шығысын, өндірістің барлық стадиялары бойынша дайын өнім шығымын есептеу және есепке алу;

аспаптардың ақпаратын тексеру;

технологиялық процестің сандық және сапалық параметрлерін, технологиялық жабдық жүктемесін есепке алу;

жармалау, байыту, кесекшелеу, агломерациялық фабрикалар жабдығының жұмысындағы ақаулар мен өндіріс технологиясын бұзушылықтарды анықтау және жою;

учаскелердің жұмысын үйлестіру және технологиялық процесті басқару пультінің барлық автоматты құрылғыларының тоқтаусыз жұмыс істеуін қамтамасыз ету.

262. Білуге тиіс:

қызмет көрсететін өндірістің технологиялық сызбасын;

жармалау, байыту, кесекшелеу, агломерациялық фабрикалар мен автоматика жүйесінің жабдығының конструктивтік ерекшеліктерін, өндірістік процесті автоматтандыру сызбасын;

технологиялық процесс барысында анықталған ауытқуларды жою тәсілдерін; электротехника, жылу техникасы, электроника негіздерін.

Өнімділігі (сомаланған) 500 т/с-ке дейін өңделген өнім беретін жабдықты басқару пультінен өлшеу құралдарының көрсеткіштері мен электронды-есептеу машинасының мәліметтері бойынша басқару кезінде - 6-разряд.

73. Реагенттерді ерітуші

Параграф 1. Реагенттерді ерітуші, 3-разряд

263. Жұмыс сипаттамасы:

реагент ерітінділерін, олардың сомаланған шығысы 50-ден 100 куб; м/с; дейін болған кезде, флотациялауға қажетті концентрацияда әзірлеу; ерітінді концентрациясын реттеу;

реагент ерітінділерін дозалау бөлімшесіне қайта айдау;

тарту шкафтары мен желдеткіштердің жұмысын қадағалау;

реагенттер шығысының есебін жүргізу;

қызмет көрсететін жабдықтың жұмысындағы ақауларды анықтау және жою, оны жөндеуге қатысу; бактарды ерімейтін шөгінділерден кезеңдеп тазартып тұру

264. Білуге тиіс:

қызмет көрсететін жабдықтың құрылымын; реагенттердің нысанын, олардың қасиеттерін;

ерітінді әзірлеу тәсілдерін; реагент ерітінділеріне қойылатын талаптарды; реагенттердің шығыс нормасы мен оларды сақтау ережесін; кенді флотациялық тәсілмен байыту принципін; реагент құбырлар сызбасын.

74. Қалдық шаруашылығын реттеуші

Параграф 1. Қалдық шаруашылығын реттеуші, 2-разряд

265. Жұмыс сипаттамасы:

дамбаны өздігінен ағып жуылатын кезде қалдықты учаске бойынша таратып ағызу;

қалдықты қоймалау көлемі жылына 1,0 млн; м³ дейінгі қалдық қоймасына қызмет көрсету;

қалдық қоймасы дамбасының жай-күйін және қалдықтың гранулометриялық құрамын қадағалау; учаске бойынша қалдық ағынының жылдамдығын реттеу;

ағызу тазалығы мен шлам тұндырғыштың толуын, құдықтардың жай-күйін қадағалау;

түрлі материалдардан дамбы тұрғызу және үлкейту, оларды бекіту және тегістеу;

қалдық шаруашылығы трассаларын қарау; құбырлар мен дамбалардағы ақауларды анықтау;

еністерді бекіту және суағар арна жүргізу; насостарға, сифондарға, өткізу құдықтарына, пульпа құбырларға мен қалдық шаруашылығының басқа да имараттарына қызмет көрсету;

қызмет көрсету және оларды жөндеуге қатысу.

266. Білуге тиіс:

қалдықтарды таратып құю және оны учаске бойынша ауыстыру тәртібі мен ережесін;

қалдықтың физикалық қасиеттерін және оны тұндыру процесі негіздерін; қалдық қоймасының орналасу сызбасы мен оның шекті сыйымдылығын; дамбыларды ағын бұзуынан қорғау тәсілдері;

қалдықты қайта айдау насостарының жұмыс принципін; дамба нысанын және оларды тұрғызу ережесін;

дамбаның су өткізбейтіндей етіп жасауға қажетті материалдарды; дамба қабырғаларын көтеру, салу, тегістеу және нығыздау тәсілдерін; қызмет көрсететін учаске трассасын; дамбалар мен құбырлардың ақауларын жою тәсілдерін

Көмір және шлам тұндырғыштарға қызмет көрсету кезінде - 1-разряд;

Дамбаның өздігінен ағып жуылу интенсивтілігі жылына 1,5 млн. м³ дейінгі қалдық шаруашылығына қызмет көрсету кезінде - 3-разряд;

Дамбаның өздігінен ағып жуылу интенсивтілігі жылына 1,5 млн. м³ артық қалдық шаруашылығына қызмет көрсету кезінде - 4-разряд.

75. Сепараторшы

Параграф 1. Сепараторшы, 3-разряд

267. Жұмыс сипаттамасы:

электр магнитті, электростатикалық, винтті, полиградиентті сепараторларда сепарациялау процесін жүргізу;

қызмет көрсететін сепараторлардың, жуғыштардың, гидроараластырғыштардың жұмысын қадағалау;

кеннің, концентраттың сапасына және қалдықтардағы кен шығынына қарай токтың магнитті өрісі мен күшін реттеу;

қызмет көрсететін жабдықты қосу және тоқтату;

кеннің, судың берілуін, байыту өнімінің шығымын реттеу;

материалдардың сепараторларға біркелкі таратылуын және берілуін реттеу;

өлшеу құралдарының көрсеткіштерін қадағалау;

гидросепарациялау кезінде пульпаның сілтілігін анықтау;
қызмет көрсететін жабдықтың жұмысындағы ақауларды анықтау және жою.

268. Білуге тиіс:

қызмет көрсететін сепараторлардың, жуғыштардың, гидроараластырғыштардың және басқа да жабдықтардың құрылымы мен жұмыс принципін; сепарациялау процесі негіздерін; байыту процесінің технологиясы мен режимін; алынатын байыту өнімдерінің магниттік қасиеттерін; қабылдауыш реле сәулесі ағынын ыңғайлау ережесін;

пайдалы қазбалар сыныптамасын; электротехника негіздерін; электрослесарь ісін; қызмет көрсететін сепараторларды техникалық пайдалану ережесін;

өндірістік журналды толтыру тәртібін; байытылатын шикізаттың және ілеспе жыныстар мен минералдардың қасиеттерін; ауыр суспензияларды дайындау және регенерациялау технологиясын;

алынатын байыту өнімдерін сақтау режимін; майлы жақпалардың құрамын және технологиялық судың температурасына қарай олардың өзгеруін.

Сепарациялау процесін магнитті, пневматикалық, адгезионды-жабысқыш сепараторларда; өнімділігі 15 т/с дейінгі электромагнитті валкалы сепараторларда; сомаланған өнімділігі 50 т/с дейінгі коронно-электростатикалық және трибоэлектрлі сепараторларда жүргізу кезінде - 4-разряд;

Сепарациялау процесін автоматты режимде істейтін магнитті сепараторларда, рентгеносепаратор қондырғыларында немесе элеватор доңғалақты сепараторларда; өнімділігі 15 т/с жоғары электромагнитті валкалы сепараторларда; сомаланған өнімділігі 50 т/с артық коронды-электростатикалық және трибоэлектрлі сепараторларда жүргізу кезінде; сепарациялау процесін геологиялық барлау жұмыстарында, түрлі типтегі сепараторларда жүргізу кезінде; түсті метал кенін, кен-химия шикізатын, құрамында алмаз бар концентратты ауыр суспензиялар мен сұйықтарда, байыту өнімдерін қабылдап, өңдеп, тексеріп, есебін жүргізіп, ресімдеп және тапсыра отырып түрлі типтегі сепараторларда жүргізу кезінде - 5-разряд;

Байыту процесін әртүрлі типтегі сепараторларда жүргізу кезінде; өнімді қассаға тапсыру; геологиялық барлау жұмыстарына құжаттама ресімдеу кезінде - 6-разряд.

Ескертпе.

Жұмысты біліктілігі анағұрлым жоғары сепараторшының басшылығымен орындау кезінде тарифтеу бір разрядқа төмен жүргізіледі.

76. Сұрыптаушы

Параграф 1. Сұрыптаушы, 1-разряд

269. Жұмыс сипаттамасы:

пайдалы қазбаны, шикізатта, жартылай фабрикаттарды, дайын өнімді, өндіріс қалдығын сыртқы белгісі бойынша қолмен сұрыптау;

пайдалы қазбадан бос жыныс пен бөгде заттарды және жыныстан тауарлы өнім кесектерін іріктеп алу;

материалды сұрып бойынша бөлу;

іріктелген жынысты, пайдалы қазбаны және басқа да сұрыпталатын материалдарды көлік құралдарына тиеу;

жынысты бункерге және люктерге лақтыра отырып жинау;

шойтастарды уату; сұрыптауышқа, дайын өнім бункерлеріне және бункер астындағы транспортерлерге қызмет көрсету;

електерге, қоректендіргіштерге қызмет көрсетуге қатысу; пайдалы қазбаны қайта тазалау және сұрыптамалаумен, дайын өнім бункерлерін толтырумен және тазалаумен байланысты жұмыстарды орындау;

транспортерлердің біркелкі қоректендірілуін қадағалау;

сұрыпталған материалдарды қабылдау, тапсыру және өлшеу, штабельге немесе көлік құралдарына салу;

вагондарды толық тиелмеуіне немесе бос жыныспен қоқыстануына қарай бракка шығару;

шаблонмен тиелу толықтығын тексеру;

қабылданған шәкіл бойынша тиелмей қалуына жеңілдік беру;

сирек және асыл металдарды өндіру кәсіпорындарында - кен ұсақтарын сыпырып жинау;

қабылданған пайдалы қазбаны және оның қоқыстануын есепке алу.

270. Білуге тиіс:

пайдалы қазбаны бос жыныстан ерекшелендіретін сыртқы белгілерді; пайдалы қазбаның негізгі қасиеттерін, сұрпы мен маркасын; әртүрлі өнім сұрыптарының сыртқы белгілерін; пайдалы қазба кесектерінің шекті ірілігін; штабельге немесе көлік құралдарына салу ережесін;

пайдалы қазбаға қойылатын мемлекеттік стандарт талаптарын; оны қабылдау, тапсыру және құжаттаманы ресімдеу ережесін, пайдалы қазба сұрыптары бар бункерлердің орналасуын; електердің, сұрыптауыштардың, транспортерлердің, элеваторлардың жұмыс принципін, оларды майлау жүйесін; қосу айлабұйымдарының орнатылған жерлерін; кен жынысын өлшеу және есебін жүргізу ережесін.

торфоплиталарды сұрыптау, крюдті іріктеу кезінде; сирек және асыл металдарды сұрыптау кезінде; янтарды сұрпы мен ірілігі бойынша сұрыптау кезінде; асбесті сұрыптамалау кезінде; сұрыптау үстелдерінде, пневмокласификаторларда сұрыптау кезінде - 2-разряд.

77. Кептіруші

Параграф 1. Кептіруші, 2-разряд

271. Жұмыс сипаттамасы:

шкафтарда, плиталарда табан пештерде, стеллаждарда, сомаланған өнімділігі 100 т/с; дейінгі кептіру барабандарында кептіру процесін жүргізу; кептіргіштерді кептіруге арналған материалдармен толтыру;

концентратты қызмет көрсететін пеш табандығында араластыру, пештің жұмысын бақылау;

кептіру пештеріне от жағу және пеш температурасын реттеу;

кептіргеннен кейін материалдарды, бұйымдарды, шикізатты түсіріп алу, тараға салу, белгіленген орынға қою.

272. Білуге тиіс:

қызмет көрсететін кептіру пештері мен басқа да жабдықтың жұмыс принципін және қызмет көрсету ережесін;

кептіру технологиясының негіздері мен режимін; отын түрлерін; қолданылатын бақылау-өлшеу аспаптары мен құралының нысанын;

кептірілген концентраттар мен басқа да кептіру материалдарының сапасына қойылатын талаптарды.

Параграф 2. Кептіруші, 3-разряд

273. Жұмыс сипаттамасы:

пиритті және флюоритивті концентраттарды құбырлы, көп табандықты пештерде, камераларда, туннельдік, электр вибрациялы кептіргіштерде, вакуум - кептіргіштер мен басқа да (кептіру барабандарынан басқа) сомаланған өнімділігі 100 т/с дейінгі кептіру және күйдіру қондырғыларында және сомаланған өнімділігі 100 т/с дейінгі кептіру барабандарында кептірудің технологиялық процесін жүргізу;

материалдарды, бұйымдар мен жартылай фабрикаттарды дайындау және кептіру пештеріне салу;

газ құбырларын, оттықтарды, патрубкларды, жандырғыларды тазалау және пеш ағындарындағы кептемелерді жою;

кептіру пештеріндегі, толтыру және түсіру камераларындағы температураны өлшеу;

өнімнің ылғалдылығын, сиреуін және температурасын нұсқаулықтарға сәйкес реттеу;

түрлі сұрыптағы өнімдерді бункерлер бойынша таратып бөлу үшін шиберлер мен ағындарды жабу; берілген жылу режимін және ауа, бу, газ ағындарының жылдамдығын қамтамасыз ету;

кептіру режимін, қоректендіргіштердің, транспортерлердің, дезинтеграторлардың, тозаң ұстағыш аппаратураның және қызмет көрсететін басқа да жабдықтың жұмысын қадағалау;

бақылау-өлшеу аспаптарының көрсеткіштерін қадағалау;
кептіру материалдарының дайындық деңгейін анықтау; дайын өнімді кептіру қондырғыларынан көлік ыдыстарына, транспортерлерге түсіру немесе вагонеткаларды әкету;
өндірістік журналды жүргізу;
қызмет көрсететін жабдық жұмысындағы ақауларды анықтау және жою.

274. Білуге тиіс:

қызмет көрсететін кептіру пештерінің, қоректендіргіштердің, транспортерлердің, дезинтеграторлардың, тозаң ұстағыш аппаратураның және қызмет көрсететін басқа да жабдықтың құрылымын, жұмыс принципін және қызмет көрсету ережесін;

кептіру процесінің (күйдірудің) мәнін және концентраттар мен басқа да материалдарды кептірудің оңтайлы режимдерін;

аппараттар тізбегі мен қондырғылардың технологиялық сызбасын;

калориферлерді, электр сүзгілерді, желдеткіштер мен басқа да қызмет көрсететін жабдықты қосу және жұмысын реттеу тәртібін;

қолданылатын отынның маркасы мен сапасын; қолданылатын бақылау-өлшеу аспаптары мен құралдың нысанын, жұмыс принципін, пайдалану ережесін; кептіру процесін автоматтандыру негіздерін; кептіруге келетін материалдардың физикалық-химиялық қасиеттерін; кептірілген концентраттар мен басқа да кептіру материалдарының сапасына қойылатын талаптарды; сынама іріктеу ережесін; слесарь ісін.

Кептіру процесін (кептіру барабандарынан басқа) сомаланған өнімділігі 100 т /с артық кептіру қондырғыларында, өнімділігі 120 т/с дейінгі мұнаралы тозаңдату кептіргіштерінде жүргізу кезінде; торфтан жасалған термоизоляциялық тақталарды, өнімділігіне қарамастан, туннельдік кептіргіштерде жүргізу кезінде - 4-разряд;

Өнімділігі 120 т/с және одан жоғары мұнаралы тозаңдату кептіргіштерге қызмет көрсету кезінде - 5-разряд.

Ескертпе.

Жұмысты біліктілігі анағұрлым жоғары кептірушінің басшылығымен орындау кезінде тарифтеу бір разрядқа төмен жүргізіледі.

78. Сүзгіші

Параграф 1. Сүзгіші, 2-разряд

275. Жұмыс сипаттамасы:

пульпаны сүзу процесін қысымсыз кезеңдеп жұмыс істейтін нутч-сүзгілерде, вакуум-сүзгілерде, рамалы сүзгі-пресстерде, қалта сүзгілерде жүргізу; сүзгілердің берілген режимге сәйкес толтырылуын және жүктелуін реттеу; сүзгілерді қосу және тоқтату; сүзгілерді қосу шламнан тазарту;

сүзгі рамаларды, құбырларды жуу;

қысымды, вакуумді, сүзілген сұйықтың тазалығын, пульпаның, жуатын судың берілуін өлшеу құралдарының көрсеткіштері мен талдау нәтижелері бойынша бақылау және реттеу;

сынама іріктеу;

сүзгі аппараттарына, коммуникацияларына, жинауыштар мен қосалқы жабдықтарға қызмет көрсету;

рамалар мен полотноларды, зарарсыздандыру торшасын, сүзгілерді, құбырларды ауыстыру, бөлшектеу;

қызмет көрсететін жабдықты жөндеуге қатысу; өндірістік журналды жүргізу.

276. Білуге тиіс:

сүзу процесі негіздерін; сүзу режимін;

қызмет көрсететін негізгі және қосалқы жабдықтың құрылымын, жұмыс принципін және пайдалану ережесін;

коммуникациялардың, құбырлардың және желдеткіш сызбасын; шикізаттың физикалық-химиялық қасиеттерін;

шикізатқа және дайын өнімнің сапасына қойылатын талаптарды.

Параграф 2. Сүзгіші, 3-разряд

277. Жұмыс сипаттамасы:

пульпаны сүзу процесін ленталы, барабанды сүзу аппараттарында, үздіксіз жұмыс істейтін вакуум-сүзгілерде, дискілі сүзгілерде және сүзу алаңы 100 м² дейінгі сүзгі-пресстерде жүргізу;

сүзу аппараттарын басқару және қызмет көрсету, оларды вакуумді және компрессорлық жүйелерге қосу;

насосстар мен қызмет көрсететін басқа да жабдықтың жұмысын бақылау және реттеу;

тұндырылған қабаттың қалыңдығына қарай сиреудің, пульпаның берілу интенсивтілігін, сүзгі жүктемесін; сүзу процесінің қысымы мен режимін, ерітінділердің тазару деңгейін өлшеу құралдарының көрсеткіштері мен талдау нәтижелері бойынша бақылау және реттеу;

қызмет көрсететін жабдықты қосу және тоқтату;

сүзгілерді тазарту, сүзгі рамалар мен құбырларды жуу;

шөкпе гидратта қысымдалған ауамен кезеңдеп тазартып тұру;

қызмет көрсететін жабдық жұмысындағы ақауларды анықтау және жою; автоматты сүзгілерге қызмет көрсету;

рамалар мен полотноларды, зарарсыздандыру торшасын, сүзгілерді, құбырларды ауыстыру, бөлшектеу; қызмет көрсету аймағын жинау.

278. Білуге тиіс:

сүзу технологиясын; сүзу аппараттарының, вакуум-насослары мен қызмет көрсететін басқа да жабдықтардың құрылымын, жұмыс принципін; қысымды, сиретуді реттеу тәсілдерін; күлсіздендіру тәсілдерін;

концентраттардың қасиеттерін; сүзілген ерітінді сапасына қойылатын талаптарды; өнімнің физикалық қасиеттерін;

коммуникациялардың, арматураның, құбырлардың сызбасын; дабыл жүйесін; процесті автоматты жүргізу сызбасын; қысым астында жұмыс істейтін ыдыстарды қауіпсіз пайдалану ережесін; бақылау аспаптарын пайдалану және сүзу процесін реттеу ережесін; бақылау талдауды жүргізу әдістерін.

Пульпаны сүзу процесін берілген бағдарлама бойынша автоматты режимде қысыммен және барабанды сүзгіштермен бір кешенде жұмыс істейтін шырақты сүзгілерде, сүзу алаңы 100-ден 200 м² дейінгі дискілі сүзгілерде және ленталы, аппараттарында, үздіксіз вакуум-сүзгілерде, дискілі сүзгілерде және сүзу алаңы 100ден 500 м² дейінгі сүзгі-пресстерде жүргізу жүргізу кезінде - 4-разряд;

Пульпаны сүзу процесін сүзу алаңы 200 м² жоғары дискілі сүзгілерде және ленталы, аппараттарында, үздіксіз вакуум-сүзгілерде, дискілі сүзгілерде және өлшеу және автоматика құралдарымен жарактандырылған сүзу алаңы 500 м² – ден жоғары сүзгі-пресстерде жүргізу кезінде - 5-разряд.

79. Флотатор

Параграф 1. Флотатор, 4-разряд

279. Жұмыс сипаттамасы:

флотация процесін берілген сызба бойынша жүргізу;

берілген флотация режимін және пульпаның тығыздығын қамтамасыз ету;

пульпаның түрлі типтегі флотация машиналарына үздіксіз және біркелкі түсуін, байыту өнімінің шығымы мен сапасын, флотация машиналарының жүктемесін, алынатын көбік өнімінің саны мен жұмсалатын реагенттердің санын қадағалау;

пневматикалық флотация машиналарындағы қысымдалған ауаның қысымын реттеу;

автоматты аспаптардың жұмысын қадағалау;

флотация қалдығын шығару; қызмет көрсететін флотация және қосалқы жабдықты басқару және қызмет көрсету, оның жұмысындағы ақауларды анықтау және жою, тазалау және майлау;

реагенттер шығысын есептеу;

өндірістік журналды жүргізу;

алмазды концентратты флотациялау процесін жүргізу.

280. Білуге тиіс:

флотациялау технологиясы мен сызбасын; флотация жабдығының құрылымын, жұмыс принципін; реагенттердің нысынын, номенклатурасын, олармен жұмыс істеу және сақтау ережесін;

реагенттердің қасиеттерін және олардың флотациялау процесіне әсерін; концентраттар мен қалдықтарға арналған қолданыстағы техникалық шарттарды; флотация өнімін сынамалау ережесін; слесарь ісін.

Флотациялау процесін күрделі емес сызба бойынша зертханалық жабдықта, концентрациялық үстелдерде жүргізу кезінде - 3-разряд;

Флотациялау процесін: күрделі сызба бойынша, екі немесе одан артық компонент алу кезінде; 16 м³ және одан жоғары флотация камераларына қызмет көрсету кезінде; флотациялау процесін дайын концентрат беретін қайта тазалау машталарының жеткеру секцияларында жүргізу кезінде - 5-разряд.

Ескертпе.

Жұмысты біліктілігі анағұрлым жоғары флотатордың басшылығымен орындау кезінде тарифтеу бір разрядқа төмен жүргізіледі.

80. Центрифугашы

Параграф 1. Центрифугашы, 2-разряд

281. Жұмыс сипаттамасы:

қатты өнімдерді сусыздандыру (сығу) немесе кристалды немесе қатты фазалы жарма суспензияны шөгіндіні қолмен немесе ауырлық күшінің қысымымен шығара отырып, кезеңдік жұмыс істейтін қалыпты сүзу центрифугаларында бөлу процесін жүргізу;

центрифуга барабанын қолмен өнімге толтыру, центрифуганы тежеу, босату және тоқтату;

центрифугалау процесінің аяқталу сәтін көру немесе талдау нәтижелері бойынша анықтау;

сүзгіш материалдарды, жуу және ауыстыру, ағындар мен қарау шыныларын тазарту;

май құю;

қызмет көрсететін жабдықтың жұмысындағы ақауларды анықтау және жою; өндірістік журналды жүргізу.

282. Білуге тиіс:

центрифугалардың жұмыс принципін; центрифугалау процесі негіздерін; өнімнің жол берілетін шекті ылғалдылығы процентін;

центрифугалау процесінің аяқталу сәтін анықтайтын сыртқы белгілер мен талдау нәтижелері көрсеткіштерін.

Параграф 2. Центрифугашы, 3-разряд

283. Жұмыс сипаттамасы:

қатты өнімдерді сусыздандыру (сығу) немесе кристалды немесе қатты фазалы жарма суспензияны шөгіндіні қолмен немесе ауырлық күшінің қысымымен шығара отырып, кезеңдік жұмыс істейтін қалыпты сүзу центрифугаларында бөлу процесін жүргізу;

мынадай: кірлеген сұйықтарды немесе қатты өнімдерді мөлдірлеу (ағарту), шамалы қатты фазалы, нашар сүзілетін әртектес қоспаларды бөлу немесе қатты өнімдерден сұйықты бөліп шығару процестерін кезеңдеп немесе үздіксіз жұмыс істейтін автоматты түсіретін (пышақты немесе қырғылы түсіру, шнекті немесе соқпалы түсіру), жылдам немесе ерекше жылдам тұндырғыш центрифугалардағы ортадан тепкіш күш көмегімен жүргізу;

өнімді ортадан тепкіш күш әсерімен автоматты түсіру және тиеу, жуу, булау; өлшеу құралдарының көрсеткіштері бойынша өнімнің тиелуін, ұнтақталған немесе шайылған шөгіндінің түсірілуін және саны, деңгейі, үлес салмағы бойынша судың берілуін бақылау және реттеу центрифугаларды берілген режимге баптау;

центрифугаларды, насостар мен тасымалдау құралдарын қосу және тоқтату; өнімді бақылау талдау жүргізу;

қарау және талдау нәтижелері бойынша центрифугалау процесінің аяқталғанын анықтау;

зарарсыздандырушы ерітінділерді дайындау, қызмет көрсететін жабдықты өңдеу.

284. Білуге тиіс:

қызмет көрсететін центрифугалардың, қосалқы жабдықтың, арматураның, коммуникациялардың құрылымын;

центрифугалаудың технологиялық режимін және оны өлшеу құралдарының көрсеткіштері бойынша реттеу тәсілдерін;

өлшеу құралдары пайдалану ережесін; өнімді бақылау талдау жүргізу әдістерін.

Параграф 3. Центрифугашы, 4-разряд

285. Жұмыс сипаттамасы:

үлес салмағы әртүрлі сұйықтарды құрамдас бөліктерге бөлу (немесе мөлдірлеу); біртектес қоспаларды таратып бөлу немесе концентрациялау процесін ерекше жылдам центрифугаларда (құбырлы немесе тәрелкелі сұйықтықты сепараторларда) немесе басқару бағдарламасы бар, ортадан тепкіш күш қысымымен түсіретін центрифугаларда жүргізу;

центрифугалаудың толық циклінің жекелеген элементтерінің және тұтастай процестің кезектілігі мен ұзақтығын реттеу; қызмет көрсететін жабдықты жөндеу

286. Білуге тиіс:

бөлінетін өнімдердің қасиеттері мен олардың үлес салмағын; өнімдердің бөліну немесе концентрациялау процесінің ұзақтығын;

басқару бағдарламасы бар центрифугаларды басқару ережесін; слесарь ісін.

81. Шламдаушы – бассейнші

Параграф 1. Шламдаушы – бассейнші

287. Жұмыс сипаттамасы:

шлам бассейндері мен шлам құбырларына қызмет көрсету, олардың жай-күйін тексеру; бассейндерге шлам толтыру;

бассейндердегі шламды қысылған ауа көмегімен араластыру;

шлам қоймасындағы судың деңгейін реттеу;

шығыр көмегімен мұнараның түсірмелі жаппа терезелерін көтеру және түсіру

;

бөгетті, су лақтыру құрылғыларын, насостардың жұмысын қадағалау; шламның тұндырғыштан уақтылы жіберілуін және ағызу құрылғыларының шайылуын қамтамасыз ету;

шлам бассейндері мен шлам құбырларын қоюланған қатты шлам шөгіндісінен және жиналған қатты қоспалардан құралдың көмегімен тазалау, шлам құбырларын сумен шаю; бассейнге келіп түскен және бассейнден шығарылған шламның есебін алу;

қызмет көрсететін жабдық жұмысындағы ақауларды анықтау және жою.

288. Білуге тиіс:

бассейндердің, шлам құбырларының, шлам қоректендіргіштердің, су құбырлары мен кәріздің құрылымы мен сызбасын;

электр қозғағыштардың, шлам коммуникацияларының, насостардың, шығырлар мен басқа да қосалқы жабдықтардың құрылымы мен жұмыс принципін;

шлам құбырларын бөлшектеу және құрастыру тәсілдерін; бөгет және су лақтырушы құрылғыларды пайдалану нұсқаулықтарын; насостарды, электр қозғағыштары мен түсірмелі жаппа терезелерді көтеру және түсіру жөніндегі шығырларды пайдалану жөніндегі талаптарды;

шламды араластыру технологиясы негіздерін; шикізат қоспасын беру сызбасын және оны реттеу тәсілдерін; шламға енетін шикізат құрамын және шикізат қоспасының сапалық сипаттамасын;

қызмет көрсететін жабдық жұмысындағы ақауларды анықтау және жою тәсілдерін; слесарь ісін.

көмір байыту фабрикаларының шлам бассейндеріне қызмет көрсету кезінде – 2-разряд;

шығарылатын шлам көлемі жылына 50 млн. м³ дейінгі шлам қоймасының шлам бассейндеріне қызмет көрсету кезінде - 3-разряд;

Шығарылатын шлам көлемі жылына 50 млн. м³ в артық шлам қоймасының шлам бассейндеріне қызмет көрсету кезінде - 4-разряд.

4–бөлім. Көмір және сланец өндіру және байыту, көмір және сланец шахталары мен разрездері құрылысы

82. Көмір байыту аппаратшысы

Параграф 1. Көмір байыту аппаратшысы

289. Жұмыс сипаттамасы:

көмірді (сланецті) байытудың технологиялық; бөлу, флотациялау, сепарациялау процестерін бөлу, флотациялау жабдықтарында, сепараторларда, жуу комбайндары мен науаларда, концентрациялау үстелдерінде, байыту циклондарында қашықтықтан немесе қолмен басқару режимінде жүргізу;

қиыршықты көмір ұнтағын аэрофонтандаушы және ортадан тепкіш сепараторларда сепарациялау;

қатардағы көмір мен байыту өнімдерін, айналма су мен суспензияны техникалық және экспресс-талдау деректері бойынша бақылау және реттеу;

қатардағы көмір мен байыту өнімдерінің іріктелген сынамаларының қабатпен бөлінуі экспресс-талдауын жүргізу;

байыту жабдығына, қоректендіргіштерге, дозалаушы құрылғылар мен реагент құбырларға қызмет көрсету;

жабдықтар мен автоматты бақылау және реттеу жүйелерін қосу және тоқтату, бекітілген технологиялық нұсқаулыққа сәйкес олардың жұмысын кезеңдеп бақылау;

қызмет көрсететін жабдықтардың, машиналардың жұмысындағы ақауларды анықтау және жою, оларды жөндеуге қатысу.

290. Білуге тиіс:

бөлу, флотациялау жабдықтарының, сепараторлардың, көмір жуу комбайндары мен науалардың, концентрациялау үстелдерінің, електердің және қосалқы жабдықтардың құрылымын, конструктивтік ерекшеліктерін, техникалық сипаттамасын және жұмыс режимін;

көмірді (сланецті) байыту технологиясын, қиыршықты көмір ұнтағы өндірісін ;

байыту жабдығы тізбегінің сызбасын; көмірді байыту машиналарында бөлу, қабаттап бөлу принципін;

көмір сыныптамасы мен байытылуын; көмір мен байыту өнімдерінің, шламның жылжу сызбасын; механизмдерді басқару тәртібін; сақтандыру және

тежегіш құрылғылары мен бақылау-өлшеу құралдарының жұмыс принципін; бастапқы көмір (сланец) бойынша үлестік жүктемесін;

соңғы байыту өнімдері шығымының өндірістік нормалары мен олардың сапасына қойылатын талаптарды; реагенттердің қасиеттерін; реагенттерді сақтау және олармен жұмыс ережесін;

көмірлі (сланецті) шламдарды флотациямен байыту процесінің физикалық-химиялық негіздерін;

байыту өнімдері сынамасын іріктеу, бөлу жөніндегі нұсқаулықты; автоматты бақылау және реттеу жүйесінің жұмыс принципін, ерекшеліктері мен оларды қосу және тоқтату тәсілдерін;

технологиялық процестің өтуін автоматты бақылау, химиялық талдау және реттеуіштер белгілемесіне түзету енгізу арқылы бағалау әдістерін;

технологиялық процесті қашықтықтан және қолмен басқару режимінде жүргізу ерекшеліктерін; майлау жүйесін және майлау материалдарына қойылатын талаптарды; қызмет көрсететін механизмдер мен машиналардың жұмысындағы ақауларды анықтау және жою тәсілдерін; электр слесарь ісін.

Магнитті сепараторларға қызмет көрсету кезінде - 2-разряд;

Концентрациялау қызметін көрсету кезінде - 3-разряд;

Жуу науаларына, байыту циклондарына, бөлу машинасына, үш флотациялау машинасына дейін қызмет көрсету кезінде - 4-разряд;

Екі немесе үш бөлу машинасына, үшеуден артық флотациялау машинасын, сондай-ақ көмір жуу комбайндарына, сондай-ақ көмір жуу комбайндарына, ауыр орталы сепараторларға, пневматикалық сепараторлар мен машиналарға, элеватор доңғалақты сепараторларға, ауыр орталы үш өнімді кешендерге қызмет көрсету кезінде - 5-разряд.

83. Жерасты тау-кен монтажшысы

Параграф 1. Жерасты тау-кен монтажшысы, 3-разряд

291. Жұмыс сипаттамасы:

тау-кен шахтасы жабдығын монтаждау кезінде қолданылатын құбырлар мен жаппа арматурасын, конвейер ставтарын, қырғы конвейерлерді (тазалау забойындағы забой конвейерлерінен басқа), қосалқы жабдықты, құрылғылар мен айла бұйымдарды монтаждау және бөлшектеу;

жетек стансаларын, воронкаларды, бункер жаппаларын монтаждау; кабель тарту, жазық және тік еңісті кен қазбаларында рештактарды төсеу; монтаждау учаскелерінде монтаждалатын тораптарды, бөлшектерді көтеру, орнын ауыстыру кезінде қосалқы жабдықты басқару;

аппаратура мен басқа да жабдықты орналастыру үшін төсем дайындау; материалдар мен жабдықты орналастыратын орын дайындау; кен массасын көлік құралына тиеу;

кен қазбалары қабылдау-жөнелту алаңдарында материалдар мен жабдықтарды механизмдердің көмегімен және қолмен белгіленген орындарда қабылдау, тиеу, жеткізу және түсіру;

жабдықты бояу, трафарет бойынша жазба жазу; электрмен, газбен пісіру жұмыстары өндірісі;

біліктілігі анағұрлым жоғары кен монтажшысының басшылығымен тау-кен жабдығын монтаждау және бөлшектеу жөніндегі басқа да жұмыстарды атқару.

292. Білуге тиіс:

кен ісі негіздерін; жабдықталатын және қызмет көрсететін машиналардың, механизмдер мен айлабұйымдардың құрылымын, нысанын және техникалық сипаттамаларын; жүкті, бөлшектер мен тораптарды ілмектеу және бекіту тәсілдерін;

қызмет көрсететін машиналардың, механизмдердің, айлабұйымдардың, тіркеме құрылғыларының шекті жүктемесін; монтаждау жұмысын жүргізу тәртібін; кабельді, құбырларды төсеу мен жаппа арматурасын монтаждау жөніндегі техникалық шарттарды;

қолданылатын материалдардың қасиеттерін; қызмет көрсететін жабдық жұмысындағы негізгі ақауларды жою тәсілдерін; қолданылатын бояулардың қасиеттерін; бояудың және жазба түсіру тәсілдерін;

электрмен пісіру машиналары мен аппараттары туралы негізгі деректерді, қолданылатын оттықтарды пайдалану, ұстау жолдары ережесін; жабдық астындағы іргетас габаритін тексеру тәсілдерін; слесарь ісін; монтаждалған жабдықты тексеру ережесі мен тәсілін.

Параграф 2. Жерасты тау-кен монтажшысы, 4-разряд

293. Жұмыс сипаттамасы:

шығарып алу және проходкалау комбайндарының, тазарту забойындағы қырғы конвейерлерінің, гидрофирлендіріліген бекітпе секциялары мен май стансаларының, гидротаратпаның, гидравлика тораптарының, гидро таратып бөлгіштердің, гидрокұлыптардың, басқару блоктарының, бункерлердің, бактардың, тоңазытқыш конденсаторларының, жылу алмастырғыштардың және тоңазытқыш қондырғыларының буландырғыштары мен итергіштердің механикалық бөлігін монтаждау және бөлшектеу;

мыналарды: бас кен қазбаларында орнатылған стационарлық ленталы конвейерлерді; стационарлық су ағызу және көмір сору қондырғыларын; көтеру машиналарын; тежегіш арқандар мен парашют құрылғыларын; шығырларды; монорельсті жолдарды; оқпанның механикалық дабылдатқышын; қосуды реттеу аппаратурасын; жоғары вольтті электр қондырғыларын монтаждау, бөлшектеу, баптау және сынамалау;

шығырларды, монтаж станоктарын, айлабұйымдардың орнын ауыстыру және орнату, тазарту, дайындау забойларында жеткізу және монтаждау жұмысы кезінде оларды басқару;

көпірше, еңіс, төсемдерді орнату, олар бойынша материалдарды, бөлшектерді, тораптарды, бекітпе секцияларын забойға жеткізу; құрылымдарды құрылыс-монтаж пистолетімен қағу.

294. Білуге тиіс:

жабдықталатын және қызмет көрсететін машиналардың, механизмдер мен айлабұйымдардың құрылымын, нысанын және техникалық сипаттамаларын;

монорельсті жолдардың құрылымын және техникалық пайдалану ережесін; қызмет көрсететін жабдық жұмысындағы ақауларды және оның себептерін, оны жою тәсілдерін;

қызмет көрсететін жабдықтың шекті жүктемесін; монтаж жұмыстары өндірісінің тәртібін, ережесі мен тәсілдерін;

қолданылатын бақылау-өлшеу аспаптарының құрылымын және оларды пайдалану ережесін; қолданылатын материалдардың қасиеттерін;

электротехника және тау-кен ісі негіздерін; тазалау және дайындау забойларында монтаждау жұмыстарын жүргізу шарттарын; қолданылатын бекітпе түрлерін, оны орнату мен алудың тәртібі мен тәсілдерін.

Параграф 3. Жерасты тау-кен монтажшысы, 5-разряд

295. Жұмыс сипаттамасы:

энергиямен қамтамасыз ету, гидравлика, автоматтандыру және қашықтықтан басқару жүйелеріндегі: тар алымды комбайндармен, стругалармен, шығарып алу кешендерімен және агрегаттарымен жабдықталған тазалау забойларындағы; комбайндармен жабдықталған дайындау забойларындағы; бас еңістерде, бремсбергтерде, соқыр шахталарда орнатылған көтеру машиналарындағы; орталық гидро көтергідегі электронды техника (жартылай өткізгіш), пневмоавтоматика, радиоэлектроника, телемеханика және изотоптық аспаптар элементтерін монтаждау; бөлшектеу және баптау;

күрт құлама қабаттардағы щитті агрегаттар мен басқа да кешендерді, сондай-ақ мпк-2, пнб-2, 2пнб-2, ппн-5 кен тиеу машиналарын, упш типті бұрғы қондырғыларын монтаждау, бөлшектеу және баптау жөніндегі жұмыстарды орындау;

ыдыстар мен арқандарды көп арқанды көтергілерге ілу; алмастыру құрылғыларын, жармалау-толтыру кешенін монтаждау;

монтаждан кейінгі сынамау процесінде бекітпе мен конвейер секцияларын ауыстыру кезінде кешендерді, агрегаттарды, комбайндарды, гидрожүйені басқару; жынысты қағыр түсіру және ірі габаритті жабдықтың орнын ауыстыру әрі оны тазалау және дайындау забойларында монтаждауға жағдай жасау үшін

шатыр, топырақ және бүйір жыныстарды уату балғасымен көмірді (сланецті) алып шығу;

шпурларды қол және колонкалы электр бұрғымен бұрғылау;

забойларды уақытша бекітпемен ресімдеу және бекіту; жабынды құру; тазалау забойлары мен дайындау қазбаларда бекітпені алу және орнату; костерді салу және бөлшектеу;

кабельдер мен суландыру шлангілерін тасымалдау, ілу немесе салу; желдеткіш құбырларын ілу;

монтаждалған жабдықты пайдалануға тапсыру.

296. Білуге тиіс:

монтаждалатын машиналардың, механизмдердің, электр қондырғыларының, автоматика құралдарының, қашықтықтан басқару және басқа да жабдықтардың құрылымын, нысанын және техникалық сипаттамаларын; оларды монтаждау, бөлшектеу, реттеу, баптау және жұмыста сынамалау тәсілдерін;

жұмыс режимін, жүктемені тексеру, қызмет көрсететін жабдықты сынамалау процесінде пайдалану сипаттамалары мен диаграммаларды алу тәсілдерін;

жоғары дәлдікті бақылау-өлшеу аспаптарының құрылымын және оларды пайдалану ережесін; монтаждауды және онымен байланысты тау-кен жұмыстарын жүргізу кезінде қолданылатын машиналардың, механизмдер мен құралдардың құрылымын, нысанын және техникалық сипаттамасын; кен жыныстарының қасиеттері мен олардың сыныптамасын;

шатырды түзеу тәсілдерін;

уақытша және тұрақты бекітпе түрлерін; тазалау және дайындау забойларын бекіту тәсілдерін; кен мен жынысты уату балғасымен және жару тәсілімен кесу, қағыт түсіру жөніндегі жұмысты жүргізу тәртібін;

жару жұмыстарын жүргізу ережесін; жабдықты пайдалануға тапсыру ережесін.

84. Өрттің алдын алу және сөндіру жөніндегі кен жұмысшысы

Параграф 1. Өрттің алдын алу және сөндіру жөніндегі кен

жұмысшысы, 3-разряд

297. Жұмыс сипаттамасы:

өрт ошағын ұңғыма арқылы лайландыру;

жыныс үйіндінің үстіңгі қабатын инъекторды пайдалана отырып лайландыру;

инъекторларды жыныс үйіндісі өртінің ошағы аймағында қағу; учаскені және өрт ошағын лайландыру ұңғымаларымен қоршау; жарықтар мен қуыстарды толтыру және лайландыру; жынысты шығарып алу және үю; арналар мен траншеяларды бекіту;

ескі пульпа және суағар арналарды, құдықтарды, насос және пульпа айдау стансаларын жұмыс бабында ұстап тұру;

бұрғы мұнаралары иньекторларын құрастыру, бөлшектеу, жөндеу және қайта орнату; құбырларды құрастыру және бөлшектеу;
еңістерді, құламаларды, карьер жиектерін тазарту және шабақтау;
араластырғыштарда балшықты, цементті, әкті ерітінді және пульпа дайындау;
құрамды анықтауға пульпа сынамасын алу;
қызмет көрсететін жабдық жұмысындағы ақауларды анықтау және жою.

298. Білуге тиіс:

топырақ, оның сыныптамасы туралы негізгі деректерді; жыныс үйіндісінің жылу және газ жағдайын; арналар мен траншеяларды проходкалау ережесін, олардың бекіту тәсілдері мен түрлерін; қолданылатын құралмен жұмыс істеу ережесін;

бекіту материалдарының сапасына қойылатын талаптарды; ағаш және метал мұнаралардың құрылымы мен габариттерін;

иньекторлардың көлемін; бұрғылау жабдығы мен циркуляция жүйесін монтаждау және жөндеу сызбасын; слесарь және ағаш ұстасы ісінің негіздерін; жарықтар мен қуыстарды толтыру, "іліктерді" жою ережесін;

жыныстардың табиғи еңіс бұрыштарын; учаскені және өрт ошағын лайландыру ұңғымаларымен қоршау ережесін; лайландыруға арналған пульпа консистенциясын; араластыру камерасының құрылымын;

пульпаның құрамын таразылау әдісімен анықтау ережесін; ұңғымалардың қабылдау воронкалары түрлерін;

лайланған пульпасу магистральдерін, топтық лайландыру ұңғымаларын қалпына келтіру тәсілдерін; лайланатын нысанға лайлылық беру тәртібін;

пульпа сынамасын алу тәсілдерін.

Параграф 2. Өрттің алдын алу және сөндіру жөніндегі кен жұмысшысы, 4-разряд

299. Жұмыс сипаттамасы:

өрт сөндіру кезінде гидромониторды және пульпа арнасын басқару;
гидромониторды құрастыру, бөлшектеу, орнын ауыстыру және орнату;

жаппаларды орнату;

диаметрі әртүрлі құбырларды қосу және төсеу;

пульпаның қажетті консистенциясын анықтау және ұстап тұру;

пульпа сынамасын алу;

аралықтарды лайландыру;

қызмет көрсететін жабдық жұмысындағы ақауларды анықтау және жою;

пульпасу және суағар арналарды, құдықтарды жүргізу;

Құжықтарды түрлі бекітпелермен бекіту, балшықты, бетонды, ауа өткізбейтін қаптамаларды тұрғызу.

300. Білуге тиіс:

гидромониторды құрастыру, бөлшектеу, орнын ауыстыру және орнату ережесін, оның құрылымын; жаппалардың, айрылмалы құлыптардың, түрлі типтегі аралықтардың құрылымын; бекітпе түрлері мен бекіту материалдарының сұрыптарын;

лайландыруға арналған пульпа консистенциясын; жанып жатқан көмірді тиеу және тасымалдау ережесін;

көмір мен жыныстарды олардың қасиеттеріне қарай қағудың тәсілдері мен жолдарын; кен жыныстарының беріктігі сыныптамасын; слесарь ісі негіздерін.

85. Тау-кен қазбаларын жөндеу жөніндегі кен жұмысшысы

Параграф 1. Тау-кен қазбаларын жөндеу жөніндегі кен жұмысшысы, 2-разряд

301. Жұмыс сипаттамасы:

тау-кен қазбаларында уақытша рельс жолдарын салу;

рельс жолдары секцияларын алу немесе көтеру;

кен қазбасын қолмен немесе механикаландырылған құралдың көмегімен жұмыстау; жекелеген шпалдар мен рельстерді ауыстыру;

шпалдарды балластпен жабу немесе себелеу;

суағар арналарды жасау немесе қалпына келтіру;

стрелка бұрмаларының, тұйық қималар мен тақталардың, бұрылу айналмасының, крестовиналардың жекелеген бөлшектерін ауыстыра отырып бөлшектеу, тазалау, жөндеу;

жол салынған жерге балласт себу;

рельстерді: пресспен түзеу, ұштарын кесу, тесу;

шпалдарды, рельстерді, брустарды, костыльдерді, планкаларды, қажетті материалдар мен құралдарды тасымалдау;

қызмет көрсететін учаскедегі жолдың жай-күйін аралап көру және тексеру;

болт қосындыларын тарту, костыльдерді қатайтып қағу, жолды шаблонмен тексеру;

жөнделетін жол учаскесінде, қозғалысқа қауіпті жерлерде қоршаулар мен сақтандыру белгілерін орнату;

жол белгілерін жөндеу;

жолды және суағар арнаны бөгде заттардан тазарту;

кен бүйірлері мен шатырын тарту; жыныстарды жинау;

бекітпе артындағы қуысты толтыру;

жыныс тиелген вагонеткаларды әкету және бостарын жақындату;

аралыққа кесінді әзірлеу;

аралықтың барлық түрлерін тұрғызу және жөндеу; қазбаны кеңейтпей өлшеу стансаларын, кроссингтерді орнату және жөндеу;

желдеткіш есіктерін, ағаш щиттерді, төсемдерді, сланецті жаппаларды, траптарды, полкаларды, люктерді, баспалдақтар еңіс бұрышы 45^0 дейінгі жүру бөлімшелерінде саты қанаттарын дайындау, орнату және жөндеу; біліктілігі анағұрлым жоғары кенжұмысшының басшылығымен жұмыс орындау.

302. Білуге тиіс:

уақытша рельс жолдарын салуға және жөндеуге, стрелка бұрмаларын, тұйық қималар мен тақталарды, бұрылу айналмасын салуға қойылатын техникалық талаптарды;

рельс жолдарының табанын тексеруге арналған шаблонның құрылымын және оны пайдалану ережесін; шахта көлігіндегі дабыл жүйесін және жол дабылдары мен белгілерін орнату ережесін жол балластына қолданылатын материалдардың түрлерін мен қасиеттерін; рельстің, стрелка бұрмаларының, тұйық қималардың, шпалдардың және тағы басқа типтерін; шахта бекітпесінің негізгі түрлерін;

куыс артын бітеудің және тартпа элементтерді орнатудың тәртібі мен ережесін; кабель және контакт желісімен жұмыс ережесін; суағар арналары түрлерін, жүргізу және бекіту тәсілдерін; желдеткіш аралықтарының, есіктерінің, сланец жаппаларының, кроссингтердің құрылым түрлері мен нысанын; кен қазбалары жүру бөлімшелерін жабдықтау ережесін.

Параграф 2. Тау-кен қазбаларын жөндеу жөніндегі кен жұмысшысы, 3-разряд

303. Жұмыс сипаттамасы:

тау-кен қазбаларында тұрақты рельс жолдарын шаблондар мен ватерпасты қолдана отырып белгіленген профиль бойынша салу; кен қазбаларындағы жол полотносын көлік құралдары мен қазба габариттеріне қарай бағдарлау;

балластты жоспарлау;

шпалдарды, брустарды төсеу;

рельстерді жымдастыру; рельс жолдары секцияларын планкалар мен болт қосындыларының көмегімен қосу;

ток өткізетін аралықтарды орнату;

стрелка бұрмаларын, тұйық қималар мен тақталарды, бұрылу айналмасын, крестовиналарды құрастыру және төсеу, оларды рельс жолдарымен түйістіру; жолдың дұрыс салынуын тексеру;

бекітпе элементтерін дайындау және аралық рамалармен бекітпенің барлық түрлерінің элементтерін ауыстыру;

бекітпені шығарып алу және кен қазбаларын сөндіру;

престердегі метал бекітпе элементтерін қалпына келтіру; көмір және кен бункерлерін тазалау;

жұмыс процесінде қолданылатын механизмдерді, айлабұйымдарды ағымдық жөндеу және қызмет көрсету.

304. Білуге тиіс:

рельс жолдарын салуға және жөндеуге, стрелка бұрмаларын, тұйық қималар мен тақталарды, бұрылу айналмасын, крестовиналарды салуға және кен қазбаларын бекітуге қойылатын техникалық талаптарды;

рельс жолдарын айналмаларда және еңісті қазбаларда салудың ережесін;

қиық жол учаскелерінде жол берілетін еңістер мен радиустарды; ағаш бекітпе элементтерінің әртүрлі құлыпты қосындыларының түрлері мен нысанын;

кен қысымы мен оның біліну сипаты туралы негізгі ұғымдарды; бекітпенің барлық түрлерінің элементтерін ауыстыру ережесін және оңтайлы жолдарын;

жөнделетін кен қазбасы бекітпе паспортының мазмұны мен оны толтыру тәртібін.

Параграф 3. Тау-кен қазбаларын жөндеу жөніндегі кен жұмысшысы, 4-разряд

305. Жұмыс сипаттамасы:

20 м² дейінгі жазық және тік кен қазбаларын ескі бекітпесін толық алып тастап, кенді шығарып немесе қазба қимасын уату балғасының, жару тәсілімен немесе қолмен кеңейте отырып, барлық түрдегі және типтегі жаңа бекітпелерді орната отырып, жоба бойынша қайта бекіту;

шпурларды бұрғылау; рама астына костер салу; оқпандар мен шурфтарды мұздан тазарту;

зумпфтар мен су жинағыштарды тазалау; қазба топырағын қырғы машинамен өңдеу;

қолданылатын машиналарға қызмет көрсету және олардың жұмысындағы ұсақ ақауларды жою;

еңіс бұрышы 45⁰ артық кен қазбаларында полкаларды, лядтарды, баспалдақтар саты қанаттарын орнату және жөндеу;

қазба құламаларын бөлшектеу және орнын бекіту;

кен қазбаларын полимер материалдармен бекіту.

306. Білуге тиіс:

кен қазбаларында жөндеу жұмыстарын жүргізудің техникалық шарттарын;

кен қазбасының бағытын тексеруге арналған маркшейдерлік белгілердің және оларды пайдалану тәртібін;

қолданылатын бекітпенің типоразмерлерін, түрлерін және оны жөндеу тәсілдерін; қолданылатын механизмдердің, құралдың, айлабұйымдардың құрылымын және олармен жұмыс істеу ережесін;

құламаларды бөлшектеу ережесі мен тәсілдерін; жыныстарды нығайту үшін қолданылатын полимер материалдарының түрлері мен қасиеттерін, олармен жұмыс істеу ережесін.

Параграф 4. Тау-кен қазбаларын жөндейтін тау-кен жұмысшысы, 5-разряд
307. Жұмыс сипаттамасы:

көлденең және көлбеу кен қазбаларын жоба бойынша 20 м² жоғары жарыққа қабысуларды, бекітпелердің барлық түрі тұрғызылған камераларды бекіту;

тік оқпандарда, басқа да тік қазбаларда және кен албары бар оқпандардың қабысуында ескі бекітпелерді жойып, жаңаларын тұрғызу;

шой балғамен және қолмен оқпандарда бетон мен жыныстарды бөлшектеу;

тік кен қазбаларында бекітпелерді, арматураларды, ауа және су құйғыш қондырғыларды жөндеу, кабельдерді ілу және басқа жұмыстар кезінде сақтандырғыш сөрелерді монтаждау әрі демонтаждау;

бетон бекітпелерін жөндеу;

кен қазбаларын үйінді бойынша қайта бекіту;

көмір мен жыныстарды, кен қазбаларының қырлары мен жабындарды өндіру кезінде қолданылатын машиналарды басқару, бекітпелерді орнату.

308. Білуге тиіс:

тік кен қазбалары бекіту және арматуралау түрлерін; бекітпені қалпына келтіру тәсілдерін;

кен қазбаларында бетон жұмыстарын жүргізу тәртібін; үйінділерді аршу тәсілдері мен ережесін; қолданылатын машиналар мен механизмдердің құрылғысын техникалық сипаттамасын және пайдалану ережесін.

86. Разрездің тау-кен жұмысшысы

Параграф 1. Разрездің тау-кен жұмысшысы, 2-разряд

309. Жұмыс сипаттамасы:

разрездерде экскаваторлардың, үйінділік көпірлер мен үйінді жасағыштардың қозғалысы үшін жолдар дайындау; теміржол және автожолдардың габариттерін тазалау;

аландарды тазалау және экскаватор астына төсемдер салу; кабельді барабанға орау және оны тасымалдауға қатысу;

кемерлердің үстіңгі жиектерінің құламаларын тазалау;

экскавациялау немесе жарылыс жұмыстарынан кейін забой сызығын шабақтау; отын, су, майлайтын, жанғыш және сүртетін материалдарды жеткізу; забойлардан ағаштардың діңгектері мен жұмыр тастарды қазу; жол габариттерін, шөміш сыйымдылығын, таспаларды, доңғалақшаларды, конвейер таспасын бөгде заттардан тазалау;

тау-кен массасын тазалау, кептелістерді жою; гидроүйінділерде пульпа ағынын бөлу және су аққыш құдықтардың деңгейін реттеу;

сорғыштардың, жыралардың, қабылдағыш құдықтардың аузын тазалау; пульпа қозғалысының бағытын өзгерту; бөгеттер мен пульпоөткізгіштерді қадағалау; қазылатын аймақтардың бетін қоршау; пульпо- су өткізгіш түтіктерді кеңейту;

гидромеханизмдерді құрастыруға, бөлшектеуге және ауыстыруға, дренажды жыралар мен қабылдағыш құдықтар жүргізуге және бекітуге, материалдар мен жабдықтарды тиеуге, түсіруге әрі жеткізуге, экскаватордың, үйінді көпірлер мен үйінді жасаушылардың тораптарын майлауға қатысу.

310. Білуге тиіс:

забойда техниканың қозғалысы үшін жолдарды дайындау тәртібін; экскаваторлардың, үйінді көпірлер мен үйінді жасаушылардың типтерін; теміржол габариті;

экскаваторлардың, үйінді көпірлер мен үйінді жасаушылардың жанында жұмыс істеу ережесін;

қазылатын тау-кен жыныстарының қасиеттерін; пайдалы қазбалар мен жыныстардың табиғи құламаларының бұрышын; құламаларды тазалау және забойды шабақтау, пульпоөткізгіш жыраларды тазалау кезіндегі жұмыс тәсілдерін;

электр кабелін пайдалану ережесін; су құламаларының, пульпоөткізгіш және су өткізгіштердің құрылғысын; дренажды жыралар мен қабылдағыш құдықтардың міндетін, оларды жүргізу және бекіту тәсілдерін; слесарлық істің негіздерін.

Параграф 2. Разрездің тау-кен жұмысшысы, 3-разряд

311. Жұмыс сипаттамасы:

конвейер сызықтары үшін жаңа тас жолды жоспарлауға қатысу;

конвейерлер мен конвейерлердің негіздерін тазалау, аршу, қозғалту, тасымалдау, орнату және кеңейту;

конвейер сызығының жұмысын, конвейерге орнатылған қайта тиегіштердің, жылжымалы құрылғылар мен шағылдырғыштардың жағдайын, материалдардың қабылдағыш агрегаттарға дұрыс тиелуін қадағалау;

конвейер мен қайта тиегіш қондырғылар астындағы ленталарды, доңғалақша тіректерді, алаңдарды тазалау;

кептелістерді жою;

орнатқаннан немесе кеңейткеннен кейін конвейерлерді сынау.

312. Білуге тиіс:

қызмет көрсетілетін конвейерлердің, қайта тиегіш құрылғылардың, шағылдырғыштардың құрылғысы мен техникалық сипаттамасын;

конвейерлердің орналасу сызбасын және оларға күтім жасау ережелерін; көлік таспасына жіберілетін жүктемелерді;

конвейерлерді қозғалту, орнату, кеңейту кезінде қолданылатын көтергіш және басқа да құрылғыларды пайдалану тәсілдері мен ережелерін.

87. Шой балғаларын ұрушы

Параграф 1. Шой балғаларын ұрушы, 6-разряд

313. Жұмыс сипаттамасы:

тазалау забойлары мен оқпақтарда, қисық сызбаларда, штректерде, тік және тік көлбеу жазықтарында шой балғамен көмірді қазу;

көмір мен жыныстарды уату, ірі кесектерді шабу және көмір мен жыныстарды өткізу;

қайта жабулар мен сөрелердің құру; шой балғамен немесе көмір арасымен " орамдарды" қирату, кесу;

забойларды бекітпе паспортына сәйкес бекіту;

өзгертілген бекітпелерді ауыстыру;

шлангты үрлеп тазалау және шой балғаға жалғау; ұштарды және кескіштерді, икемді шлангтарды ауыстыру;

шой балғалардың, көмір араларының жұмысындағы бұзушылықты анықтау және жою.

314. Білуге тиіс:

бүйір жынысының және қат құрылымдарының қасиеттерін: кливажы, жарықшақтығы, көмірді сығымдау, жыныс қатпарлары мен жалған төбелердің, қатты кірінділердің болуы, оқыс лақтырынды мен кен соққыларына бейімділігі;

шой балғалар мен көмір араларының құрылғысын және пайдалану ережелерін , олардың жұмысындағы ақаулықтарды жою тәсілін; көмірді қазып алу тәсілдерін;

забойлардың түрлері және бекіту тәсілдерін; бекітпе паспортының мазмұны мен толтыру тәртібін және төсемдерді басқару.

88. Көмір қабылдауды бақылаушы

Параграф 1. Көмір қабылдауды бақылаушы, 2-разряд

315. Жұмыс сипаттамасы:

келетін вагондардағы көмірді бақылау, таңбалау;

көмірді түсіру үшін қабылдау шұңқырларын немесе қоймаларды дайындау;

вагондарды көмірлерімен шахта топтары бойынша сұрыптау;

қоймадағы көмірдің біркелкіленуін вагондардан түсіруді, көмірдің жаңа маркасын түсіру алдында шұңқырлардың немесе шахта топтарының жақсылап тазалануын қадағалау.

316. Білуге тиіс:

көмірдің маркасы мен топтарын;

шихта құрамын; көмірді шихталау тәсілдерін; түсіру алдында вагондардың тұрып қалу нормаларын.

89. Жол-көлік машиналарының машинисі

Параграф 1. Жол-көлік машиналарының машинисі

317. Жұмыс сипаттамасы:

негізгі және ауыспалы аспалы жабдықтарды қолдана отырып, алаңдарды жоспарлау, тас жолдарды, жолдарды жылтырату, топырақтар мен шашылатын материалдарды тасымалдау, жол төсемдерін таптау, теміржолды қозғалту, тау-кен массасын қопсыту және осыға ұқсас жұмыстарды орындау кезінде жол-көлік машиналарын басқару;

жол-көлік машиналарына жанар-жағар май материалдарын құю, машинаның тораптарын, аспалы және тіркелмелі жабдықтарды майлау;

жұмыс процесінде машиналар мен механизмдердің бұзушылығын анықтау және жою;

қызмет көрсетілетін жабдықтарға алдын алу жөндеу жасау және жөндеудің басқа түрлеріне қатысу.

318. Білуге тиіс:

жол-көлік машиналарының, аспалы жабдықтар мен құрылғылардың техникалық сипаттамасын және құрылғысын; аспалы жабдықтарды монтаждау-демонтаждау ережесін, жұмыс қағидаттарын және оларды басқару жүйесін; іштен жану қозғалтқышын майлау, қоректендіру және суыту жүйесін;

қызмет көрсетілетін жабдықтарға арналған шекті жүктемені; жол қозғалысы ережесін;

машинаны түсіру және көтерудің рұқсат етілетін бұрыштарын; жол-көлік машиналары орындайтын жұмыстың түрлерін, оларды орындау тәртібі мен тәсілдерін; тіркемелі және аспалы жабдықтармен жұмыс істеу ережесін; жол мен алаңдарды салу кезінде қолданылатын материалдарға қойылатын техникалық талаптарды;

жанар-жағар май материалдарының маркалары мен шығыс нормаларын; қызмет көрсетілетін машиналар мен жабдықтардың бұзушылықтарын белгілеу және жою тәсілдерін;

тораптар мен бөлшектерді майлаудың тәсімін және мерзімділігін; орындалған жұмыстарға қабылдау-тапсыру құжаттарын рәсімдеу тәртібін; слесарлық іс.

Тіркелмелі грейдерді басқару кезінде - 2-разряд;

Қозғалтқыш қуаты 44,2 квт (60 ат күші) автогрейдерді, салмағы 5 т дейін моторлы катоктарды басқару кезінде - 3-разряд;

Қозғалтқыш қуаты 44,2-ден 73,5 квт (60-тан 100 ат күші дейін) автогрейдерді, салмағы 5 т артық моторлы катоктарды басқару кезінде - 4-разряд;

Қозғалтқыш қуаты 73,5-тен 147,2 квт (100-ден 200 ат күші дейін) автогрейдерді басқару кезінде - 5-разряд;

Қозғалтқыш қуаты 147,2 квт (200 ат күші) артық автогрейдерді басқару кезінде - 6-разряд.

90. Уатқыш-тиегіш агрегаттардың машинисі

Параграф 1. Уатқыш-тиегіш агрегаттардың машинисі, 5-разряд

319. Жұмыс сипаттамасы:

жыныстарды уату, тасымалдау кезінде, сондай-ақ оны көшіру кезінде уату-тиегіш агрегаттарын басқару;

тиеу-аудару тасымалдағышын басқару;

уату-тиегіш агрегаттарының қозғалғыш механизмдері мен тиеу бөлігін сынау және реттеу, бақылау-өлшеу аспаптарының көрсеткішін қадағалау;

уату-тиегіш агрегаттары жұмыстарының процесіндегі бұзушылықтарды анықтау және жою, жоспарлы-алдын алу жөндеуге қатысу.

320. Білуге тиіс:

уату-тиегіш агрегаттардың, оның механикалық, гидравликалық және электрлік жабдықтардың құрылғысын және техникалық сипаттамасын агрегат жұмыстарының тиімді режимін;

тау-кен жыныстарының қасиеттерін; қызмет көрсетілетін жабдықтардың жұмысында туындайтын бұзушылықтардың себептерін және оны жою тәсілдерін ; майлау тәсімін, майлау материалдарын және оларға қойылатын техникалық талаптарды; электр слесарлық іс.

91. Жер соратын қондырғылардың машинисі

Параграф 1. Жер соратын қондырғылардың машинисі

321. Жұмыс сипаттамасы:

ашық кен жұмыстарында жер соратын станцияларға, қондырғыларға (агрегаттарға) қызмет көрсету;

жер соратын қондырғыларды (агрегаттарды), барлық жүйедегі жер сорғыштарды (топырақ сорғыларын) қарау, қосу, қажетті жұмыс режимін белгілеу және қозғалтқыштарды тоқтату;

судың және гидрокоспаның (пульпаның, суспензияның) берілуін реттеу; берілген жұмыс режимін және гидрокоспадағы қатты бөліктердің сұйықтық, концентратты қысымын ұстау;

гидромонитор және сорғы станциясының жұмыс режимін үйлестіру; бақылау-өлшеу аппаратураларының көрсеткішін қадағалау;

қызмет көрсетілетін жабдықтар мен арматуралардың техникалық жағдайын, бекітілген құбырлар учаскесін тексеру және оларды күту; жер сорғыштар мен құбырларды жуу;

жер сорғыштардың, гидроқысымды жүйелердің, бақылау аспаптарының, автоматика құралдарының және сақтандырғыш құрылғылардың жұмыстарын қарау, реттеу;

соратын құбырлардың, қабылдағыш зумпфтердің, пульпоөткізгіш жыралардың техникалық жағдайын қадағалау және оларды тазалау;

тығыздамаларды толтыру;

қызмет көрсетілетін жабдықтардың жұмысындағы бұзушылықтарды анықтау және жою;

жабдықтар мен құбырларды жөндеу және жаңа орынға қозғалту жұмыстарына қатысу;

қажетті құжаттаманы жүргізу.

322. Білуге тиіс:

қызмет көрсетілетін жер сорғыштардың (топырақ сорғыларының), қолданылатын басқа да жабдықтардың, бақылау-өлшеу аппаратураларының құрылғысын және жұмыс қағидаттарын;

қосу және жапқыш арматуралардың, зумпфтердің, пульпоқұрастырғыштардың, құбырлардың конструкциясы мен тәсімін; жер сорғыштарды, қызмет көрсететін жабдықтарды және құрылғыларды қосу, тиімді жұмыс режимін таңдау және тоқтату ережесін; құбырларды жуу ережесін; қызмет көрсететін жабдықтардың бұзушылығын анықтау және жою, оны гидравликалық соққыдан сақтау тәсілдерін;

қазылатын тау-кен жыныстарының физикалық-механикалық қасиеттерін; су мен гидроқоспалардың физикалық және химиялық қасиеттерін; гидроқоспадағы қатты бөліктердің жіберілетін концентрациясын; жер сорғыштардың және олардың жетектерінің сипаттамасын, олардың жұмыс процесінде жіберілетін жүктемелерді;

электр техникасы, гидравлика және механика жөнінде негізгі мәліметтерді; электр слесарь істерінің негіздерін.

Гидроқоспаның $1000 \text{ м}^3/\text{с}$ дейінгі сомалық өндірістігімен, забой қасындағыдан басқа, жер соратын станцияларға, қондырғыларға (агрегаттарға) қызмет көрсету кезінде - 2-разряд;

Гидроқоспаның 1000 -нан $3000 \text{ м}^3/\text{с}$ дейінгі сомалық өндірістігімен, забой қасындағыдан басқа, жер соратын станцияларға, қондырғыларға (агрегаттарға) қызмет көрсету кезінде - 3-разряд;

Гидроқоспаның 3000 -нан $10000 \text{ м}^3/\text{ч}$ дейінгі сомалық өндірістігімен, забой қасындағыдан басқа, жер соратын станцияларға, қондырғыларға (агрегаттарға) немесе гидроқоспаның $2000 \text{ м}^3/\text{ч}$ дейінгі сомалық өндірістігімен жер соратын қондырғыларға қызмет көрсету кезінде - 4-разряд;

Гидроқоспаның 10000 м³/ч артық сомалық өндірістігімен, забой қасындағыдан басқа, жер соратын станцияларға, қондырғыларға (агрегаттарға) немесе гидроқоспаның 2000 м³/ч және артық сомалық өндірістігімен жер соратын қондырғыларға қызмет көрсету кезінде - 5-разряд.

92. Жер асты қондырғыларының машинисі

Параграф 1. Жер асты қондырғыларының машинисі

323. Жұмыс сипаттамасы:

сорғыш және көмір сорғыш қондырғыларын, эрлиф көтермелерін, сырма және маневрлі шығырларды, аударғыштарды, конвейерлерді, қоректендіргіштерді, тиегіштерді, итергіштерді, вагонаралық жапқыштарды, вагонеткаларды механикалық тазалау құрылғыларын және ұқсас машиналар мен механизмдерді басқару;

қызмет көрсететін машиналардың, механизмдердің және басқа да жабдықтардың жұмыс режимін және техникалық жағдайын қадағалау, оларға тиеу дәрежесін реттеу, қондырғылардың жұмыс процесіндегі ұсақ бұзушылықтарды анықтау және жою;

тораптар мен бөлшектерді майлау; көмірді (жанартасты) конвейерден, қоректендіргіштер немесе люктен вагонеткаларға арту;

вагонеткалар мен конвейерлерден көрінетін жыныстарды және бөгде заттарды іріктеу, оларды салу;

қызмет көрсету аймағында тиелген және бос вагонеткаларды тіркеу, ағыту және тасымалдау; құрамды тиейтін немесе түсіретін жерге қалыптастыру және сүйемелдеу; белгі беру;

рельстен шығып кеткен вагонеткаларды көтеру;

сырмалау процесінде тау-кен массасын қайлалау, ұсақтау және сырма жолына тастау; маневрлі және сырмалы шығырларды қозғалту және оларды жаңа орынға бекіту;

вагонеткаларды, көлік механизмдерін, қабылдау алаңдары мен тиеу және түсіру орындарындағы жолдарды, люк және сырмалы сөрелердің астын тазалау; қызмет көрсететін машиналарды, механизмдерді және басқа да жабдықтарды жөндеуге қатысу.

324. Білуге тиіс:

қызмет көрсететін машиналарды, механизмдер мен қондырғылардың құрылғыларын, типтері мен техникалық сипаттамасын, оларды пайдалану және күту ережесін; қызмет көрсететін жабдықтардың жұмысындағы бұзушылықтарды анықтау және жою тәсілдерін;

қосу аппаратураларының, бақылау-өлшеу аспаптарының міндетін және қызметінің қағидаттарын; қызмет көрсететін жабдықтарды жерге орнықтыру құрылғысын;

қызмет көрсететін учаскеде жүктерді тасымалдау тәсімін; жұмыс орындарындағы жолдар мен стрелкаларының бейіні және техникалық жағдайын; рельстен шығып кеткен вагонеткаларды көтеру тәсілдері; сорғыш және көмір сорғыш қондырғылардың тиімді жұмыс режимін және оларды гидравликалық соққыдан сақтау тәсілдерін;

соруға арналған пульпожинағыштардың, сужинағыштардың, коллекторлардың, құдықтардың құрылғысын; арқандардың конструкциясын, бекіту және оның ұзындығын реттеу тәсілдерін; әртүрлі жағдайларда оларды сырмалау тәсілдерін; гидравлика мен электр слесарлық істің негіздерін.

Жоспарлық жүктемемен тиеу пункттеріне қызмет көрсету кезінде бір қызметкерге: бір ауысымда стационарлық - 250 т дейін көмір (жанар тас) мен жыныстар және бір ауысымда стационарлық емес - 100 т дейін; өнімділігі сағатына 200 т дейін конвейерлерді (пештер мен қиысқазбалардағы конвейерлерден басқа); жүктемесіне қарамастан қоректендіргіштерді; жоспарлық жүктемесімен тәулігіне 200 т дейін көмір (жанар тас) мен жыныстарды аударғыштарды; 3 және 4 разрядтағы көтергіш қондырғылардың машинистерінің тарифтік-біліктілік сипаттамасында көрсетілмеген басқа да жұмыстарды орындау кезінде - 2-разряд;

Жоспарлық жүктемемен тиеу пункттеріне қызмет көрсету кезінде бір қызметкерге: бір ауысымда стационарлық - 250 т артық көмір (жанар тас) мен жыныстар және бір ауысымда стационарлық емес - 100 т артық; өнімділігі сағатына 200 т артық конвейерлерді (көлбеу шахталары мен штольня конвейерлерін қосқанда); жоспарлық жүктемесімен тәулігіне 200 т артық көмір (жанар тас) мен жыныстарды аударғыштарды; гидротолтырмалардың араластырғыш камераларын; жоспарлық жүктемесі тәулігіне 2000 т дейін шахталардың басты гидрокөтергіштерінің орталық көмір сорғыш станцияларын (қондырғыларын); гидрошахталардағы қайта шайқалған сорғыш және көмір сорғыш қондырғылар; дайындау қазбаларындағы көмір мен жыныстарды тасымалдайтын сырмалы шығырларды - 3-разряд;

Шахталардың тәуліктік жоспарлық жүктемесі 2000 т және одан артық басты гидрокөтергіштерінің орталық көмір сорғыш станцияларына (қондырғыларына) және эрлифт көтергіштеріне қызмет көрсету кезінде - 4-разряд.

93. Сүрлем және көмір мұнараларына қызмет көрсету жөніндегі машинист

Параграф 1. Сүрлем және көмір мұнараларына қызмет көрсету жөніндегі машинист, 2-разряд

325. Жұмыс сипаттамасы:

көмірді сүрлем, көмір мұнаралары немесе секциялар, шахта топтары бойынша тиеу және бөлу механизмін басқару;

автоматты сынамалағыштың жұмысын қадағалау;

ыдыстардағы газ режимін бақылау;

мұнаралар мен сүрлемдердегі көмір мөлшерін өлшеу;

науаны тазалау;

қызмет көрсететін жабдықтардың жұмысындағы бұзушылықтарды анықтау және жою.

326. Білуге тиіс:

көмір мұнараларының, сүрлемдер мен қызмет көрсететін механизмдердің құрылғысын;

көмірдің маркасы мен топтарын және оларға бекітілген бункерлерді;

құрауыштар бойынша шихталардың құрамын; слесарлық істің негіздерін.

94. Сұрыптау машинисі

Параграф 1. Сұрыптау машинисі, 2-разряд

327. Жұмыс сипаттамасы:

қызмет көрсететін механизмдерді, қондырғыларды басқару және техникалық жағдайы мен қалыпты жұмысын қадағалау;

қорғану, бақылау-өлшеу аспаптарын, қосу аппаратураларын, реверстік және белгі беру құрылғыларын, қоректендіргіш кабельді жерге қосу мен жалғауды қадағалау;

қызмет көрсететін механизмдер мен қондырғылардың жұмысындағы бұзушылықтарды жою.

328. Білуге тиіс:

қызмет көрсететін механизмдер мен қондырғылардың құрылғысын; механизмдерді электрлік қорғаудың негізгі түрлерін және электр жабдықтарды жерге қосудың құрылғысын;

майлаудың режимі мен жүйелерін, қолданылатын майлау материалдарының түрлері;

электр техникасының, слесарлық істің негіздерін.

95. Кептіргіш қондырғылардың машинисі

Параграф 1. Кептіргіш қондырғылардың машинисі, 3-разряд

329. Жұмыс сипаттамасы:

әртүрлі типті кептіргіш қондырғыларда қолмен және дистанциялық басқару режимінде кептіру процесін жүргізу;

кептіргіш қондырғыларды тиеу және түсіру; жабдықтарға қызмет көрсету және жұмысын бақылау;

кептіру процесін технологиялық нұсқаулыққа сәйкес реттеу; отынды қабылдау бункерлеріне беру;

кептіру процесін жүргізу үшін берілетін отынды жағу және белгілі газ температурасын ұстап тұру процесінің режимін реттеу;

пештің оттықтарын күл мен қождан тазалау;

пештердегі, тиеу және түсіру камераларындағы температураны өлшеу; кептіру өнімдерінің сапасын тексеру;

кептіргіш қондырғыларды, автоматты бақылау және реттеу жүйелерін қосу және тоқтату;

шығындалатын отынға есеп жүргізу;

қызмет көрсететін жабдықтардың жұмысындағы бұзушылықтарды анықтау және жою, оны жөндеуге қатысу.

330. Білуге тиіс:

кептіру процесінің технологиясын; қызмет көрсетілетін кептіргіш қондырғылардың, оттықтардың, автоматты бақылау және реттеу жүйелерінің, сондай-ақ қолданылатын қосалқы жабдықтардың құрылғысын;

кептіргіш қондырғыларды тиеу және түсірудің тәртібі мен ережесін; кептіруге келіп түсетін отындардың, материалдардың физикалық қасиеттерін және кептіру өнімдеріне қойылатын талаптарды;

отынды жағу сапасын, шығыстар нормасын, режимдерін және оны беруді реттеу ережесін;

белгі беру, майлау жүйелерін; майлау материалдарына қойылатын талаптарды; қызмет көрсететін жабдықтардың жұмысындағы бұзушылықтарды анықтау және жою тәсілдерін;

жылу техникасы мен слесарлық істің негіздерін.

Екі және одан да көп кептіру қондырғыларына қызмет көрсету кезінде - 4-разряд;

Автоматты бақылау және реттеу жүйесі бар кептіру қондырғыларына қызмет көрсету кезінде - 5-разряд.

96. Шахта оқпандарын тұтас қимамен бұрғылау қондырғылардың машинисі

Параграф 1. Шахта оқпандарын тұтас қимамен бұрғылау қондырғылардың машинисі, 6-разряд

331. Жұмыс сипаттамасы:

шахта оқпандарын (шурфтарын) бұрғылау және түсу-көтерілу операциялары кезінде бұрғылау қондырғыларын басқару;

бұрғылау жабдықтарының барлық кешенінің жұмысын және техникалық жағдайын қадағалау;

бұрғылау колоннасын құрастыру және бөлшектеу, бұрғылау құралын қарау, шаржыларды ауыстыру және істен шыққан қашауларды алмастыру; бақылау-өлшеу аспаптардың көрсеткішін бақылау;

бұрғылау режимін сақтау;

консольді-бұрама крандарды, жылжымалы арбаларды, таль жүйесін, шахта оқпанын бекіту және арматуралау кезінде электр тельфердерді басқару;

тюбинг бекітпелерін орнат және құрастыру, шахта оқпандарына арматуралау элементтерін беру және тағы басқа

қызмет көрсететін жабдықтарды жоспарлы-алдын алу жөндеуге қатысу.

332. Білуге тиіс:

тік оқпандарды (шурфтарды) барлық жүйедегі бұрғылау агрегаттарымен бұрғылаудың техникалық ережесін;

бұрғылау қондырғыларының, бұрғылық құбырларды бекітіп қосуға және бұрып шығаруға арналған агрегаттардың, бұрама крандар мен консольдердің, беру механизмдерінің конструкциясын, кинематикалық тәсімін, типтері мен техникалық сипаттамасын, тюбинг бекітпелерін орнату және құрастыру;

екі қатарлы колоннаны бұрғылау конструкциясын; тік оқпандарды (шурфтарды) бұрғылау және бекіту технологиясын;

роторлық бұрғылау режимдерін, балшық сорғыларының, компрессорлардың жұмысын;

әртүрлі типті қашауларды, шағын механикаландыру аспаптарды, тюбингтерді беру және құрастыру механизмдерін, тығындама механизмдерін қолдану және тігістерді шекімелеу ережесін;

қызмет көрсетілетін материалдарды майлау режимін;

бұрғылау механизмдердің бұзылу белгілерін және оларды жою тәсілдерін; бұрғылау жабдықтарының қуатын оңтайлы пайдалану тәсілдерін; тау-кен жыныстарының қасиеттерін және шахта оқпандарын бұрғылау кезінде олардың жайы;

шахта оқпандарының қисаю себептерін;

шахта оқпандарының қисықтығын өлшеу әдістерін және оның алдын алу шараларын;

шахта оқпандарын бұрғылау кезіндегі апаттарын түрлерін және болдырмау тәсілдерін, оларды ескерту жөніндегі әдістерді;

ұңғымаларды бұрғылау және жуу режимдері мен кестесін; бұрғылық қондырғылардың жұмысына есеп жүргізу және "бұрғылау" журналын жүргізу ережесі мен тәртібін; шахта оқпандарының тереңдігін өлшеу тәсілдерін;

геологиялық-техникалық тапсырманы құрастыру тәртібін;

қолданбалы механиканың, электр техниканың негіздерін; слесарлық іс.

333. Кәсіптік орта білім талап етіледі.

Ескерту. Шахта оқпандарын тұтас қимамен бұрғылау қондырғылары машинисінің көмекшілері шахта оқпандарын тұтас қимамен бұрғылау

қондырғылары машинисінің құқығы бар болса, бірге жұмыс істейтін машинистерден бір разряд төмен, құқығы болмаған кезде екі разрядқа төмен тарифтеледі.

97. Байыту және кесекшелеу қондырғыларының машинисі

Параграф 1. Байыту және кесекшелеу қондырғыларының машинисі

334. Жұмыс сипаттамасы:

барлық типті байыту және кесекшелеу қондырғыларында жарықтандыру, қоюландыру, пульпа мен шламдарды жуу, шикізат пен дайын өнімді елеу, уату, мөлшерлеу, сүзу, майсыздандыру, тасымалдау процестерін жүргізу;

қызмет көрсетілетін жабдықтарды тиеу және түсіру;

бақылау-өлшеу аспаптарының көрсеткіші және талдаулардың нәтижелері бойынша қысымды, вакуумды, сүзгі тазалығын, реагенттердің, пульпалардың, судың берілуін, қызмет көрсетілетін жабдықтардың жұмыс режимін мерзімдік бақылау және реттеу;

сорылғандарды, кептелістерді жою, шашылғанды жинау;

қызмет көрсетілетін жабдықты қосу және тоқтату, тазалау және жуу, оның жұмысындағы бұзушылықтарды анықтау және жою, жөндеуге қатысу.

335. Білуге тиіс:

қызмет көрсетілетін жабдықтардың конструкциясын, техникалық сипаттамасын және жұмыс режимін; коммуникациялар тәсімін;

байыту және кесекшелеу қондырғыларына техникалық процесті жүргізу ережесін; қолданылатын бақылау-өлшеу аспаптары мен қосу аппаратураларының құрылғысын, оларға күтім жасау ережесін; қызмет көрсету жабдықтың автоматты блоктау тәсімін; көмірдің (жанар тастардың) техникалық шарттарын, маркаларын және топтарын; шикізаттардың құрамын, оны есептеу әдістерін;

шикізаттардың сапалы көрсеткішін белгілеу әдістемесін; буды жабдықтау және гүрсілдерден конденсаттарды қайтару тәсімін; майлау мерзімділігін және майлау материалдарына қойылатын талаптар; қызмет көрсетілетін жабдықтардың жұмысында бұзушылықтардың туындау себебін және оны жою тәсілдерін; электр слесарлық істің негіздерін.

Өнімділігі сағатына 60 т дейін мөлшерлеу құрылғысына; мерзімділік қызметтегі вакуум-сүзгілеріне; сомалық өнімділігі сағатына 400 т дейін уатқыштарға; гидрошахталардың сусыздандыру қондырғыларына; қолмен түсірілетін мерзімдік қызметтегі центрифугаларға; өнімділігі сағатына 100 т дейін сыныптауышты және сусыздандырғыш (дірілді) електерге, қоректендіргіштерге, 3-разрядтағы байыту және кесекшелеу қондырғылары машинисінің тарифтік-біліктілік сипаттамасында көрсетілген қоректендіргіштен басқа, қызмет көрсету кезінде - 2-разряд;

Өнімділігі сағатына 100 т артық сыныптауышты және сусыздандырғыш (дірілді) електерге, бумен қыздыратын дискілі-пішімбілікті електерге; өнімділігі сағатына 60-тан 400 т дейінгі мөлшерлеу құрылғыларына; сүзу алаңы 100 м² дейінгі сүзгі-престерге; автоматты түсіретін мерзімдік және үздіксіз қызметтегі жүрдек немесе аса жүрдек центрифугаларға; ірі уатудағы көмір шұңқырларының, алғашқы бункерлердің қоректендіргішіне; үздіксіз қызметтегі сүзу аппараттарына; сомалық өнімділігі сағатына 400 т артық уатқыштарға; түйіршіктелген көмір ұнтақтары фабрикасының електері мен қоректендіргіштеріне; қоюлатқыштер мен гидроциклондарға қызмет көрсету кезінде - 3-разряд;

Өнімділігі сағатына 400 т артық мөлшерлеу құрылғыларына; сүзу алаңы 100-ден 500 м² сүзгі-престерге; түйіршіктелген көмір ұнтақтары фабрикасының диірмендері мен мөлшерлеу құрылғыларына; бір текті қоспаларды немесе қойылтылған өнімдерді бөлу кезінде аса жүрдек центрифугаларға (құбырлы, табақты сұйық сеператорлар); бағдарламалық басқарылатын центрифугаларға қызмет көрсету кезінде - 4-разряд;

Сүзу алаңы 500 м² артық сүзгі-престерге қызмет көрсету кезінде - 5-разряд.

Ескерту. Жоғары білікті байыту және кесекшелеу қондырғылары машинисінің басшылығымен байыту және кесекшелеу қондырғыларына қызмет көрсету кезінде бір разрядқа төмен тарифтеледі.

98. Жерасты электр слесары

Параграф 1. Жерасты электр слесары, 3-разряд

336. Жұмыс сипаттамасы:

қызмет көрсетілетін жабдықтарды монтаждау, демонтаждау, жөндеу;

стационарлы емес сорғыш қондырғыларды, учаскелік көмір сорғыш қондырғыларды, ауа үрлегіштерді, өртке қарсы және газсыздандыру құбырларын, шахта вагонеткаларын, электровоздарды, гидровоздарды, дизель тасушыларды, арқанды-креслолы және жер бетіндегі жолдарды, таспа ені 900 мм дейін таспалы конвейерлерді, қырнауыш конвейерлерді, бұрғы станоктарын, қоректендіргіштерді, итергіштерді, барабан диаметрі 1000 мм шығырларды, ішінара желдететін желдеткіштерді, вагонеткаларды тазалау қондырғыларын, суды пласталарға айдамалау жабдықтарын, түсіру шұңқырларын, тарту және түрлендіру кіші станцияларын, зарядтау құрылғыларын, белгі бері және жарықтандыру құралдарын, тарату, абоненттік кабель және телефон желілерін, тарату шкафтары мен қораптарын, өткізу муфталарын, телефон аппараттарын, троллейлі және төмен вольтті кабельдер желілерін, электр аппараттар мен қондырғыларды жерге қосу орындарын сынау, пайдалануға тапсыру және техникалық қызмет көрсету;

заряд үстелдері мен электровоздарға орнатумен аккумулятор батареяларын зарядтау;

аккумулятор батареяларын тексеру, электролит үстеп құю немесе ауыстыру;
май сынамаларын іріктеу және оны қызмет көрсетілетін жабдықтарда ауыстыру;

шахтадағы электр газбен пісіру жұмыстарының өндірісі; жоғары білікті жерасты электр слесарының басшылығымен осыған ұқсас күрделі жұмыстарды орындау.

337. Білуге тиіс:

жөнделетін жабдықтың міндетін, конструкциясын, жұмыс қағидаттарын, техникалық қызмет көрсетудің нормалары мен көлемін; қызмет көрсетілетін машиналарды, механизмдер мен құрылғыларын монтаждауға, реттеуге, сынауға және қабылдауға қойылатын талаптарды;

осы жұмыстардың қауіпсіз өндірісінің ережесі мен тәсілдерін қолданылатын бақылау-өлшеу аспаптарының, құралдарының құрылғысы мен міндетін және оларды пайдалану ережесін;

төмен вольтты электр қондырғыларының құрылғысын және техникалық пайдалану ережесін; электр техникасының, слесарлық және монтаждау жұмыстарының негіздерін.

Параграф 2. Жерасты электр слесары, 4-разряд

338. Жұмыс сипаттамасы:

тазалау және дайындау забойларында қолданылатын машиналарды, механизмдерді және басқа да жабдықтарды, барабан диаметрі 1000 мм дейін көтергіш машиналарын (шығырларды), стационарлық суаққыштарды, орталық гидрокөтергіштердің көмір сорғыш қондырғыларын, таспа ені 900 мм артық таспалы конвейерлерді, тау-кен қазба жөндеулеріндегі "хаусхер" типті машиналарды, вш-іа типті вулканизаторларды, шахталық тоңазытқыш қондырғыларды, скипті көтеру құрылғыларын тиеу, адамдарды-жүктерді таситын бір рельсті және арқан жолдарды, өздігінен жүретін вагонеткаларды, жоғары вольтты кіші станциялардың жабдықтарын, учаске газ тозаңынан қорғайтын және ауа температураларының аппаратуралары, байланыс және апаттарды хабарлайтын жоғары жиілікті қондырғыларды монтаждау, демонтаждау, баптау, сынау, пайдалануға тапсыру және техникалық қызмет көрсету;

жерге ток кеткен кезде қорғану аппараттарының іске қосылу уақытын тексеру ;

фидерлік автоматтар мен қосқыштардың ең жоғары токтан қорғану қондырғыларының шамасын тексеру және теңшеу;

қысымда жұмыс істейтін ыдыстар мен құбырларды жөндеу және сынау;

шахта оқпандарында электрмен пісіру жұмыстарының өндірісі; жоғары білікті электр слесарының басшылығымен басқа жұмыстарды орындау.

339. Білуге тиіс:

қызмет көрсетілетін машиналардың, механизмдер мен басқа да жабдықтардың конструкциясын, техникалық сипаттамасын, жұмыс қағидаттарын және сынау ережесін; қондырғылардың, аспаптардың, автоматикалардың, телемеханиканың, радио-электротехника мен басқа жабдықтардың жұмысындағы бұзушылықтардың себептерін және белгілерін;

кабельдер мен электр техникалық материалдардың сыныптауышын; кабельдерді оқшаулауды, сыйымдылығын және электрлік кедергісін өлшеу және сынау ережесін; тозған бөлшектерді қалпына келтіру; жұмыс істейтін бөлшектерге, тораптар мен механизмдерге жіберілетін жүктемелерді;

қызмет көрсетілетін жабдықтардың істен шығуын және апаттардың ескерту жөнінде алдын алу шараларын; қызмет көрсететін жабдықтарды жөндеуге берудің, сынау және тапсырудың техникалық шарттарын; жоғары кернеу тоғын, электр кіші станцияларының коммуникациясын қосу және сөндіру ережесін;

сымдар мен кабельдерді есептеу және іріктеу; күштік электр аппараттарын монтаждау және қосу тәртібін;

жөнделетін жабдықтарды, машиналарды, механизмдерді монтаждауға, реттеуге, қабылдауға және сынауға қойылатын талаптар, осы жұмыстар өндірісінің ережесін және тәсілдерін; жоғары вольтты электр қондырғыларының құрылғысын және техникалық пайдалану ережесін; электр техникасының және осциллограф негіздерін.

Параграф 3. Жерасты электр слесары, 5-разряд

340. Жұмыс сипаттамасы:

электрмен жабдықтау, гидравлика және дистанциялық басқарудың жүйесіндегі электрондық (жартылай өткізгіш) техника, пневмоавтоматика, радио-электротехника, телемеханика элементтері бар аппаратуралар мен жабдықтарды және изотоптық аспаптарды, монтаждау, демонтаждау, жөндеу, баптау, сынау, пайдалануға тапсыру: көп қармайтын және аз қармайтын комбайндармен, жоңғыштармен, бұрғылау қондырғыларымен, қазу комбайндарымен жабдықталған тазартым забойларында; механикаландырылған үңгілеу кешендерімен және үңгілеу комбайндарымен жабдықталған дайындау забойларында; газ тозандарын орталықтан бақылау құрылғыларымен жабдықталған газ бойынша жоғары санатты және ііі санатты жерасты қазба шахталарында; крув, крун, яв және осыларға ұқсас типтегі кіші станциялардың жинақты жоғары вольтты тарату құрылғыларында; бас еңісте, бремсбергтерде, қараңғы шахталарда орнатылған жыныстарды тиегіш машиналарында, көтергіш машиналарда;

шахталардың, өткізгіштердің тік оқпандарының арматураларын монтаждау, ауыстыру, жөндеу;

көтергіш ыдыстардың басы мен соңындағы арқандарды ауыстыру; тіркеме құрылғылар мен көтергіш ыдыстарды тексеру;

арқандардың және парашют құрылғыларының, скиптік көтергіштердің тиеу және түсіру құрылғыларының ұзындығын тексеру және реттеу;

тік оқпандардағы өткізгіштерді түзеу.

341. Білуге тиіс:

механикаландырылған кешендерді, агрегаттарды, тау-кен комбайндарын, жоңғыштарды, көтергіш машиналарды, сондай-ақ автоматтандыру, телемеханика және радиоэлектроника құралдарын қосқанда шахтада қолданылатын машиналардың, механизмдер мен жабдықтардың құрылғысын, техникалық сипаттамасын және жұмыс қағидаттарын, оларды монтаждау, демонтаждау, жөндеу, баптау және сынау тәсілдерін; қызмет көрсететін машиналарды, механизмдерді, жабдықтарды және автоматтандыру, телемеханика және радиоэлектроника құралдарын сынау және жұмысқа қосу ережесін; сынау және жүктемедегі жұмыс процесінде жұмыс, жүктеме режимдерін тексеру және пайдалану сипаттамасы мен диаграммаларды жазып алу тәсілдерін; жөнделген және бапталған жабдықтарға техникалық құжаттама жасаудың ережесін; гидрожүйе қызметінің қағидаттарын;

электротехника және осциллография негіздерін; жоғары дәлдікпен электрондық-өлшеу және изотоптық аспаптарды пайдалану ережесін.

5–бөлім. Арнайы мақсаттағы метрополитендер, туннельдер және жерасты ғимараттарының құрылысы

99. Оқшаулаушы

Параграф 1. Оқшаулаушы, 3-разряд

342. Жұмыс сипаттамасы:

арнайы мақсаттағы шахта оқпандарын, туннельдерді, метрополитен станцияларын, жерасты ғимараттарын, штольняларды, камералар мен тоғыстарды гидрооқшаулау бойынша қарапайым жұмыстарды орындау;

оқшауланатын жік беттерін және қаптау тесіктерін тазалау және кептіру;

жіктер мен шегенделетін бетін қысылған ауамен үрлеп тазалау жіктерге соққанға дейін және кейін су себу;

судан қорғау қолшатыры бөлшектерін антикоррозиялық лакпен және тубинг қаптауларын сүт цементімен сырлау;

құмбүріккіш аппаратты құммен зарядтау, аппаратты басқа орынға ауыстыру және оның жұмысын бақылау;

гидрооқшаулау жұмыстары үшін материалдарды дайындау; мөлшерлеу және айдау үшін қоспалау дайындау;

битум мастикаларын қыздыру және тасымалдағыш аспаптарға құю; гидрооқшаулаудың қорғану қабырғасын және оқшаулау мен оқшаулану бойынша қорғану төсемдерін салу;

бетін қарапайым конфигурациялы битум мастикасымен қаптау; бетон бетін бедерлеу және дөңестер мен қатпарларды шабу; қаптауға арналған ерітінділер мен басқа да материалдарды тексеріп айдамалау, бетонды және арматуралы бетін шегендеуге қатысу;

ерітінділерді айдамалау қондырғыларының жұмысын басқару, қарау, бекіту және майлау;

ерітінділерді айдау кезінде берілген қысымды реттеу;

туннель қаптауларының су өткізбейтіндігін және металлоқшаулығын сынауға қатысу.

343. Білуге тиіс:

гидрооқшаулау материалдарының номенклатурасын, түрлерін және қасиеттерін; қаптаулардың жіктері мен тесіктерін шекімелеуге дайындау ережесін; гидрооқшаулау материалын тасымалдау, салу және сақтау ережелерін; цемент ерітінділері мен мастикаларды дайындау ережесін және тәсілдерін;

құмбүрікіш аппараттардың жұмыс қағидастарын және күту ережесін; қорғану төсемдерін, гидрооқшаулау қабырғаларын салу ережесін; мастикалардың қайнату және қыздыру жұмыстарында дайындығын белгілеу;

қызмет көрсететін битум қайнататын қазандардың, сорғылардың, ерітінділерді айдамалау қондырғыларының және цемент-пушкалардың құрылғысы мен пайдалану ережесін; электр қозғалтқыштар мен қолданылатын бақылау-өлшеу аспаптарының құрылғысы жөнінде негізгі мәліметтерді; ерітінді өткізгіштерді монтаждау тәсілдерін;

бетін шегендеуге қойылатын талаптарды; жағылған торкрет қабатының тегіс емес жерлерін кесу тәсілдерін.

Параграф 2. Оқшаулаушы, 4-разряд

344. Жұмыс сипаттамасы:

шахта оқпандарын, туннельдерді, метрополитен станцияларын және арнайы мақсаттағы жерасты имараттарын гидрооқшаулау бойынша орташа күрделі жұмыстарды орындау;

кеңіген жіктерді цементпен және қорғасынды баумен шекімелеу; гайкаларды тарта отырып, тығындар мен болттарды ауыстыру; жіктер мен қаптау бетін құмбүріккіш аппаратпен тазалау;

туннельдер мен арнайы ғимараттардың лотын, қабырғаларын орамды материалдармен оқшаулау;

судан қорғағыш шатырдың бөлшектерін туннель қаптауларына бекіту;
су ағатын науаны орнату; ыстық битумды мастиканы механикаландырылған жағумен және арматураланған шынытор матамен гидрооқшаулауды құру; бетонды және арматуралы бетін шегендеу;
су сору шамасын белгілеу үшін суды айдау, ұңғыма арқылы арнайы құрамды ерітінділерді және ыстық битумды айдау;
айдау аяқталғанға дейін шекті қысымды белгілеу;
ұңғымаларды қыздыру;
құбырларды арнайы құрамдармен шаю; кептелістерді жою.

345. Білуге тиіс:

туннель қаптаулар мен имараттардың типтерін; шекімелеу жұмыстарын орындау тәсілдерін; шойын және темір бетонды қаптаулардың жіктерін шекімелеу ерекшеліктерін; айдау үшін тесіктерді бітеу тәсілдерін; жерасты имараттарының қаптауларын бекітпелерін ауыстыру ережесін; гидрооқшаулау қаптамаларының негізгі конструкциясын;

шекімелеу жұмыстарына, пневматикалық шайқағыштарға, газ шілтеріне, құмбүріккіш аппараттарға арналған механикалық құралдардың құрылғысын; оқшауланатын бетіне битумдық мастиканы жағу және орама материалдарды жабыстыру тәсілдерін;

оқшаулау материалдарына және қаптамаларға қойылатын талаптарды; кептелістерді жою тәсілдерін;

ұңғымаларды орналастыру жоспарын және ерітінділерді айдау кезектілігін;

цемент ерітіндісінің бастапқы концентратын анықтау үшін су сорғыш шамасын белгілеу тәсілдерін; шекті қысымды, ұңғымаларды қыздыру дәрежесін белгілеу және құбырларды жуу ережесі мен тәсілдерін;

арматураланған және арматураланбаған бетіне торкрет жағудың тәсілдері мен жолдарын.

Параграф 3. Оқшаулаушы, 5-разряд

346. Жұмыс сипаттамасы:

шахта оқпандарын, туннельдерді, метрополитен станцияларын және арнайы мақсаттағы жерасты имараттарын гидрооқшаулау бойынша күрделі жұмыстарды орындау;

туннельдің тарам және ойық бөлігіндегі тубинг жіктерін және стандартты емес жіктерді шекімелеу; жерасты имараттары қаптауларындағы ағыстарды жою;

металл және бетон қаптауларының, туннельдердің вестибюльдер мен камералармен жанасқан жерлерде, ойықтарда, айнымалы қима немесе төрттен артық өзгертілген қазбаларда оқшаулау жұмыстарын орындау;

орама материалдарды жабыстырып және компенсаторларды орнатып, тұнбалы және температуралы жіктерді оқшаулау;

шекiмелердi жөндеу;

имарат қаптауларындағы оқшаулардың ескi жiктерiн ашу және тазалау, судан қорғағыш шатырды монтаждау; механикаландырылған тәсiлмен бетон бетiне эпоксидтi-фуран қаптамасын жағу.

347. Бiлуге тиiс:

айнымалы қималар қабысқан жағдайда күрделi гидрооқшаулау жұмыстарын орындау тәсiлдерiн;

жерасты имараттары қаптауларының күрделi конструкцияларында стандартты емес жiктердi және жiктердi шекiмелеу тәртiбi мен тәсiлдерiн;

қабыршақ қуыстар мен жарықшаларды шабу тәсiлдерiн; жiктердiң шекiмелерiн жөндеу және жарықшаларды бiтеу ережесiн.

100. Көтеру-жылжыту тас төсегiштерiнiң машинисi

Параграф 1. Көтеру-жылжыту тас төсегiштерiнiң машинисi, 5-разряд

348. Жұмыс сипаттамасы:

монтажды гидравликалық көтергiш базасында жасалған көтеру-жылжыту тас төсегiштерiн туннелдердi, жерасты арнайы мақсаттағы имараттарды, штольняларды, камераларды салу кезiнде басқару;

бекiтпе, доғалы қырғыш, қалыптардың, арматура элементтерi мен ағаш материалдарды орнату жерiне тиеу, ауыстыру және көтеру;

көтеру-жылжыту тас төсегiштердi алдын ала жөндеу.

349. Бiлуге тиiс:

көтеру-жылжыту тас төсегiштердiң құрылғысын; шпурларды белгiлеу және зарядтау, қазба бейiндерiн шабақтау, әртүрлi бекiтпелер, қалыптар мен арматуралар орнатқан кезде тас төсегiштердi көшiру ережесi мен тәртiбiн; көтеру-жылжыту тас төсегiштерiн жөндеу ережесi мен тәсiлдерiн.

101. Топырақты мұздату жөнiндегi тоңазытқыш қондырғылардың машинисi

Параграф 1. Топырақты мұздату жөнiндегi тоңазытқыш қондырғылардың машинисi, 4-разряд

350. Жұмыс сипаттамасы:

жалпы өнiмдiлiгi сағатына 2,1 дж млн; (сағатына 500 мың ккал), тиiстi аппаратуралар, тұздықты желiлер және мұздатқыш камера компрессорларымен жабдықталған топырақтарды мұздату жөнiндегi тоңазытқыш қондырғыларға қызмет көрсету;

қызмет көрсететiн агрегаттарды қосу және тоқтату, олардың үздiксiз жұмысын қамтамасыз ету;

бақылау-өлшеу аспаптары мен сигнал беру құрылғыларының көрсеткiштерiн қадағалау;

мұздатылатын топырақтың жағдайына қарай топырақты мұздату жұмысының температуралық режимiн реттеу;

топырақты мұздату жөніндегі тоңазытқыш қондырғылардың жұмысындағы бұзушылықтарды анықтау, алдын алу және жою;

барлық жөндеу жұмыстарына қатысу.

351. Білуге тиіс:

топырақты мұздату жөніндегі тоңазытқыш қондырғылардың, қызмет көрсететін жабдықтардың, аппараттар мен мұздататын бағаналардың құрылғысын;

топырақты мұздату процесін реттеу технологиясы мен тәсілдерін; салқындату жүйесін толтыру ережесін;

топырақты мұздату жөніндегі тоңазытқыш қондырғыларының жұмысындағы бұзушылық белгілерін және оларды жою тәсілдерін; мұздатылатын топырақтың геологиялық сипаттамасын;

топырақты мұздату жөніндегі тоңазытқыш қондырғыларын монтаждау тәртібін; мұздатқыш бағаналар мен тұздық желілерінің орналасу тәсімін; термодинамиканың, электр техникасының негіздерін; слесарлық іс.

Жоғары білікті топырақты мұздату жөніндегі тоңазытқыш қондырғылардың машинисінің басшылығымен жалпы өнімділігі сағатына 2,1 млн. Дж (сағатына 500 мың ккал/ч) компрессорлармен жабдықталған тоңазытқыш қондырғыларына қызмет көрсету кезінде - 2-разряд;

Жоғары білікті топырақты мұздату жөніндегі тоңазытқыш қондырғылардың машинисінің басшылығымен жалпы өнімділігі сағатына 2,1 млн. Дж (сағатына 500 мың ккал/ч) артық компрессорлармен жабдықталған тоңазытқыш қондырғыларына қызмет көрсету кезінде- 3-разряд.

Параграф 2. Топырақты мұздату жөніндегі тоңазытқыш қондырғылардың машинисі, 5-разряд

352. Жұмыс сипаттамасы:

жалпы өнімділігі сағатына 2,1-ден 13 дж млн; (сағатына 500-ден 3000 мың ккал), тиісті аппаратуралар, тұздықты желілер және мұздатқыш камера компрессорларымен жабдықталған топырақтарды мұздату жөніндегі тоңазытқыш қондырғыларға қызмет көрсету;

қызмет көрсететін агрегаттарды қосу және тоқтату, олардың үздіксіз жұмысын қамтамасыз ету;

қызмет көрсететін жабдықты жөндеу.

353. Білуге тиіс:

топырақты мұздату жөніндегі тоңазытқыш қондырғылардың әртүрлі жүйесінің құрылғысын;

күрделі слесарлық-монтаждау жұмыстарын орындау тәсілдерін.

Параграф 3. Топырақты мұздату жөніндегі тоңазытқыш қондырғылардың машинисі, 6-разряд

354. Жұмыс сипаттамасы:

жалпы өнімділігі сағатына 13 Дж млн. (сағатына 3000 мың ккал) артық, тиісті аппаратуралар және мұздатқыш бағаналар компрессорларымен жабдықталған топырақтарды мұздату жөніндегі тоңазытқыш қондырғыларға қызмет көрсету;

жүйесі әртүрлі топырақтарды мұздату жөніндегі тоңазытқыш қондырғыларды монтаждау және демонтаждау кезінде барлық слесарлық-монтаждау жұмыстарын орындау.

355. Білуге тиіс:

топырақтарды мұздату жөніндегі тоңазытқыш қондырғылардың конструктивтік ерекшеліктерін.

102. Тау-кен жабдықтарының монтажшысы

Параграф 1. Тау-кен жабдықтарының монтажшысы, 3-разряд

356. Жұмыс сипаттамасы:

ашық әдіспен салынатын шахта бетіндегі және туннелдердегі шахталық металлдық конструкцияларды, тау-кен жабдықтары мен электр механикалық құрылғыларды монтаждау және демонтаждау жөніндегі қарапайым жұмыстарды орындау;

сатылар, қорғау шарбақтары мен тор қоршаулар орнату; көшеттелінетін жұдырықша кілеттерді, шығырларды және металл конструкцияларын демонтажтау;

қарапайым слесарлық жұмыстарды орындау: тесікті бұрғылау, бұрандалы және фланецті қосындыларды құрастыру, бұранданы қолмен кесу, тетіктердің ірі үгінділері;

металл конструкцияларын түзету және сырлау; бөлшектерді тазалау және майлау;

жерге қосу желілерін монтаждау;

шырағдандарды зарядтау және орнату; жарықтандырғыш аппаратураларды монтаждау; кабельдерді кесу; трафареттер бойынша белгілерді жазу;

нөмірлі тақтайшалар жасау және орнату; жоғары білікті тау-кен жабдықтарының монтажшысының басшылығымен монтаждау жұмыстарын орындау.

357. Білуге тиіс:

жөнделетін жабдықтар мен механизмдердің құрылғысы туралы жалпы мәліметтер; қарапайым монтаждық және слесарлық жұмыстарды орындау тәсілдерін; механикаландырылған және қол құралдарын қолдану ережесін; жөнделген конструкциялар мен жабдықтарды салыстырудың қарапайым тәсілдерін; қолданылатын материалдардың сорттарын; жөнделетін жабдықтар мен құрылғылардың міндетін.

Параграф 2. Тау-кен жабдықтарының монтажшысы, 4-разряд

358. Жұмыс сипаттамасы:

ашық әдіспен салынатын шахта бетіндегі және туннельдердегі шахталық металл конструкцияларды, тау-кен жабдықтары мен электр механикалық құрылғыларды монтаждау және демонтаждау жөніндегі орташа күрделі жұмыстарды орындау;

рамалардың бункерлік жапқыштарын, шеңберлі төңкергіштерді, ерітінді араластырғыштарды, үңгілеу кешендерінің бөлгіштерін және бүйір қиғаш тіреулерін, крандардың монтаждау алаңдарын, таспалы қоректендіргіштердің жетек және тарту станцияларын, бөлу қалқандарының қаңқаларын, басқару пульті мен таблоларды монтаждау және демонтаждау; 5 т дейін жүк көтергіш шығырларды, көшеттелінетін жұдырықша кілеттерді және металл конструкцияларын монтаждау;

орташа күрделі слесарлық жұмыстарды орындау: бөлшектерді белгілеу және ажарлау, тығыздалатын бетін ысқылау; конструкцияны монтаждау кезінде электрмен ұстау және газбен кесу; реперлерді, құбырлар мен бағандарды орнату; ось шектерін тарту;

сымдарды қосу; кабельдердің шеттерін жабу; ұштамаларды кабельдер мен сымдардың желілеріне дәнекерлеу; тартқыш станциялардың орташа күрделі тораптарын монтаждау;

құбырларды ағыту; қалқанның гидравликалық жүйесінен майды ағызу.

359. Білуге тиіс:

орташа күрделі жабдықтар мен механизмдердің құрылғысын; орташа күрделі жабдықтардың астындағы фундаменттің габаритін тексеру тәсілдерін; жөнделген жабдықтарды тексеру тәсілдерін;

электрмен ұстау және газды кесу тәсілдерін.

Параграф 3. Тау-кен жабдықтарының монтажшысы, 5-разряд

360. Жұмыс сипаттамасы:

ашық әдіспен салынатын шахта бетіндегі және туннельдердегі шахталық металлдық конструкцияларды, тау-кен жабдықтары мен электр механикалық құрылғыларды монтаждау және демонтаждау жөніндегі күрделі жұмыстарды орындау;

күрделі слесарлық жұмыстарды орындау;

күрделі конструкциялар мен тораптарды, үңгілеу кешендерін, шахта крандарын, тежегіш құрылғыларын, жылдамдықты сөндіргіштерді, механикалық итергіштерді, жүк көтергіштігі 5 т артық көлденең арбаларды, бункерлерді, шығырларды, шахталық көтергіш машиналардың кілеттерін, ұзындығы 15 м коперлерді монтаждау және демонтаждау; жөнделген жабдықты сынау және баптау;

котлавандарды металл атқыштармен, қос таврлы мәткемен бекіту; тартқыш кіші станциялардың күрделі тораптарын монтаждау;

жоғары вольтті электр жабдықтарын, өлшеу, басқару және қорғану аспаптары мен аппараттарын орнату.

361. Білуге тиіс:

монтаждық осьтерді белгілеу, орнату және көшіру тәртібін; монтаждауға фундаменттерді және жабдықтарды орнату жерді қабылдау ережесін; жөнделетін жабдықтар мен механизмдері теңгеру, орталықтау, салыстыру және реттеу тәсілдерін;

майлау жүйесінің құрылғысын және қызметінің қағидаттарын; төмен вольтті және жоғары вольтті аспаптар мен аппараттардың қызмет қағидаттарын;

машина мен механизмдерді монтаждауға қойылатын талаптар мен шектеулерді; жөнделетін жабдықты пайдалануға қосу ережесін.

Параграф 4. Тау-кен жабдықтарының монтажшысы, 6-разряд

362. Жұмыс сипаттамасы:

ашық әдіспен салынатын шахта бетіндегі және туннелдердегі шахталық металлдық конструкцияларды, тау-кен жабдықтары мен электр механикалық құрылғыларды монтаждау және демонтаждау жөніндегі аса күрделі жұмыстарды орындау;

парашют қондырғыларын, шахталық көтергіш машиналарды, үңгілеу кешендерінің гидро-электр жабдықтарын, биіктігі 15 м артық коперлерін монтаждау және демонтаждау;

кілет көтергіштерін және шахталық көтергіш машиналарды салыстыру және сыну;

аса күрделі және дәлдік слесарлық жұмыстарды орындау; бөлшектердің бетін жонғылау, нақты слесарлық қиыстырып келтіру; биіктік компенсаторларының электр қозғалтқыштарын орнату және салыстыру; электр жабдықтарды механикалық реттеу;

жөнделетін машиналарды, механизмдер мен жабдықтарды сынау нәтижесі туралы ақау ведомствосын құрастыру;

жөнделген жабдықтарды гидравликалық және пневматикалық сынау; жоғары қысымды гидравликалық желінің құбырлары мен арматураларын құрастыру.

363. Білуге тиіс:

аса күрделі жабдықты монтаждау тәсілдерін; жөнделетін жабдықтардың құрылғысы мен міндеті;

жөнделетін жабдықтарды реттеу және баптау тәсілдерін; жөнделген агрегаттар мен машиналарды пайдалануға қосу кезінде сынау ережесін.

103. Үстірт жұмыстардағы проходкалаушы

Параграф 1. Үстірт жұмыстардағы проходкалаушы, 2-разряд

364. Жұмыс сипаттамасы:

арықтарды, траншеяларды, құдықтарды, қазаншұңқырларды және бекітілмеген копуштарды белгілеу, үңгілеу;

үңгілейтін жерді аршу; тау-кен массасын тазалау; қазудың бағыты мен қимасының дұрыстығын тексеру;

дренажды арықтар мен қабылдау құдықтарын тазалау;

арықтардың, құдықтардың, траншеялардың, қазаншұңқырлардың жағдайын тексеру және жөндеу;

мандайшалар мен шлюздерді орнату.

365. Білуге тиіс:

тау-кен жыныстарының негізгі қасиеттерін; арықтарды, траншеяларды, құдықтарды, қазаншұңқырларды, копуштарды үңгілеу және бекіту тәсілдерін;

қолданылатын құрылғылар мен механизмдердің құрылғыларын және жұмыс қағидаттарын, олармен жұмыс істеу тәсілдерін;

шлюздардың мандайшалардың, құдықтардың құрылғысын; арықтарда құрылғыларға қойылатын талаптарды.

Параграф 2. Үстірт жұмыстардағы проходкалаушы, 3-разряд

366. Жұмыс сипаттамасы:

ашық тәсілмен туннельдер, метрополитен станциялары және арнайы мақсаттағы имараттар құрылысы кезінде қарапайым үңгілеу жұмыстарын орындау;

топырақты қолмен қазу және тиеу; қатты топырақтарда күрделі емес бекітпелерді аршу;

топырақтарды бункерлерден түсіру; тақталарды төсеу; топырақты туннель қабырғасының артына және туннельді жабуға төгу; бекітпенің құрастырмалы конструкциясының түйіспелерін тазалау; құрастырмалы конструкциялардың жіктерін тығыздау және құю;

уақытша жолдарды, кран асты жолдарын салу; забойдағы сорғыларға қызмет көрсету; бетон қоспаларын туннельдің қатты негіздері мен лотоктарына төсеу;

бетон және темір бетон конструкцияларда тесіктер мен сызаттар тесу; метрополитеннің тұрақты жолдарын салу кезінде: кранның көмегімен ағаш және темір бетонды шпалдар, білеулерді және бұрылыс стрелкасының металл бөліктерін салу; рельстер мен шпалдарда тесіктер бұрғылау; рельс-шпал шарбақтары элементтерін бір-бірлеп ауыстыру; байланыс рельсінің тіреу тораптарын демонтаждау; рельс жолтабандарын өлшеу және реттеу; болттарды бекіту; балдақтарды аяқтау;

қазаншұңқырлар мен траншеяларды құрғағанша таспен шегендеу; монтаж ілмектерін шабу немесе кесу;

траншеяларды, арықтарды, қазаншұңқырларын, құдықтарды, бекітпесі бар копуштарды үңгілеу.

367. Білуге тиіс:

құралдардың және тау-кен бекітпелерінің үңгілеу және жол түрлері; қол және механикаландырылған құралдармен жұмыс істеу тәсілдерін; тасылым жолдарын салу ережесін;

траншеяларды, қазаншұңқырлар мен құдықтарды үңгілеу және бекіту тәсілдерін;

рельстерді, пакеттерді, шпал мен білеулерді ілмектеу әдістерін; жүрдек учаскелер мен темір бетон негізіндегі учаскелерден басқа жолдың жоғарғы құрылысын реттеу ережесін;

қолданылатын құрылғылар мен механизмдердің құрылғысын.

Параграф 3. Үстірт жұмыстардағы проходкалаушы, 4-разряд

368. Жұмыс сипаттамасы:

ашық тәсілмен туннельдер, метрополитен станциялары және арнайы мақсаттағы имараттар құрылысы кезінде орташа күрделі үңгілеу жұмыстарын орындау;

топырақты шой балғалармен қазу;

қазба бейіндерін шабақтау;

жарылған топырақты қазу; тау-кен қазбаларының көпбұрышты ағаш бекітпе элементтерін аршу; шурф, қазаншұңқыр мен траншеялар бекітпелерін жөндеу; арматуралар салу;

монолит бетонды және темір бетонды қаптауларды (бекітпелерді) салу; жылжымалы металл қалыптарының секцияларын ауыстыру;

аралық және станциялық туннельдер мен массасы 8 т дейін темір бетонды конструкциядан құрастырылған жерасты имараттарын монтаждау;

тіреу қабырғалары мен дренаждар құру;

түйіспелерді бітеу; жіктерді сөгу; қадақтар арасында забиркалар орнату және бекіту; туннельдердің қаптауларын монтаждау кезінде шығырларға қызмет көрсету;

метрополитеннің тұрақты жолының құрылысы кезінде: рельстерді шпалдар мен белдеулерге бекіту; оқшауланған түйіспелерді монтаждау және демонтажтау; контррельстерді монтаждау;

уақытша жолдардың бұрылыс стрелкасын салу; тіксызық сызу конструкциясы үшін қалыптар орнату;

шурфтар мен қазаншұңқырларды ерітіндегі таспен және бетонмен шегендеу;

"топырақтағы қабырға" әдісімен қазаншұңқырларды бекіту кезінде траншеяларға бетон ерітіндісін айдамалау;

диаметрі 800 мм дейін құбырларды салу;

ілімектеу жұмыстарын орындау.

369. Білуге тиіс:

механикаландырылған құралдармен жыныстарды қазу, қарапайым уақытша құрылғыларды орнату ережесі мен тәсілдерін;

электр бұрғыларының, шой балғаларының құрылғысы; бетон қоспасының маркалары мен қасиеттерін;

қазбаларды бекіту бойынша жөндеу жұмыстарын орындау тәртібін; қаптауларды монтаждау және салу тәсілдерін;

диаметрі 800 мм дейін құбырларды төсеу әдістерін; жерасты имараттарының конструкциясын арматуралау және монтаждау ережесін,

электрлік, пневматикалық құралдар мен механизмдерді қолданумен жолдың жоғары құрылысының конструкциясын монтаждау, демонтаждау және реттеу жұмыстарының өндіріс;

автоблокировканың рельстерінің тізбектері бойынша жұмыстарды өндіру ережесін; массасы 8 т дейін темір бетонды конструкцияларды ілімектеу және ілімексіздендіру ережесін; қазаншұңқырларды анкерлермен бекіту ережесін.

Параграф 4. Үстірт жұмыстардағы проходкалаушы, 5-разряд

370. Жұмыс сипаттамасы:

ашық тәсілмен туннельдер, метрополитен станциялары және арнайы мақсаттағы имараттар құрылысы кезінде орташа күрделі үңгілеу жұмыстарын орындау;

бекітілген паспорт бойынша шпурларды белгілеу;

массасы 35 кг шпурларды (пневмоұстағышпен бірге) перфораторлармен бұрғылау; забойдың жарылғыш жұмыстарын жүргізуге дайындықты тексеру; қазаншұңқырларды, траншеялар мен шурфтарды шпунтты қоршаулармен, анкерлермен және "топырақтағы қабырға" әдісімен бекіту;

аралық және станциялық туннельдерді және массасы 8 т-дан 15 т дейін темірбетонды конструкциядан құрастырылған жерасты имараттарын монтаждау;

күмбез, қабырға қорғандарын және әртүрлі қима қазбаларының қабысуларын бетондау;

бетонды және темірбетонды бекітпелерді және қисық сызықты әрі көп қырлы кескін конструкцияларын салу үшін қалыптарды ауыстыру және орнату;

метрополитеннің тұрақты жолын салған кезде: бетон қоспасын жұқа қабырғалы конструкцияларға төсеу, бұрылыстың стрелкасын монтаждау және оларды шпалдар мен белдеулерге бекіту, байланыс рельсінің кронштейндерін салыстыру;

үлкен диаметрлі қысымды құбырлардың түйіспелерін бекіту; диаметрлі 800 мм артық құбырларды төсеу.

371. Білуге тиіс:

тау-кен үңгілеу машиналарының және бетондау әрі қаптауларды монтаждауға арналған машиналардың құрылғысын; шпурларды белгілеу және бұрғылау ережесін;

жару жұмыстарын жүргізу ережесін; бекіту материалдарына, бұрғыларды, бұрғы тәждерін, қайрау және май құю және олардың қалыптары мен өлшемдеріне қойылатын талаптарды;

күрделі арматураны құрастырудың және күрделі конструкция қалыптарын орнатудың ережесі мен тәсілдерін; диаметрі үлкен құбырларды төсеу тәсілдерін;

түйіспелі емес сіз жолдар мен бұрылыс стрелкасын монтаждау ережесін; массасы 8 т артық темір бетонды конструкцияларды ілмектеу және ілмексіздендіру ережесін; қазаншұңқырларды анкерлермен бекіту ережесін.

Параграф 5. Үстірт жұмыстардағы проходкалаушы, 6-разряд

372. Жұмыс сипаттамасы:

ашық тәсілмен туннельдер, метрополитен станциялары және арнайы мақсаттағы имараттар құрылысы кезінде туннельдердің берілген бағыты мен қимасына сәйкес аса күрделі үңгілеу жұмыстарын орындау;

шпурларды бұрғы қондырғыларымен және массасы 35 кг және одан артық перфораторлармен (пневмоұстағышпен бірге) бұрғылау; забойлардың апат жағдайларын жою;

аралық және станциялық туннельдерді және массасы 15 т артық темірбетонды конструкциядан құрастырылған жерасты имараттарын монтаждау;

желпуіш тәрізді ағаш және көп бұрышты болат бекітпелерді салу;

метрополитеннің тұрақты жолдарын салу кезінде: бұрылыс стрелкасын реттеу және салыстыру, тұрақты жолдың қисық учаскелерінде қысқартылған рельстерді есептеу және іріктеу.

373. Білуге тиіс:

туннельдердің берілген бағыттары мен өлшемдеріне сәйкес тау-кен үңгілеу жұмыстарын жүргізу түрлер, тәсілдерін, әдістері мен ережесін;

тау-кен үңгілеу машиналары мен бетондау мен қаптауларды монтаждауға арналған машиналардың техникалық сипаттамасын, конструкциясының ерекшеліктерін және пайдалану ережесін;

туннель қаптамаларының геометриялық пішіндерін түзету ережесі мен тәсілдерін;

жолдардың қисық учаскелері үшін қысқа рельстерді іріктеу тәсілдерін; стрелкалар бойынша қисық майысқандарды өлшеу.

104. Жерасты үңгілеу жабдықтарының

электр слесары – монтажшысы

Параграф 1. Жерасты үңгілеу жабдықтарының

электр слесары – монтажшысы, 3-разряд

374. Жұмыс сипаттамасы:

сорғылардың, ерітінді айдағыштарды, аударғыштардың, қоректендіргіштердің, шахта вагонеткаларының, тасымалдағыштардың, бұрғы рамаларының, диаметрі 1000 мм шығыры бар көтергіш машиналардың, желдеткіштердің және күрделі емес жерасты тау-кен үңгілеу жабдықтарының механикалық және электрлік бөлігін монтаждау, демонтаждау, жөндеу, баптау және сынау; үңгілеу кешендерінің сатылары мен қоршауларын орнату;

нөмірлі маңдайшаларды жасау және бекіту;

бөлшектерді тазалау және майлау;

шырағдандарды, қосқыштарды, ауыстырып қосқыштарды және штепсель розеткаларын орнату; шеттерін уақытша бітеп, 10 кв дейін кернеу үшін кабельдерді кесу; тау-кен үңгілеу жабдықтарының жарықтандыру аппаратураларының аккумуляторлық батареясын зарядтау;

тірек оқшаулағыштарды, ажыратқыштарды, ауыстырып қосқыштарды, реостаттарды, трансформаторларды монтаждау және демонтаждау; кабель желілерінің, күшейткіш және жарықтандырғыш желілерінің, жерге қосу желілерінің муфталары мен ойыңқыларын қазу;

электр жабдық бөлшектерін үңгілеу кешендерінің конструкциясына бекіту; сымдарды, кабельдерді, муфталарды, ойыңқылар мен жерге қосу шиналарын орнату және бітеу;

ұялар, тесіктер және сызаттар тесу; кабельдерді бояу; жоғары білікті жерасты тау-кен үңгілеу жабдықтарының электр слесары-монтажшысының басшылығымен күрделі жабдықтарды монтаждау, демонтаждау және жөндеу.

375. Білуге тиіс:

қарапайым жерасты тау-кен үңгілеу және басқа да қызмет көрсететін жабдықтардың, қолданылатын аппаратуралар мен құралдардың құрылғысын, міндетін, монтаждау және демонтаждау ережесін, баптау тәсілдерін, электр тәсімдерін;

қолданылатын материалдардың сорттарын;

бекіткіш бөлшектер мен арматуралардың міндетін және негізгі түрлерін;

сымдардың маркаларын; такелажды құралдарды пайдалану ережесін; қарапайым монтаждау және электр монтаждау жұмыстарын орындау тәсілдерін.

Параграф 2. Жерасты үңгілеу жабдықтарының

электр слесары – монтажшысы, 4-разряд

376. Жұмыс сипаттамасы:

жыныстарды тиегіш машиналардың, диаметрі 1000 мм артық шығырлары бар көтергіш машиналардың, бұрғы станоктарының, скип көтергіштерінің, көп жүк

тиегіш вагонеткалардың, желдеткіш және сорғы қондырғыларының және орташа күрделі жерасты тау-кен үңгілеу жабдықтарының механикалық және электрлік бөлігін монтаждау, демонтаждау, жөндеу, баптау және сынау;

күшті жоғары вольтты желілерді, диаметрі 200 мм дейін құбырларды монтаждау және демонтаждау;

қимасы 70 мм² дейінгі сымдар мен кабельдерді белгілеу және ұштау;

құбырларды, кабельдерді және бұрағыштарды таңбалау; ұштамаларды кабельдер мен сымдардың желілеріне дәнекерлеу;

массасы 50 кг күштік электр жабдықтарын монтаждау, бақылау және кептіру; 10 кв артық кернеу үшін кабельдерді кесу; компенсаторларды, прожекторларды, троллұстағыштарды, клицаларды, белгі беру аспаптары мен аппараттарын орнату ;

үңгілеу қалқанының ұяларына салумен маркалары бойынша кабелі бар құбырларды іріктеу; құбырларды өзара және "метро" өткізгіш қорабымен біріктіру.

377. Білуге тиіс:

орташа күрделі жерасты тау-кен жабдықтарының құрылғысын, міндетін, монтаждау және демонтаждау ережесін;

сымдар мен кабельдерді қосу, ұштау және біріктіру тәсілдерін; оқшаулаудың кедергісін өлшеу тәсілдерін;

болат құбырлардың, кабельдер мен бұруларды таңбалау ережесін; ілмектеу, ілмексіздендіру және жүктерді ауыстыру ережесін;

жөнделетін жабдықтарды салыстыру ережесі мен тәсілдерін.

Параграф 3. Жерасты үңгілеу жабдықтарының

электр слесары – монтажшысы, 5-разряд

378. Жұмыс сипаттамасы:

механикаландырылмаған үңгілеу кешендерінің, шахталық кілеттердің, кен комбайндарының, агрегаттарының, өздігінен жүретін бұрғылау қондырғыларының және күрделі жерасты тау-кен жабдықтарының механикалық және электрлік бөлігін монтаждау, демонтаждау, жөндеу, баптау және сынау;

шахта оқпандарын, тарату құрылғыларының, диаметрі 200-ден 400 мм дейін құбырларды арматуралау кезінде электрмен жабдықтау, гидравлика, телемеханика құралдарын, автоматты реттеу аспаптарын монтаждау, демонтаждау;

металл оқшаулағышты орнату;

монтаж тәсімдерін құрастыру;

бақылау-өлшеу аспаптарын орнату үшін орындар белгілеу;

қимасы 70 мм² артық сымдар мен кабельдерді белгілеу және ұштамалау; кернеуі 10 кв дейін кабельдерде ұштама бітеулерін және біріктіргіш муфталарды монтаждау;

жерасты имараттарында күштік және бақылау кабельдерін салу; массасы 50-ден 100 кг дейін күштік электр жабдықтарын, кернеуі 10 кв ажыратқышты, жерге қосқыштарды монтаждау, тексеру және кептіру;

щеткаларды ысқылау; жыныстарды тиегіш машиналарды байқап қосу және механизмдерін сынау;

дистанциялық басқаруды монтаждау; жоғары вольтты кабельдерді төсеу;

379. Білуге тиіс:

күрделі жерасты тау-кен жабдықтарының құрылғысын, міндетін, монтаждау және демонтаждау ережесін, баптау тәсілдерін, электр тәсімін; электр жабдықтарды тексеру және кептіру тәсілдерін;

күштік және жарықтандыру желілерін пайдалану ережесін; сымдар мен кабельдерді төсеу ережесін; жерасты тау-кен үңгілеу жабдықтарының механикалық және электрлік бөлігін сынау және байқау ережесін;

тірек конструкцияларын, жабдықтарын орнату орнын белгілеу, тас жол, сымдарды, кабельдер мен шиналарды төсеу тәсілдерін.

Параграф 4. Жерасты үңгілеу жабдықтарының электр слесары – монтажшысы, 6-разряд

380. Жұмыс сипаттамасы:

механикаландырылған үңгілеу кешендерінің және басқа да аса күрделі жерасты тау-кен үңгілеу жабдықтарының механикалық және электрлік бөлігін монтаждау, демонтаждау, жөндеу, баптау және сынау;

электрондық және радио релелі автоматтық жүйелерді, датчиктерді, тау-кен жабдықтарын реттейтін асинхронды-үйлестіру электр жетектерін монтаждау, демонтаждау, жөндеу, баптау;

жоғары қысымды гидравликалық желілердің құбырлары мен арматураларын монтаждау және демонтаждау;

кернеуі 10 кв артық кабельдерді ұштама бітеулерін және біріктіргіш муфталарды монтаждау;

массасы 100 кг артық күштік электр жабдықтарын монтаждау, тексеру және кептіру; қосылудың барлық түрі кезінде электр тәсімдерін, электр машиналары мен массасы 500 кг агрегаттарды монтаждау, тексеру, орталықтау және бақылау;

үңгілеу кешендерінің механизмдерін (қалқандарды, тубинг-блок төсегіш), желдеткіштердің электр жетектерін және дистанциялық құрылғыны байқап қосу және сынамау.

381. Білуге тиіс:

аса күрделі жерасты тау-кен үңгілейтін жабдықтардың құрылғысын, міндетін, монтаждау және демонтаждау ережесін, баптау тәсілдерін;

жоғары вольтты және бақылау кабельдерін бөлу және монтаждау тәсілдерін; тарату қалқандарының, пульттардың, басқару және қорғану қалқандарының конструкциясын;

электр жабдықтарын және электрондық аппаратуралардың автоматтық жүйесін тексеру және реттеу әдістерін.

105. Проходкадағы электр слесары

Параграф 1. Проходкадағы электр слесары, 3-разряд

382. Жұмыс сипаттамасы:

сорғы қондырғыларының, ауа өткізгіштердің, шахталық вагонеткалардың, таспа ені 900 мм дейін таспалы конвейерлердің, қырнауыш конвейерлердің, бұрғы станоктарының, электровоздардың, дизелевоздардың, аударғыштардың, қоректендіргіштердің, итергіштердің, барабан диаметрі 1000 мм дейін шығыры бар көтергіш машиналардың, желдеткіштердің, тартқыш және қайта түрлендіргіш кіші станциялардың, зарядтау құрылғыларының, сигнал беру құралдарының, жарықтандырғыштардың, таратқыш, абоненттік кабелдердің және телефон желілерін, тарату шкафтары мен қораптарының, үңгілеу муфтларының, телефон аппараттарының, троллейлік және төмен вольтты кабельдік желілердің, электр аппараттарды, қондырғыларды жерге қосудың және басқа да күрделі емес тау-кен жабдықтарының механикалық және электрлік бөлігіне техникалық қызмет көрсету;

аккумуляторлық батареяларын зарядтау және жағдайын тексеру, электролит қою және ауыстыру;

қызмет көрсетілетін жабдықтарда майларды таңдау және ауыстыру;

жоғары білікті проходкадағы электр слесарьдің басшылығымен күрделі жұмыстарды орындау;

қолданылатын пневматикалық құралды бөлшектеу, құрастыру, жуу, сынау, майлау, қабылдау, тапсыру және алдын ала жөндеу жүргізу.

383. Білуге тиіс:

күрделі емес тау-кен жабдықтарының міндетін, жұмыс қағидаттарын, техникалық қызмет көрсетудің нормалары мен көлемін;

қолданылатын бақылау-өлшеу аспаптарының, құралдарының міндетін және оларды пайдалану ережесін;

төмен вольтты электр қондырғыларын құрылғысын және техникалық пайдалану ережесін; электр техникасының негіздерін.

Параграф 2. Проходкадағы электр слесары, 4-разряд

384. Жұмыс сипаттамасы:

забойдағы механикаландырылмаған кешендердің, жыныстарды тиегіш машиналардың, ерітінді айдағыштардың, бұрғы қондырғыларының, рамалар мен басқа да ұқсас тау-кен жабдықтарының, сондай-ақ, барабан диаметрі 1000 мм артықшылығы бар көтергіш машиналардың, стационарлық суа ағызғыш қондырғылардың, таспа ені 900 мм артық таспалық конвейерлердің, скип көтергіштерінің, үлкен жүкті вагонеткалардың, таратқыш қондырғылардың кернеуі 1000 В дейін электр желілерінің және басқа да орташа күрделі тау-кен жабдықтарының механикалық және электрлік бөлігіне техникалық қызмет көрсету;

қайта түрлендіргіш қондырғыларға, электровоздарға қызмет көрсету;

жоғары білікті электр слесарьдің басшылығымен кіші станцияларды, трансформаторлар мен таратқыш құрылғыларды тексеру және ауыстыру бойынша жұмыстарды орындау.

385. Білуге тиіс:

орташа күрделі тау-кен жабдықтарының құрылғысын, техникалық қызмет көрсетудің нормалары мен көлемдерін, оны сынау ережесін; қондырғы, аппарат, аспаптар мен басқа да қызмет көрсетілетін жабдықтардың жұмысындағы ақаулық себептері мен белгілерін;

кабельдердің сыныптауышы мен электр техникалық материалдарын; оқшаулауды, сыйымдылықты және кабельдің электрлік кедергілігін өлшеу және сынау ережесін; бөлшектерді қалпына келтіру тәсілдерін;

жұмыс істейтін бөлшектерге, тораптар мен механизмдерге жіберілетін жүктемелер, олардың сынуы мен апаттарының алдын алу шараларын; жоғары вольтты электр қондырғыларының құрылғысын және техникалық пайдалану ережесін;

қосуды реттейтін аппаратуралардың тәсімін, желдеткіш жүйесін;

жерге қосу құрылғысын; сымдар мен кабельдерді есептеу және таңдау ережесін.

Параграф 3. Проходкадағы электр слесары, 5-разряд

386. Жұмыс сипаттамасы:

механикаландырылған кешендердің, агрегаттардың, кен комбайндарының, өздігінен жүретін бұрғы қондырғыларының, бұрғы рамаларының, электрмен жабдықтау жүйелерінің, гидравликаның, автоматты қызмет ететін аппаратуралардың, аспаптардың, қондырғылардың телемеханика құралдарының, автоматты реттелетін бақылау-өлшеу аспаптарының және басқа да күрделі тау-кен жабдықтарының механикалық және электрлік бөлігіне техникалық қызмет көрсету;

фидерлік автоматтар мен қосқыштардың ең жоғары токтан қорғану қондырғыларының шамасын тексеру;

қауіпсіз жұмыс жүргізуді ұйымдастыру және жұмыс істейтін электр қондырғыларын бақылау.

387. Білуге тиіс:

жерасты жағдайында қолданылатын жабдықтардың құрылғысы және техникалық қызмет көрсету нормалары мен көлемі;

қызмет көрсететін машиналарды, механизмдерді, жабдықтарды және автоматтандыру, телемеханика құралдарын сынау және қосу ережесін;

қызмет көрсететін қондырғылардың, аппараттардың, автоматика мен телемеханика аспаптарының жұмысындағы бұзушылықтардың себептері мен белгілерін;

кабельдер мен электротехника материалдарының сыныптауышын; оқшаулауды, сыйымдылықты және кабельдің омдық кедергісін өлшеу және сынау ережесін;

радиотехника, автоматика, электрондық техника, автоматтық реттеу негіздерін.

Параграф 4. Проходкадағы электр слесары, 6-разряд

388. Жұмыс сипаттамасы:

электрондық, радио релелік аппаратуралардың автоматтық жүйелерінің, датчиктердің, реттелетін асинхронды-үйлестіру электр жетектерінің механикалық және электрондық бөлігіне техникалық қызмет көрсету, олардың жұмысындағы ақауларды анықтау және жою;

электр жетектерді басқару құралдарын монтаждау және жөндеу; жылжымалы және стационарлы құрылғыларды басқару мен реттеу жүйесіндегі ақауларды анықтау және жою;

токтың жерге өткізуден қорғау аппараттарының іске қосылу уақытын тексеру ; қысыммен жұмыс істейтін ыдыстарды және көтергіш-көлік машиналар мен агрегаттарды жөндеу және сынау.

389. Білуге тиіс:

автоматика құралдарының құрылғысы мен электр жүйелерін; электр техникалық ережелер мен нормалар;

қызмет көрсетілетін жабдықтардың және энергиямен қоректендіру жүйесін; қондырғылардың, аппараттардың, автоматика аспаптарының және басқа да қызмет көрсететін жабдықтардың жұмысындағы бұзушылықтардың себептері мен белгілерін;

жөнделген жабдықтарға құжаттама толтырудың ережесін; электр беріліс желілеріндегі жұмыстарды жүргізу әдістерін; іске жарамды бөлшектерге, тораптарға, механизмдерге жіберілетін жүктемелерді;

істен шығу және апаттарды ескерту жөніндегі алдын алу шараларын, қызмет көрсететін жабдықтарды жөндеуге, сынауға және тапсыруға қойылатын техникалық шарттар;

электр қондырғыларында қолданылатын қорғану құралдарын сынау ережесін;

электр қондырғыларында қауіпсіз жұмыс жүргізуді ұйымдастыру және іске қосылған электр қондырғыларын қадағалау тәртібін;

қысыммен жұмыс істейтін ыдыстарды пайдалану және куәландыру ережесін.

6–бөлім. Кен және алтын араласқан пайдалы қазбаларды шығару және байыту

106. Құрамында алтын бар кендерді байыту аппаратшысы

Параграф 1. Құрамында алтын бар кендерді байыту аппаратшысы, 2-разряд

390. Жұмыс сипаттамасы:

құрамында алтын бар кендер мен құмдарды байытудың технологиялық процесін жүргізуге қатысу: вакуумды тұндырғыштарда цианид ерітінділерінен асыл металдарды тұндыру, құрамында асыл металдар бар қоқырларды химиялық өңдеу, реагенттер, қышқылдар ерітінділерін дайындау;

вакуумды-тұндырғыш аппараттарға, сөлалу чандарына, тұндыру зумпфтерге, қоқырларды айдау кезінде сорғыларға, диірмендерге, араластырғыш чандарға, экстракторларға және басқа да жабдықтарға қызмет көрсету;

қызмет көрсететін жабдықтардың жұмысын қадағалау;

қатты қоқырларды ауыстыру және сұйық қоқырларды айдау, оларды еріткіш араластырғыш чандарға, ұсату үшін диірмендерге тиеу;

диірмендерді шарлармен толтыру; эфельдерді салу чандарынан, зумпфтерден, үйінділерден түсіру, оларды өңдеуге қатысу;

эфельдерді тиеу; эфельдерді вагондарға тиеу және оларды тасымалдау;

экстракторларға цинк жоңқасын тиеу және алтынмен боялған цинк жоңқасы мен алтын қоқырларды түсіру, басылып қалған жоңқаларды жұмсарту, оларды қоқырлардан тазарту;

ерітінділердің экстракторларға келіп түсуін қадағалау;

таза цинк жоңқаларын қорғасындату; қызмет көрсететін жабдықтардың жұмысындағы бұзушылықтарды жоюға қатысу.

391. Білуге тиіс:

қызмет көрсететін жабдықтардың міндетін, жұмыс қағидатын; құрамында алтын бар кендер мен құмдарды байыту технологиясы бойынша жалпы мәліметтерді; қоқырларды диірмендерге тиеу тәсілдерін;

қоқырларды диірмендерге тиеу ережесін; қолданылатын қышқылдардың, ерітінділердің қасиеттерін;

цианидті, цианид ерітінділерін, қышқылдарын, еріткіштерін, қорғасын қабаттарын және басқа химиялық агрессивті заттарды пайдалану ережесін;

эфельдерді чандарға тиеу және түсіру, тұндырғыш зумпфтерден түсіру ережесін;

экстракторларды тиеу және түсіру ережесін; құбырлардың орналасу тәсімін; қызмет көрсету жабдықтарын майлаудың жүйесі мен мерзімділігін.

Параграф 2. Құрамында алтын бар кендерді байыту аппаратшысы, 3-разряд

392. Жұмыс сипаттамасы:

құрамында алтын бар кендер мен құмдарды байытудың технологиялық процесін жүргізу: вакуумды тұндырғыштарда цианид ерітінділерінен асыл металдарды тұндыру;

реагенттердің, қышқылдардың ерітінділерін дайындау; құраушыларды мөлшерлеу; алтын тұнбаларды жуу және жуылған суды сүзу; қоқырларды таразылау және тығындау;

эфельдерді өңдеу, сөлалу чандарына эфельдерді толтыру дұрыстығын қадағалау; циан қорытпаларын еріту және айдау;

жоғары білікті құрамында алтын бар кендерді байыту аппаратшысының басшылығымен сырғыма тостағандарда, алтын ұстағыш шлюздерде амальгамация әдісімен құрамында алтын бар кендер мен құмдарды байыту және амальгамаларды өңдеу процесін жүргізу;

амальгамациялы табақтарды сынаппен сүрту;

сынапты сырғыма тостағандарға, шлюздерге құю;

амальгамаларды қоспалардан тазарту; алтын мен амальгаманы жетілдіру үстелінде шыңдау; амальгамадан артық сынапты сығып тастау; амальгамаларды сырғыма тостағандардан, қалталардан, ұстағыштардан және амальгаматорлардан түсіру;

қысымды, вакуумды, сүзгі тазалығын, реагенттердің, ерітінділердің, пульпалардың, судың берілуін, өлшеу құралдарының және автоматика көрсеткіші мен талдау нәтижелері бойынша қызмет көрсететін технологиялық құралдардың жұмыс режимін бақылау және реттеу;

сынамаларды іріктеу, таразылау;

сорындыларды және кептелімдерді жою; қызмет көрсететін жабдықтарды қосу және тоқтату, оның жұмысындағы бұзушылықтарды анықтау және жою;

техникалық құжаттаманы рәсімдеу.

393. Білуге тиіс:

қызмет көрсетілетін техникалық жабдықтар мен қондырғылардың құрылғысын, техникалық сипаттамасын, пайдалану ережесін;

құрамында алтын бар кендер мен құмдарды байытудың технологиялық процесін жүргізу ережесін; өлшеу құралдары мен автоматиканы қолдану ережесін;

құрамында алтын бар кендер мен құмдарды байыту үшін реагенттерді мөлшерлеу және олардың қасиеттерін;

алтын қоқырларды күкірт және тұз қышқылдармен өңдеу және алтын тұнбаларды жуу тәсілдерін; қоспалардың қоқырларда еру процесінің аяқталу уақытын;

ерітінділерді, қышқылдарды дайындау ережесін; қоқырларды еріткеннен кейін алтын тұнбаларды тұндыруды тез тұндыру тәсілдерін; циан қорытпаларын еріту және ерітіндіні чанға беру тәсілдерін; циан ерітінділерінде цианид концентраттарын айқындау әдістерін;

амальгамация табақтарын сынаппен сүрту әдістерін; сынапты және амальгаманы пайдалану ережесін және олардың физикалық қасиеттерін;

шығыс нормаларын және сынапты сырғыма тостағандарға және алтын ұстағыш шлюздерге құю тәсілдерін; алатын өнімге есеп жүргізу және сақтау ережесін;

қызмет көрсетілетін жабдықтардың жұмысындағы бұзушылықтардың туындау себебін және жою тәсілдерін; слесарлық іс.

Параграф 3. Құрамында алтын бар кендерді байыту
аппаратшысы, 4-разряд

394. Жұмыс сипаттамасы:

сырғыма тостағандарда, алтын ұстағыш шлюздерде амальгамация әдісімен құрамында алтын бар кендер мен құмдарды байыту және амальгамаларды өңдеу процесін жүргізу;

амальгамаларды ұстағыштардан, амальгамация табақтарынан, түкті шлюздерден және шайқау үстелдерінен түсіру;

концентраттарды амальгамация бөшкелеріне тиеу, сынапты мөлшерлеу, концентраттарды өңдеу, оларды бөшкелерден түсіру;

сынапты ұстағыштарға және алтын ұстағыш аппараттарға құю; қатты амальгаманы темір қайықтарға салу;

муфель пештерінде қыздыру және оған сынапты бірден буландыру әрі шлих алтынын алу үшін амальгама бар қайықтарды тиеу; шлих алтындарын қышқылдармен өңдеу, магнитпен темір қоспаларын іріктеу; бағалы металдарды таразылау және оны ыдыстарға буып-түю;

шлюздерге және басқа да алтын ұстағыш аппараттарға сүргі соғу кезінде қатысу;

циан қорытпаларын еріту және циан ерітінділерін қалпына келтіру; ерітінді концентраттарын айқындау, қалпына келтірілген ерітінділерді беруді реттеу және оларды сүзу;

күкіртті жағу және ерітінділерді тотықтандыру үшін күкіртті газды беру; циан қорытпалары қалдығынан агитация чандарын сілтілеу және тазарту;

бос ыдыстарды уқайтарғыштармен өңдеу.

395. Білуге тиіс:

құрамында алтын бар кендер мен құмдарды байытуда қолданылатын жабдықтардың, қондырғылардың құрылғысын;

металл ұстағыш аппараттарда амальгамациялаудың және асыл металдарды ұстаудың технологиялық процесін; металды қышқылдармен технологиялық өңдеуді;

ұстағыш асыл металдардың негізгі қасиетін және оның басқа металдардан айырмашылығын; циан қорытпаларын еріту, циан ерітінділерін қалпына келтіру, оларды сүзу, күкіртті жағу және күкірт газын алу технологиясын; күкірт газының, цианитті-сутегі қышқылының қасиеттерін және пайдалану ережесін;

циан қорытпаларын шығындау нормаларын; респираторлардың міндетін, құрылысын және пайдалану ережесін;

ерітінділерді тазалау нормаларын және реагент шығыстарын; электр техникасының негіздері.

107. Алтын араласқан кен орындарының тау-кен жұмысшысы

Параграф 1. Алтын араласқан кен орындарының

тау-кен жұмысшысы, 2-разряд

396. Жұмыс сипаттамасы:

шұңқырларды қолмен қазу; драгермен көрсетілген орындарда шығыр арқандарын бекіту үшін зәкірлерді ("қозғалмайтын") дайындау және орнату; жаға кабельдерін тасымалдауға, арқандарды тартуға қатысу;

әр түрлі жүкті қайықтармен тасымалдау және драгаға көтеру; разрездерде су деңгейін көтеру үшін уақытша бөгеттерді орнату;

қарапайым құралдардың көмегімен полигонды шілік бұталардан, түптерден, ұсақ орманнан, шөпті жамылғыдан тазарту;

қайықты ұқыпты ұстау; драгадан белгі қабылдау және беру; қыс кезінде мұздар мен мұз қабыршақтарын жару және жою;

понтон бөлігін қатыруға қатысу; драга понтоны айналысында мұздан жыралар жүргізу

понтонның сыртқы бөлігін жөндеу үшін мұзда құдықтар жүргізу; драга разрезінің қату тереңдігін тексеру; белгіленген тәсім бойынша бұрғылау ұңғымаларын белгілеу;

бу-гидроинелерді, шлангтарды беру; шлангтарды жөндеу; жартасты плотиктарды қазу;

тау-кен массасын гидромонитормен жуғаннан кейін немесе тазалау жұмыстары біткеннен кейін плотик тереңдігінде байытылған құмдарды жинау және тазалау;

байытылған құмдарды өңдеу жеріне тасымалдау; өңделген алаңды актирлеуге қатысу.

397. Білуге тиіс:

көтергіш механизмдердің, қайықтардың құрылғысын және пайдалану ережесін; қолданылатын құралдардың міндетін;

жүкті ілмектеу және көтеру ережесін; ілмектердің қолдану және пайдалану мерзімдерін;

драгалық және дренаждық жұмыстарды жүргізу туралы жалпы мәліметтер;

қатыру әдістерін; мұзда жыралар мен құдықтар жүргізу тәсілдерін; қатқан жерлерде мұздардың жарылуын алдын алу және жою тәсілдерін; бұрғы ұңғыларын белгілеу тәсімін;

такелаж жұмыстарын жүргізу ережесін; алтын араласқан топырақ төселу шарттарын және плотик сипаттамасын;

плотикта металлдың жиналу орны; құрамында метал бар құмдар мен концентраттарды бос жыныстардан айыру белгілерін.

Параграф 2. Алтын араласқан кен орындарының

тау-кен жұмысшысы, 3-разряд

398. Жұмыс сипаттамасы:

зәкірлерді ("қозғалмайтын") орнату үшін дайындық жұмыстарға қатысу;

арқандарды трактормен тарту кезіндегі жұмыстарды басқару;

электр желілері мен телефон желілеріне арналған бағандарды орнату жұмыстарына қатысу;

көтергіш механизмдермен әртүрлі жүктерді (қосалқы бөліктерді, отынды, материалдарды) тиеу, түсіру; жүкті драгаға жүзетін құралдардың (қайы, катер, моторлы қайық) көмегімен жеткізу;

сорғымен драгаға сұйық отынды айдау, бір рельс бойынша тельфермен қатты отынды жеткізу;

полигонды түптерден, шілті бұталардан, өсіп тұрған қабаттан бульдозермен, трактормен тазалау жұмыстарын басқару; бензоараның көмегімен полигонды тазалау жұмыстарын орындау;

жүзетін құралдарды, көтергіш механизмдер мен басқа да қызмет көрсететін техниканың ұқыпты ұстау;

понтон бөлігінің қатуы мен мұздауы үшін материалдар мен құралдарды дайындау және беру;

агрегаттарды, тораптарды және драга алаңын ыстық сумен жуу, буландыру және мұздар мен жыныстардан тазалау;

көбікті генераторлық қондырғының көмегімен драга полигонын көбікпен жабу; көбікті генераторлық қондырғыны монтаждауға және сынауға қатысу;

қарапайым бөлшектерді, бұйымдарды, тораптар мен басқа материалдарды әртүрлі ілмектермен ілмектеу және байланыстыру; пойнттардың (бу инелер) көмегімен қатқан топырақтарды еріту;

қолмен тиеумен ұңғымаларды бу инелермен бұрғылау; каретканы көшіру және шлангты бу құбырына қосу;

келіп түсетін буды қосу және реттеу; ұңғыманы берілген тереңдікке дейін қоқырдан тазарту;

ернеулер дайындау, құбырлар мен батареяларды төсеу, оларды жыныстармен жабу; пойнттарға қызмет көрсету; будың шығуын жою; пойнттардың жұмысын бақылау;

бутаратқыш аппаратуралардың жұмысындағы бұзушылықтарды жою; бу инесін қолмен алып тастау және оны үрлеп тазарту.

399. Білуге тиіс:

қызмет көрсететін жабдықтардың, механизмдердің, қондырғылардың, қолданылатын құрылғылар мен құралдардың құрылғысын; жүзетін құралдарды, механизмдерді, қондырғыларды, жүк көтергіш жабдықтар мен басқа да техниканы, өлшегіш және бу таратқыш аппаратураны басқару ережесін;

полигонды қатып қалудан сақтандыру ережесін; полигонды көбікпен жабу, агрегаттарды, тораптар мен драга алаңын буландыру және тазалау ережесін;

сұйық және қатты отынның негізгі қасиеттерін;

бугидроқұбыр магистралінің тәсімін; топырақты еріту жұмыстарын жүргізу туралы жалпы мәліметтер;

қатқан топырақтарды еріту және пойнттардың көмегімен ұңғыманы үңгілеу тәсілдерін; жүктерді ілмектеу тәсілдерін.

Параграф 3. Алтын араласқан кен орындарының

тау-кен жұмысшысы, 4-разряд

400. Жұмыс сипаттамасы:

драга полигонын дайындау кезінде мұзды мұз кескіш машинамен немесе бу кескішпен кесу;

полигонды маусымдық тоннан бу инелермен еріту; бұрғы станогымен немесе дірілдеткішпен ұңғының немесе мұздаған топырақтың (қуысты алдын ала сұйменмен тесіп) кез-келген тереңдігіне бу магистралын орнату, қосу және бу инелерін батыру;

тау-кен жыныстарының жоғарғы қабаттарын еріту үшін бу инелерді көтеру; оларды ерігеннен кейін шығару және көшіру;

мәңгі мұздап жатқан тау-кен жыныстары бар драга полигондарын гидравликалық инелермен еріту;

гидро инелердің жұмысын тексеру; бақылау құбырларының көрсеткіші бойынша судың келіп түсуін айқындау, ысырма мен манометрдің көмегімен құбырлардағы судың тегеуірінін реттеу;

сарқырама магистралінің дұрыстығын қадағалау;

бу және гидро инелердің бұзушылығын жою;

бұзылған бу және гидро инелерді ауыстыру;

механикалық және электрлік құрылғылары бар арнайы инелермен топырақтың еру процесін бақылау;

бақылау гидро инелерді топыраққа қолмен немесе арнайы жабдықталған қайықтармен батыру;

тығындалып қалған тесіктерді үрлеп тазалау әрі аршу және қатып қалған инелерді ағыс сумен немесе электр энергиясы мен су құбыры көздерінен жұмыс істейтін зондтармен еріту;

гидро инелерді топырақтан аспалы шығарушылармен, бұрғы станоктарымен және қолмен шар тәрізді штанга ұстағышпен шығар;

негізгі және қосалқы жабдықтардың, қолданылатын құралдардың, аппаратуралардың, аспаптардың, механизмдердің, құрылғылардың, жүзетін құралдардың жұмысын қадағалау және ұқыпты ұстау.

401. Білуге тиіс:

қызмет көрсететін жабдықтардың, жүк көтергіш механизмдердің, аппаратуралардың, аспаптардың, механизмдердің, жүзетін құралдардың және қолданылатын құрылғылардың, құралдардың құрылғысын;

драга жұмыстарын жүргізу негіздерін; гидро жетекті магистральдің тәсімін; мұздаған топырақтарды еріту технологиясын;

алтын араласқан топырақ кен орындарының төселу жағдайын және сипаттамасын; металл мен құрамында минералдар бар құмдарды бос жыныстардан айыру белгілерін;

драга полигондарын еріту және дайындау кезінде қолданылатын қызмет көрсететін жабдықтарды, механизмдерді, жүзетін құралдарды басқару және пайдалану ережесін.

108. Жеткеруші

Параграф 1. Жеткеруші, 3-разряд

402. Жұмыс сипаттамасы:

жоғары білікті жеткерушінің басшылығымен құрамында асыл металл бар шлих концентраттарын жеткеру және қысқарту процесін жүргізу;

қол әдісімен шлюздерді тазалау;

драганы тоқтатпай жекелеген шлюздерді қосу және сөндіру;

шлюздер мен ұстап қалғыштардан трафареттерді, кілемшелерді түсіру, оларды жуып, шлюздер мен ұстап қалғыштарға бөренелермен және сыналармен бекітіп төсеу;

шлюздерді тазалау және концентратты қысқартқышқа жеткізу; жоғары білікті жеткерушінің басшылығымен сынапты қолдана отырып, амальгаманы жеткеру және шлихтардан тазалау кезінде амальгамация аспаптарын жуу;

шлихтарды жинау, оларды борт разрезіне түзу орынына көшіру;

қызмет көрсететін негізгі және қосалқы жабдықтарды тиеу және түсіру; шикізат пен дайын өнімді тасымалдау;

жеткеруде пайдаланылатын химиялық реактивтерді дайындау және есеп жүргізу; драга үй-жайын тазалау;

қызмет көрсететін жабдықтарды жөндеуге қатысу.

403. Білуге тиіс:

қызмет көрсететін жабдықтардың, қондырғылардың, аспаптардың, шлюздердің құрылысын;

концентраттарды түсіру және шлюздер мен ұстап қалғыштарда шаю тәртібін;

қызмет көрсететін жабдықтарды басқару және ұштарын тексеру ережесін; әртүрлі үлес салмақтағы ауыр сұйықтықтағы ерітінділерді дайындау және қалпына келтіру технологиясын;

бағалы өнімдерге есеп жүргізу және сақтау ережесін; улы және химиялық агрессивті заттарды пайдалану ережесін.

Параграф 2. Жеткеруші, 4-разряд

404. Жұмыс сипаттамасы:

химиялық және электр химиялық өндеудің көмегімен құрамында асыл металл бар шлих концентраттарын жеткеру және қысқарту процесін жүргізу; шлюздер мен ұстағыштардан концентраттарды мерзімдік түсіру; концентраттарды жеткеру станогында (вашгерде) өңдеу, алтын сұр және қара шлихтардан жуып тазарту;

шлюз төсемдерін тексеру; тазалау жұмыстарын жүргізу аралығында шлюз жұмыстарын бақылау;

шлих алтындарын қышқылдармен өңдеу, темір қоспаларын іріктеу және сорды үрлеп тазарту; металды таразылау және арнайы ыдысқа тығындау; шлюздерді және басқа да металлды ұстап қалушы аппараттарды сүргілеуге қатысу;

сынапты қолдана отырып амальгамаларды жеткеру және шлихтардан тазалау кезінде амальгамация аспаптарын жуу; драганы тоқтатпай өздігінен тиелетін шлюздер мен амальгамация аспаптарын тазалау кезінде автоматтық қондырғыларды бақылау;

технологиялық процесте сынапты қолдану кезінде: сынапты ұстағыштарға және алтын ұстап қалушы шлюздерге құю, амальгаманы ұстағыштар мен амальгамация табақтарынан түсіру, амальгаманы тазарту және қысу, амальгамаларды реторларға төсеу және муфель пештерінде күйдіру, сынап шығыстарына және сынап концентраттарына есеп жүргізу;

қызмет көрсететін жабдықтардың жұмысындағы бұзушылықтарды анықтау және жою, оны жөндеуге және баптауға қатысу.

405. Білуге тиіс:

қызмет көрсету жабдықтарының, қондырғыларының және қолданылатын аппаратуралар мен аспаптардың құрылғысын; асыл металдарды басқарудың, шлих алтындарын қышқылмен өңдеудің технологиялық тәсімін;

ұстап қалғыш металдың негізгі қасиеттерін; асыл металдарға есеп жүргізу және сақтау жөніндегі нұсқаулықты.

109. Құрамында алмас бар концентраттарды жеткеруші

Параграф 1. Құрамында алмас бар концентраттарды жеткеруші, 3-разряд

406. Жұмыс сипаттамасы:

жоғары білікті құрамында алмас бар концентраттарды жеткерушінің басшылығымен балқытқыш қышқылдармен, патша арағымен және басқа да химиялық агрессивті заттармен химиялық өңдеу әдісі бойынша ауыр сұйықтықтарда құрамында көп алмас бар концентраттарды жеткеру процесін жүргізу;

жеткеру өнімдерін магниттеп күйдіру; ауыр сұйықтықтағы ерітінділерді қалпына келтіру;

ағыс сулар мен ерітінділерді зиянсыздандыру; жеткеру процесінде пайдаланылатын химиялық реактивтерді дайындау және есеп жүргізу;

ұлғайтқыш аспаптардың, электр магнитті рентгенолюминисцентті сеператорлар мен қондырғылардың көмегімен көзбен шолып, белгілі фракциялы құрамында алмас бар концентраттардан минералдарды бөлу процесін жүргізуге қатысу.

407. Білуге тиіс:

минералогия туралы жалпы мәліметтерді; алмас пен ілеспелі минералдардың қасиетін; алмас кристалдарын ілеспелі минералдардан айыру тәсілдерін; қолданылатын технологиялық, жабдықтардың, электр магнитті рентгенолюминисцентті сеператорлар мен ұлғайтқыш аспаптардың жұмыс қағидаттарын;

әртүрлі үлес салмағындағы ауыр сұйықтықтағы ерітінділердің химиялық реактивтерін дайындау және қалпына келтіру технологиясын;

алмас пен алмас өнімдеріне есеп жүргізу және сақтау ережесін; улы және химиялық агрессивті заттарды пайдалану ережесін:

Параграф 2. Құрамында алмас бар концентраттарды жеткеруші, 4-разряд

408. Жұмыс сипаттамасы:

балқытқыш қышқылдармен, патша арағымен және басқа да химиялық агрессивті заттармен химиялық өңдеу әдісі бойынша ауыр сұйықтықтарда құрамында көп алмас бар концентраттарды жеткеру процессін жүргізу; құрамында алмас бар концентраттарды елеу және оларды тұндыру машиналарында өңдеу, майсыздандыру және кептіру;

концентраттарды қолмен бөлшектеу, оларды рентгенолюминисцентті сепаратордан өткізу;

тексеру және концентраттарды сепараторлардан өткізгеннен кейін кескіштерді бөлшектеу;

электр магнит сепараторында тізбеленген концентраттарды сепарациялау;

алмастарды шығарудың толықтығын және алмас тауар өнімдерінің тазалығын қамтамасыз ету;

қызмет көрсету жабдықтарын жөндеуге қатысу.

409. Білуге тиіс:

қолданылатын жабдықтардың, қондырғылардың, аспаптардың құрылғысын, оларды басқару ережесін;

минералогия негіздерін; алмас кристалдарын ілеспелі минералдардан айыру тәсілдерін;

құрамында алмас материалдарды орташа ауыр химиялық және термиялық өңдеудің технологиясын; алмас пен алмас өнімдеріне есеп жүргізу және сақтау ережесі.

110. Қашауға май құюшы

Параграф 1. Қашауға май құюшы, 4-разряд

410. Жұмыс сипаттамасы:

қашауларға қашауға май құю станоктарында май құю; қашауларды берілген технология бойынша термоөңдеу;

қашаулардың қызу температурасын олардың түсі бойынша айқындау; бақылау-өлшеу аспаптарының көрсеткішін қадағалау;

қашауға май құю станоктарына қызмет көрсету және оның жұмысындағы ұсақ бұзушылықтарды анықтау және жою.

411. Білуге тиіс:

қашауға май құю станогының құрылғысын; қашауларға май құю және шыңдау технологиясын;

қолданылатын бақылау-өлшеу аспаптарын, құралдарын және құрылғыларын пайдалану ережесін.

111. Драгашы

Параграф 1. Драгашы, 4-разряд

412. Жұмыс сипаттамасы:

сыйымдылығы 80 л дейін шөміші бар шағын литражды драганың жұмысын және қозғалысын басқару.

драга жабдықтарының және механизмдерінің техникалық жағдайын тексеру.

шығыр барабандарына арқандарды орау дұрыстығын, борт арқандарының, жаға арқандарының, созғыштардың және бас қанаттардың орналасуын, қарпығыш шынжырдың жағдайын, қарпығыштардың толығын, бүйірден жылжу жылдамдығын, қарпығыш раманы тереңдікке түсіруді, драга механизмдері мен жабдықтарының дұрыс жүктемесін қадағалау.

драганы забойға маневрлеу.

забой жағдайымен, жасалған көлемге жүргізілген өлшемдерімен және алдыңғы ауысымның ауысымдық рапортындағы жазбалармен танысу. драга жабдықтарының жұмысындағы бұзушылықтарды жою.

драганың барлық жөндеу түрлеріне қатысу.

драга жұмысын есеп алудың ауысымдық журналын жүргізу.

413. Білуге тиіс:

қызмет көрсететін драганың және оның тораптарының құрылғысын және пайдалану ережесін; электр техника негіздерін; кен орындарын және драга полигонын өңдеу шекарасын қазу жүйесін; қарпылатын жыныстардың сипаттамасын;

драга разрезіндегі тасқын және көктемгі сулардың деңгейін; драга полигонындағы гидро техникалық имараттардың жағдайын; қазылған кеңістіктен қабаттарды және өлшемдерді шығару әдістерін;

жыныстарды пайдаланушылық сынау тәсілдерін; драга механизмдерін күту және олардың жұмысын реттеу ережесін; слесарлық іс.

Параграф 2. Драгашы, 5-разряд

414. Жұмыс сипаттамасы:

сыйымдылығы 80-нен 150 л дейін шөміші бар электрлік драганың жұмысын және қозғалысын басқару;

драга жабдығының техникалық жағдайын тексеру, оның жұмысын қадағалау және жұмысындағы ақаулықты жою.

415. Білуге тиіс:

әртүрлі типті драгалардың, сигнализация және байланыс құралдарының құрылғысын және пайдалану ережесін;

алтын араласқан пайдалы қазбалардың кен орындарының геологиялық негіздерін;

драга әдісімен алтын араласқан топырақ кен орындарын қазу кезінде негізгі маркшейдерлік жұмыстарды;

драга жабдықтарының жұмысындағы ақаулықтарды анықтау, ескерту және жою тәсілдерін.

Параграф 3. Драгашы, 6-разряд

416. Жұмыс сипаттамасы:

автоматика мен телебақылау жүйесін пайдалана отырып, сыйымдылығы 150 л және одан артық шөміші бар электрлік драганың жұмысын және қозғалысын басқару.

417. Білуге тиіс:

әртүрлі типтегі драганың конструктивтік ерекшеліктерін; құрамында алтын бар құмдарды байытудың негіздерін; драга әдісімен алтын араласқан топырақ кен орындарын қазу кезінде жұмыстарды жүргізу ережесін.

418. Орташа кәсіптік білім талап етіледі.

112. Қымбат өнімдерді бақылаушы

Параграф 1. Қымбат өнімдерді бақылаушы, 3–разряд

419. Жұмыс сипаттамасы:

құрамында асыл металл бар асыл металдар мен концентраттарды, оларды алудың және өңдеудің технологиялық процесінің барлық сатысында сақтау және есеп жүргізу нұсқаулығын бақылау.

асыл металдар мен концентраттарды өңдеу операцияларына қатысу;

жуатын аспаптарға, жинақ сандықшаларға, сейфтер мен қызметтік үй-жайларға сүргі соғу;

қымбат өнімге есеп жүргізу, қабылдау, жылжыту, сақтау және тапсыру бойынша құжаттамаларды комиссияндық рәсімдеуге қатысу.

кассаға дейін тасымалдау кезінде қымбат өнімдер салынған ыдысқа сүргі соғу

420. Білуге тиіс:

асыл металдар мен концентраттарды алудың технологиялық процестерінің негіздері;

байыту қондырғыларында қымбат өнімдерді тазалау мен түсірудің технологиялық тәсімін; асыл металдардың физикалық және химиялық қасиеттерінің негіздерін;

қолданылатын қышқылдардың қасиеттерін; асыл металдарды басқа металдар мен ілеспелі минералдардан айырмашылық белгілерін; қолданылатын аппараттар мен қондырғылардың құрылғысын;

қымбат өнімге есеп жүргізу, сақтау, қабылдау және тапсыру жөніндегі нұсқаулықты; қажетті техникалық құжаттарды рәсімдеу ережесін.

Параграф 2. Қымбат өнімдерді бақылаушы, 4-разряд

421. Жұмыс сипаттамасы:

алмастарды және құрамында алмас бар өнімдерді, оларды өңдеудің технологиялық процесінің барлық сатысында сақтау және есеп жүргізу жөніндегі нұсқаулықтың орындалуы;

құрамында алмас бар өнімдерді қолмен қазу кезінде қатысу.

422. Білуге тиіс:

құрамында алмас бар шикізатты және оны байыту өнімдерін өңдеудің технологиялық процестерінің негіздерін; құрамында алмас бар шикізат пен өнімдердің физикалық-химиялық қасиеттерінің негіздерін; қолданылатын химиялық агрессивті заттар мен қышқылдардың қасиеттерін; алмастардың басқа да ілеспелі минералдардан айырмашылық белгісін; қызмет көрсететін жабдықтардың құрылғысын; қымбат өнімдерді сақтау, қабылдау, есеп жүргізу және тапсыру ережесін, қажетті құжаттарды рәсімдеу.

113. Драга матросы

Параграф 1. Драга матросы, 1-разряд

423. Жұмыс сипаттамасы:

үйінді люгінде, бөшкеде, қарпығыш астындағы металды ұстап қалушыда суландыру жүйесінің жұмысын қадағалау;

азық-түлікті, отынды, ауызсу құйылған ыдыстарды, қосалқы бөлшектерді, майлау және ысқылау және басқа да материалдарды қолмен тиеу, драгаға жеткізу және түсіру;

суды ыдыстан қазанға құю;

қайықтардың, құтқарғыш инвентарьдың және драга механизмдерін қоршалу жағдайының дұрыстығын қадағалау; қарпығыштарды көбіктен, жұмыс тастардан және ескі бекітпелерден тазалау;

понтон палубасын, қарпығыш рамаларды, стакерді, тұрмыстық тұрғын-жайларды тазалықта ұстау;

төменгі қарпығыш барабанның біліктің мойынтіректерін майлау; жөндеу жұмыстарына және жаға кабельдерін, жаға роликтерін, борт және бас арқандарды көшіруге қатысу;

сигналдар қабылдау және беру.

424. Білуге тиіс:

драганың жұмыс қағидаттарын; қайықты басқару ережесін; понтондағы тесіктерді бітеу немесе жою;

құтқарғыш құралдарды қолдану ережесін.

114. Драга машинисі

Параграф 1. Драга машинисі, 3-разряд

425. Жұмыс сипаттамасы:

сыйымдылығы 150 л дейін шөміші бар бу және электрлік драгаларының немесе сыйымдылығы 150 л-ден 600 л дейін шөміші бар жоғарғы электр драгалары тораптарының жабдықтарына қызмет көрсету;

драга сорғылары мен қозғалтқыштарын қосу және тоқтату;

электр драгадағы жылу тораптарының механизмдерін, бас жетекті, жоғарғы және төменгі барабан қарпығыштарына, үйінді люктеріне, полиспасталарға, рамалық жетектерге және қада ілгіштеріне, жоғарғы қада бағыттауыштарға, қарпығыш рама роликтеріне, бөшкенің беткі шетіндегі роликтерге, полиспаста роликтеріне, тістегершіктерге, корма мачтасындағы шығырларға, мачта кергіштеріне қызмет көрсету;

стакерлі рама ілмегінің, соңындағы эфель астауларының, жаға кабельдері мен байланыс желілерінің жағдайын, үйінді люгінде қарпығыштарды тиеуді қадағалау; қою және қатты орталықтандырылған майлау жұмыстарын қадағалау;

драга механизмдерін жөндеуге қатысу.

426. Білуге тиіс:

драганың қызмет көрсететін жабдықтарының құрылғысын және пайдалану ережесін; драга механизмдерінің орталықтандырылған майлау жүйесін;

будың пайда болу процесін және оның қасиеттерін; драганың тежегіш жүйесінің құрылғысын; жетек белдіктерін тартуды реттеу тәсілдерін;

қызмет көрсететін жабдықтардың жұмысындағы бұзушылықтарды анықтау, ескерту және жою тәсілдерін; слесарлық іс.

Параграф 2. Драга машинисі, 4-разряд

427. Жұмыс сипаттамасы:

сыйымдылығы 150 л-ден 600 л дейін шөміші бар электр драгалар кормалық тораптарының немесе сыйымдылығы 600 л және артық шөміші бар жоғарғы электр драгалары тораптарының жабдықтарына қызмет көрсету;

стакерлік, тасымалдағыш, бөшкелік жетектерге, қолданылатын өлшеу мен автоматика құралдарына қызмет көрсету;

бөшкелердің, тасымалдағыштардың жұмысын, бөшке мен шлюздарға су беруді, галькалы және эфель үйінділерінің пайда болуын, үйінді жасағыштарды және эфель астауларын көтергіш шығырлардың жағдайын қадағалау;

үйінді люктерде, галька лотоктарында және тасымалдаушы таспаларда тау-кен массасының үйіндісін болдырмау; қызмет көрсететін жабдықтарды жөндеуге қатысу.

428. Білуге тиіс:

қызмет көрсететін жабдықтардың, қолданылатын өлшеу және автоматика құралдарының құрылғысын және пайдалану ережесін;

қызмет көрсететін механизмдердің орталықтандырылған майлау жүйесін;
кен және алтын араласқан пайдалы қазбаларды шығару мен байытудың технологиялық процесін; үйінді жасау процесін;
тау-кен массасының үйіндісін жою тәсілдерін.

Параграф 3. Драга машинисі, 5-разряд

429. Жұмыс сипаттамасы:

сыйымдылығы 150 л-ден 600 л дейін шөміші бар электр драгаларын немесе сыйымдылығы 600 л және артық шөміші бар жоғарғы электр драгалары тораптарының жабдықтарына қызмет көрсету;

драганың негізгі және қосалқы жабдықтарына, стакерлік және көліктік жетектерге, бөшекелер мен галька лотоктарына, драгаға орнатылған аспаптар мен аппаратураларға қызмет көрсету;

бөшке электр қозғалтқыштары мен тасымалдағыштарының қосқыш бақылаушыларын басқару;

автоматты қою майланған мойынтіректердің, бөшке жетектері мен роликтерінің, жетектер мен тасымалдағыш барабандарының коректендіргіштеріне қызмет көрсету;

автоматты таспалы таразыларды басқару блогына, драганы басқару пультына қызмет көрсету.

430. Білуге тиіс:

әртүрлі типтегі драгалар жабдықтарының және механизмдерінің құрылғысын; қызмет көрсететін драга тораптарының автоматты қою майлау жүйесін.

Параграф 4. Драга машинисі, 6-разряд

431. Жұмыс сипаттамасы:

сыйымдылығы 600 л және артық шөміші бар электр драга жабдықтарына қызмет көрсету; рама көтергіш және маневрлі шығырларды, орталықтан тепкіш сорғыларды, қозғалтқыштарды, компрессорларды, төменгі қада бағыттағыштарды басқарудың автоматты жүйесіне қызмет көрсету;

понтонның техникалық жағдайын, ондағы су деңгейін және драга тұнбасын, қарпығыш рама, қада, полиспасталы ілгіштердің, палуба және жаға арқанды роликтердің, қарпығыш астындағы роликтердің, су және бу өткізгіш магистральдардың жағдайын қадағалау;

апаттық және палубалық тасымалдау сорғылардың, өртке қарсы және құтқарғыш керек-жарақтардың дұрыстығын қадағалау;

қыс кезінде – қарпығыш және стакерлі рамаларды, қабылдағыш сорғы жәшіктерді, понтонды, үйінді жасағыш рамаларды, төменгі қада бағыттағыштарды дер кезінде буландыруды қадағалау;

қазанды үрлеп тазалауға, драганы жөндеуге қатысу.

432. Білуге тиіс:

машиналар мен драга механизмдерінің, қолданылатын автоматтандырылған басқару жүйесінің, телемеханика мен байланыс құралдарының құрылғысын және пайдалану ережесін;

қыс кезінде драга механизмдерін буландыру тәсілдерін;

драга механизмдерінде мұздың пайда болуымен күресу тәсілдерін.

433. Орташа кәсіптік білімді талап етеді.

115. Металды алу жөніндегі жуғыш аспаптардың машинисі

Параграф 1. Металды алу жөніндегі жуғыш аспаптардың машинисі, 2-разряд

434. Жұмыс сипаттамасы:

өнімділігі тәулігіне 500 м^3 дейін жуғыш аспаптар механизмдерін басқару; құмды жуу және дезинтеграциялау;

құмды бульдозермен немесе скрепермен беру кезінде бункерге тиелуін, конвейер мен шлюздерге құмды бір қалыпты тиеуді, аспапқа судың келуін қадағалау;

шлюздерді кілемшелер (маттармен) және трафареттермен арматуралауға қатысу; сигналдар қабылдау және беру;

шлюздер мен електердегі кептелімдерді жою;

жұмыр тастарды жою; жуғыш аспап жұмысындағы бұзушылықтарды жою;

концентратты түсіруге, қызмет көрсететін жабдықтарды жөндеуге қатысу.

435. Білуге тиіс:

электр техникасы жөнінде негізгі мәліметтерді; жуғыш аспаптардың, скруббер мен қосқыш аппаратуралардың жұмыс қағидаттарын;

конвейерлердің, стакерлердің, эфельді және саф ұстап қалғыш шлюздердің, қабылдағыш бункерлердің құрылғысын;

құмды жуу тәсілдерін; материалдардың, электр энергиясының шығыс нормаларын; слесарлық іс.

Параграф 2. Металды алу жөніндегі жуғыш аспаптардың машинисі, 3-разряд

436. Жұмыс сипаттамасы:

өнімділігі тәулігіне 500-ден 1000 м^3 дейін металды алу жөніндегі жуғыш аспаптар механизмдерін басқару;

құмды жуу және дезинтеграциялау; астаулар мен люктердегі тау-кен массасының кептелімдерін жою;

металды алу жөніндегі жуғыш аппараттардың жұмысындағы бұзушылықтарды жою, ас сайын техникалық қызмет көрсету және ағымдағы жөндеуге қатысу.

437. Білуге тиіс:

қызмет көрсететін жабдықтың: металды алу жөніндегі жуғыш аспаптардың, скруббердің, қосқыш аппаратуралардың, галькалы және эфельді люктердің, жұмыс тас құрағыштардың құрылғысын;

астаулар мен люктердегі тау-кен массасының кептелімдерін жою тәсілдерін.

Параграф 3. Металды алу жөніндегі жуғыш аспаптардың машинисі, 4-разряд

438. Жұмыс сипаттамасы:

өнімділігі тәулігіне 1000 м³ артық металды алу жөніндегі жуғыш аспаптар механизмдерін басқару.

439. Білуге тиіс:

әртүрлі типтегі металды алу жөніндегі жуғыш аспаптардың, қолданылатын өлшеу және автоматика құралдарының құрылғысын және пайдалану ережесін;

металды алу жөніндегі жуғыш аспаптардың жұмысындағы бұзушылықтардың туындау себептерін және оларды жою тәсілдерін; электр-слесарлық іс.

Ескерту:

Жуғыш аспаптарды реттеу және баптау жөніндегі жұмыстарды орындау және біліктілігі төмен металды алу жөніндегі жуғыш аспаптардың моторшысының жұмысына басшылық еткен кезде тарификация бір разрядқа жоғары жүргізіледі.

116. Шағын литражды драгалардың пробурторшысы

Параграф 1. Шағын литражды драгалардың пробурторшысы, 2-разряд

440. Жұмыс сипаттамасы:

металл ұстап қалғыш астауға су мен құмның келіп түсуін реттеу;

қарпығыштардан астауға келіп түсетін құм кесектерін қолмен жұмсарту; трафареттердің астауға бекітілуін қадағалау;

астаудың лайлануын жою.

441. Білуге тиіс:

металл ұстап қалғыш астауда құрамында металл бар құмдарды жұмсарту және байыту процесін;

құмның және бос жыныстардың сыртқы белгілерін.

117. Гидромыс қондырғыларын көміртектендірушісі

Параграф 1. Гидромыс қондырғыларын көміртектендірушісі, 2-разряд

442. Жұмыс сипаттамасы:

гидромыс қондырғыларында мысты көміртектендіру процесін жүргізу; науаларға судың келуін реттеу;

темір скрапты тиеу, қопсыту, жуу және тиеу; мыстың тұну барысын және тұну сапасын қадағалау;

сынамаларды іріктеу; тұнған мыстарды түсіру және тиеу; зертханалық талдаулар бойынша тұнған мыстың сапасын бақылау;

тұндырғышты тазалау; ағыстарды жою және науалардың ұсақ жөндеулері;
орталықтан тепкіш сорғыларды және шығырларды басқару және қызмет көрсету;

скрап шығыстарына және мыстың шығуына есеп жүргізу.

443. Білуге тиіс:

мысты көміртектендірудің негізгі технологиялық процестерін; гидромедь қондырғылардың тәсімін, құрылғысын және жұмыс қағидаттарын;

суды механикалық қоспалардан тазарту тәсілдерін;

сорғылардың, қол және электр шығырлардың құрылғысын және пайдалану ережесін.

118. Шлихтаушы

Параграф 1. Шлихтаушы, 2-разряд

444. Жұмыс сипаттамасы:

шлихтарды өңдеу; әртүрлі типтегі сеператорлар мен амальгаматорлардың жұмысын реттеу;

шлихтарды тиеу және түсіру;

амальгаманы жуу;

қызмет көрсететін жабдықтардың жұмысындағы бұзушылықтарды анықтау және жою.

445. Білуге тиіс:

қызмет көрсететін сепараторлар мен амальгаматорлардың жұмыс қағидаттарын; шлих алтынын өңдеу тәсілдерін;

асыл металдардың негізгі айырмашылық белгілерін; алтынның, күмістің, платинаның және басқа да сирек металдардың физикалық қасиеттерін.

119. Шлюзші

Параграф 1. Шлюзші, 2-разряд

446. Жұмыс сипаттамасы:

шлюздердің, кіші шлюздердің жұмысын; гидроұстағыштарды (қалталарды) тау-кен массасын жууын қадағалау;

шлюздердің, пульпалардың көлбеуін, шлюздер мен гидроұстағыштарғы судың берілуін реттеу;

түк жабындарды (маттарды) және шлюздерге арналған трафареттерді түсіру, тазалау және төсеу;

шлюздерден кіші шлюздерден бөгде заттарды жою; шлюздер мен кіші шлюздердің лайлануын жібермеу, сондай-ақ шеткі үйінділерден шлюздерге пульпа ағынының тірелуін болдырмау;

гидроұстағыш шлюздерден концентратты түсіру (алу) және оның өңдейтін жерге көшіру; жыралар мен эфель үйінділерінің разрез борттарының маңынан өрмелі қоршаулар орнату; шлюздердің гидроқондырғыларының жұмысындағы бұзушылықтарды анықтау және жою.

447. Білуге тиіс:

асыл металлдар мен концентраттарды ұстап қалудың гравитациялық әдістерін; шлюздердің, гидроұстағыштардың, кіші шлюздердің жұмыс қағидаттарын және оларды пайдалану ережесін;

түк жабындар мен трафареттердің міндеттерін; трафареттер мен түк жабындарды шаю тәртібі; шлюздерді трафареттермен төсеу әдістерін.

7–бөлім. Кендерді агломерациялау

120. Агломератшы

Параграф 1. Агломератшы, 3-разряд

448. Жұмыс сипаттамасы:

агломерациялық және күйдіру машиналарының арбаларының, газ соратын вакуум-камералардың, ағыстардың, төсем қоректендіргіштер мен шихталардың жағдайын қадағалау;

күйеженктеу немесе күйдіру арбасының әк ерітіндісін жағу; айналмалы тоңазытқышқа, желдеткіштерге, май станцияларына қызмет көрсету;

тоңазытқыштан күйежентекті бір қалыпты түсірілуін қамтамасыз ету; қызмет көрсететін жабдықтарды жөндеуге дайындау; агломерациялық және күйдіру машиналарының астын тазалау тракттарына, ластанған газ коллекторларына, машиналарға ыстық қайтарым беру тракттарына қызмет көрсету;

құрастырғыш коллекторды шаңнан тазалау үшін шнек электр қозғалтқыштарын және қалақша қақпағын қосу;

агломерациялық және күйдіру машиналары тоқтаған кезде аспирациялы ауа өткізгіштерді, бункер шашындыларын, газ сорғыш вакуум-камераларды, коллекторларды, мультициклондарды (роторларды), эксгаустер улиттарын, шығару құбырларын тазарту;

ағыстар торында ыстық агломераттың ірі кесектерін бөлшектеу; күйежентект тор тостағаннан агломератты түсіру; агломератты оттық пен ағыстардан бөлу;

қосалқы оттықтарды тасуға және тозғандарын тазалауға қатысу; шихта, агломерат, шекемтастар сынамаларын іріктеу; агломерат пен шекемтастарды

күйік ісінен сұрыптау, коксты жеткізу; қызмет көрсететін жабдықты жөндеуге қатысу.

449. Білуге тиіс:

агломерациялық және күйдіру машиналарының жұмыс қағидаттарын; агломерациялық және күйдіру машиналарының, сырма шығырлардың астын тазалау механизмдердің құрылғыларын және техникалық пайдалану ережесін; шихта, агломерат, шекемтастар сынамаларын іріктеу ережесін;

слесарлық істің негіздерін; қызмет көрсететін жабдықтардың бұзылу себептері және оны жою тәсілдері;

қолданылатын бақылау-өлшеу аспаптарының, блоктаудың құрылғысын; майлау материалдарының түрлерін және қолдану ережесін.

Параграф 2. Агломератшы, 4-разряд

450. Жұмыс сипаттамасы:

шихталарды жентектеу (кендерді агломерациялау) және шекемтастарды күйдіру технологиялық процесіне қатысу;

жоғары білікті агломератшының басшылығымен алюминий тотығын өндіру процесінде шихтаны жентектеудің технологиялық процесін жүргізу;

төсемдер қоректендіргіштері мен шихталарға, шихтаны маятникті таратушыларға, сөндіргіш барабандарға, тасымалдағыштарға, шнек қоректендіргіштерге, шихта араластырғыштарға, діріл құбырларына және басқа да агломерациялық машиналары мен күйдіру таспа машиналарына қызмет көрсету;

сөндіргіш барабандарды айналма материалдармен бір қалыпты қоректендіруді қамтамасыз ету;

жентектеу және күйдіру арбаларына материалдардың және қайтарымды (агломерат пен шекемтас) салқындату үшін судың берілуін реттеу; шихталар мен қайтарымды ылғалдандырудың сапасын және дәрежесін айқындау;

агломерат пен шекемтасты бункерге тастауды және бункерлерден жентектеу және күйдіру өнімдерінің шығарылуын қадағалау; құйғыштардағы, сіндіргіштер мен тасымалдағыштардағы кептелімдерді жою; газ жүрістерін тазалау;

жентектеу және күйдіру арбаларының қозғалысын бағыттайтын тозаңұстағыш құрылғылардың, оталдырғыш ошақтардың, отын жандырғыш құрылғылардың жұмысын қадағалау;

агломерациялық және күйдіру машиналарына отын беру және оттықтарды тазалау механизмінің жүйесіне қызмет көрсету; отын жандырғыш құрылғыларды қыздыру және реттеу;

шихталарды торкөзді агломерациялық тостағандарында жағу;

шихталар дайындау, ылғалдандыру, оларды шеңберлі жентектеу агломерациялық машиналарға беру және тиеу, қазандарды қыздыру және үрлеп

тазалау; қазандарға, торкөзді агломерациялық тостағандарының жұмыс алаңына және тостағандар астындағы алаңға қызмет көрсету;

оттықтарды, жентектеу және күйдіру арбаларын ауыстыруға қатысу; қызмет көрсететін жабдықтың жұмысындағы бұзушылықтарды анықтау және жою.

451. Білуге тиіс:

агломерат және шекемтас өндірісінің технологиялық процесінің негіздерін;

агломерациялық және күйдіру машиналарының құрылғысын; шихталар мен оның құраушыларының құрамын және негізгі қасиеттерін;

қызмет көрсететін жабдықтардың жұмысындағы бұзушылықтарды анықтау және жою;

агломерациялық тостағандарын, агломерациялық және күйдіру таспалы машиналарды тиеу, агломерациялық тостағандарына отын құю және оталдыру ережесін; агломерациялық және күйдіру машиналарын газбен жабдықтау тәсімін; слесарлық іс.

Параграф 3. Агломератшы, 5-разряд

452. Жұмыс сипаттамасы:

жоғары білікті агломератшының басшылығымен шихтаны таспалы, шеңберлі, вакуумды және басқада агломерациялық машиналарда жентектеу, шекемтастарды күйдіру машиналарында күйдіру процесін жүргізу;

алюминий тотығы өндірісінде шихталарды жентектеу процесін жүргізу; пешке шихта тиеуді, жентектеу сапасын, кетіп жатқан газдарды, пештің, тоңазытқыштың жұмысын қадағалау және бақылау;

көмір тозаңы жүйесінің, тозаңның қайта келуі және тағы басқа жұмыстарды реттеу; қызмет көрсететін жабдықты жөндеуге дайындау және жабдықтарды жөндеуден қабылдау;

шихта қабатының қалыңдығын, ылғалдылығын, оны таспаға таратудың бір қалыптылығын, жентектеу және күйдіру арбалары қозғалысының жылдамдығын, агломерат пен шекемтастардың ылғалдануын, оталдыру камерасының температурасын, салқындатқыш судың циркуляциясын қадағалау және бақылау;

келіп түсетін материалдардың, газдың сапасын айқындау; температуралық және ауадағы газ режимдерінің процесін талдаулардың деректері мен бақылау-өлшеу аспаптары бойынша бақылау; жылытқыш агрегаттарға және құйылу жүйесіне қызмет көрсету; жентектеу және күйдіру арбаларын, оттықтарды ауыстыру;

қызмет көрсететін жабдықты алдын ала тексеру, жабдық жұмысы көрсеткіштерінің журналын жүргізу.

453. Білуге тиіс:

агломерат пен шекемтас өндірісінің технологиялық процесін; әртүрлі типтегі агломерациялық және күйдіру машиналарының құрылғысын және техникалық пайдалану ережесін;

шихтаның, агломераттың, шекемтастың, газдардың физикалық-химиялық қасиеттерін және оның технология үшін маңыздылығын;

материалдар қозғалысының тәсімін және оларды дайындаудың техникалық шарттарын; технологиялық режимнің бұзылу себептерін және жою тәсілдерін.

Параграф 4. Агломератшы, 6-разряд

454. Жұмыс сипаттамасы:

шихтаны жентектеу және шекемтасты күйдіру процесін жүргізу; қайтарылған тозаңды қайта бөлу және газ тазалау жабдықтарының жұмысын бақылау; шихтаның құрамдас бөлігінің дұрыс қатынасын бақылау және оның құрамын түзету;

жану процесінің режимін, камераларда, тартымды сиретуді, отынды, шихтаны беруді, шихтаны ылғалдау дәрежесін, оның қалыңдық биіктігін және қозғалыс жылдамдығын реттеу;

шихталау материалдардың сапасына қарай жентектеу және күйдіру режимін өзгерту; жентектеу немесе күйдіру бөлімшесі жабдығының жұмысын бақылау;

қызмет көрсетілетін жабдықтарға бақылау-техникалық тексеру жүргізу, жабдықтарды жөндеуден қабылдау.

455. Білуге тиіс:

әртүрлі типті агломерациялық және күйдіру машиналардың конструктивтік ерекшеліктерін;

жентектеудің химиялық процесінің маңыздылығы, технологиялық режимнің бұзылу себептерін және жою тәсілдерін;

жентектеу мен күйдіруге келіп түсетін шихталарға қойылатын мемлекеттік стандарттардың талаптарын.

121. Ыстық агломератты түсіруші

Параграф 1. Ыстық агломератты түсіруші, 3-разряд

456. Жұмыс сипаттамасы:

теміржол вагондарға, аглохopperлерге және басқа ыдыстарға ыстық агломераттар мен ыстық шекемтастарды тиеу кезінде науа қақпақтарын басқару;

тиелген вагондардың қозғалысы кезінде шығырлар мен итергіштерді басқару;

тасымалдағыш ыдыстарға ыстық агломераттар мен шекемтастарды бір қалыпты және дұрыс тиелуін қадағалау; вагондарды, аглохopperлер мен басқа да ыдыстарды толтыру кезінде бір жолдан екінші жолға ауыспалы науаны ауыстырып қосу;

агломерациялық және күйдіру машиналарының артындағы науаларды және жиек ағыстарын тазалау;

агломерат пен шекемтас тиеу кезінде вагондар қозғалысы жөнінде белгі беру; теміржолдарды, ағынды жыраларды, жұмыс алаңын шашылған агломерат пен шекемтастан тазалау;

қызмет көрсететін жабдықтың жұмысындағы бұзушылықтарды анықтау және жою.

457. Білуге тиіс:

қызмет көрсететін жабдықтардың құрылғысын, жұмыс қағидаттарын; ыстық агломерат пен шекемтасты тасымалдағыш ыдыстарға тиеу ережесін; агломерат пен күйдірілген шекемтас сапасына қойылатын талаптар.

122. Агломерация мен күйдіру жұмысындағы көрікші

Параграф 1. Агломерация мен күйдіру жұмысындағы көрікші, 4-разряд

458. Жұмыс сипаттамасы:

көріктерге, тоңазытқыштарға, газ жанарғыларына, газ құбырлары мен газ жабдықтарына, желдеткіштерге, ауа беретін тракттарға қызмет көрсету;

жанарғыларды қыздыру, кокс ұсақтарын жағу, көріктегі газ бен ауаның қатынасын реттеу;

бақылау-өлшеу аспаптарының көрсеткіші бойынша көріктің температуралық және ауадағы газ режимді бақылау;

көрік пен күл салғышты қождардан тазарту; алдын алу тексеру жүргізу, қызмет көрсететін жабдықтардың жұмысындағы бұзушылықтарды анықтау және жою, жөндеуге қатысу.

459. Білуге тиіс:

агломерат пен шекемтас өндірісінің негізгі технологиялық процесін;

көріктің, қосалқы жабдықтардың құрылғысын, жұмыс қағидаттарын және техникалық пайдалану ережесін; слесарлық іс.

123. Елекші-көсеуші

Параграф 1. Елекші-көсеуші, 2-разряд

460. Жұмыс сипаттамасы:

електерде елеу процесін жүргізу; механикаландырылмаған беру кезінде мыс күйдіруші пештердің електеріне мысты үю;

електерге материалдардың бір қалыпты келіп түсуін қадағалау; габаритті емес буттарды електерге тиеп, қолмен бөлшектеу;

өнімнің торкөз үстінен және астынан өтуін және елек бөлшектерінің дұрыстығын қадағалау;

қызмет көрсететін жабдықтардың жұмысындағы бұзушылықтарды анықтау және жою.

461. Білуге тиіс:

електеу технологиясын; електердің негізгі типтерінің жұмыс қағидаттарын;

кендер мен бос жыныстардың физикалық-химиялық қасиеттерін; елек өнімдерінің сапасына қойылатын мемлекеттік стандарттардың талаптарын.

Ыстық теміркендердің шекемтастарды, ыстық агломераттарды, ыстық қайтарымдарды, ыстық кендерді електеу процесін жүргізу кезінде - 3-разряд.

124. Ыстық қайтарымды мөлшерлеуші

Параграф 1. Ыстық қайтарымды мөлшерлеуші, 4-разряд

462. Жұмыс сипаттамасы:

ыстық қайтарымды мөлшерлеу процесін жүргізу;

шаң-тозаңды сорып алу үшін сөндіру, қоректендіру және желдеткіш барабандарын қосу және тоқтату;

қайтарымды суыту үшін белгіленген температураға дейін суды мөлшерлеу;

електік талдау сынамаларын іріктеуді қадағалау; ыстық қайтарымды мөлшерлеу жолымен шихталарды қыздыру; тасымалдағыш таспада ыстық қайтарымды бірқалыпты тарату;

жұмыстағы бұзушылықтарды анықтау және жою, қызмет көрсететін жабдықты бақылау-техникалық тексеруге және жөндеуге қатысу.

463. Білуге тиіс:

агломерат пен шекемтас өндірісінің негізгі технологиялық процестерін; ыстық қайтарымды мөлшерлеу және шихталау процесін;

қызмет көрсететін жабдықтың құрылғысын және жұмыс қағидаттарын; майлайтын материалдардың сорттары мен қасиеттерін; слесарлық іс.

125. Құдықпештер мен пештерді теуші-түсіруші

Параграф 1. Құдықпештер мен пештерді теуші-түсіруші, 2-разряд

464. Жұмыс сипаттамасы:

жүргізілетін процестің технологиясына сәйкес шикізат пен отынның арақатынасын сақтай отырып, пешке немесе құдық пешке шикізатты тиеу;

шикізат пен отын тиелген вагонеткаларды кілеттерден тасу, оларды тиегіш қондырғыларға жылжыту;

құдықпештер мен пештерді түсіру;

шихта құрамындағы өзгерісті дер кезінде айқындау; қоректендіргіш және тиегіш құрылғыларды қадағалау және олардың жұмысындағы бұзушылықтарды жою;

тиелген вагонеткаларды бақылап өлшеуге тасу.

465. Білуге тиіс:

пештер мен құдықпештердің жұмыс қағидаттарын; тиегіш және қоректендіргіш құрылғылар мен шығырлардың құрылғысын және жұмыс қағидаттарын; пештер мен құдықпештерді тиеу және түсіру;

артылатын шикізат пен отынның мөлшерлемесін; шикізат пен отынның сорттары мен қасиеттерін.

126. Араластырғыштардың машинисі

Параграф 1. Араластырғыштардың машинисі, 2-разряд

466. Жұмыс сипаттамасы:

араластырғыштар мен сорғылардың жұмысын қадағалау; қоқыр, су және ауаөткізгіш жұмыстарды реттеу;

араластырғыштарды қоқырлармен толтыру, оны механикалық құрылғылармен және ауаның көмегімен араластыру;

қоқырларды қоқыр бассейндеріне айдау немесе оны пеш қоректендіргіштеріне беру; араластырғыштар мен сорғыларды қосу және тоқтату ;

бақылау-өлшеу аспаптарының көрсеткіштерін қадағалау;

жұмыстағы бұзушылықтарды анықтау және жою, майлау, бақылау-техникалық тексеруге және қызмет көрсетілетін механизмдер мен жабдықтарды жөндеуге қатысу;

қызмет көрсететін механизмдер мен жабдықтарды жөндеуден кейін қабылдау

467. Білуге тиіс:

қызмет көрсететін механизмдер мен жабдықтардың, қолданылатын қосқыш және бақылау-өлшеу аппаратураның жұмыс қағидаттарын; қоқыс, су және ауаөткізгіштердің тәсімін;

қолданылатын майлардың сорттарын; слесарлық істің негіздерін.

127. Түйіршіктегіштің машинисі

Параграф 1. Түйіршіктегіштің машинисі, 4-разряд

468. Жұмыс сипаттамасы:

тостағанды, барабанды және басқа типті түйіршіктегіште шихтаны, концентраттарды түйіршіктеу процесін жүргізу;

түйіршіктегіштерді қосу және тоқтату;

шихталар мен байланыстырғыш материалдарды түйіршіктегішке беруді реттеу және шикі шекемтастарды тиеу; шикі шекемтастардың сапасын бақылау;

тазалау, майлау және қызмет көрсететін жабдықтардың жұмысындағы бұзушылықтарды анықтау және жою.

469. Білуге тиіс:

шихтаны түйіршіктеудің технологиялық процесін; тостағанды, барабанды және басқа типті түйіршіктегіштердің құрылғысын және жұмыс қағидаттарын;

түйіршіктеу бөлімшесінің коммуникация жүйесін; блоктау жүйесін; шикі шекемтастардың сапасына қойылатын мемлекеттік стандарттардың талаптарын; слесарлық іс.

Параграф 2. Түйіршіктегіштің машинисі, 5-разряд

470. Жұмыс сипаттамасы:

түйіршіктегіштердің бірнеше секцияларында шихталарды, концентраттарды түйіршіктеудің технологиялық процесін жүргізу;

шикі шекемтастардың сапасын, шихта, концентрат құрамдас бөлігінің дұрыс арақатынасын бақылау, түйіршіктегіште тұрақты жүктемені ұстау;

түйіршіктегіштің мөлшерлеу және күйдіру жабдықтарымен келісілген жұмысын қамтамасыз ету;

химиялық талдаулар мен сыналар негізінде шекемтасты опалау үшін қатты отының санын бақылау;

қоректендіргіштердің, електердің, тазартқыш құрылғылардың жағдайын қадағалау;

түйіршіктегіштерді бақылау-техникалық тексеруге, жөндеуге және жөндеуден қабылдауға қатысу.

471. Білуге тиіс:

шихта дайындаудың, шекемтастарды түйіршіктеу мен күйдірудің технологиялық процесін;

түйіршіктегіштерді, қоректендіргіштерді, қолданылатын өлшеу және автоматика құралдарын техникалық пайдалану ережесін.

128. Шекемтасты опалғыш машинисі

Параграф 1. Шекемтасты опалғыш машинисі, 3-разряд

472. Жұмыс сипаттамасы:

шикі шекемтастарды көмір тозаңымен опалау процесін жүргізу; шекемтасты опалағышты қосу және тоқтату;

көмір тозаңын шекемтас опалағышқа бір қалыпты берілуін қадағалау;

электр қозғалтқыштардың айналым санын өзгерту жолымен шикі шекемтастарға көмір тозаңын жағу қабатының қалыңдығын реттеу;

механизмдерді тазалау және майлау, қызмет көрсететін жабдықтың жұмысындағы бұзушылықтарды анықтау және жою.

473. Білуге тиіс:

көмір тозаңын шекемтастарға жағу технологиясын; шекемтастарды опалағыштардың құрылғысын, жұмыс қағидаттарын және техникалық пайдалану ережесін;

көмір тозаңының химиялық және физикалық қасиеттерін.

129. Салқындатқыш машинисі

Параграф 1. Салқындатқыш машинисі, 2-разряд

474. Жұмыс сипаттамасы:

сомалық өнімділігі сағатына 200 т тостағанды және тура сызықты салқындатқыштарда агломерат пен қайтарымды салқындату процесін жүргізу; салқындатқышқа агломерат пен суды тиеуді реттеу;

агломерат пен қайтарымды салқындатуға судың берілуін реттеу;

мойынтіректердің, пластиналық және таспалы конвейерлердің жұмысын, түсіргіш аяқтардың, салқындатқыш жетектердің жағдайын, салқындатқыштардың тізбектері мен төсемдерінің және апатты ескерту құралдарының жағдайын қадағалау;

қызмет көрсететін жабдықтардың жұмысындағы бұзушылықтарды анықтау және жою, оны жөндеуге қатысу.

475. Білуге тиіс:

салқындатқыш және басқа да жабдықтардың құрылғысын, жұмыс қағидаттарын және техникалық пайдалану ережесін; қызмет көрсетілетін салқындатқыштардың жұмысындағы бұзушылықтарды жою тәсілдерін; слесарлық істің негіздерін.

Сомалық өнімділігі сағатына 200-ден 400 т тостағанды және тура сызықты салқындатқыштарда және барабанды салқындатқыштарда агломератты салқындату процесін жүргізу кезінде - 3-разряд;

Сомалық өнімділігі сағатына 400 т артық тостағанды және тура сызықты салқындатқыштарда агломератты салқындату процесін жүргізу кезінде - 4-разряд

130. Ауыспалы науаның машинисі

Параграф 1. Ауыспалы науаның машинисі, 2-разряд

476. Жұмыс сипаттамасы:

ыстық агломератты вагондарға тиеу кезінде ауыспалы науаны басқару;

қызмет көрсетілетін механизмдерді қосу және тоқтату; сыртқы белгілері бойынша агломераттың сапасын айқындау;

кондициялық емес өнім келіп түскен жағдайда сигнал беру;

қызмет көрсететін жабдықтардың жұмысындағы бұзушылықтарды анықтау және жою, оны жөндеуге қатысу.

477. Білуге тиіс:

ауыспалы науаның, тельферлердің құрылғысын және жұмыс қағидаттарын; ыстық агломераттарды тиеудің ережесін;

агломераттың физикалық қасиеттеріне қойылатын талаптарды; слесарлық істің негіздерін.

131. Араластырғыш барабанның машинисі

Параграф 1. Араластырғыш барабанның машинисі, 2-разряд

478. Жұмыс сипаттамасы:

сомалық өнімділігі сағатына 40 т араластырғыш барабандарда шихталарды араластыру процесін жүргізу;

араластырғыш барабандарға шихта құрауыштарын тоқтаусыз және бірқалыпты тиелуін және түсірілуін, араластыру сапасын және шихта ылғалдылығын қадағалау;

қызмет көрсететін жабдықтардың жұмысындағы бұзушылықтарды анықтау және жою, оны жөндеуге қатысу.

479. Білуге тиіс:

қолданылатын бақылау-өлшеу аспаптарының құрылғысын, жұмыс қағидаттарын және техникалық пайдалану ережесін; араластыру шихтасының сапасына қойылатын талаптарды және оның ылғалдылығын; араластыру процесін реттеу тәсілдерін; араластырғыш барабандарға шихта құрауыштарын тиеудің аналитикалық айқындаудың тәсілдерін; слесарлық істің негіздерін.

Сомалық өнімділігі сағатына 40-тан 125 т араластырғыш барабандарда шихталарды араластыру процессін жүргізу кезінде - 3-разряд;

Сомалық өнімділігі сағатына 125 т артық араластырғыш барабандарда шихталарды араластыру процессін жүргізу кезінде - 4-разряд.

132. Түйіршіктегіш машинаны баптаушы

Параграф 1. Түйіршіктегіш машинаны баптаушы, 5-разряд

480. Жұмыс сипаттамасы:

түйіршіктегіш машинаны баптау немесе түйіршіктеудің жеке технологиялық процесін жүргізу;

қолданылатын өлшеу және автоматика құралдарының жұмысын бақылау;

қызмет көрсететін жабдықтың жұмысындағы бұзушылықтарды анықтау және жою, оны бақылау-техникалық тексеруге және ағымдағы жөндеуге қатысу.

481. Білуге тиіс:

барлық типтегі түйіршіктегіш машиналардың, қызмет көрсетілетін механикалық және электрлік жабдықтардың, қолданылатын өлшеу және автоматика құралдарының құрылғысын және техникалық пайдалану ережесін;

қызмет көрсететін жабдықтарды баптау және түйіршіктеудің жеке технологиялық процесін жүргізу тәсілдерін.

8-бөлім. Тау-кен химиялық шикізатты шығару және байыту

133. Мышьяк түсіруші

Параграф 1. Мышьяк түсіруші, 3-разряд

482. Жұмыс сипаттамасы:

мышьякты тозаң ұстап қалғыш камералар мен бункерлерден түсіру; мышьякты қаптарға төгу және таразылау;

қаптарды болат барабандарға салу;

болат барабандардың қақпағын жаншу; болат барабандарды фанералы барабандарға қою;

барабандарды тасып шығару және шаңсорғышпен өңдеу; тозаң ұстап қалғыш камералар мен бункерлерді тазарту;

мышьякты түсіру бойынша пневматикалық қондырғыны басқару және оның жұмысын реттеу.

483. Білуге тиіс:

тозаң ұстап қалғыш камералар мен бункерлердің құрылғысын; пневматикалық құрылғылардың жұмыс қағидаттарын және оларға қызмет көрсету ережесін;

мышьякты түсіру тәсілдерін; мышьякты қаптар мен барабандарға тиеу нормаларын;

болат барабандардың қақпақтарын жаншу тәсілдерін; мышьякты тығындаудың техникалық шарттарын.

134. Мирабилит шығару жөніндегі дренажшы

Параграф 1. Мирабилит шығару жөніндегі дренажшы, 3-разряд

484. Жұмыс сипаттамасы:

таза немесе ластанған мирабилитті қолмен немесе жабысқақ балшықпен шығару.

дренажды жыралардың салу, бекіту, тереңдету және кеңейту. дренажды жыралар еңістерінің жобасын.

мирабилиттің бетін тегістеу.

485. Білуге тиіс:

дренаж жыраларын үңгілеу және бекітудің тәсілдері мен ережесін; мирабилитті шығару тәсілдерін;

таза және ластанған мирабилиттің сыртқы айырмашылық белгілерін.

135. Кратцер машинисі

Параграф 1. Кратцер машинисі, 3-разряд

486. Жұмыс сипаттамасы:

қоймадан бункерге шикізат пен дайын өнімді бері кезінде өнімділігі сағатына 1000 м³ кратцерді басқару;

қоймада өнімді көшіру; кратцерді кома бойынша қозғалту және оны жұмыс үшін бекіту;

кратцерді майлау және ұсақ жөндеу.

487. Білуге тиіс:

шикізат пен дайын өнімді кратцердің көмегімен бункерге беру және бункерлерге тиеуді реттеу; слесарлық істің және электротехниканың негіздерін.

Қоймадан бункерге шикізат пен дайын өнімді бері кезінде өнімділігі сағатына 1000 м³ артық кратцерді басқару - 4-разряд.

136. Фрезагрегат машинисі

Параграф 1. Фрезагрегат машинисі, 4-разряд

488. Жұмыс сипаттамасы:

фрезагрегат көмегімен мирабилиттің бетінен натрия сульфатын жинау;
тракторлық жетекте фрезборон көмегімен мирабилитті алаңның бетін фрезерлеу; фрезагрегатты күту;

фрезерленген бетінің сапасын бақылау;

фрезагрегат жұмысындағы бұзушылықты жою.

489. Білуге тиіс:

фрезагрегаттың құрылғысын;

фрезерлеу технологиясын және мирабилитті алаңның фрезерленген бетіне қойылатын талаптар.

137. Күкірт шығаратын және су төкпе ұңғымалардың операторы

Параграф 1. Күкірт шығаратын және су төкпе ұңғымалардың операторы, 4-разряд

490. Жұмыс сипаттамасы:

жоғары білікті күкірт шығаратын және су төкпе ұңғымалардың операторының басшылығымен қызған судың күкіртті пластадан күкірт пен ласта суларын сору процесін жүргізу;

қызмет көрсететін ұңғымаларды жұмысқа қосу; технологиялық режимнің параметрлерін және кен пластасында жылу тасымалдағыштың бағытталған қозғалысын бақылау;

пластадағы су қысымына және күкіртті сору дебитіне байланысты жылу тасымалдағышты толтыру, ұңғымаларды қыздыру параметрлерін реттеу;

күкірт шығару ұңғымаларындағы жылу тасымалдағыш шығыстарын және су төкпе ұңғымаларынан сорылатын пласта суларының мөлшерін, олардың температурасын және қысымын өлшеу;

ұсақ жөндеу жүргізу және жапқыш арматура мен қызмет көрсететін жабдықтардың клапандарын реттеу.

491. Білуге тиіс:

табиғи күкіртті өндірудің технологиялық тәсімін; қызмет көрсететін жабдықтың және бақылау-өлшеу аспаптарының құрылғысын;

технологиялық режимдердің параметрлерін және жүргізілетін процесті реттеу ережесін; күкіртті және пласта суларын сору кезінде болатын физикалық-химиялық процестер; пласта суларының химиялық құрамын; коммуникация тәсімін;

күкіртті және пласта суын сору қағидаттарын; табиғи күкірттің сапасына қойылатын талаптарды.

Параграф 2. Күкірт шығаратын және су төкпе ұңғымалардың операторы, 5-разряд

492. Жұмыс сипаттамасы:

қызған судың күкіртті пластасынан күкірттің жердің астынан шығуы кезінде су төкпе ұңғымалардан күкіртті және пласталы суды сору процесін жүргізу;

бір ұңғымаларды жабу және басқа су төкпе ұңғымалардан төгу жолымен кен пласталарындағы жылу тасымалдағыштың бағытталған қозғалысын жасау; күкіртті және пласталы суларды мәжбүрлеп сору кезінде жылу тасымалдағыштың дұрыс бағытта қозғалуын, су төкпе ұңғымалардың су дебитін реттеу;

қызмет көрсетілетін жабдықтарды жөндеуге дайындау жөндеу жүргізетін персоналға жұмыстарды жүргізуге рұқсат беру, жабдықты жөндеуден қабылдау.

493. Білуге тиіс:

күкірттің жердің астынан шығу процесінің технологиясын; қызмет көрсететін жабдықтардың және қолданылатын бақылау-өлшеу аспаптарының құрылғысын, міндетін;

арматура және коммуникация тәсімін; гидрогеологиялық жағдайына және тиісті ұңғыма бойынша жылы тасымалдағыш қозғалысының динамикасына байланысты күкірттер мен пласталы суды сору режимдерін;

табиғи күкірттің және қолданылатын материалдардың сапасына қойылатын техникалық талаптарды.

138. Ұңғыма жұмыстарын реттеуші

Параграф 1. Ұңғыма жұмыстарын реттеуші, 3-разряд

494. Жұмыс сипаттамасы:

резервуарларда тұздықтың болуын қадағалау;

тау-кен иелігі, бұрғылау ұңғымалары мен сутұздыққұбыр коммуникацияларын тексеру және қызмет көрсету; судың ұңғымаларға бір қалыпты келіп түсуін қамтамасыз ету;

тығыздығы бойынша тұздықтың концентрациялығын тексеру; тұздықты және су дөңгейжиегінің деңгейін айқындау;

сынамаларды іріктеу; ұңғымалар мен құбырларды жылылау; сорғы қондырғыларының жұмысын реттеу және үйлестіру.

495. Білуге тиіс:

қызмет көрсететін жабдықтардың, ұңғымалар мен тұздықпен жабдықтау коммуникацияларының құрылғысын және міндетін;

резервуарлардағы тұздықтың шекті көлемін; сорғы қондырғыларының өнімділігін және олардың жұмысын реттеу;

қолданылатын бақылау-өлшеу аспаптарының міндетін және пайдалану ережесін.

Параграф 2. Ұңғыма жұмыстарын реттеуші, 4-разряд

496. Жұмыс сипаттамасы:

тау-кен иелігіне бекітілген гидроұңғылау әдісімен тасты тұз қыртысын шаю процесін жүргізу;

сорғы қондырғыларына қызмет көрсету;

ұңғымаларға су мен мұнайдың келіп түсуін реттеу; ұңғымаларды жылылау; сутұздыққұбырлар мен мұнайқұбырларының жағдайын қадағалау; сынамаларды іріктеу;

қызмет көрсететін жабдықтардың бұзушылығын анықтау және жою.

497. Білуге тиіс:

коммуникация тәсімін; қызмет көрсететін жабдықтың құрылғысын; тұз кенорындарын шаю процесінің физикалық-химиялық негіздерін;

сорғы қондырғылары мен басқа жабдықтарға қызмет көрсету ережесін; слесарлық іс.

139. Сульфатшы

Параграф 1. Сульфатшы, 2-разряд

498. Жұмыс сипаттамасы:

мирабилитті жекелеген кесектерде құмның ластанған жұқа қабаттарынан тазалау;

кесекті мирабилитті бөлшектеу және штабел-торына салу;

мирабилиттің жағдайын тексеру және натрий сульфатының дайын болғанын айқындау;

орындалған жұмысты өлшеу және есеп жүргізу.

499. Білуге тиіс:

натрий сульфатын шығару технологиясын; мирабилитті сусыздандырудың және сульфатты жинау шарттарын; натрий сульфатының сапасына қойылатын талаптарды, олардың сапасын сорттары және дайын болған дәрежесі бойынша айқындау ережесін;

мирабилитті штабель-торына салу және оның көлемін өлшеу ережесін.

Параграф 2. Сульфатшы, 3-разряд

500. Жұмыс сипаттамасы:

мирабилитті қорыстар мен жабысқақ балшықтан тазалау;

өндірістік алаңдарды жобалау және сульфат жинау кезінде және маусымның басталуына дейін құмның ластанған жұқа қабаттарынан тазалау;

қолмен тумпакқа немесе үйіндіге домбықтаумен натрий сульфатын жинау;

мираболит шығару және өңдеу процесін басқару.

501. Білуге тиіс:

натрий сульфатының пайда болу шарттарын; қазылатын кенорындарының пайдалану ерекшеліктерін;

натрий сульфатын шығару үшін алаңдарды дайындау тәсілдерін және қолданылатын құралдардың құрылғысын; натрий сульфатын түсірмеу және

ластамай жинау ережесін; мирабилитті бөлшектеудің әдістерін, тәсілдерін және негізгі ерекшеліктерін.

9–бөлім. Құрылыс материалдарын шығару және байыту

140. Тасты таңдаушы-орналастырушы

Параграф 1. Тасты таңдаушы-орналастырушы, 3-разряд

502. Жұмыс сипаттамасы:

забойдағы таскескіш машинаның артындағы қабырғалық тастарды жинау, оларды мемлекеттік стандартқа сәйкес сұрыптау, штабельдерге немесе тасымалдаушы құралдарға салу;

таскескіш машиналардың жұмыс аймағын бут пен құмнан тазалау; жарылу сызығын белгілеу.

503. Білуге тиіс:

қабырғалық тастарға қойылатын мемлекеттік стандарттардың талаптарын; тастарды штабельдер мен тасымалдағыш құралдарға салу ережесін.

141. Забойшы

Параграф 1. Забойшы, 4-разряд

504. Жұмыс сипаттамасы:

ашық тау-кен жұмыстарында пайдалы қазбаларды тазалап қазу жөніндегі кешенді жұмыстарды орындау;

тексеру және забойды қауіпсіз жағдайға келтіру, забойды тазалау; шой балғалардың, перфораторлар мен басқа жабдықтар мен құралдардың көмегімен пайдалы қазбаларды шығару;

жарудан кейін тау-кен массасын қазу; шпурлардың орналасуын және бағытын белгілеу;

шпурларды бұрғылау; пайдалы қазбаларды қазу, автомашиналар мен басқа да көлік құралдарына тиеу;

карьердің траншеялары мен борттарын бекіту, жыраларды үңгілеу;

қызмет көрсететін жабдықтардың және қолданылатын құралдардың жұмысындағы бұзушылықтарды жою.

505. Білуге тиіс:

қызмет көрсететін жабдықтардың және қолданылатын құралдардың құрылғысын; тау-кен жыныстары мен кендерінің негізгі қасиеттерін;

пайдалы қазбалардың төселу шартын және олардың кендегі құрамына байланысты қазу тәсілдерін; шығарылатын жыныстардың санаттарын; қолмен бұрғылау тәсілдерін;

кондициялық өнімге техникалық шарттарын; пайдалы қазбалардың бос жыныстардан айыру белгілерін; электр слесарлық іс.

142. Слюда дайындаушы

Параграф 1. Слюда дайындаушы, 1-разряд

506. Жұмыс сипаттамасы:

қалыңдығы 3 мм жіңішке және қалыңдығы 3 мм артық забойдың шала өңделген өніміне қолмен забойдың шала өңделген өнімін сұрыптау;

қалыңдығы 3 мм жіңішке забойдың шала өңделген өнімін қолмен шала өңделген мусковитті іріктеу.

507. Білуге тиіс:

шала өңделген мусковиттің техникалық шарттарын; забойдың шала өңделген өнімін қайта өңдеу тәсімін;

қолданылатын өлшеу аспаптарын, үлгілер мен шек қою кестелерін пайдалану ережесін;

шала өңделген мусковитті беру ережесін.

Параграф 2. Слюда дайындаушы, 2-разряд

507. Жұмыс сипаттамасы:

слюданы – шикі өнімді алу үшін пышақтың, щетка мен балғаның көмегімен қолмен қалыңдығы 3 мм артық забойдың шала өңделген өнімін өңдеу;

әрбір пластинаның сапасы мен міндетін айқындау үшін белгіленген қалыңдыққа дейін пластинадағы дәнекерленген жазықтық бойынша слюда кристалдарын пышақпен жару;

алынған пластиналарды өнімнің мөлшері мен сарттары бойынша сұрыптау;

механикаландырылған процесте-эртүрлі конструкциялы станоктарда барлық операцияларды орындау;

қызмет көрсетілетін механизмдердің жұмысындағы ұсақ бұзушылықтарды жою.

508. Білуге тиіс:

өндірістік шала өңделген өнімнің техникалық шарттарын;

забойдың шала өңделген өнімін тиімді өңдеу тәсілдерін;

өнімді өлшемі мен сорттары бойынша сұрыптау ережесін;

қызмет көрсететін механизмдер мен жабдықтардың құрылғысын және жұмыс қағидаттарын.

Параграф 3. Слюда дайындаушы, 3-разряд

509. Жұмыс сипаттамасы:

слюданың түрлері мен кенорындары бойынша оның сапалық сипаттамасын айқындау үшін қолмен забойдың шала өңделген өнімдерін бақылап өңдеу;

забойдың шала өңделген өнімі мен шығарылатын өнімнің сапасын бақылау;

тұтынушыларға жіберер алдында өнімнің сапасы мен рұқсатын тексеру.

510. Білуге тиіс:

забойдың шала өңделген өнімдерінің техникалық шарттарын және өндірістік шала өңделген өнімдерінің шығарылымын;

шығарылатын өнімнің мөлшері мен сорттары бойынша сұрыптау ережесін;

қолданылатын өлшеу аспаптарының, шаблондар мен құралдарының жұмыс қағидаттарын, оларды пайдалану ережесін; забойдың шала өңделген өнімін шикі өнімге қайта өңдеу тәсімін.

143. Плиталар мен блоктарды жарушы

Параграф 1. Плиталар мен блоктарды жарушы, 5-разряд

511. Жұмыс сипаттамасы:

балғаның, төсемдер мен пунчеттердің көмегімен берілген өлшем бойынша плиталар мен блоктарды қағып жару.

шпурларды перфоратормен немесе қолмен бұрғылау.

перфораторды жұмысқа дайындау және оның ауаөткізгіш магистральге қосу.

перфораторға күтім жасау және оның жұмысындағы ұсақ бұзушылықтарды жөндеу.

ауаөткізгіш шлангты көшіру. қолданылатын құралға май құю және көшіру.

512. Білуге тиіс:

перфоратордың конструкциясын және жұмыс қағидатын; тау-кен жыныстарының физикалық қасиеттерін және жарылу сызығын бағыттау;

шпурлардың орналасу тәсімін және оның тереңдігін;

қолданылатын құралдың түрлерін және оларға май құю әдістерін.

144. Суспензияны бақылаушы

Параграф 1. Суспензияны бақылаушы, 2-разряд

513. Жұмыс сипаттамасы:

каолинді байыту процесінде суспензия сапасын бақылау;

дезинтеграциялық барабаннан келіп түсетін суспензияның тығыздығын өлшеу; реактивті судың берілуін реттеу;

тиелетін ұлуды қадағалау; шикі каолиннің, құмның және реактивті судың сынамаларын іріктеу;

элеваторды және шликерлік көлікті қосу және тоқтату.

514. Білуге тиіс:

каолинді байыту процесінің негіздерін;

суспензияның, құм мен судың сапасына қойылатын талаптар.

145. Асбест байыту өндірісінің зертханашысы

Параграф 1. Асбест байыту өндірісінің зертханашысы, 3-разряд

515. Жұмыс сипаттамасы:

асбест байыту өндірісінің байыту цехтарымен өндірілетін өнімнің сапасын талдау, асбесті бункерлерге салу технологиясын және дайын өнімдер цехының бөлігіндегі үйінділерді реттеу;

асбесттің берілген сапасын орталау және таптар мен маркаларға қалыптастыру, буып-түюге дайындалған асбесттің бақылау аппараттарында сынаулар жүргізу және оны буып-түюге рұқсат беру;

қолданыстағы мемлекеттік стандарттарға сәйкес асбестті буып-түю және вагондарға тиеу процесінде оны бақылау аппараттарында (бақылау аппараттарында, талшықтардың ұзындығын талаушыларда, гидро сыныптағыштарда) сынау;

асбест байыту өндірісінің байыту цехтарымен өндірілетін өнімді байқау және сынау бойынша журнал жүргізу.

516. Білуге тиіс:

асбестке және ілеспелі байыту өнімдеріне қойылатын қолданыстағы техникалық шарттар мен мемлекеттік стандарттар;

сынауға жататын өнімнің ерекшелігін; асбест байыту өндірісінің технологиялық процесін;

сынау жабдықтарының құрылғысын; асбесті сынау, өткізілген сынауларды жүргізу, өңдеу және нәтижелерін жалпылау әдістемесін.

Ескерту.

Осы тарифтік-біліктілік сипаттамасында көзделген барлық кешенді зертханалық жұмыстар игерілмеген жағдайда, асбест байыту өндірісінің зертханашысын тарификациялау бір разрядқа төмен жүргізіледі.

146. Саз балшық кесетін машинаның машинисі

Параграф 1. Саз балшық кесетін машинаның машинисі, 4-разряд

517. Жұмыс сипаттамасы:

саз балшық шығаруда қолданылатын барлық типтегі саз балшық кесетін машиналарды басқару, саз балшықта көлік құралдарына тиеу;

забойды тексеру және оның қауіпсіз жағдайға келтіру;

саз балшық кесетін машинаны забойдың шетіне көшіру;

беретін тасымалдағыштарды, кесетін құралдарды, тиейтін тасымалдағыштарды реттеу және үздіксіз жұмысын қамтамасыз ету;

саз балшық кесетін машинаны тазалау, майлау, оның жұмысындағы бұзушылықтарды анықтау және жою, жөндеуге қатысу.

518. Білуге тиіс:

барлық типті саз балшық шығаратын машиналардың құрылғысын; карьер казу ережесін; шығарылатын саз балшықтың түрлерін;

саз балшық кесетін машинаның жұмысындағы бұзушылықтарды жою тәсілдерін;

электр слесарлық істің негіздерін.

147. Тас кесетін машинаның машинисі

Параграф 1. Тас кесетін машинаның машинисі, 4-разряд

519. Жұмыс сипаттамасы:

бір дискілі арамен тас кесетін операциялық (тілгілеу) машиналарды басқару; стандартты тасты және табиғи тастардан ірі блоктарды шығару кезінде көлденең және ойымен аралауды жүргізу; қызмет көрсететін машиналарды кесу цикліне орнату;

араларды орнату және ауыстыру;

рельстік жолдан жылжытумен кесудің жаңа цикліне қызмет көрсететін машиналарды қайта айдау;

табиғи тастардан блоктарды шығару және бөлшектеу бойынша арқанды-кескіш қондырғыларды басқаруға қатысу, олардың жұмыс істейтін және бағыттандыратын тіреулерін ұңғымалар мен траншеяларға орнату және қайта орнату;

тартқыш құрылғылармен арқанды-кескіш қондырғыларының тросын тартуды реттеу, арқанды-жиналмалы құрылғылардың көмегімен тозған тросы ауыстыру және шынжырлау;

монолит тастарды аралау аймағына абразивтік материалдардың берілуін реттеу;

қызмет көрсететін машиналар мен қондырғылардың жұмысындағы бұзушылықтарды анықтау және жою, оларды жөндеуге қатысу.

520. Білуге тиіс:

табиғи тастардан блоктар шығару және бөлшектеу бойынша бір дискілі арасы бар тас кескіш операциялық (тілгілеу) машиналарының және арқанды-кескіш қондырғылардың, қозғалту және кесу тораптарының, электрлік және гидроэлектрлік жетектердің құрылғысын; қызмет көрсететін машиналар мен қондырғылардың жұмысындағы бұзушылықтарды жою тәсілдерін; монолиттерді кесу және аудару технологиясын;

қызмет көрсететін машиналар мен қондырғыларда қолданылатын тростардың сипаттамасын;

арқанды-кескіш қондырғылардың тростарын ауыстыру және шынжырлау; тау-кен жыныстарының физикалық-механикалық қасиеттерін;

шығарылатын тастан және табиғи тастан жасалатын ірі блоктардың мемлекеттік стандарттарын; абразивтік материалдарды қолдану ережесін.

Параграф 2. Тас кесетін машинаның машинисі, 5-разряд

521. Жұмыс сипаттамасы:

табиғи тастан жасалған блоктарды шығару және бөлшектеу бойынша екі дискілі арасы бар тас кесетін операциялық (тілгілеу) машинасын немесе арқанды-кескіш қондырғыларды басқару;

қызмет көрсететін машинаның (қондырғының) тиімді жұмыс режимін таңдау және қамтамасыз ету, оны тоқтату;

өздігінен кіретін жүйенің аралау немесе бұрғылау жұмыстарының өндірісі;
тростарды жинау және табиғи тастан жасалатын блоктарды шығару және бөлшектеу жөніндегі арқанды-кескіш қондырғылардың бағыттаушы тіреулерін бекітуді бақылау.

522. Білуге тиіс:

табиғи тастардан блоктар шығару және бөлшектеу бойынша барлық типті тас кесетін машиналардың және арқанды-кескіш қондырғылардың, қозғалту және кесу тораптарының, электрлік және гидроэлектрлік жетектердің конструктивтік ерекшеліктерін;

монолиттерді кесу және аудару технологиясын; фракциялық құрам бойынша абразивтерді таңдау ережесін және оның шығыстарын нормалау.

Табиғи тастан блоктарды шығару және бөлшектеуде төрт және одан да көп дискілі аралары бар тас кесетін операциялық (тілгілеу) машиналарын басқару - 6-разряд.

148. Слюда іріктеу қондырғыларының машинисі

Параграф 1. Слюда іріктеу қондырғыларының машинисі, 3-разряд

523. Жұмыс сипаттамасы:

байытудың екі сатысы бар слюда іріктеуші байыту қондырғыларын басқару;
технологиялық регламентке сәйкес қызмет көрсететін жабдықтарды қосу және тоқтату;

құрамында слюданың болуын ескере отырып тау-кен массасының бір қалыпты берілуін қадағалау;

елек торкөздерін тазалау, тасымалдағыштардың тозған електер мен роликтерін ауыстыру;

қызмет көрсететін қондырғыларды майлау, жөндеуге қатысу.

524. Білуге тиіс:

слюданы байыту технологиясын; байытудың екі сатысы бар слюда іріктеуші байыту қондырғылардың құрылғысын;

забойдың шала өңделген өніміне қойылатын талаптар.

Параграф 2. Слюда іріктеу қондырғыларының машинисі, 4-разряд

525. Жұмыс сипаттамасы:

байытудың екіден артық сатысы бар бөлшектеу және слюда іріктеуші байыту қондырғыларын басқару;

електердің жұмыс істейтін саңылауларын реттеу; желдеткіш жүйесіне қызмет көрсету.

526. Білуге тиіс:

байытудың екіден артық сатысы бар бөлшектеу және слюда іріктеуші байыту қондырғыларының құрылғысын;

слюданы бөлшектеу және байыту технологиясын;

желдеткіш камералардың, ауаөткізгіштер мен шаң тұндырғыш жабдықтардың құрылғысын.

149. Үйіндіні уатушы

Параграф 1. Үйіндіні уатушы, 3-разряд

527. Жұмыс сипаттамасы:

кенді қолмен шығару;

забойды тексеру және қауіпсіз жағдайға келтіру; бос тау-кен жыныстарын уату және кенді тау-кен жыныстарынан бөлу үшін кенді қолмен балғамен, сүйменмен, кайлмен немесе шой балғамен бөлшектеу; кен мен тау-кен жыныстарын қолмен тиеу және тасымалдау;

шой балта жұмысындағы бұзушылықтарды анықтау және жою.

528. Білуге тиіс:

кенді тау-кен жыныстарынан айыру; тау-кен жыныстары мен кендердің қасиеттерін;

шой балғалардың құрылғысын және олармен жұмыс істеу ережесін;

кен мен тау-кен жыныстарын қолмен уату және тиеудің ережесі мен тәсілдерін.

150. Графит байытушы

Параграф 1. Графит байытушы, 3-разряд

529. Жұмыс сипаттамасы:

жоғары білікті графит байытушының басшылығымен графитті байыту процесін жүргізу;

реакторға графит, тұзды қышқыл, ыстық және суық су тиеуге қатысу және будың берілуін реттеу.

530. Білуге тиіс:

графитті байытудың негізгі технологиялық процестерін; қызмет көрсететін жабдықтардың құрылғысын.

Параграф 2. Графит байытушы, 4-разряд

531. Жұмыс сипаттамасы:

графитті байыту процесін жүргізу;

реакторға графит, тұзды қышқыл, ыстық және суық су тиеу; реакторлардың, эксгаустердің, ағынды және соратын желдеткіштердің, бу, су, қышқыл және ауа құбырларының жұмысын қадағалау;

буды реакторға берілуін реттеу; шығатын өнімнің сыртқы белгілері мен талдау деректері бойынша сапасын бақылау;

қызмет көрсететін жабдықтың жұмысындағы бұзушылықтарды анықтау және жою.

532. Білуге тиіс:

графитті байыту технологиясын; графитті химиялық байытудың белгіленген технологиялық режимін;

реагенттердің міндетін, олардың қасиетін және шығыс нормаларын;

қызмет көрсететін жабдықтың жұмысындағы бұзушылықтарды жоюдың тәсілдерін.

151. Реактивті суды дайындаушы

Параграф 1. Реактивті суды дайындаушы, 2-разряд

533. Жұмыс сипаттамасы:

каолин өндірісінде реактивті су дайындау;

чандарды сумен толтыру;

суға каустикалық содамен, сұйық шыны, әк сүтін және басқа да қосындыларды құю;

каогуляциядан кейін чандарда реактивті судың сілтілігі мен температурасын және суспензия тығыздығын айқындау; тарату және чандардағы суспензияны қыздыру;

бульер доңғалағына қызмет көрсету.

534. Білуге тиіс:

суспензияның, әк сүтінің және реактивті судың сапасына қойылатын талаптарды;

қызмет көрсететін жабдықтардың құрылғысын және чанға су құю жүйесін;

орталықтан тепкіш сорғыны және каустикалық соданы пайдалану ережесін; реактивті судың сілтілігін айқындау ережесін.

152. Асбест пен кенді қабылдаушы

Параграф 1. Асбест пен кенді қабылдаушы, 2-разряд

535. Жұмыс сипаттамасы:

механикаландырып шығару цехтарынан асбест кендерін қабылдау, кейін кенді байыту фабрикаларына тапсыру.

асбест кендерін құлату.

байыту фабрикаларында асбест кендерін қабылдау.

жоғары сортты кендерді таразылап қабылдау. ұсақ ұсату цехынан сапалы асбестті қабылдау.

қабылданған асбест кендері мен асбестке есеп жүргізу. қабылдау-тапсыру құжаттарын рәсімдеу.

536. Білуге тиіс:

асбест кендерінің қасиеттері мен сапасын;

асбест кенін тапсыру, қабылдау және құжаттамалық рәсімдеу ережесін; кендегі асбесттің құрамын айқындау, вагондардың аудару құрылғыларын пайдалану ережесін;

қабылданған асбест кендері мен асбесті таразылау және есеп жүргізу ережесін; сорты әртүрлі асбесті бар бункерлерді орналастыру;
сорты әртүрлі асбесттерге қойылатын мемлекеттік стандарттарды.

153. Асбест байыту жабдықтарын реттеуші

Параграф 1. Асбест байыту жабдықтарын реттеуші, 4-разряд

537. Жұмыс сипаттамасы:

жоғары білікті асбест байыту жабдықтарын реттеушінің басшылығымен асбест байыту жабдықтарында асбест кендерін байытудың технологиялық процесін жүргізу;

асбест байыту жабдықтарына жүктемені реттеуге қатысу; дайын өнімнің құйғыштарының толығын, материалдың бірқалыпты келіп түсуін қадағалау.

538. Білуге тиіс:

асбест байыту жабдықтарында асбест кендерін байытудың технологиялық процестерінің негіздерін;

асбест байыту жабдықтарының құрылғысын және оны пайдалану ережесін;
асбесттің сорттары мен маркаларына қойылатын мемлекеттік стандарттарды;
асбест кендерінің сипаттамасын.

Параграф 2. Асбест байыту жабдықтарын реттеуші, 5-разряд

539. Жұмыс сипаттамасы:

қызмет көрсетілетін асбест кендерін байытудың және асбест шығарудың технологиялық процесін жүргізу және реттеу;

қызмет көрсететін жабдықтардың (уатқыштар, диірмендер, електер, тасымалдағыштар) жүктемесін реттеу және олардың үздіксіз жұмыстарын қамтамасыз ету;

кендегі асбест талшығын тиімді пайдалану бойынша іс-шараларды орындау;
технологиялық көрсеткіштерді, асбесттің құйылуын, қызмет көрсететін учаскедегі қалдықтарда асбест талшығының шығындарын бақылау.

540. Білуге тиіс:

асбест кендерін байытудың және қызмет көрсететін учаскеде асбесттерді шығарудың технологиялық процесін және оны бақылаудың әдістерін;

қызмет көрсететін жабдықтардың құрылғысы мен конструкциялық ерекшеліктерін;

асбесттің, құрылыс материалдарының сорттары мен маркаларына және шығарылатын өнімге қойылатын мемлекеттік стандартты.

Параграф 3. Асбест байыту жабдықтарын реттеуші, 6-разряд

541. Жұмыс сипаттамасы:

сорттары мен маркалары бойынша белгіленген тапсырысқа сәйкес жалпы цех бойынша асбест кендері мен байытудың және асбест шығарудың технологиялық

процесін жүргізу, технологиялық процестің және байытылатын жабдықтарға жүктеменің режимін реттеу;

жалпы цех бойынша технологиялық көрсеткіштерді, асбесттің тозандану дәрежесін, асбест талшықтарының қалдықтарда шығындалуын бақылау.

542. Білуге тиіс:

жалпы цех бойынша асбест кендерін байытудың және асбест шығарудың технологиялық процесін;

қызмет көрсететін жабдықтардың құрылғысын және негізгі ерекшеліктерін, оларды байыту процесінде байланыс тәсімін; қызмет көрсететін жабдықтардың жұмысындағы бұзушылықтарды жою тәсілін;

асбестте шаңның және қалдықтарда асбест талшықтарын айқындау тәсілдерін ; нормадан тыс тозандануды және қалдықтарға асбест талшықтарының түсуін жою тәсілдерін.

154. Траншеяларды кесуші

Параграф 1. Траншеяларды кесуші, 3-разряд

543. Жұмыс сипаттамасы:

тас кесетін машиналар үшін кіретін және шығатын құру кезінде электр арасымен немесе қолмен қажетті тереңдіктегі тау-кен массивінде көлденең және ұзындық бойымен аралау өндірісі;

массивтен тау-кен жыныстарын бөлу, кесілген тау-кен жыныстарын шығару және төсеу;

траншея кертпештерін жобалау; траншеяларды белгілеу.

544. Білуге тиіс:

тау-кен жыныстарының физикалық-механикалық қасиеттерін; траншеялардың өлшемін;

траншеяларды кесу тәсілдері мен ережесі; электр арасының құрылғысын және онымен жұмыс істеу ережесін.

155. Термокусуші

Параграф 1. Термокусуші, 4-разряд

545. Жұмыс сипаттамасы:

ірі гранит блоктарын шығару кезінде жыныстардың тереңдігінде термокусушінің көмегімен саңылаулар тесу;

бақылау-өлшеу аспаптарының көрсеткіші бойынша термокусушіге жылу-ауа қоспасының келіп түсуін бақылау, тау-кен массивтерінде саңылаулардың тереңдігіне байланысты термокусушінің жұмыс істеу режимін реттеу;

жұмыстағы бұзушылықтарды анықтау, термокусушіні ұсақ жөндеу.

546. Білуге тиіс:

термокескіштің құрылғысын; терең тау-кен жыныстардың қасиетін; қаптайтын тастардың ірі блоктарына қойылатын мемлекеттік стандарттардың талаптарын;

термокескіштің жұмыс істеу режимін реттеу ережесін; жанармай материалдарының қасиетін және оларды пайдалану ережесін; пайдаланылатын бақылау-өлшеу аспаптары мен құралдарының құрылғысын және қолдану ережесін.

10-бөлім. Шымтезек шығару және қайта өңдеу

156. Шымтезекті кептіру жөніндегі аппаратшы

Параграф 1. Шымтезекті кептіру жөніндегі аппаратшы, 4-разряд

547. Жұмыс сипаттамасы:

жылдық өнімділігі 30 мың т; дейінгі шымтезектерді кесектейтін зауыттарында шымтезекті кептірудің технологиялық процесін жүргізу; бақылау-өлшеу аспаптарының көрсеткіштері бойынша шымтезекті кептіру режимін реттеу;

кесектерді, конденсаттарды кептіру сапасын бақылау; фрезерлік шымтезекті кептіру үшін беруді реттеу;

қызмет көрсететін жабдықтың жұмысындағы бұзушылықтарды анықтау және жою;

пешке отын тиеу; қосалқы жабдықтарға қызмет көрсету.

548. Білуге тиіс:

шымтезек кесектейтін зауыттың технологиялық тәсімін; фрезерлік шымтезекті кептірудің және кесектеудің технологиялық процесін;

қолмен және автоматты режимде кептіру кезінде кептіру жабдықтарының, престоу жабдықтарының және шымтезектерді кескілейтін зауыттардың дайындық бөлімшесінің құрылғысын; шымтезекті кептіру сапасына әсер ететін факторларды;

сумен жабдықтау және оның электр жабдықтарын блоктау тәсімін; қолданылатын бақылау-өлшеу аспаптарын пайдалану ережесін; слесарлық іс.

Жылдық өнімділігі 30 мыңнан 60 мың т. дейінгі шымтезектерді кесектейтін зауыттарында шымтезекті кептірудің технологиялық процесін жүргізу кезінде - 5-разряд;

Жылдық өнімділігі 60 мың т. артық шымтезектерді кесектейтін зауыттарында шымтезекті кептірудің технологиялық процесін жүргізу кезінде - 6-разряд.

157. Шымтезек массасын қайнатушы

Параграф 1. Шымтезек массасын қайнатушы, 4-разряд

549. Жұмыс сипаттамасы:

шымтезек массасын қайнатудың технологиялық процесін жүргізу және реттеу;

келіп түсетін шымтезек шикізаттарының сапасын тексеру; шымтезек шикізаттарын қоспалауыштарға бөлу;

шымтезек шикізаттарын, суды, буды, эмульсияны оларды шығындау нормаларына сәйкес мөлшерлеу;

шымтезек шикізаттарын дайындау жөніндегі механизмдерді: конвейерлерді, гидроараластырғыштарды, мөлшерлегіштерді, электр қозғалтқыштарды басқару; олардың жұмысын қадағалау;

қызмет көрсететін жабдықтардың жұмысындағы жекелеген бұзушылықтарды жою.

550. Білуге тиіс:

келіп түсетін шымтезек шикізатының ботаникалық құрамын, оның ылғалдылығын айқындау әдістемесін; шымтезек массасының компоненттерін мөлшерлеу ережесін;

қызмет көрсететін механизмдердің құрылғысын және жұмыс қағидаттарын, олардың жұмысындағы бұзушылықтарды жою тәсілдерін.

158. Жыра қазушылар

Параграф 1. Жыра қазушылар, 2-разряд

551. Жұмыс сипаттамасы:

қолмен қазу және жалпы, коллекторлық, су жеткізетін, таулы және ұстаушы арналарды, алғашқы траншеяларды, суды төгуге арналған арналарды, суқоймаларын және шымтезекті және минералды топырақтағы карта жыраларын жөндеу; жобалау және олардың еңістерін бекіту;

жұмыс процесінде кездесетін томарларды, ағаш оқпандарын шығару.

552. Білуге тиіс:

топырақтың санатын, олардың қазудың ережесі мен тәсілдерін; қолмен қазу, арналардың барлық түрін, алғашқы траншеяларды, суқоймаларын жөндеу, олардың еңістерін жобалау және бекіту жөніндегі жұмыс өндірісінің ережесін;

үлгілерді, құралдарды және құралдардың барлық түрін пайдалану ережесі мен тәсілдерін, оларды баптау және жөндеу ережесін.

159. Карьершілер

Параграф 1. Карьершілер, 2-разряд

553. Жұмыс сипаттамасы:

берілген бейінге сәйкес карьер қазу;

мұздақты сындыру, қалдықты және минералдық үйінділерді түсіру, карьерді қазу барысында кездесетін томарлар мен ағаш оқпандарын шығару; пайдаланылатын механизмдерді келесі жұмыс учаскесіне көшіруге қатысу және қажеттігіне қарай олардың жолына тақтайлар төсеу;

шымтезек қабатын кірпішке кесу, оларды тасу және кептіру үшін төсеу.

554. Білуге тиіс:

шымтезек қабатының сапалы көрсеткіштеріне қарай карьер қазудың негізгі шарттарын және ережесін; шымтезек массасын кептіру әдістерін; томарларды тамырымен жұлу және жұмыс барысында кездесетін ағаш оқпандарын шығару әдістерін;

карьерде механизмдерді көшіру ережесін; пайдаланылатын құралға, жабдыққа, инвентарға қойылатын талаптарды, және оларды қолдану ережесін.

160. Түбіржұлушы

Параграф 1. Түбіржұлушы, 2-разряд

555. Жұмыс сипаттамасы:

томарларды қолмен және қарапайым құрылғылардың көмегімен жұлу;

орман ағаштарын құлату және бұталы өсімдіктерді жұлу;

бұтақтар мен тамырларды шабу;

ағаштарды сорттары бойынша бөлу; жарамды және отын ағаштарын қатарға жинау;

томарлар мен бұтақтарды бір жерге үю.

556. Білуге тиіс:

орман ағаштарын құлату, томарларды және бұталы өсімдіктерді тамырымен жұлу жұмыстарын жүргізудің ережесін; жарамды және отын ағаштарын бөлу үшін өлшемдері мен сорттарын;

ағаштарды қатарлар жинау және бұтақтар мен томарларды бір жерге үюдің тәртібін;

қолданылатын құрылғыларды, жабдықтарды, құралдарды пайдалану ережесін және тәсілдерін.

161. Кесекті шымтезекті шығару және қайта өндіру жөніндегі

машиналардың машинисі

Параграф 1. Кесекті шымтезекті шығару және қайта өндіру жөніндегі машиналардың машинисі, 4-разряд

557. Жұмыс сипаттамасы:

басқа механизмдермен бір кешенде жұмыс істейтін шымтезек шығаратын механизмдерді; шығарылған шымтезекті қалыптастыру және төсеу кезінде сыйымдылығы 9 м³ дейін кузовы бар төсеу машиналарын; кесекті шымтезекті тасымалдайтын және кептіретін машиналарды басқару;

машиналар мен механизмдерге техникалық қызмет көрсету, олардың жекелеген тораптарын, агрегаттарын реттеу және оларды жұмысқа дайындау;

қызмет көрсететін машиналардың, механизмдердің жұмыс режимін қадағалау , олардың жұмысындағы бұзушылықтарды анықтау және жою, жоспарлы-ескерту жөндеу жұмыстарына қатысу.

558. Білуге тиіс:

қызмет көрсететін машиналар мен механизмдердің құрылғысын, техникалық сипаттамасын және пайдалану ережесін; кесекті шымтезекті шығару және қайта өңдеу, оны кептіру алаңына төсеу, жинау, тасымалдау технологиясын;

кесекті шымтезекті шығару және қайта өңдеу жөніндегі машиналар мен механизмдерді күту және техникалық қызмет көрсету ережесін, олардың жұмысындағы бұзушылықтарды жою;

олардың жұмыстарына берілген режимдерде жекелеген тораптар мен агрегаттарды реттеу ережесін.

Параграф 2. Кесекті шымтезекті шығару және қайта өндіру жөніндегі машиналардың машинисі, 5-разряд

559. Жұмыс сипаттамасы:

қатпарлы-қабатты тәсілмен кесекті шымтезекті шығару жөніндегі машиналарды; сыйымдылығы 9 м³ және одан да артық кузовы бар төсеу машиналарын; шымтезек шығаратын машиналармен бір кешенде жұмыс істейтін механизмдер мен жетектерді, шымтезекті кесектерді жинау және шығару кезінде тасымалдағыш құралдарды басқару;

машиналарға, механизмдерге техникалық қызмет көрсету, оларды реттеу, жұмысқа дайындау, жұмысындағы бұзушылықтарды анықтау және жою.

560. Білуге тиіс:

қызмет көрсететін машиналардың, механизмдердің, жетектердің, тасымалдағыш құралдардың конструкциясын, техникалық сипаттамасын, оларды пайдалану, техникалық қызмет көрсету, реттеу, жұмыстағы ақаулар мен бұзушылықтарды жою ережесін және нұсқаулығын;

шымтезекті шығару, қайта өңдеу, төсеу, кептіру, жинау, тасымалдау жөніндегі жұмыстарды жүргізу ережесін; жанар-жағармай материалдарын шығындау нормаларын.

162. Фрезер шымтезегін шығару және қайта өндіру жөніндегі машиналардың машинисі

Параграф 1. Фрезер шымтезегін шығару және қайта өндіру жөніндегі машиналардың машинисі, 4-разряд

561. Жұмыс сипаттамасы:

тракторларды және тіркелгіш жабдықтарды: фрезер шымтезегін кептіру кезінде қармаушы ені 10 м дейін құлатқыштарды және қопсытқыштарда; берілген тереңдікке шымтезек қабаттарын фрезерлеу кезінде қармаушы ені 6 м

дейін фрезбарабандарды; минералдық құрамдауыштарды тиеу және себу жөніндегі машиналарды басқару;

қызмет көрсететін машиналардың жұмыс механизмін реттеу, тіркегіш жабдықтарды тіркеу ағыту;

басқарылатын тракторларға және тіркелетін жабдықтарға техникалық қызмет көрсету, олардың жүйелері мен тораптарының дұрыстығын тексеру, жанар-жағармай және басқа материалдар құю, жұмыста кездесетін ұсақ бұзушылықтарды жою, жоспарлы-ескерту жөндеу жұмыстарына қатысу.

562. Білуге тиіс:

қызмет көрсетілетін тракторлардың, тіркегіш жабдықтардың құрылғысын және техникалық сипаттамасын, оларды пайдалану жөніндегі ережелер мен нұсқаулықтарды;

тракторларды және тіркегіш жабдықтарды басқару кезінде технологиялық жұмыстарды жүргізу ережесін; минералдық құрамдауыштарды себу нормасын;

шымтезекті кептірудің, шымтезек қабаттарын фрезерлеудің технологиялық жүйесін;

жанар-жағармай шығыстарының нормаларын; слесарлық іс.

Параграф 2. Фрезер шымтезегін шығару және қайта өндіру жөніндегі машиналардың машинисі, 5-разряд

563. Жұмыс сипаттамасы:

өздігінен жүретін және пневматикалық құлатқыштарды, өздігінен жүретін өздігінен түсіретін престерді, тіркелетін және аспалы жабдықтары бар тракторларды: қармаушы ені 18 м артық құлатқыштар мен қопсытқыштарды; сыйымдылығы 14 м³ дейін бункері бар жинағыш машиналарын; шымтезек төсемдерін бумаға престау жөніндегі машинаны; тіркелген құлатқыштармен біріккен қармаушы ені 6-дан 9 м дейін фрезбарабандарды; қозғалтқыш қуаты 58,9 квт (80 ат күші) трактордың көмегімен шымтезекті аммиакты сұйықтықпен байыту жөніндегі машиналарды; механикаландырылған іріктеу және үйілмелерден шымтезектің сынамаларын орташалау жабдықтарын басқару;

өздігінен жүретін керуенделген машиналарды басқару;

басқарылатын машиналарға, механизмдерге техникалық қызмет көрсету, оларды жұмысқа дайындау, берілген жұмыс режиміне сәйкес оларды жұмысқа дайындау, жұмыстағы бұзушылықтарды анықтау және жою, жоспарлау-ескерту жөндеу жұмыстарына қатысу.

564. Білуге тиіс:

фрезер шымтезегін шығару және өңдеу жөнінде қызмет көрсететін машиналардың құрылғысы мен техникалық сипаттамасын және оларды пайдалану жөніндегі нұсқаулықты, жұмыстың технологиялық тәсімін,

жұмыстардың циклдық кестесін; орындалатын жұмыстың сипаттамасына сәйкес фрезер шымтезегін шығару және қайта өңдеу жөніндегі машиналарға қызмет көрсету ережесін;

тіркелетін жабдықтардың шектен тыс жүктемесін; жиналатын шымтезектің ылғалдылық нормасын; шымтезектің циклдық жинауға байланысты аммиакты судың берілу нормаларын; орналастыру тәсімін, фрезер шымтезегінің қатарларының өлшемін және олардың арасындағы арақашықтықты.

Параграф 3. Фрезер шымтезегін шығару және қайта өндіру жөніндегі машиналардың машинисі, 6-разряд

565. Жұмыс сипаттамасы:

өздігінен жүретін пневможинағыш комбайндарды, қайта тиейтін жинағыш машиналарды, қармаушы ені үлкейтілген фрезер барабаны немесе фрезер-құлатқышы бар құрамды жинағыш машиналарды, тіркелетін және аспалы жабдықтары бар тракторларды: пневматикалық жинағыш машиналарын, сыйымдылығы 14 м³ артық бункері бар жинағыш машиналарды; фрезер-құлатқыштарды, қармаушы ені 9 м және артық фрезбарабандарды; қозғалтқыш күші 58,9 квт (80 ат күші) артық трактордың көмегімен шымтезекті аммиак сұйықтықпен байыту машиналарын басқару;

технологиялық жұмыстарды орындау және орындалатын жұмыстарға сәйкес қызмет көрсететін машиналар мен механизмдерді реттеу.

566. Білуге тиіс:

фрезер шымтезегін шығару және қайта өңдеу машиналарының конструктивтік ерекшеліктерін және олардың жұмысының технологиялық тәсімін;

тіркелетін жабдықтардың шектен тыс жүктемелерін;

шымтезекті шығару жөнінде технологиялық жұмыстарды орындау тәсілдерін;

қызмет көрсететін машиналардың, механизмдердің және тіркелетін жабдықтардың жұмысындағы бұзушылықтарды анықтау және жою;

трактордың тіркелетін жабдықпен орын ауыстыру ережесін.

163. Шымтезек кенорындарын даярлау жөніндегі машиналардың машинисі

Параграф 1. Шымтезек кенорындарын даярлау жөніндегі машиналардың машинисі, 4-разряд

567. Жұмыс сипаттамасы:

шымтезек шығару үшін алаңдарды дайындау, жөндеу және ағымдағы күту бойынша технологиялық операцияларды орындау кезінде өздігінен жүретін машиналарды, тіркелетін және аспалы жабдықтары бар қозғалтқыш күші 44,2 квт (60 ат күші) тракторды басқару;

орман ағаштарын, орман бұталары мен бұталы өсімдіктерді құлату;

томарларды тамырымен жұлу;
алаңдарды жобалау және кескіндеу, дренаж төсеу; томарлар мен ағаштарды үймеге жинау;

орманды жинағаннан (құлатқаннан) кейін үйінділерден ағаштарды қазып шығару; бұтақтарды шабу, оқпандарды қазу, ағаштар мен томарларды тиеу және түсіру; жүктер мен материалдарды шығару;

кептіретін желілердің, өрт сөндіруші суқоймаларының жыраларын қазу, тазалау, арналады, жыраларды, траншеяларды, орларды жабу; аршу жұмыстарын, фрезерлеген бетін бірқалыпты таптаумен шымтезек қабатын тұтастай терең фрезерлеу бойынша жұмыстарды жүргізу;

машиналар мен механизмдерге техникалық қызмет көрсету және реттеу, олардың жұмысындағы бұзушылықтарды жою, жұмыс барысында басқа учаскелерге көшіру.

568. Білуге тиіс:

өздігінен жүретін машиналардың, тіркелетін және аспалы жабдықтары бар тракторлардың құрылғысын және техникалық сипаттамасын; шымтезекті шығару үшін алаңдарды дайындау және жөндеу жөніндегі жұмыстардың технологиялық процесін, техникалық шарттарын және тәсімдерін;

жанар-жағармай материалдарының шығыс нормаларын;

қызмет көрсететін машиналар мен механизмдерді пайдалану, техникалық күту және алдын ала жөндеу жұмыстарын жүргізу ережесін және нұсқаулығын.

Өздігінен жүретін машиналарды, тіркемелі және аспалы жабдықтары бар қозғалтқыш қуаты 44,2 квт-тан 58,9 квт (60 до 80 ат күші) тракторды басқару кезінде - 5-разряд;

Өздігінен жүретін машиналарды, тіркемелі және аспалы жабдықтары бар қозғалтқыш қуаты 58,9 квт (60 до 80 ат күші) артық тракторды; орманды құлату және оларды үймекке төсейтін комбайнда және ағашты қазу, кесу және тиеу, томарларды жұлу машиналарында жұмыс істеу кезінде - 6-разряд.

164. Шымтезек шығаратын экскаватордың машинисі

Параграф 1. Шымтезек шығаратын экскаватордың машинисі, 4-разряд

569. Жұмыс сипаттамасы:

шөміштің жалпы геометриялық сыйымдылығы $1,0 \text{ м}^3$, қайта өңдейтін механизмдері, үздік конвейері, дизелдік қондырғысы бар шымтезек шығаратын көпшөмішті экскаваторды басқару;

шығарылған және қайта өңделген шымтезектерді электртөсегіш машинаға тиеу;

электртөсегіш жұмысын қадағалау;

электртөсегіш машиналардың қозғалысына қатысу: электр кабельді, ажырайтын ажыратқыш пен жерге қосылатын қондырғыларды сөндіру, тасымалдау және іске қосу.

570. Білуге тиіс:

қызмет көрсететін құрылғысын және оның механизмдерінің кинематикалық тәсімін; электртөсегіш машиналарды тиеу жөніндегі жұмыстарды жүргізу ережесін;

экскаваторлық жұмыстардың циклдық кестесін; қызмет көрсететін машиналар мен механизмдердің, жабдықтардың жұмыс қағидаттарын;

электр слесарлық іс; экскаваторды пайдаланудың техникалық шарттарын; шымтезек қабатын, оның тип мен ылғалдылығына қарай экскавациялау әдісін; электртөсегіш машинасы бар қызмет көрсететін экскаватордың жұмыс режимін;

машиналарды, механизмдер мен қондырғыларды жыралар, теміржолдар арқылы және электр беріліс желісінің астымен тасымалдау ережелерін.

Параграф 2. Шымтезек шығаратын экскаватордың машинисі, 5-разряд

571. Жұмыс сипаттамасы:

шөміштің жалпы геометриялық сыйымдылығы 1,0-ден 1,5 м³ және дизелдік қондырғысы бар шымтезек шығаратын көпшөмішті экскаваторды басқару;

бункермен бір кешенде және бір электртөсегіш машинасымен немесе екі электртөсегіш машинасымен немесе жабдықталған арқанды тасымалдағышпен жұмыс істейтін экскаватормен белгіленген тереңдіктен шымтезек қабатын қазып шығару;

шымтезекті, қазып шығару, қайта өңдеу және бункерлерге немесе электртөсегіш машиналарға беретін механизмдерді басқару; шымтезек қабаттарын қазып шығарудың, оны қайта өңдеудің және тиеудің технологиялық процесін жүргізу;

келесі забойды қазу үшін берілген трасса бойынша қызмет көрсететін экскаваторды мерзімдік тасымалдау, басқа жұмыс орнына қайта көшіру.

572. Білуге тиіс:

барлық типтегі шымтезек шығаратын экскаватор механизмдері жетектерінің құрылғысын және кинематикалық тәсімін;

жерге қосылатын құрылғыларды және ажыратқыштарды орнату ережесін;

қазылатын карьердің паспорттық деректерін және шымтезек қабаттарының сапалық көрсеткіштерін; карьер енінің шымтезек қабатының тереңдігіне, шымтезек таспасының қимасына және төсем тереңдігіне байланысы;

шымтезек қабатының көрсеткішіне: типі, тереңдігіне, ажырау дәрежесіне және шымтезектің ылғалдылығына қарай экскавациялау өнімділігі; шымтезек қабаттарын қайта кептіру дәрежесіне қарай қосылатын судың мөлшерін.

Параграф 3. Шымтезек шығаратын экскаватордың машинисі, 6-разряд

573. Жұмыс сипаттамасы:

электртөсегіш машиналарымен бір кешенде жұмыс істеу кезінде шөміштің жалпы геометриялық сыйымдылығы $1,5 \text{ м}^3$ және артық әрі дизелдік қондырғысы бар шымтезек шығаратын көпшөмішті экскаваторды басқару;

берілген тереңдікке шымтезек қабаттарын экскавациялау;

келесі забойды қазу үшін берілген трасса бойынша қызмет көрсететін экскаваторды мерзімдік тасымалдау, басқа карьерге қайта көшіру;

жерге қосылатын құрылғыларды және ажырайтын ажыратқыштарды көшіру және орнату.

574. Білуге тиіс:

әртүрлі типті шымтезек шығаратын экскаваторлар мен оның механизмдерінің конструктивтік ерекшеліктерін;

шөміштің қозғалу жылдамдығы мен экскаватордың қозғалу ұзындығы бойынша экскаватор жұмысының оңтайлы режимдерін; қабаттардың барынша тереңдігінен ортасы және төселетін шымтезек таспаларының мөлшері бойынша карьердің тиімді енін айқындаудың ережесін және тәсілдерін;

қабатты оның типіне, тереңдігіне, ылғалдылығына қарай экскавациялау әдісін

165. Шымтезек плиталарын престоуші

Параграф 1. Шымтезек плиталарын престоуші, 4-разряд

575. Жұмыс сипаттамасы:

гидравликалық престо шымтезек массасын престоу процесіне қатысу; шымтезектің бетіне балқытылған битумның қабатын жағу;

жабыстыру үшін дайындалған шымтезек плиталарын гидравликалық пресс үстеліне қою;

гидравликалық прессті қосу және сөндіру; жабыстырылған шымтезек плиталарын рольганг бойынша аралау станогына беру;

шымтезек плиталарын аралау; желдеткішті қосу және сөндіру; қызмет көрсететін жабдықтарды тазалау.

576. Білуге тиіс:

шымтезек массасын престоудің негізгі технологияларын; шымтезек плиталарын жабыстырудың технологиялық процессін;

қолданылатын құралдың міндетін; қызмет көрсететін престердің, желдеткіш қондырғылардың құрылғысын.

Параграф 2. Шымтезек плиталарын престоуші, 5-разряд

577. Жұмыс сипаттамасы:

престеу ережесі мен режимін сақтай отырып, гидравликалық престеу шымтезек массасын престеу;

пресс-қалыптарды шымтезек массасымен толтыру, оны мөлшерлеу және тегістеу, толтырылған пресс-қалыптарды штамп арқылы гидравликалық престерге беру;

шымтезек плиталарын табандықтарға түсіру және оларды кептіру вагонеткаларына немесе платформаларға тиеу;

қалыпталған шымтезек плиталарының ылғалдылығын қарап айқындау.

578. Білуге тиіс:

шымтезек плиталарының технологиялық шикізат құрамын; шымтезек массасының ылғалдылығын және біркелкілігін айқындау әдісін;

престеу кезінде қажетті қысым шамасын; престеу бөлімшесіндегі жабдықтардың құрылғысын; қызмет көрсететін жабдықтардың бұзушылықтарын анықтау және жою; слесарлық іс.

166. Шымтезек жұмысшысы

Параграф 1. Шымтезек жұмысшысы, 1-разряд

579. Жұмыс сипаттамасы:

қалған кесектерді жағу, жағу ошақтарын жою, суды ұстау үшін уақытша бөгеттер салу, шымтезек сынамаларын жеткізу;

жанар-жағармай материалдарды әкелу, тасу және беру;

қар ұстау үшін қурайды дайындау және карьерге егу;

өндіріс орындарын паспорттау;

теміржол өтпелерін, көпірлерді, қатарларды қардан және мұздақтан тазарту; шымтезекті түгендеу; жыраларды тазалау;

суды, жеңіл жүктерді, әртүрлі бөлшектерді және материалдарды жеткізу және тасымалдау; томарларды жинау;

шымтезек алаңын дайындау және жөндеу кезінде тіркемелі және аспалы механизмдерде жұмыс істеу, механизмдерді тіркеу және ағыту, өртке қарсы агрегаттарға қызмет көрсету;

жабдықтарды күзету; кент, аула аумақтарын және өндірістік үй-жайларды тазалау.

580. Білуге тиіс:

кесілген қалдықтарды жағудың ережесін; тұтануды сөндіру және оқшаулау ережесін; суқоймалары мен басқа су көздерінің орналасқан жерін; суды ұстау үшін уақытша бөгеттердің құрылғысын;

жанар-жағармай материалдарын сақтау, беру ережесін; өртсөндіргіштердің құрылғысын және қолдану ережесін; карьерлерге ағаш егу тәсімін және ережесін;

шымтезекті түгендеу және аланды паспорттау бойынша жұмыстарды жүргізу ережесін;

шымтезекті кептіру механизмдерімен жұмыс жасау ережесін;

батпақты дайындау өндірісі және гидротехникалық жұмыстар кезінде қолданылатын механизмдердің (аспалы және тіркемелі) міндетін және жұмыс қағидатын.

Параграф 2. Шымтезек жұмысшысы, 2-разряд

581. Жұмыс сипаттамасы:

жалпы және карталы арналары арқылы көпірлер салу және жөндеу;

шымтезектің есебін жүргізу, шымтезекке есеп жүргізуде, тиеу және түсіру кезеңді сынамаларды іріктеу;

барлық тәсілдермен шымтезекті шығару, кептіру және жинау кезінде қолданылатын машиналарға қызмет көрсету жөніндегі қосалқы жұмыстарды орындау;

шымтезекті шығару, жинау және тиеу кезінде қолданылатын машиналарға қызмет көрсету кезінде кабельдерді көшіру; жекелеген бөліктерге (кірпіштерге) қалыпталған шымтезек таспаларын бөлу;

рольгангты реттеу және тазалау.

582. Білуге тиіс:

жалпы және карталы арналар арқылы көпірлер салуды және жөндеу ережесін;

шымтезек шығаратын агрегаттың жұмыс қағидаттарын; рольгангты көтеру және түсіру ережесін.

Параграф 3. Шымтезек жұмысшысы, 3-разряд

583. Жұмыс сипаттамасы:

шымтезек массивтерінде томарларды және бұталы өсімдіктерді тамырымен жұлуымен бірге орман ағаштарын құлату, бұтақтарды шабу, дөңгелектеу және жарамды ағаштарды қатарлап салу, жарамды ағаштар мен томарларды айналма және маятникті аралармен кесу;

шпалдарды, лафеттерді, рельстерді тасымалдау және көшіру;

шымтезек шығаратын машиналар үшін рельстер төсеу, бекіту және жолдарды түзету;

арқанды және таспалы конвейерлерге қызмет көрсету, рельстер мен шпалдарды шала өңделген шымтезек үгінділерінен тазарту; томарларды бір жерге үю;

тақталарды төсеу және қабылдау, шымтезек кірпіштерін төсеу; забойдағы шымтезек қабатының көлденең жоталарын және бүйір кемерлерін кесу; троспен және тамыр жұлғыш құрылғылармен забойдан ірі томарларды шығару;

шымтезек шығаратын экскаватор машинисінің басшылығымен сорғы станцияларын, экскаваторды, аралық тіреулерді, конвейерлерді, керу станцияларын, шымтезек шығаратын агрегаттар мен механизмдерді қайта көшіруге, қозғалтуға және орнатуға қатысу;

төсемдердің құрылғысын; кесекті шымтезекті кептіру (аудару, торларды, торкөздерді қалау және оларды қайта қалау) бойынша жұмыстарды жүргізу; шымтезектерді қатарлау; қабырғаларды есептеу және қатарларда жел өткізгіштер салу;

бункерлер мен конвейерлерге шымтезекті қолмен тиеу; агрегаттар өту үшін жолдарда тазалау;

тазалайтын машиналардың соңынан қалдықтарды жинау; машиналар өту үшін өткелдер салу; қоймада әртүрлі жүктерді, минералдық құрамдауыштардың қоспаларын тиеу, түсіру, оларды ыдыстарға және ыдыстардан күйю;

құлатқыш машиналардағы шикізатты түсіру және өңдеу немесе гидротасқын әдісімен; кесекті лотоктарға қызмет көрсету.

584. Білуге тиіс:

орман ағаштарын құлату, томарлар мен бұталы өсімдікті тамырымен жұлу жұмыстарын жүргізу ережесін; жарамды ағаштарды бөлуге және отындарды дайындауға өлшемдер мен сорттарын; ағаштарды, отындар мен томарларды бөлу және салу ережесін;

ауыр және күрделі машиналарды көтеру, көшіру ережесін; ауыр машиналарды бекіту, монтаждау және орнату тәсілдерін; көтергіш-тасымалдағыш әрі такелажды құрылғылардың құрылғысын және оларды орнату тәсілдерін;

ағаш жұмыстары; шымтезек шығаратын агрегаттың жалпы тәсімін және жұмыс қағидаттарын, оның қозғалысы бойынша жұмыстарды жүргізу ережесін; керу станцияларының, конвейерлердің құрылғысын; шымтезекті шығарудың, төсеудің, кептірудің, қатарлаудың ережесін және технологиялық тәсімін; жел өткізгіштердің құрылғысын;

шымтезекті жинау және қайта өңдеу кезінде қолданылатын механизмдердің жұмыс қағидаттарын; минералдық құрамдауыштарды пайдалану ережесін; өртсөндіргіш сумен жабдықтаудың тәсімін.

11–бөлім. Қоңыр көмір мен озокерит кендерін қайта өңдеу

167. Тау балауызы өндірісінің аппаратшысы

Параграф 1. Тау балауызы өндірісінің аппаратшысы, 3-разряд

585. Жұмыс сипаттамасы:

тау (қоңыр көмір) балауызын алу процесін жүргізуге қатысу;

көлік құралдарына, аспирациялы, құю және сору желдеткіш жүйелеріне, жылу алмасу жабдықтарына қызмет көрсету, олардың жұмысын қадағалау;

экстракцияланған көмірдің ылғалдылығын бақылау, онда қалған қалдықтарды айқындау;

қызмет көрсететін экстракторларға шикізатты тиеуге қатысу;
шикізатқа және пайдаланылатын материалдардың шығыстарына есеп жүргізу;
қызмет көрсетілетін жабдықтардың жұмысындағы бұзушылықтарды анықтау және жою, оны жөндеуге қатысу.

586. Білуге тиіс:

қызмет көрсететін жабдықтардың жұмыс қағидаттарын және пайдалану ережесін; қолданылатын бақылау-өлшеу аспаптары мен құрылғыларының міндетін және пайдалану ережесін;

шикізатқа және дайын өнімге қойылатын техникалық шарттар және салалық стандарттар; слесарлық істің негіздерін.

Параграф 2. Тау балауызы өндірісінің аппаратшысы, 4-разряд

587. Жұмыс сипаттамасы:

жоғары білікті тау балауызы өндірісі аппаратшысының басшылығымен үздіксіз қызметтегі экстракторларда, түрі өзгертілген – колонна типтегі экстракторларда тау (қоңыр көмір) алудың технологиялық процесін жүргізу;

негізгі экстракциялық жабдықтарға қызмет көрсетуге қатысу, жұмысқа дайындау және іске қосу;

шоғырланған қышқылдарды, ерітінділерді және тотықтырғыштарды қабылдау және дайындау;

қызмет көрсететін экстракторларға шикізат пен реагенттерді тиеу;

центрифугалардың, бөлгіш ыдыстардың, тоңазытқыштардың-конденсаторлардың, реакторлардың, сорғылардың, желдеткіш жабдықтардың жұмысын реттеу және қызмет көрсету;

бақылау аспаптарының және автоматика жұмыстарын қадағалау; белгіленген техникалық құжаттаманы жүргізу;

технологиялық жабдықтардың жұмысындағы бұзушылықтарды ескертуге және жоюға қатысу.

588. Білуге тиіс:

қызмет көрсететін жабдықтардың құрылғысын; тау (қоңыр көмір) балауызы өндірісінің техникалық тәсімін;

негізгі технологиялық жабдықтарды дайындау, қосу және тоқтату тәртібін;

берілген режимге сәйкес қызмет көрсететін жабдықтың жұмысын реттеу ережесін; қызмет көрсететін экстракторларға шикізат пен реагенттерді тиеу тәртібін;

қызмет көрсететін жабдықтардың жұмысындағы бұзушылықтардың түрлері мен сипатын және технологиялық процесті жүргізуде ауытқуларды, олардың пайда болу себептерін.

Параграф 3. Тау балауызы өндірісінің аппаратшысы, 5-разряд

589. Жұмыс сипаттамасы:

үздіксіз қызметтегі экстракторларда, түрі өзгертілген – колонна типтегі экстракторларда тау (қоңыр көмір) алудың технологиялық процесін жүргізу, сондай-ақ шала өңделген қоңыр көмір балауызын шайырсыздандырудың технологиялық процесін жүргізу;

жоғары білікті тау балауызы өндірісі аппаратшысының басшылығымен түрі өзгертілген колонна типтегі экстракторларда және ректорларда тазартылған балауыз алудың технологиялық процесін жүргізу;

бақылау-өлшеу аспаптарының көрсеткіші бойынша технологиялық процестің барысын бақылау;

экстракциялы және шайырсыздандыру жабдықтары жұмыстарының берілген параметрлерін реттеу; қызмет көрсететін экстракторларға шикізатты тиеуді және ерітіндіні мөлшерлеуді қадағалау;

тез тұтанатын сұйықтық құйылған ыдыстарға қызмет көрсету;

қызмет көрсететін жабдықтардың жұмысындағы бұзушылықтарды анықтау және жою, оны жөндеуге қатысу;

шығарылатын өнімге есеп жүргізу;

жүргізілетін технологиялық процестердің материалдық теңгерімін жасау, шикізат, ерітінділер мен реакциялық қоспалардың қажеттілігін есептеу.

590. Білуге тиіс:

тау балауызы мен оның өзгертілген түрінің өндірісінің технологиясын; қызмет көрсететін учаскенің коммуникация тәсімін;

экстракциялау процесінің физикалық-химиялық негіздерін – шайырсыздандыру және тазарту;

жүргізілетін технологиялық процестердің параметрлерін;

қолданылатын ерітінді мен еріткіштердің физикалық-химиялық қасиетін; экстракциялаудың технологиялық процестерін реттеудің ережесін - шайырсыздандыру және тазарту;

пайдаланылатын шикізатқа, материалдарға және шығарылатын тау балауыздарына қойылатын мемлекеттік стандарттарды және техникалық шарттарды;

қызмет көрсететін жабдықтың сигнал беру, блоктау және өрт сөндіру жүйесі қызметінің қағидаттарын;

қызмет көрсететін жабдықтардың жұмысындағы бұзушылықтардың себебін және оларды жою тәсілдерін;

жүргізілетін технологиялық процестердің материалдың теңгерімін және оны жүргізу үшін шикізат, ерітінділер мен реакциялы қоспа қажеттілігіне есептеулер жасау ережесі мен әдістерін.

Параграф 4. Тау балауызы өндірісінің аппаратшысы, 6-разряд

591. Жұмыс сипаттамасы:

кептірілген қоңыр көмірді экстракциялау, битум ерітіндісін булау, экстрагентті қалпына келтіру, экстракцияланған шикізатты аккумуляциялау, шала өңделген тау балауызын шайырсыздандыру шайырсыздандырылған тау балауызын тотықтыру жолымен тазарту, үздіксіз және мерзімдік қызметтегі аппараттарда жуу, бейтараптандыру, ағарту жәе кристалдау жолымен шала өңделген тазартылған және түрі өзгертілген балауызды алудың технологиялық процесінің толық циклын жүргізу;

бөлімшелердің (учаскелердің) жұмыстарын үйлестіру: экстракциялау, булау, шайырсыздандыру және тазарту; бақылау-өлшеу аспаптарының көрсеткіштері бойынша шала өңделген және тазартылған балауызды алудың технологиялық процесінің толық циклының барысын бақылау; бақылау үшін сынамаларды іріктеу;

шикізаттың, материалдардың, экстрагенттердің санын есептеу, оларды мөлшерлеу, тазартылған балауыз алу үшін рецептура жасау, реактивтерді дайындау;

аралық өнімді алу үшін тазартылған реактор мен жабдықтарда реакциялық қоспалардың берілген параметрлерін реттеу, тазарту процесін түзеу;

тазартылған реакторды іске қосу және тоқтату; шикізаттың шығынын және дайын өнімнің шығуына есеп жүргізу;

өндірістік журналда жазба жүргізу; қызмет көрсететін жабдықтардың қауіпсіздігі мен техникалық пайдалану ережесінің орындалуын бақылау.

592. Білуге тиіс:

қызмет көрсететін қондырғылардың технологиялық тәсімін және пайдаланылатын құрылғылардың технологиялық картасын; қолданылатын бақылау-өлшеу аспаптарының, сондай-ақ құбырлардың құрылғыларын және пайдалану ережесін;

шала өңделген тазартылған және түрі өзгертілген балауыз өндірісінің технологиясын;

пайдаланылатын шикізаттың, реагенттердің, реакциялық қоспалардың физикалық-химиялық қасиеттерін; шала өңделген тазартылған және түрі өзгертілген балауыз алу процесін есептеу әдістемесін және технологиялық режимді үйлестіру және қауіпсіз жүргізу ережесін.

168. Озокерит және озокерит өнімі өндірісінің аппаратшысы

Параграф 1. Озокерит және озокерит өнімі өндірісінің аппаратшысы, 3-разряд

593. Жұмыс сипаттамасы:

жоғары білікті озокерит және озокерит өнімі өндірісінің аппаратшысының басшылығымен озокерит және озокерит өнімін алу процесін жүргізу;

шикізатты экстракциялау, балқыту кезінде қосалқы операцияларды орындау; шикізаттың резервуарлық паркіне қызмет көрсету және резервуарларды тазалау; ыдыстағы озокерит өнімінің деңгейін өлшеу;

катты шикізатты, жапсырмаларды кептіргіштерге-балқытқыштарға тиеуге қатысу; қызмет көрсететін қондырғыларға қоймадан мыс нафтендерін және талшықты озокеритті іріктеу және жеткізу;

кептіргіштерге, араластырғыштарға, сорғыларға, желдеткіш қондырғыларға қызмет көрсету; қызмет көрсететін жабдықтардың жұмысындағы бұзушылықтарды анықтауға және жоюға қатысу.

594. Білуге тиіс:

қызмет көрсететін жабдықтардың құрылғысын және пайдалану ережесін; озокерит және озокерит өнімін алу технологиялық режимінің параметрлерін; қызмет көрсететін учаскедегі коммуникация тәсімін;

қолданылатын бақылау-өлшеу аспаптарының және құрылғыларының міндетін және пайдалану ережесін;

пайдаланылатын шикізатқа және дайын өнімге қойылатын техникалық шарттар.

Параграф 2. Озокерит және озокерит өнімі өндірісінің аппаратшысы, 4-разряд

595. Жұмыс сипаттамасы:

озокерит және озокерит өнімін алудың технологиялық процесін жүргізу;

экстракциялау бөлімшесінің жабдықтарын: бункерлерді-дозаторларді, экстракторларды, қыздырғыштарды, бензин-ерітінділері бар резервуарлық қабылдағыштарды жұмысқа дайындау, қосу және қызмет көрсету;

экстракторларға озокерит кендерін тиеу, бензин-ерітінділерін қабылдау және оларды резервуарларға тиеу, экстракторлардан бензин қалдығын төгу, өңделген кенді экстракторлардан түсіру, оны өңделген жыныстар бункеріне және бункерден үйіндіге тасымалдау;

аралық ыдыстарға, дренаж лотоктарына, үйінділерге арналған бункерлерге, ерітінділердің резервуарлық паркіне қызмет көрсету; қырнауышты және таспалы конвейерлерді басқару;

жұмысты қадағалау және экстракциялау бөлімшесінің бақылау және автоматика аспаптарына қызмет көрсету;

техникалық құжаттаманы жүргізу;

технологиялық жабдықтардың жұмысындағы бұзушылықтарды ескерту және жою, оны жөндеуге қатысу.

596. Білуге тиіс:

озокерит және озокерит өнімінің технологиялық тәсімін; қызмет көрсететін учаскеде технологиялық құбырлар мен арматуралардың тәсімін;

экстракциялау бөлімшесінің негізгі және қосалқы жабдықтарының, қолданылатын бақылау-өлшеу аспаптары мен автоматика аспаптарының құрылғысын, дайындау, қосу және тоқтату тәртібін;

берілген режимге сәйкес қызмет көрсететін жабдықтардың жұмысын реттеу ережесін.

Параграф 3. Озокерит және озокерит өнімі өндірісінің аппаратшысы, 5-разряд

597. Жұмыс сипаттамасы:

озокерит өнімін алу кезінде мисцелланы қайта өңдеудің, шикізат құрамдауыштарын тығыздаудың (араластыру) технологиялық процесін жүргізу;

қайта айдау бөлімшесінің жабдықтарын: құбырлы пешті, ректификациялы колоннаны, жылу алмастырғыштарды, тоңазытқыштарды, су ажыратқыштарды, конденсатор-тоңазытқыштарды, озокерит үшін жинағыштарды; және тығыздау бөлімшесінің: кептіру аппараттарын, сүзгілерін, таразылау агрегаттарын, араластырғыш аппараттардың, битум сорғыларын жұмысқа дайындау, іске қосу және қызмет көрсету;

озокерит өнімін дайындау үшін рецептура жасау;

бақылау-өлшеу аспаптарының көрсеткіші және талдаулардың нәтижесі бойынша: құбырлы пешке мисцелланың келіп түсуін, озокерит өнімін алу кезінде араластыруға – шикізат құрамдауышын; шикізат құрамдауыштарын мұқият араластырылуын, алынатын өнімнің сапасын бақылау;

берілген режимге сәйкес қызмет көрсететін жабдықтар жұмысының параметрлерін реттеу;

озокерит өнімін алу үшін церезин, петролатум, парафин, гудрон және басқа шикізат шығыстарына есеп жүргізу; тығыздау және қайта айдау бөлімшелері бойынша өндірістік журнал жүргізу.

598. Білуге тиіс:

озокерит және озокерит өнімі өндірісінің технологиясын және технологиялық тәсімін; озокерит және озокерит өнімін алудың технологиялық процесінің параметрлерін және реттеу ережесін;

озокерит және озокерит өнімі өндірісінің физикалық-химиялық негіздерін; қолданылатын ерітінділердің, шикізат пен материалдардың физикалық-химиялық қасиеттерін; пайдаланылатын шикізатқа, материалға және шығарылатын өнімге қойылатын мемлекеттік стандарттарды және техникалық шарттарды;

қызмет көрсететін жабдықтың сигнал беру, блоктау және өрт сөндіру жүйелері қызметінің қағидаттарын;

қызмет көрсететін жабдықтың жұмысындағы бұзушылықтарды жою тәсілдерін; озокерит және озокерит өнімінің өндірісі процесінің материалдық

теңгерімін және шикізат пен басқа қоспалардың қажеттілігіне есептеулер жасау ережесін және әдістемесін.

Параграф 4. Озокерит және озокерит өнімі өндірісінің аппаратшысы, 6-разряд

599. Жұмыс сипаттамасы:

озокерит және озокерит өнімін алу технологиялық процесінің толық циклын: озокерит кендерін экстракциялау, кен ерітінділерін қалпына келтіру, шикізатты дайындау және тығыздау, жоғары озокерит өнімін алу процестерін жүргізу;

ұсату, экстракциялау, қайта айдау және тығыздау бөлімшесінің жұмыстарын үйлестіру;

бақылау-өлшеу аспаптары мен автоматика аспаптарының көрсеткіші бойынша озокерит және озокерит өнімін алудың технологиялық процесінің толық циклын барысын бақылау; бақылау үшін сынамаларды алу; берілген технологиялық режимдерге сәйкес қызмет көрсететін жабдықтардың жұмыс параметрлерін реттеу;

ерітінділердің, материалдардың, реагенттердің санын есептеу, оларды мөлшерлеу, озокерит өнімдерін дайындау үшін рецептура жасау;

озокерит және озокерит өнімін алу технологиялық процесінің толық циклының барлық кезеңдерінде алынатын өнімнің сапасын бақылау;

шикізат шығынын және дайын өнімнің шығуына есеп жүргізу; өндіріс журналдарында жазбалар жүргізу;

қызмет көрсететін жабдықтарға жүргізілген жөндеуге ақау ведомствосын жасауға қатысу.

600. Білуге тиіс:

озокерит және озокерит өнімін алудың толық циклының технологиялық тәсімін және пайдаланылатын құрылғылардың технологиялық карталарын; озокерит және озокерит өнімі өндірісінде қолданылатын жабдықтардың конструктивтік ерекшелігін;

озокерит және озокерит өнімі өндірісінің технологиялық процесін есептеу әдістемесін және үйлестіру;

жалпы озокерит және озокерит өнімі өндірісінің технологиялық процесінің толық циклын реттеудің ережесі.

169. Реагент өндірісінің аппаратшысы

Параграф 1. Реагент өндірісінің аппаратшысы, 4-разряд

601. Жұмыс сипаттамасы:

жоғары білікті реагент өндірісінің аппаратшысының басшылығымен көмір сілтілі (гумат) өндірісінің және түрін өзгертудің технологиялық процесін жүргізу ;

қоймаға теміржол цистерналарынан және автоцистерналардан сұйық каустикалық соданы қабылдау; қолданылатын реагенттердің сілтілері мен ерітінділері құйылған ыдыстарды қыздыру; көмірді каустикалық содамен араластыру;

сілтілер мен қолданылатын реагенттердің технологиялық регламентпен берілген концентрацияларын үнемі ұстану; көмір сілтілік (гумат) реагенттердің ылғалдылығын бақылау;

көмір сілтілік (гумат) реагенттерді ыстық ауамен кептіру; көмір сілтілік (гумат) реагенттердің шығуын және түрінің өзгеруін бақылау; талдау үшін көмір сілтілік (гумат) реагенттер шикізатының және жартылай өнімдерінің сынамаларын іріктеу;

артта қалған аппаратураның жұмысын, технологиялық жабдықтардың қымталуын және тығыздалуын бақылау;

қызмет көрсететін жабдықтардың жұмысындағы бұзушылықтарды анықтауға және жоюға қатысу.

602. Білуге тиіс:

көмір сілтілік (гумат) реагенттер өндірісінің және түрін өзгертудің технологиялық тәсімін; көмір сілтілік (гумат) реагенттер өндірісінде қолданылатын сілтілердің, материалдардың және реагент ерітінділерінің қасиеттерін;

қызмет көрсететін жабдықтардың және механизмдердің құрылғысын және қызметінің қағидаттарын; технологиялық құбырлардың тәсімін; слесарлық іс; ащы сілтілермен зақымданған кезде алғашқы жәрдем көрсетудің тәсілдерін.

Параграф 2. Реагент өндірісінің аппаратшысы, 5-разряд

603. Жұмыс сипаттамасы:

көмір сілтілері (гумат) өндірісінің және түрін өзгертудің технологиялық процесін жүргізу;

іске қосуға дайындау, қызмет көрсететін қондырғыны қосу және көмір тиеу; экстракцияланған көмірдің ылғалдылығын, оның ірілігін және сілтілердің концентрациясын бақылау; көмір сілтілік реагенттер және оның түрін өзгерту үшін рецептуралар жасау, қажет болған жағдайда оны түзету;

сілтілерді мөлшерлеу және қызмет көрсететін қондырғыларға беру;

көмір сілтілік (гумат) реагенттердің шығуын және түрін өзгертуді, қолданылатын бақылау-өлшеу аспаптары мен автоматика аспаптарының жұмысын қадағалау;

реакторларға, қоспалауыштарға, конвейерлерге, булы калориферге, циклондарға, желдеткіштерге, сорғыларға қызмет көрсету және жұмысындағы бұзушылықтарды жою;

герметикалық жағдайын тексеру, қызмет көрсететін жабдықты тығыздау;

техникалық құжаттаманы жүргізу;

қызмет көрсететін жабдықтарды алдын ала жөндеуге қатысу.

604. Білуге тиіс:

көмір сілтілік (гумат) реагенттер өндірісі және оның түрін өзгерту процесінің технологиясын және параметрлерін;

көмір сілтілік реагенттер және оның түрін өзгерту өндірісінде пайдаланылатын қондырғыларына технологиялық процесті жүргізу ережесін; қызмет көрсететін жабдықтардың конструктивтік ерекшеліктерін;

қызмет көрсететін жабдықтардың жұмысындағы бұзушылықтарды жою тәсілдерін; кептіру құрылғыларын тиеу тәртібін және ережесін; пайдаланылатын шикізатқа және көмір сілтілік (гумат) реагенттерге қойылатын мемлекеттің стандарттарды және техникалық шарттарды.

170. Құйғыш машиналардың машинисі

Параграф 1. Құйғыш машиналардың машинисі, 4-разряд

605. Жұмыс сипаттамасы:

құйғыш машиналарды, оның қалыптарын тау балауызымен, озокерит немесе озокерит өнімімен толтыру кезінде басқару;

құйғыш машиналарды іске қосуға дайындау және іске қосу;

буды желдеткіш жүйенің калориферіне, балауыз құйғыш коллекторға беру, құйғыш машинаны жылы ауамен қыздыру;

құйғыш машиналардың қалыптарын толтыру, балқыту температурасының, құйғыш машинаға берілетін ауаның деңгейін реттеу;

құйғыш машиналар конвейерінің жұмысын қадағалау, балауыздың, озокерит және озокерит өнімінің салқындау параметрлерін, белгіленген технологиялық регламенттерді ұстану;

құйғыш машиналардың қалыптарын балауыз, озокерит және озокерит өнімінің қалдықтарынан тазарту;

құйғыш машиналардың жұмысындағы бұзушылықтарды анықтау және жою;

желдеткіш қондырғылардың, қолданылатын бақылау-өлшеу аспаптарының жұмысын қадағалау; қызмет көрсететін жабдықты жөндеуге қатысу.

606. Білуге тиіс:

құйғыш машиналардың құрылғысын, жұмыс қағидаттарын және оны баптау тәсілдерін; құйғыш машиналарды және онымен технологиялық байланысты механизмдерді, жабдықтарды, аспаптар мен аппаратураны басқару тәртібін;

балауыз, озокерит және озокерит өнімін қотару және құю процесінің технологиясын; қолданылатын құрылғылар мен құралдарды қолдану ережесін; құйғыш машинаның міндеті және майлау мерзімділігін және майлау материалдардың сорттары мен қасиеттерін;

тау (қоңыр көмір) балауызы, озокерит және озокерит өнімі өндірісінде қолданылатын ерітінділердің қасиеттерін, олардың әсерінен қорғану ережесін.

Жұмысшылардың жұмыстары мен кәсіптерінің бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтамалығының (4-шығарылым) қосымшасы

Жұмысшы кәсіптерінің алфавиттік сілтегіші

| Р/с № | Кәсіптердің атауы | Разрядтар диапазоны | Беті |
|-------|---|---------------------|------|
| 1 | 2 | 3 | 4 |
| 1. | Кесекшелерді булаудағы автоклавшы | 3 | 102 |
| 2. | Агломератшы | 3-6 | 197 |
| 3. | Құрамында алтын бар кендерді байыту аппаратшысы | 2-4 | 178 |
| 4. | Шымтезекті кептіру жөніндегі аппаратшы | 4-6 | 223 |
| 5. | Кесекше қоспасын дайындау аппаратшысы | 4-5 | 103 |
| 6. | Тау балауызы өндірісінің аппаратшысы | 3-6 | 236 |
| 7. | Озокерит және озокерит өнімі өндірісінің аппаратшысы | 3-6 | 239 |
| 8. | Реагент өндірісінің аппаратшысы | 4-5 | 242 |
| 9. | Қойылтқыш аппаратшысы | 2-3 | 104 |
| 10. | Көмір байыту аппаратшысы | 2-5 | 135 |
| 11. | Шпурларды бұрғылаушы | 1-7 | 2 |
| 12. | Әуе-канат жолының вагонетшісі | 2 | 4 |
| 13. | Шымтезек массасын қайнатушы | 4 | 224 |
| 14. | Жарушы | 2-6 | 5 |
| 15. | Тасты таңдаушы-орналастырушы | 3 | 212 |
| 16. | Ыстық агломератты түсіруші | 3-4 | 200 |
| 17. | Мышьяк түсіруші | 3 | 207 |
| 18. | Үйінділердегі түсіруші | 2-3 | 8 |
| 19. | Тозаң түсіруші | 2 | 105 |
| 20. | Газ өлшеуші | 1-2 | 10 |
| 21. | Гидромониторшы | 3-5 | 11 |
| 22. | Агломерация мен күйдіру жұмысындағы көрікші | 4 | 201 |
| 23. | Жерасты тау-кен монтажшысы | 3-5 | 136 |
| 24. | Кен жұмысшысы | 1-3 | 13 |
| 25. | Геологиялық жұмыстардағы кен жұмысшысы | 1-4 | 16 |
| 26. | Маркшейдерлік жұмыстардағы кен жұмысшысы | 1-4 | 19 |
| 27. | Тазарту забойының кен жұмысшысы | 4-6 | 22 |
| 28. | Жерасты кен жұмысшысы | 1-4 | 25 |
| 29. | Өрттің алдын алу және сөндіру жөніндегі кен жұмысшысы | 3-4 | 139 |
| 30. | Тау-кен қазбаларын жөндеу жөніндегі кен жұмысшысы | 2-5 | 141 |

| | | | |
|-----|---|-------|-----|
| 31. | Разрездің тау-кен жұмысшысы | 2-3 | 145 |
| 32. | Алтын араласқан кен орындардың тау-кен жұмысшысы | 2-4 | 181 |
| 33. | Экскаваторлар, үйінді көпірлері мен үйіндіжасаушылар жаныжанындағы кенжұмысшы | 2 | 32 |
| 34. | Електеуші | 2-4 | 105 |
| 35. | Елекші-көсеуші | 2-3 | 202 |
| 36. | Жеткеруші | 3-4 | 185 |
| 37. | Құрамында алмас бар концентраттарды жеткеруші | 3-4 | 186 |
| 38. | Дозалаушы | 2-4 | 106 |
| 39. | Ыстық қайтарымды мөлшерлеуші | 4 | 202 |
| 40. | Қашауға май құюшы | 4 | 187 |
| 41. | Жол жұмысшысы | 2-4 | 32 |
| 42. | Бекіту материалдарын шахтаға жеткізуші | 3 | 35 |
| 43. | Драгашы | 4-6 | 188 |
| 44. | Мирабилит шығару жөніндегі дренажшы | 3 | 208 |
| 45. | Жармалаушы | 2-6 | 108 |
| 46. | Забойшы | 4 | 212 |
| 47. | Шой балғаларын ұрушы | 6 | 146 |
| 48. | Слюда дайындаушы | 1-3 | 213 |
| 49. | Тиеуші | 1 | 110 |
| 50. | Құдықпештер мен пештерді теуші-түсіруші | 2 | 203 |
| 51. | Оқшаулаушы | 3-5 | 160 |
| 52. | Жыра қазушылар | 2 | 225 |
| 53. | Карьершілер | 2 | 225 |
| 54. | Плиталар мен блоктарды жарушы | 5 | 214 |
| 55. | Қымбат өнімдерді бақылаушы | 3-4 | 189 |
| 56. | Байыту өнімін бақылаушы | 2-3 | 110 |
| 57. | Суспензияны бақылаушы | 2 | 215 |
| 58. | Көмір қабылдауды бақылаушы | 2 | 147 |
| 59. | Концентраттаушы | 2-5 | 111 |
| 60. | Түбіржұлушы | 2 | 226 |
| 61. | Бекітуші | 3-5 | 36 |
| 62. | Бұрғыға май құюшы-ұста | 4 | 39 |
| 63. | Асбест байыту өндірісінің зертханашысы | 3 | 215 |
| 64. | Лампышы | 2 | 40 |
| 65. | Лентовой жинаушы | 1 | 112 |
| 66. | Люкші | 2-6 | 40 |
| 67. | Драга матросы | 1;3-6 | 190 |
| 68. | Кесекше пресінің машинисі | 1,3-5 | 112 |
| 69. | Бульдозер машинисі | 3-8 | 42 |
| 70. | Бұрғы қондырғысының машинисі | 1-6 | 43 |
| 71. | Вибротиеу қондырғысының машинисі | 4-5 | 46 |

| | | | |
|------|---|------|-----|
| 72. | Әуе-канат жолының машинисі | 3-4 | 47 |
| 73. | Саз-балшық кесетін машинаның машинисі | 4 | 216 |
| 74. | Тау қазбалары машиналарының машинисі | 5-6 | 47 |
| 75. | Жол-көлік машиналарының машинисі | 2-6 | 147 |
| 76. | Драга машинисі | 3-6 | 191 |
| 77. | Уатқыш-тиегіш агрегатының машинисі | 5 | 148 |
| 78. | Жер соратын қондырғылардың машинисі | 2-5 | 149 |
| 79. | Тас кесетін машиналардың машинисі | 4-6 | 216 |
| 80. | Конвейер машинисі | 2-5 | 49 |
| 81. | Кратцер машинисі | 3-4 | 208 |
| 82. | Кесекті шымтезек шығару және қайта өңдеу жөніндегі машинаның машинисі | 4-5 | 226 |
| 83. | Фрезер шымтезегін шығару және қайта өңдеу жөніндегі м машиналардың машинисі | 4-6 | 227 |
| 84. | Шымтезек кенорындарын даярлау жөніндегі машиналардың машинисі | 4-6 | 229 |
| 85. | Диірмен машинисі | 2-6 | 114 |
| 86. | Араластырғыштардың машинисі | 2 | 203 |
| 87. | Түйіршіктегіштің машинисі | 4-5 | 204 |
| 88. | Шекемтасты опалғыш машинисі | 3 | 205 |
| 89. | Үйінді жасаушы машинисі | 3-6 | 50 |
| 90. | Үйінді көпір машинисі | 5-6 | 51 |
| 91. | Үйінді соқасының машинисі | 3-4 | 52 |
| 92. | Салқындатқыш машинисі | 2-4 | 205 |
| 93. | Ауыспалы науаның машинисі | 2 | 206 |
| 94. | Қоректендіргіш машинисі | 2-3 | 115 |
| 95. | Тиеу машинасының машинисі | 4-6 | 53 |
| 96. | Тиеу-жеткізу машинасының машинисі | 4-6 | 54 |
| 97. | Өздігінен жүретін жерасты машиналарының машинисі | 4 | 55 |
| 98. | Жер асты қондырғыларының машинисі | 2-4 | 150 |
| 99. | Көтеру-жылжыту тас төсегіштерінің машинисі | 5 | 162 |
| 100. | Сүрлем және көмір мұнараларына қызмет көрсету жөніндегі машинисі | 2 | 152 |
| 101. | Сынама алу машинасының машинисі | 5 | 57 |
| 102. | Жуу машиналардың машинисі | 2-5 | 116 |
| 103. | Проходкалау кешенінің машинисі | 4-6 | 57 |
| 104. | Жол қозғағыш машинисі | 3-5 | 59 |
| 105. | Құйғыш машиналардың машинисі | 4 | 243 |
| 106. | Еріту қондырғысының машинисі | 2-3 | 60 |
| 107. | Реактивті қондырғы машинисі | 4-5 | 61 |
| 108. | Кен орталау машинасының машинисі | 4; 6 | 116 |
| 109. | Өздігінен жүретін кабель жылжытқыш машинисі | 3-6 | 62 |
| 110. | Скрепер машинисі | 3-7 | 63 |
| 111. | Скреперлік шығыр машинисі | 3-5 | 64 |

| | | | |
|------|---|-----|-----|
| 112. | Слюда іріктеу қондырғыларының машинисі | 3-4 | 218 |
| 113. | Гидросалманы араластыру қондырғысының машинисі | 3 | 65 |
| 114. | Араластырғыш барабанның машинисі | 2-4 | 206 |
| 115. | Сұрыптау машинисі | 2 | 152 |
| 116. | Кептіргіш қондырғылардың машинисі | 3-5 | 153 |
| 117. | Шымтезек шығаратын экскаватордың машинисі | 4-6 | 230 |
| 118. | Шахта окпандарын тұтас қимамен бұрғылау қондырғылардың машинисі | 4-6 | 154 |
| 119. | Көлік құралдарын өңдеу қондырғысының машинисі | 2-3 | 66 |
| 120. | Кен массасының шойтастарын бұзу қондырғысының машинисі | 4-5 | 66 |
| 121. | Байыту және кесекшелеу қондырғыларының машинисі | 1-5 | 155 |
| 122. | Фрезагрегат машинисі | 4 | 209 |
| 123. | Топырақты мұздату жөніндегі тоңазытқыш қондырғылардың машинисі | 2-6 | 163 |
| 124. | Экскаватор машинисі | 2-8 | 68 |
| 125. | Шахта электровозының машинисі | 3-5 | 71 |
| 126. | Тау-кен жабдықтарының монтажшысы | 3-6 | 165 |
| 127. | Желдеткіш қондырғысының моторшысы | 1-3 | 72 |
| 128. | Металды алу жөніндегі жуғыш аспаптардың машинисі | 2-5 | 193 |
| 129. | Үйінді уатушы | 3 | 219 |
| 130. | Түйіршіктегіш машинаны баптаушы | 5 | 207 |
| 131. | Күйдіруші | 2-6 | 119 |
| 132. | Графитті байытушы | 3-4 | 219 |
| 133. | Кен қазбаларын шабақтаушы | 3-5 | 73 |
| 134. | Пайдалы қазбаны геофизикалық сынамалау операторы | 4-5 | 74 |
| 135. | Басқару пультының операторы | 2-6 | 121 |
| 136. | Күкірт шығаратын және су төкпе ұңғымалардың операторы | 4-5 | 209 |
| 137. | Төңкеруші | 2-3 | 75 |
| 138. | Шымтезек плиталарын престоуші | 4-5 | 232 |
| 139. | Реактивті суды дайындаушы | 2 | 220 |
| 140. | Асбест пен кендерді қабылдаушы | 2 | 220 |
| 141. | Шағын литражды драгалардың пробурторшысы | 2 | 195 |
| 142. | Проходкалаушы | 4-6 | 76 |
| 143. | Тау баурайларын проходкалаушы | 3-6 | 79 |
| 144. | Үстірт жұмыстардағы проходкалаушы | 2-6 | 168 |
| 145. | Көшкінге қарсы қорғану жұмысшысы | 2-3 | 82 |
| 146. | Жару материалдарын таратушы | 3-4 | 84 |
| 147. | Реагенттерді ерітуші | 3 | 124 |
| 148. | Асбест байыту жабдықтарын реттеуші | 4-6 | 221 |
| 149. | Ұңғыма жұмыстарын реттеуші | 3-4 | 210 |
| 150. | Қалдық шаруашылығын реттеуші | 1-4 | 124 |
| 151. | Траншеяларды кесуші | 3 | 222 |
| 152. | Сепараторшы | 2-6 | 125 |
| 153. | Жабдықты жөндеу және қызмет көрсету слесарь | 2-7 | 84 |

| | | | |
|------|---|-----|-----|
| 154. | Сұрыптаушы | 1-2 | 127 |
| 155. | Оқпаншы | 1-4 | 92 |
| 156. | Сульфатшы | 2-3 | 211 |
| 157. | Кептіруші | 1-5 | 128 |
| 158. | Термокесуші | 4 | 223 |
| 159. | Шымтезек жұмысшысы | 1-3 | 233 |
| 160. | Сүзгіші | 2-5 | 129 |
| 161. | Флотатор | 2-5 | 131 |
| 162. | Гидромыс қондырғыларын көміртектендіруші | 2 | 195 |
| 163. | Центрифугашы | 2-4 | 132 |
| 164. | Шламдаушы-бассейнші | 2-4 | 134 |
| 165. | Шлихтаушы | 2 | 196 |
| 166. | Шлюзші | 2 | 196 |
| 167. | Жерасты үңгілеу жабдықтарының электр слесары-монтажшысы | 3-6 | 172 |
| 168. | Проходкадағы электр слесары | 3-6 | 175 |
| 169. | Жабдықты жөндеу және қызмет көрсету электр слесарь | 2-7 | 93 |
| 170. | Жерасты электр слесары | 3-5 | 157 |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК